

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Журналист-ғалым, жазушы, профессор
Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған

**«ЦИФРЛЫҚ МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА:
БІЛІМ БЕРУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

ЖИНАҒЫ

COLLECTION

International scientific and practical conference

**«DIGITAL MEDIA AND JOURNALISM: CLASSICAL
TRENDS AND NEW CHALLENGES IN EDUCATION»**

dedicated to the 70th anniversary of a journalist-scientist, writer,
professor Klara Kabylgazina

СБОРНИК

международной научно-практической конференции

**«ЦИФРОВЫЕ МЕДИА И ЖУРНАЛИСТИКА:
КЛАССИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ И НОВЫЕ ВЫЗОВЫ
В ОБРАЗОВАНИИ»,**

посвященный 70-летию журналиста-ученого, писателя,
профессора Клары Кабылгазиной

Алматы
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Журналист-ғалым, жазушы, профессор
Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған
«ЦИФРЛЫҚ МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА:
БІЛІМ БЕРУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЖИНАҒЫ

COLLECTION
International scientific and practical conference
«DIGITAL MEDIA AND JOURNALISM:
CLASSICAL TRENDS AND NEW CHALLENGES IN EDUCATION»
dedicated to the 70th anniversary of a journalist-scientist, writer,
professor Klara Kabylgazina

СБОРНИК
международной научно-практической конференции
«ЦИФРОВЫЕ МЕДИА И ЖУРНАЛИСТИКА:
КЛАССИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ И НОВЫЕ ВЫЗОВЫ
В ОБРАЗОВАНИИ»,
посвященной 70-летию журналиста-ученого, писателя,
профессора Клары Кабылгазиной

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

Ғылыми редактор

с.ғ.д., профессор Сұлтанбаева Г.С.

Жауапты редактор

Phd, Ақынбекова А.Б.

Журналист-ғалым, жазушы, профессор Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған «Цифрлық медиа және журналистика: білім берудің классикалық үрдістері мен жаңа талаптары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 333 б.

ISBN 978-601-04-4620-5



Журналист-ғалым, жазушы, профессор

*Клара
Кабылгазина*

1-БӨЛІМ

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ЕЛШІСІ

Аязби Ақбергенұлы,
журналист, ғалым

ҚазМУ деп армандап жолға шыққанымна биыл 40 жыл толады. Олимпиада жылы мектеп бітірушілер кешінен соң мен Икарус автобусына отырып, Алматыға тартқанмын. Құжат тапсыратын мерзім қысқа болатын. Сонда Дәмегүл апайымыз құжаттарымызды қабылдап, жөн сілтеп, алғашқы кеңестерін беріп еді. Емтихан күндері арқырап жүрген бір дауысты естуші едік. Декан Қожакеев екенін кейін білдік. Абитурент күндерімде мен Қазақ радиосынан Нұржанға (қазіргі танымал медиаменеджер) сұхбат беріпін, оны Қырғыз Алатауының бауырында қой бағып жүрген нағашым Жылқыбай естіп, көрші шопандарға кішігірім той жасап жіберіпті...

Бағыма қарай арманым орындалып, студент атандым. Ә дегенде ауыл шаруашылық жұмыстырында бас қосып, курсымызбен жақын танысып, бір айдан аса алма теріп жүріп, бір үйдің баласындай болып шыға келдік. Қоңыр күзде сабақ та басталды. Бәрі таңсық, қызық, жаңалығы мол. Журналистикаға кіріспе деп алып, Тауман Амандосов көсіледі келіп, лекцияға шабыттанып кіріседі. Арасында қыздарға тиісіп, «нағып жүрсіндер, журналистика сендерге қол емес» деп қағытып қояды. Әдебиет теориясынан Қадыр Мырзалиев бір қағазға қарамай 90 минут сөйлегенде ауызымыз ашылып отырушы едік. Әлем әдебиетін талдап, небір мысал, детальдарын көз алдыңа келтіргенде, сол авторды «ертең оқып тастамасам» деп құлшынып шығатынсың. Ежелгі орыс әдебиеті пәніне келгенде жанымыз қиналып кететін, лекцияның бірін ұқсақ, бірін ұқпайтынбыз. Қазақы иммунитетіміз сол кезде-ақ қарсылық білдіріп жатқан екен ғой!

Сабақтан қолың қалт еткенде кіретін «Баспасөз кабинеті» деген болатын, онда газет-журналдардың тігіндісі тау болып үйіліп тұратын. Тіпті облыстық газеттерге дейін сақталушы еді. Екінші курста ҚазМУ қалашығындағы оқу корпусы пайдалануға беріліп, жаңа ғимаратта оқитын болдық. Сол «Баспасөз кабинетіміз» кең де жарық бөлмеге орналасып,

Клара Қабылғазы оның меңгерушісі болып қызметке кірісті. Сабақ арасында сонда газет-журнал оқып, кітап қарап, бос уақытымызды мағыналы өткізетінбіз.

Жоғары курстарда өзіміз де мақала жазып, жариялайтын дәрежеге жеттік, тіпті аз кем табыс табатын да мүмкіншілік туды. Сол мақалаларымызды оқитын да, бүгінгі мына газет «маңызды шығыпты» деп мақтанатын де жеріміз осы «Баспасөз кабинеті» болатын. Әр айдың 2-ісі мен 17-ісі гонорар күні болатын. Кімнің қайдан, шамасы қанша гонорар алатынын болжап, курстастарым Кенже, Дихан мен Әлімбайлар жууды ойластырып, дайын отыратын...

Студенттік күндер бес жыл болса да, қас қағым сәттей өте шықты. Журфактың жолдамасымен елге барып, он үш жыл журналистік қызмет атқарып, 1998 жылы Алматыға оралдым. Қазақ радиосы жедел ақпарат орталығының басшысы болып, машбюронның машинкаларын шығарып тастап, компьютерлік терімге бейімдеп жатқанмын. Бір күні «Намазалы ағаң сұрап жатыр» деген сөз құлағыма жетті. Көңілім алабұртып сол баяғы журфакқа барып, декан Омашевқа сәлем бердім. Сөзге келген жоқ: «Алматыға келгеніңді естідім, қосымша студенттерге сабақ бер! Інім Дәуіталының пәтері бос тұр, тұрам десең әні» деп бар мәселені шешіп тастады.

Оқытушылық жұмысқа қабылдау туралы өтінішімді жазып, кафедра меңгерушісі Темірбек Қожакеевтің алдына бардым. Бұрынғы деканым жақсы қабылдап, сағаттарымды белгілеп берді. Бос тұрған сабақ Фотожурналистика екен, Редкинді бір есіме түсіріп алып, содан аяқ астынан сурет өнерінің теориясы мен практикасынан дәріс оқып, тәжірибесін үйретуге кірісіп кеттім.

Журфакқа 13 жылдан соң оралғандағы алдымнан шыққан Дәмегүл мен Клара апайларым болды. Студенттік күндерде осы екі адамның көп жақсылығын көріп едік. Қашан да студенттерге болысып, жағдайларын біліп, қолынан келген көмегін аямайтын. Журфакта таланттар ғана емес, тентектер де көп оқитын, әр түрлі жағдайлар болып жатады, біреу сабақтан қалып, біреу жатақханада тәртіп бұзып қояды дегендей. Соның көбінде шырылдап студентін жақтап оқытушыларымыз бен факультет қызметкерлері жүретін.

Клара Қабылғазықызы радиожурналистика кафедрасының оқытушы екен. Студенттерге радио хабар жасаудың техникасы мен технологиясын үйрететін, көбіне радиостудиядан шықпайтын. Ол кезде МЭЗ сияқты

магнитті ленталарды жалғап, аудиохабар жасау құралдары қолданылатын. Біздің студенттік күндердегі жатақхана радиоторабынан шығатын «Сана» студенттік бағдарламасы үзіліп қалған екен. Лабораторияны Қайыркен Абдрахманов басқарушы еді. Үндемейтін істің адамы, жаны жайсаң керемет жандардың бірі болатын. Зейнетке шықса да, факультетке керек маман ретінде ұстап отыр еді. Кейін аз уақыт сол кісінің орнын ба-суыма тура келді. Онда да ескі заманы өткен техникаларды ауыстырып, компьютерлік бағдарламаларды енгізуімен айналыстым. Сөйтіп, студенттік радиобағдарламаның кесте бойынша Қазақ радиосының эфирінен тұрақты шығатын күнге де жеттік. Сонда Клара Қабылғазықызы студенттік топтарды жарыстырып, бәсекелесе жүріп, хабар даярлауға, сұхбат жазуға машықтандырды. Кемшіліктерін көрсетіп, түзеткізіп, шеберліктерін шыңдауына барлық жағдай жасады. Өзінің де жинақтаған мол тәжірибесі кейін аудиотехника мен хабар даярлау технологиясы бойынша оқу және электронды құралдар болып жарық көрді.

К.Қабылғазының «Дәуір үні» монографиясы Қазақ радиосының тарихы мен өткен дәуірдің журналистік мектебіне қатысты құнды мағлұматтар береді, студенттер мен зерттеушілер үшін бағалы еңбек. Бұл кандидаттық диссертациясына жинақталған зерттеуінің нәтижесі еді. Қорғауы да табысты өтіп, ғылыми атағы мен дәрежелерін абыройлы дәлелдеп шыққан болатын.

Клара Қабылғазықызымен он жылдай бір кафедрада қызмет атқардым. Яғни, «Баспасөз кабинеті» меңгерушілігінен профессор дәрежесіне дейін өскен жолы көз алдымда өтті. Кей нәрсені осы кісіден үйрендім десем артық айтқандық болмайды. Өйткені, Клараның өзі үлкен өмір мектебінен өтіп, небір жайсаң мен ғұламалардың өнегесін көрді. Студенттік күндерде Қайыржан Бекхожин, Мәлік Ғабдуллин мен Зейнолла Тұрарбековтың тағылымын көрсе, кейінгі жылдар да мол ғибратымен өмірінде із қалдырды. 80-інші жылдар журфак өміріндегі «алтын» кезең болса керек. Қазақстандағы жалғыз журфакта декан Қожакеев, Амандосов пен Барманқұлов сияқты профессорлар еңбек ететін. Елдің ең талантты журналист боламын деген талапкерлері осында білім алатын. Филфактан келіп, Мырзатай Серғалиев, Зейнолла Қабдолов, Зейнолла Серікқалиев, Алма Оразбаева мен Тұрсынбек Кәкішевтер сабақ беретін. Күні кешеге дейін факультетпен байланысын үзбеген Әбілфайыз Ыдырысов та өнегесі мол ұстаз еді. Фантаст жазушы ғана емес, сөз зергері Абдул-Хамит Мархабаевтың да орны бөлек. Қабижан Құсайынов, Файзолла Оразаев, Сағымбай Қозыбаев,

Рақым Сатаев сияқты оқытушылардың факультет өмірінде өз айшықтары бар. Кейін олардың орнын Клараның замандастары Намазалы Омашұлы, Кәкен Қамзин, Төрегелді Бекниязов және басқалар басты.

Журфактағы күндерден 2004 жылдың наурызы есімде қалып қойыпты. ҚазМУ-ыма 70 жыл толып, мерекені кеңінен атап өту жоспарланды. Проректор Намазалы Омашұлы басқарған ауқымды шаралар ұйымдастырылды, стадионымыз жаңарып, ақшаңқай киіз үйлер тігілді. Екі студенттің бірі өз үлесін қосқан театрландырылған көріністер сахналанды, спорт бәсекелері қызып жатты. Той болған соң бәйгесіз бола ма, ең жақсы безендірілген, сән-салтанаты жоғары деп, журфак тіккен киіз үй аталды. Сондағы Дәмегүл мен Клараның бейнелері көз алдымда қалып қойды. Соның бәрін ұйымдастырып, дайындық шаралары өз алдына, мереке күні қазақы кимешек киіп, шашу шашып, әндетіп, қонақтарды қарсы алуы керемет жарасымды шықты. Қонақтардың арасында шет мемлекет елшілері де көп болған еді, олар «нағыз Наурыз тойы осындай болады екен ғой!» деп лебіздерін білдіріп жатты. Бәріміздің көңіліміз өсіп, қанаттанған, рухтанған, мақтаныш сезімі кернеген сол күндерді жиі айтып жүремін.

Әйел адамға журналистика аса қолайлы кәсіп емес. Ұстаздары Амандосов пен Қожакеев те осыны жиі қайталап, «ертең іссапарға қалай шығасыңдар, отбасы мен балаларыңа кім қамқор болады» деп ескертіп отыратын. Ғылым жолы одан да қиын болмаса, жеңіл деп ешкім айта алмайды. Дегенмен, өзін мойындатқан тұлғалар бар. Мен бір жолы академик Рәбиға Сыздықованың «Мен өмірімді отбасына арнаған жанмын, уақытымның аз бөлігін ғана ғылымға жұмсадым» дегенін өз аузынан естіп, қатты таңқалған едім. Қазақ тілі білімі ғылымына сүбелі үлес қосып, мол мұра сыйлаған адамның қарапайымдылығы мен даналығы өзгелерге өнеге боларлық-ақ іс! Осы өсиеті сіңлісі Клараға жұққан тәрізді. Профессор Қабылғазы ғылым мен оқытушылықта ғана емес, журналист пен жазушылықта да ізденісімен танылып, еңбегі еленген тұстары көп. Бірқатар марапаттарға да ие болды. Республикалық «Арай» журналының бас редакторы ретінде де көп еңбек сіңірді, жастар шығармашылығына қамқор болды. Отбасы бақытын да жоғары бағалайтынын жақсы білемін. Жолдасы Асқанбай Ерғожаев ағамыз «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағын алған, осы салада ұзақ жыл жемісті еңбек еткен қайраткер тұлға. Бір қызы ғалым, медицина саласының маманы, екі ұлы заңгер, кәсіпкерлер. Кенже ұлымен менің қызым Жәутіков атындағы физика-математика мектебінде қатар оқыды. Қазір ақпараттық технологиялар саласының жетекші маманы. Енесі келіндері туралы да жақсы пікір айтып отырады. Қазір немерелері

де өсіп, ер жетті, өмірінің ең тәтті сәттерін сыйлауда. Яғни, тылы мықты Клара Қабылғазы алаңсыз ғылыммен, оқытушылықпен айналысуда. Скопус сияқты шындарды бағындырған ғылыми мақалалары соның жемісі.

Сегіз жыл сыртта қызмет атқарып, 2018 жылы Алматыға қайта оралдым. Қарашаңырағым журфагыма барсам, тағы да алдымнан Клара апайым шықты. «Сол «Баспасөз кабинетін» жанаша ұйымдастырдық, еңбек демалысына шыққаныма қарамай, қазір сонда отырмын, профессор ретінде магистранттар мен докторанттарға сабақ беремін» дегенде ойыма қызығы мен шыжығы мол студенттік күндер, көп жайлар оралып жатты...

Журфакта қандай шара өтпесін шашуы дайын Клара Қабылғазықызы жүреді. Шет елден қонақ келсе де, қарсы алатын профессор Клара Қабылғазы. «40 жылда факультеттің көзі ғана емес, брендіне айналған екенсіз» деген ой түйдім. Деканға «Профессор Клара Қабылғазы – Журналистика факультетінің амбассадоры» деп куәлік беру ғана қалып тұрған тәрізді.

Кие қонған, білім мен ғылымның тайқазанына айналған Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің елшісі, әрі имиджмейкері болу, басқаларға таныстыру, брендті атану екінің бірінің басына қона бермейтін бақ. Ол қатырма қағазда емес, жүректерде сақталады. Журфактың әр жылдардағы түлектері білім мен тәлім алған ұстаздары қатарында Клара Қабылғазы есімін атайтыны – ең жоғары баға, еңбегінің өтеуі.

ҰСТАМЫ – БЕРІК, ТАЛҒАМЫ – КӨРКЕМ ҰСТАЗ

Г.С. Сұлтанбаева

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының
меңгерушісі, с.ғ.д., профессор*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым мен білімнің қарашаңырағы ғана емес, өнеге атты өмірдің өзегі. 1990 жылдары соңында университеттің аспирантурасын тәмамдап, журналистика факультетіне жаңадан дәріс беріп жүрдім. Ұстаздық – жауапті іс. Семинар сабақтарына кіргенде, аудиторияның талап-талғамына сай дәріс өтудің әдістерін іздене жүрдім. Факультетте ылғи да жүзі жылы, күлімдеп сөйлеп, адамды баурап алатын көркем мінезді апайды арасында көріп жүрдім. Қалай және қандай жағдайда танысқанымыз есімде жоқ. Бірақ бұл ұстаздың осы бейнесі есімде қалды.

Кейіпкеріміздің есімі – Клара апай. Радиожурналистикадан дәріс беріп жүрді. Кейін уақыт өте докторлық диссертациямды қорғап, БАҚ мендежменті және жарнама кафедрасынан мені Ғалия Жүнісқызы шақырып алып, телерадиожурналистика кафедрасына меңгерушілік қызметке ұсынып, кафедраға таныстырды. Міне, осы күннен бастап, Клара апай менің өмірдегі үлгі тұтар ұстазым, ақылына құлақ түрер әріптесіме айналды. Бір жыл өтке сала декреттік демалысқа шықтым. Есімде, баланы босанып, үйге келе салғанда алғаш болып телефоныма Клара апай қоңырау шалып тұр. Құттықтап, ұл ма, қыз ба деп сұрап, күледі. Апай, қыз бала, - дедім. Атын сұрады. Игі тілектерін айтып болған апай, сол күннен-ақ Айкеннің қамқоршы апасына айналды. Айкеннің I сыныбында сырлас досы да осы Клара апай. Бала көңіл апайды көрсе, мектепте, сыныптағы оқиғаларды айтып, бал тілімен тізбелей жөнеледі. Айкеннің бұл әңгімесі Клара апайға қуаныш сыйлайды әрі қызықты. Бұл ұстаздың адамгершілік болмысы пен аналық жүрегінің тең түскен әдемі мінезінен.

Клара апайдың 70 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған ірі шараның бастамасы ретінде ұсынылған бұл жинақта журналистика мене медианың негізгі мәселелері сөз болады. Жинаққа факультеттің жас ғалымдарынан бастап, көрнекті ғалымдарының зерттеулері мен шығармашылық еңбектері топтастырылды. Кейіпкеріміздің ұстаздық пен ғылымдағы жолы да сан тарау. Инабатты де ұлағатты ғұмырдың өнегесіне лайық жанның ғұмырнамасын оқырманға ұсынғанды жөн көрдім.

Клара Қабылғазина – С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне 1968 жылы түсіп, 1973 жылы бітірген. Клара Қабылғазы журналистика саласынан кандидаттық диссертацияны 2000 ж. қорғаған. 2001 ж. филология ғылымдырының кандидаты (PhD) дәрежесі берілді. 2005 ж. ассоцир профессор ғылыми атағына ие болды (ЖАК куәлігі № 0000119). Бүгінде әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, журналистика факультетінің «Баспасөз және электронды БАҚ» кафедрасында профессор м.а. қызметінде.

1973-75 жж. Алматы облысы, Іле аудандық газетінде әдеби қызметкер, 1976-79 жж. республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде меншікті тілшілер бөлімінің журналисі, 1980-81 жж. Қазақ телевизиясы қызметкері, 1981-82 жж. Алматы Жоғары партия мектебінде оқытушы, 1982 жылдан бері әл Фараби атындағы Мемлекеттік университетте баспасөз кабинетінің меңгерушісі, аға оқытушы, доценттік, профессорлық қызметтерде болды, республикалық «Арай» жастар журналының Бас редакторлығы қызметін қосымша атқарды.

Қазіргі кезде «БАҚ-тың жастарды әлеуметтендірудегі қызметі. Шетел-

дік және республикалық БАҚ тәжірибесінен» деп аталатын ғылыми жұмыс саласында зерттеу жұмыстарын жүргізуде. 2014 ж. кәсібилікті дамыту жолында Прага қаласындағы «Radio Free Europe» радиосында өткен халықаралық семинар – тренингке және көптеген халықаралық конференцияларға қатысты.

К. Қабылғазы 4 электронды оқулық, 7 оқу құралын, 1 оқулық (ҚР БЖҒМ) жазған, 1 прозалық шығармалар жинағын шығарған. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің бағдарламасы бойынша шыққан «Радиожурналистика» атты оқулықтың үш тарауын, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шыққан «Қазақ журналистикасы» атты үш томдықтың бір тарауын дайындаған, бірнеше типтік бағдарламалар шығарған. Жүзден астам ғылыми, публицистикалық және имидждік мақалалардың авторы.

Ол 2010 ж. Қазақстан Республикасы Журналистер Академиясының дипломымен, Құрмет грамоталарымен, ҚАЗҰУ 80 ж. мерекелік медалымен марапатталған. 2009 жылғы «ҚазҰУ-нің үздік оқытушысы» атағының иегері. Көркем прозамен шұғылданады, жас ұрпаққа үлгі – тәрбиені насихаттайтын әңгіме, новеллалары республикалық басылым беттерінде жарияланып тұрады. 2012 ж. К. Қабылғазина туралы мемлекеттік тапсырыс бойынша СТВ арнасында «Қоғам және әйел» бағдарламасы бойынша деректі фильм жасалған, «Қазақстан» арнасында жеке бағдарлама арналған («Сырғалым»), «Білім», «Мәдениет», «Асыл арна» және «Хабар», «Еуразия» арналарында сюжеттер түсірілген, БАҚ беттерінде мақалалар жарияланған, «Қазақстан ғалымдары», БЖҒ министрлігінің «Білім үздіктері», Шығыс Қазақстан облыстық энциклопедияларына және ҚазҰУ ардагерлер кеңесінің қолдауымен «Аманат» жинағына енген.

Клара Қабылғазы үлгілі шаңырақ иесі, төрт баланы тәрбиелеп өсірген ана, әже, ене. Қызы – медицина ғылымдарының кандидаты, С. Асфендияров атындағы медициналық университет доценті, екі ұлы заң қызметкері, кішісі компьютерлік модельдеу маманы, математик.

Өмірлік ұстанымы шыншылдық, адалдық, турашылдық және шәкірттен талап ету деп санайды ұстаз. Ұстаз – өмір. Ұстаз – өнеге. Ұстаз – ана. Клара апайдың журналистика мамандарын даярлаудың ерекше еңбегі мен өнегесі тұтас бір ғылыми мектептің негізіне айналды. Қазақтың цифрлық журналистикасының негізін қалаған ғалымның маман даярлау мен ғылыми зерттеулердің тұтас бағытын дамытатын әлеуеті, білімі мен білігінің таяу болашағы алда.

КЛАРА (Мөлтек сыр)

Оңғар Нақып,
журналист,
Түркістан облысы.

Профессор Клара Қабылғазы қысқы сессияда бірінші курс шәкірттерінен емтихан алу басталарда осыдан жарты ғасыр бұрынғы өзі басынан өткерген сәттер әрдайым есіне оралып, алдындағы шәкірті білігін асып-саспай жеткізуі үшін мейлінше жайдары көңіл-күйде отыруға және әділ болуға тырысып бағады. Тұңғыш сынақ кейінгі үлгеріміне де ықпалын тигізбек, шәкірттердің өзіне деген сенімінің бекемделуіне жол ашпақ.

...Ия, бәрі есінде. 1968 жылдың қысы еді. Әдебиет теориясы пәнінен емтихан алда тұрды. Дайындықпен түнгі ұйқы шала болып, кешеуілдеп оянған. Азанда апыл-ғұпыл киініп, асыға басып келгенде дәлізде тұрған студенттердің бірқатары емтиханға бірінші болып кіріп-шыққан Светлана Буратаеваны «бестік» бағасымен қуана құттықтап жатса, біреулері кітаптан бас көтере алмай, шұқшиып әлек екенін көрді. «Құтты болсын, Света!» деген бұның тілегіне ол: «Саған да жұғысты болсын», деп жауап қатты. Жақсы тілекке малданып, аудитория табалдырығын именбей аттаған. Клараға билеттер жатқан столды нұсқаған оқытушы алдында отырған студенттің жауабын салқын раймен, үнсіз тындап отыр еді. Бір кезде оның сөзін бөліп, көзін сығырайта қадады да:

– Аристотельдің «Поэтикасын» оқыдың ба? – деген тосын сауал қойды.

– Жок, – деп, ары қарай кітапты университет кітапханасынан таппағанын айтып, ақталған шәкірт сөзіне мән бермей, зачет кітапшасына бағасын қойды да, студенттің алдына ысыра салды. Клараның «Қанша» деген сауалды жанарына үш саусағын көрсетіп, шығуға бет алған студенттің жүзінен наразылық нышанын аңғару қиын емес еді. Қайсар жігіттің есік алдына барған соң, артына қайырылып:

– Кейін қайта тапсырсам бола ма, ағай? – деген сұрағы да жауапсыз қалды. Не деген қаталдық! Клара ағайының мына мінезін іштей ұнатпай қалған. Студентке үстемдігін көрсетіп, «сындырғысы» келгені ме, бұл несі?

Жап-жас ғылым кандидаты Рымғали Нұрғалиев өзіне жағар-жақпас сұрақтар қойғыш студенттен қалай есе қайтарғанын байқаған Клара дегбірсізденіп қалған. Бұл студент оқытушы білігін сынағысы келе ме, әлде өзінің білімін көрсеткісі келе ме, лекция аяқтала келе сол әдетіне бағатын. «Ей, сен өшіктіріп алма орынды-орынсыз сұрақтарыңмен», – деп курстасы Қайырбектің оған ақыл айтып тұрғанын да көрген. Міне, нәтиже...

– Қабылғазина, кел.

– Ал, айта бер. – Билет сұрақтарына көз жүгірткен оқытушы жүзінен жылылықты байқаған Клараның көңіліндегі толқу ізім-қайым жоғалып, ойына түйген жауаптарын жүйесімен айта бастады. Лекция жазбалары мен оқулықтардан түйгені аз емес екен. Рымғали ағайы ден қоя тыңдап отыр. Ара-тұра бас изегенінен ризалық нышаны байқалады.

– Тоқта, Клара. – Студент сөзін кілт доғарды. Р. Нұрғалиев қыздың бидайөнді жүзіне жарасымды біткен үркектеу жанарларына сын көзін қадап, аз кідіріп қалды.

– Клара, қай жақтансың?

– Шығыстан.

– Дәлірек. (Клара өзін абыржытқан сұрақтың төркінін кейін білді. Оқытушы да сол тараптан екен).

– Тарбағатайдан, – деді, – Жалғызтал ауылынан.

Жас ұстаз сұрағын жалғастырды:

– Оқуға түсудегі мақсатың не еді?

– Журналистика, – деді сұрақтардың не үшін қойылып жатқанын түсінбеген Клара ағайының жүзіне таңырқай қарап.

– Клара, білесің бе, сенің болмысыңнан мен журналисті емес, оқытушылықты көріп отырғандаймын. Жарайды, зачетқанды әкел.- Доцент «отл» деген белгі соғып, қолын қойып берді.

– Рақмет,ағай, – деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін білмейді. Есіктен ытқи бере дәлізде күтіп тұрған Күләшті, Ғалияны, Мәрияны құшақтай алғаны тап бүгінгідей есінде. Үздік баға алғанын бал-бұл жайнаған жүзінен байқаған олар да мээ-мейрам. Әлгінде ғана «үш» алған студент те қол созып, құттықтап жатыр.

– Ой, сені қарашы, «Аристотельді оқыдым» дей салмадың ба, – деп Клара әзілдегенсіді.

– «Үш» қойғысы келді, қойды. Мейлі. Бұл менің өмірімдегі бірінші «үшім». Құттықтауыңа болады. – Ол өзінің қайсар мінезіне бағып тұр. Жігітке керек мінезді танып үлгерген Клара:

– Соңғысы да осы болсыншы, – деп тілек білдірді. (Клараның бұл тілегі айна-қатесіз келгені кейін мәлім болады. Бес жыл бойы «үш» алмай, мемлекеттік емтиханды «беске» тапсырып еді бұл жігіт).

Р. Нұрғалиев ағайының қойған бағасы мен болжам-тілегі қанат бітіріп, алып-ұшқан көңілі сәлден соң сабасына түсті. Қуанышын бөлісер жан іздеді. Артында үш ұл, екі қызын қалдырып, небәрі 37 жасында осыдан екі жыл бұрын о дүниелік болған анасы Бибатия тірі болғанда, қуанышымен алдымен ортақтасар еді. Әкесі Қабылғазы шиеттей, әсіресе жасқа толмай

жетім қалған Гүлмираға қарар, ана орнын басар деген үмітпен үйленіп, үйге өгей шеше кіргізген. Ол әйел өзімен бірге отбасына қатыгездігін де ала келерін әке қайдан білсін? Әсіресе бір жасар Гүлмира мен он жастағы еркетай Төкенге қиын болды-ау. Ана жүрегі оны білгендей қайтыс болардан көп бұрын балаларынан жасырын, «Алатаудың басынан-а-а-а-й, арша ап жүрмін, Көтере алмай аршамды шаршап жүрмін-а-а-а-й», – деп, қасіретке беріле көз жасын төгуі сырын анасы қайтыс болған соң ұққан. Ауру меңдей бастағанын іштей сезген екен ғой ана байғұс.

Мектепті бітіре салып, Алматы мединститутына оқуға келіп, соңғы емтиханға екі күн қалғанда қатты ауырып қалған анасын Өскемендегі ауруханаға алып кеткенін естіген соң, оқу жайына қалды. Арқасынан жеткен ол ананың бидай өңін ауру азабы аппақ қылып, сорып тастағанын көрді. Жүзін көмкере қобыраған қара шаштары сұлу ажарын айшықтай түскен. Ия, анасы ақылы көркіне сай жан тұғын. Тігін цехын басқарды, сауда саласында істеді. Қолынан шыққан бұйымдары жарқырап, жайнап тұратын. Анасы бұның басынан аялай сипап, көзіне жас алуын сағынғаннан болар деп ойлаған. «Қайта ғой, күнім. Қорықпа, мен жазыламын», деген сөзіне малданып, ауылға қайтқан. Артынан жаманат хабар жетерін қайдан білсін? Ал, кеп жыла. Өксігін баса алар емес. Жоқтау айта жылағанын есітіп, жиналғандар да егілсін. Кейін сол жоқтау-жыры аудандық газетте басылды. Анаға арнаған толқынды өлеңін сол маңдағы белгілі сазгер Қадір Түсіпов сахнада орындап жүргенін кейін есіткен.

Әке беделін салып жүріп, ауылдағы мектеп-интернатқа тәрбиеші етіп орналастырды. Өртүрлі себеппен жұмыста болмаған мұғалімнің орнына сабақ жүргізетін кейде. Педагогикаға ынта сол кезден басталса керек. Рымғали ағайы бұл кәсіпке ынтасын қайдан сезді екен деп таң қалған.

«Көке, алғашқы емтиханды тапсырдым», деген бірауыз жеделхат жіберуді ойлап, Бас почтаға кірген. Кезекші әйел бірі қалың, екіншісі жұп-жұқа екі хат ұсынды. Қалың конверт Алматыға оқуға келіп, физматқа түсе алмай кеткен өзінің сыныптасы Бақыттан келіпті. Алдымен соны ашты.

«Қлара, білесің бе, Алматыға өкпелімін десем де, көңілім сол қалада. Өйткені сен сол жерде жүрсің. Болашаққа деген үмітім мен махаббатым алғаш сол қалада оянған. Ол үміт пен болашағымды сенімен бірге байлағым келген. Өзіңді ойламаған жерде кездестіріп қалғанымда шексіз қуанғанымды көрдің. Сол сәтте сенің де жүзінде жып-жылы күлкі ойнағанын жақсылыққа жорығам. Уақыт тауып, саған барғыштаймын. Кейін екеуіміз көше бойлай, бірге сөйл құрғанда мен өзімді дүниедегі ең бақытты жігітпін деп санадым.

Сыныптағы ең көркем қызға көзін қадайтындар, арманын сенімен

байлағысы келетіндер аз емес екенін көріп жүрдім. Әсіресе сыныпта-сымыз Төлеу мен Қабыл саған қырындайтынын анық байқатты. Әсіресе Қабылдан іштей қатты қызғанатынымды сенен несіне жасырайын. Онымен кешқұрын қыдырыстағаныңды бір мәрте көріп қалсам да, сенен күдер үзбедім. Анық-қанығын білмекке талай кеш үй сыртынан торуылдап, оның шақыруына шықпай қойғаныңды көрген соң көңілімді демдедім. Мектептегі қоштасу кешінде тағы да сол Қабылмен екі мәрте шыр айнала вальс билегеніңді көрдім. Кейін оның шақыруына шықпай, ұстамдылық көрсеттің. Ол намысшылдығына бағып, қолын бір сілтеп кетіп қалғанда іштей қуанғаным-ай. Бірақ саған жанасу қолымнан келмеді, батылым жетпеді. Мүмкін бұл сені шын жақсы көргенімнен бе екен, білмеймін. Алматыға оқу іздеп келіп, ойда жоқта сені кезіктіруімді, сенімен қатар жүруімді тағдырдың сыйы деп бағаладым. Сен кейде бөлмеңе шақырып, қасындағы бірге тұрып жатқан Ізімкүлмен бірге шәй үстінде сыныптастарымыз, ағай-апайларымыз, мектеп қабырғасындағы бастан кешкен оқиғалар туралы әзіл-күлкілі әңгімелер соғатынбыз.

Бір күні «Горький саябағына барайық», деген сөзіме келісе салғаныңа қуандым. Саябақты аралай жүріп, көлге кезіккенімізді, онда катамаранға мініп, жүзген кездегі сезімдерімді қалай ұмытармын? Болашақ өмірімізді егіз жұп қатар есетін сол қайыққа ойша ұқсатып едім. Мәз көңіл -күмен уақыттың қалай өткенін де аңғармаппыз. «Бақыт, қарашы, күн батып барды ғой», деген сенің сөзіңнен кейін дереу жағаға бұрылып, шетке шықтық. Қалың нудың ішінде ымырт тез үйірілді. Сен төңіректен сескенгендей, маған жақындай түстің. Бұла денелер түйісіп қалған сәттердің бірінде сенің бойыңнан тараған ыстық лепке масыққандай, еркімнен тыс сенің аш беліңе қолымды қалай салғанымды да байқамай қалыппын. «Қолыңды тартшы» деп, маған бұрылған сәтте ыстық демің жүзімді шарпып өтті. Қып-қызыл, ыстық ерніңнің ұшын өбіп алуым да еркімнен тыс орын алды. Сен болсаң, бетіңді басып, жүрелеп отырып қалдың. Мен жылап отырған шығар деп, шошыдым. «Кешірші, кешірші», дей беріппін еңкейіп, құлағыңа сыбырлап. Бой көтеріп, маған қараған сәтте көзіңнің құп-құрғақ екенін көріп, көңілім жайына түсті. Сені де бұрын-соңды татып көрмеген сезім баурағанын мөп-мөлдір, сырға толы көзің айтып тұрды. Бірақ сен лүпілдеген жүректегі сезімді тежеп, бір аттам кейін шегіндің де, сұқ саусағыңмен «олай болмайды», деген белгі көрсеттің. Мен басымды изей бердім. Тіл қатыспай-ақ ұғысқандай едік. Саябақта бастау алғандай болған махаббат жырын жалғастырғым келген сәттерде ылғи: «Әуелі оқуға түсіп алайықшы, Бақыт» деп, сұқ саусағыңмен ернімді жабатынсың. Жүрегімдегі бір ауыз ыстық сол сөз барар жеріне жетер жол таба алмады.

Сен оқуға түстің. Мені мандат комиссиясы сүріндірді. Бойымды кернеген ыза сенімен қоштасуға да мүмкіндік қалдырмады. Тез ауылға қайтып кеттім. Хат жазуға намысым жібермеді. Сұранып, әскер қатарына аттандым. Қазір Сібірдің ну орманы ішінде әскери қызметтемін. Бірге өткізген сағаттарды сағына еске аламын. Сені ойлаймын күндер мен түндерде. Үмітімді үзбеймін. Кездесерміз, бұйрық болса. Бақыт». Әскери киімдегі мұрты енді тебіндеген сымбатты жігіттің суреті де шықты конверт ішінен. «Сен үшін» деген бір ауыз ғана сөз жазыпты сурет сыртына.

Клараны тебіrentкен бұл сөздердің иесі кейін бір хат жазбай қойды-ау, шіркін. Неге? Клара жазған хатқа жауап та болмады. Арадан жылжып, жыл өтті. Бұл күдер үзді. Тағдырдың мазағына қараңызшы, бұл бірге оқитын арыстай Асқанбайға тұрмысқа шыққан соң екі күннен кейін Бақыттан хат келіп тұр. Әрине, бір кезде ыстық сезімін оятқандай болған жігіттің хатын оқыды. Новосибирь университетіне түсіпті. Осы қуанышымен бөлісе отырып, арманға бірге жетуге үмітті екенін білдіріпті. Клараның көп ойлануға уақыты да жоқ еді. Оның күдерін үздіру үшін екі ауыз сөз жазды. «Бақыт, кешіктің. Мен тұрмысқа шықтым. Хат жазба». Ол жігіттің жанына үшбу хаттың ауыр тиерін сезді. Амал жоқ. Ендігі жерде өзіне махаббатын арнаса да, бөгде жанға айналған онымен хат алысу еріне деген адалдыққа кереғар қадам болар еді. Алғашқы махаббаттың ұшқыны алаулай алмай, осылай сөнді.

Алғашқы емтиханнан шыққан күні бір бет дәптер қағазына жазылған інісі Төкеннен келген хат та тебіреніске салған. «Апатайым, мені Алматыға әкетіңізші. Үйдегі ана әйел(өгей шешесі Ермекті айтқаны) ұрсып, күн бермей қойды. Кір жудырады, үйді жинатады, үй тірлігінің бәрін мен істеймін. Әкем үйде жоқта көше кезіп, кейде мас болып келеді. (Астапралла! Клара жағасын ұстады). Сабағымды да істетпейді, ойнауға да рұқсат бермейді. Мені әкетіңізші, апатай», деп мұңын шағыпты. Алда байғұс бала-ай. Анасы оны қатты еркелететін. Таңертең оянғанда қолын жастығының астына тығады. Сол жастығының астында бір уыс тәтті жатпаса, бітті дей бер. Ойбайға басқанда, үйді басына көтеріп жылайтын. Бұзық болып өсті. Сол ерке балаға анадан бірден айырылып қалу ауыр тиген.

Кәйтпек керек? Ия, Клара тақыр кедей отбасының баласына тұрмысқа шығып, ешбір жақтан көмек алмай, өздері тарыкса да, Төкен сегізінші сыныпты бітірген соң қолына алған. Біреудің жертөлесінде тұратын өздері. Не ешжер оқуға алмайды, не ешжер жұмысқа алмайтын жаста. «Қазақфильмнің» жаңадан салынып болған кезі. Соған аула сыпырушы болып, жұмысқа қолы ілінді. Шәкіртақдан жырып, үстіне бірдеңелер алып берген. Сөйтіп жүріп әскерге алынатын болды. Ол жақтан келген соң

Гүлнәр деген қызға үйленіп, өмірінің соңына дейін бірге болып, үш баласын, немерелерін бақты. Қазақстанның бір түкпіріндегі біреудің жетістігі телевизордан айтылып жатса, соған өз қолы жеткендей қуанып отыратын аккөңіл жан еді. Енді бір жарқын өмірі басталып келе жатқанда, 63 жасында о дүниелік болып кете барды. Клара қатты жылады, күйінді. Ең бір жанына жақын бауыры еді.

Жарықтық өгей шеше ішімдіктен бас тартпайтын, ащы суды жақсы көретін жан болатын. Ақыры өз-өзіне қол салып, асылып қайтыс болды.

...Балалардың, тұрмыстың тауқыметімен жүріп, Оспанхан Әубәкіров айтқандай, «тапқаны танауын сүртуге жетпейтін» жылдарды бастан өткерді. Балалар есейген соң ғана ғылымға бет бұрып, кандидаттық диссертация қорғады. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне жұмысқа кіріп, ұстаздық деген ұлы жолдың бойында келе жатқанына қырық жылға жуықтапты. «Қаз.ҰУ-дың үздік оқытушысы» деген атақ алды. Республикалық, халықаралық деңгейде еңбегі бағалануда. Шәкірттерінің «Біз сіз үшін мақтанамыз, апай!» деген бір ауыз сөзі дүниедегі ең үлкен марапатпен бірдей. «Қашан болсын тап-тұйнақтай әдемі болып жүресіз», дейді әріптес сінділері. «Әрине, сендерге үлгі көрсетуім керек қой, сол үшін тырысамын», дейді оларға.

Ешкімнің ырқына бағынбайтын уақыт шіркін қалай тез жылжиды десеңізші. Жетпіс жастың қырқасы көз алдында көлбеңдейді. Оқытушылар да, шәкірттері де мерейлі жастың қуанышын бөліспек. Мерейтой қарсаңында туған факультеті халықаралық ғылыми конференция өткізуді жоспарлауда. Өмірден көргені мен түйгені де аз емес. Басты түйген ойы-адамды бағалай білу екенін бек ұғынған.

БИІК БОЛМЫС

(Клараға хат)

Өріс Яшүкірқызы,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Қымбатты менің курстасым, Клара! Сен мерейлі жас жетпіске шығып отырсың. Құтты болсын айтамын. Бұл мерейлі мерекең Алматы шаһарында, өзіміз 47 жыл бұрын бірге оқыған С. М. Киров атындағы (қазір Әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетінің қара шаңырағында өткелі отыр. Мәртебе деген осы.

Токсан жылдық тарихы бар журналистика факультетінде өзіңмен 1968-1973 ж.ж оқыған барлық курстастарың мерейтой бағдарламасымен екі-үш ай бұрын танысып, саған жүрек жарды құттықтауларын алдын ала жолдағанын білем. Мен өзіңмен уатсап арқылы сөйлесіп, сырласып жүрсем де осы бір мерейтойлық лебізімді Хат түрінде жолдағым келді. Сен қабыл ет.

Сен журналистика мамандығына кездейсоқ келмедің. Сен сонау Өскемен қаласындағы жоғары оқу орындарының біріне бармай, Алматыға Қазақ Мемлекеттік Университетіне келдің. Сол кездегі оқуға түсудің зор талабынан қорықпай, конкурстың күшті екенінен сескенбей басқа түскен ауыртпашылықты жеңе білдің және соны затың қыз болса көтере білдің.

1968 жылы журфакқа қабылданған 52 баланың 12-сі қыздар болса, соның бірі өзің едің. Сен бір жыл ауылында мектеп-интернатта тәрбиеші болып жұмыс істеп, кәдімгідей шыңдалып, қиындыққа қарсы тұрарлықтай жігермен келгенінді көрсеттің. «Берік бол Клара, мойыма алға жүр!» деп өзіңе өзі дем беріп, құрыштай құлшынып оқуынды жалғастырдың .

Клара, мен сенімен курста жүргенде етене жақын емес ем. Өзің білесің, барлық қыздармен аралас-құраласым бір деңгейде болмады. Сол себепті болар, мен саған көп қыздардың бірі, сен де маған көп қыздардың бірі болдық. Бірақ түзу сәлемімізден жаңылмадық.

Қыздар қыздармен өздеріндегі артықшылықтарын теңестіргіш болатын әдеті бар. Бұл табиғи құбылыс. Сенің курстас қыздардың ішінде өзіңе тән ерекше тартымдылығың болды. Кейде бұл тартымдылық алғырлығыңмен, сезімталдығыңмен, ізденімпаздығыңмен көрінетін. Осы қасиетің саған көрік берді. Жұрт көзіне көп түсуге құмар жандар тобынан емес ең. Өзіміз оқыған ортада ерекшеленбей қарапайым жүрдің, қарапайым тұрдың. Досым дегенге адал болдың. Бұл сендегі басты қасиеттің бірі еді.

Курстасымыздың ішіндегі ең көркем жігіт Асқанбайдың сені сүйіп, өзіне өмірлікке жар етуіне осындай ізгі қасиеттерің баураса керек. Екеуің жарасып екінші курста шаңырақ көтердіңдер. Жұптасып жүрген сендерге сырттай қызығушылар көп еді.

Сен Асқанбаймен қосылған жылдары соншалықты бақытты екеніңді байқаттың. Аудиторияда сабақ басталар алдында ара кідік сыңғырлаған үнің, ерке назды күлкің, жайдары жаз күніндей жүзіңе жарасатын. Қандай киім кисең де денеңе құйып қойғандай шап-шақ болып, сымбатыңды одан сайын аша түсетіні тағы бар. Осы бес жыл бірге оқығанда сын сағатта, қиын кездерде жолсыздан жол тауып шыға алатын қабілет-дарының бар, оттан да, судан да тайсалмай жеңіске ұмтылатын еңбекқор әрі намысты қыз екеніңе сол кезде мен көз жеткіздім.

Бәріміз 1973 жылы бітіріп, қолымызға «журналист» деген диплом алып жан-жаққа тарап кеттік. Тіпті, расы керек, уақыт тапшылығы болды ма, басқаша себептер ме бір-бірімізбен дұрыстап қоштаса да алмадық. Өйткені 5-6 пар үйлі –жайлы болып, алғашқы нәрестелері қолдарында болды. Сендер де пәтер жалдап тұрып жаттыңдар.

«Әй, қыздар-ай, отбасымен журналистика мамандығын ұштастыру сендерге қиын болады.» деген профессор ағайымыз Тауман Амандосовтың сөзі құлағыңда жүрсе де ешнәрсеге мойымай өз мамандығыңның саласы бойынша қызмет еттің.

Асқанбай өз қызметінде болғанда сен үйдегі балаларға қарадың. Бақтың, қақтың, ешкімнен кем етпей өсірдің. Төле би бабамыз айтқан екен: «Әйел жақсы болмай, ер оңбайды. Ерге бақыт әперетін де, бақытын кетіретін де – әйел» деп. Сол айтқандай, жауапты қызметтерді атқарған жарың Асқанбайдың бабын жасадың. Кез келген уақытта үйге алып келетін қонақтарына адал көңілмен ақ дастарханыңды жайдың. Мектеп жасындағы балаларыңның сабағына қарадың. Сол кезеңдерде Кеңес одағы ыдырап, жас тәуелсіз мемлекетіміз өз алдына шаңырақ көтерді. Нарық заманы келіп есік ашты. Бұл сенің ең тұңғышыңның мектеп бітіріп жатқанымен тұспа-тұс келіп, отбасындағы қиындық еселеп артты. Осындай алма-кезек уақытта барлық балапандарыңды қатардан кем етпей өсіру алдымен сенің иығыңа түсті. Отбасының жалғыз айлыққа қараған күн көрісінен қалайда шығып кету қамын ойладың. Ақыры бұл қиындықты да жеңіп, балаларды ешкімнен кем етпей оқытып, жетілдірдің. Бәріне де жоғары білім алып беріп, қатарға қосу оңай емес еді. Міне, сөйтіп балаларыңды жетілдіріп барып, ғылымға бет бұрдың, диссертация қорғадың. Өзіміз оқыған Қазақ Ұлттық Университетіне жұмысқа кіріп, ұстаздық деген кең әрі ұлы жолдың бойында келе жатқаныңа, міне қырық жылға жуықтады.

«ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» деген атақ алдың, Associate Professor ғылыми дәрежесіне ие болдың, Ақпарат және Мәдениет Министрлігінің тапсырысымен сен туралы «Қоғам және әйел» деген сериялы бір сағаттық деректі хабар түсірілді. EURASS деген еуропалық мекеменің Алматыдағы өкілі болдың. Қазақстан Республикасы Журналистер Академиясының дипломымен, Құрмет грамоталарымен, «ҚазҰУ 80 ж.» мерекелік медальмен марапатталдың.

Сен туралы «Қазақстан» телеарнасында жеке («Сырғалым»), бағдарлама жасалып, «Білім», «Мәдениет», «Асыл арна» және «Хабар», «Еуразия» арналарында бірнеше сюжеттер түсірілді. БАҚ беттерінде мақалалар жарияланды. Шығыс Қазақстан облыстық, «Қазақстан білім саласы үздіктері», «Қазақстан ғалымдары» атты энциклопедияларға ұсынылдың. ҚазҰУ Ғылыми –педагогикалық қауымдастығы өкілдерінің «Аманат» атты жинағына есімің кірді. Ыбырай Алтынсарин атындағы және «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері болдың.

2019 жылдың аяғында Бельгияның Брюссель қаласында өткен «Open Euroasian literature festival» деген шарада «Short stories» номинациясы бойынша 2-орын алып, халықаралық деңгейде еңбегің тағы да жоғары бағаланды. Ең бастысы өзің дәріс беріп жүрген студенттеріңнің «Біз сіз үшін мақтанамыз, апай!» деген бір ауыз сөзі кеудеңе медальдан да артық еді.

Қымбатты курстасым, Клара! Сенің болмыс-бітімің басқаша. Бойыңдағы қасиеттерің қатар жүрген жолдастарға, әріптестерге сыйлы, туған-туысқа бауырмал мінезің, қазақ әйеліне тән пайым түсінігің, парасаттылығың әр әйелде болса ғой, шіркін!

Мен сенің еңбек жолыңда марапаттарға ие болып, марқайғаныңды да, барлық отандық басылымдарда, теледидар бетінде, ұлттық радиохабарларыңда атың аталып, жағымды жаңалықтар ортасында жүргенінді де көрдім. Өзіңнің ҚазҰУ педагогикалық ортаңда, ғылым саласында бәсекеге қабілетті қарымыңды танытқан сәттеріңді де сырта жүріп қуандым. «Менің курстасым Клара ғой, бұл!» деп сенімен мақтандым.

Бәрін айт та, бірін айт, Клара, махаббат сәтсіздігінен жапа шеккенінді, көзіңнен мөлтілдеген жасты қалай жасырғың келгенінді білем. Тағдыр салған басқа да тауқыметті бір ер кісідей көтеріп, жүнжімегенінді, тәлтіректеп барып қайта тік тұрғаныңды тағы білем. «Аллаһ Тағала сүйген құлын сынайды» деген хадис бар. Табиғатыңдағы сабырлы мінезіңмен қоршаған ұрпақтарыңды арқа сүйеуші етіп өз өміріңді өзің көркемдей

білдің. Курстасым, мен сенің барға қанағат, жоққа салауат айтқан патша көңіліңе де риза болдым. Балаларыңды байлық пен бақытқа баладың, үлкенімен құрбындай, ортаншысымен досындай кішісімен қамқорыңдай, қыздарыңмен құрбындай сырласа білдің. Сенің еншіңе бірде Әке, бірде Ана, бірде қатал Сыншы, бірде Дос, ал бірде Ұстаз бола білу жазылды. Бұл - сынағы молынан болған Өмір!

Сенің адами болмысыңа имандылық, тәубашылдық, қанағатшылдық көрік берді. Баяғы мен студент кезде байқаған бойындағы қарапайымдылық пен қайраттылық қасиетің өз өрісін одан әрі кеңейтті. Көңілің- кең, құшағың-ашық. Сенің дархандығың қазағымның кең даласындай.

Қадірлі курстасым Клара! Мерейлі жетпіс жаста сенің сымбат пен көркің әлі де әдемі. Әлі де сұлусың. «Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі- жақсы мінез, екіншісі- жақсы сөз» деген екен ұлы даналық ойшылы Жүсіп Баласағұни. Болмысыңнан жақсы мінезің бар, жақсы сөз сөйлейсің. Жақсыларға жанасып, жан-жағыңа адал, сенімді достар, курстастар жинаған, ұлағатты ұстаз-ғалым, аяулы ана, бауырларына қамқор әпке, келіндеріне мейірман ене атанған Клара курстасым, саған мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Адами биік болмысың бұдан да жоғары биіктей берсін.

ЕСІМІНІҢ ӨЗІ – СӘУЛЕЛІ

(Аудио әңгімелесу)

**Светлана Буратай
Мәриям Танашева**

Шымкенттегі Мәрияммен телефон арқылы хабарласқанда: – «Естіген шығарсың: Клараның мерейлі жасқа толуын өзі еңбек етіп жүрген журфактің деканаты ғана емес, университет бойынша кәдімгідей игі іс-шаралармен атап өтуге дайындалып жатыр екен. Осы оқу орнында халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Клара Қабылғазинаның жеке кітабын шығармақ. Оның бірінші бөлімінде ғылыми еңбектері туралы айтылады. Ал екінші бөлімінде ғалым курстасымыз хақында қаламдастары, дос-жарандары ой толғамақ. Бұл курстасымыздың қара шаңырақта құрметті екенінің айғағы» деген тұрғыда сөз қозғадық қой.

– Жеке кітабына ойтолғау жазып бермекпін. Өзің де бірдеңе жазатын шығарсың? – деген екеуара сұрақ та қойылған.

– «Жазамын, айтамын» деген адамға Клараның әңгімеге өзек боларлық жақсылықтары толып жатыр, – деді Мәриям.

– Иә...Қай адамның болсын әйтеуір бір жақсы қасиеті болмай қоймайды. Тек соны көре білсек, бағалай алсақ, – дедім оны әңгімеге тартып.

– Баяғыда, яғни .оқуға түскен жылымызда – бізді Алматы маңындағы бір совхозға жұмысқа апарған. Курстастармен сонда таныстық. Сонда Клараның кіммен болса да жатсынбай, жасқанбай сөйлесе кететін батылдығы ұнап еді. Өзі әрқашан жарқын күліп, көңілді жүретін. Кейбір шиеленісіп кететін жағдайдан да оның күле айтқан қылығы құтқарып кететіні бар еді.

– Бірде курстасымыз Мира оның жүзім сабағын қиятын қайшысын өзінікімен щатастырып, иемденіп алыпты. Жөнін айтса да: ол: «Жоқ, бұл - менің қайшым» деп дәлелдей бастаған. Оның бұл ширығуына Клара:

– Мейлі...Сенікі болса – сенікі болсын. Сен ала ғой, – деп күле қарады.. Сөйтіп тұтана жаздаған дауды өшіре салды. Болмашы нәрсені ренішке ұластырмай, сабыр сақтауды көрсетті.. Ол кезде балалық, шалалығымыз әлі басыла қоймаған жас едік қой. Дегенмен ұстамды болу дегеннің осындайдан да көрінетінін ұқтық.

– Топтың старостасы Жұмагүл мен Клара – құрбылар! «Сырдың суы сирағынан да келмейді» дегендей екі қыз – жігіттер тұрғай қыздардың өздері қызығып, еліктейтіндей тартымды еді. Ол кезде қызғаныш, іштарлық деген «бәлелерді» әлі бастан кеше қоймаған кезіміз ғой. Бәріміз өзімізше – ақынбыз. «Өмір тек жақсылықтар мен сұлулықтардан, адалдықтардан тұруы тиіс» деген албырт, ақынжанды сенімімізге онша селкеу түспеген кезіміз. Бір-бірімізге жаңа әлемді ашатындай қызыға, үміттене қараймыз. Клара сол қызыққан бір бейнеміз болды деп ойлаймын. Ән айтқанды жақсы көретін. Әдемі, өнерлі қыздың көзге айрықша түсетіні белгілі. Талайлардың көзқұрты болды ғой.

– Бұл сөзіме Мәриям: «Түһ, тіпті ғашық болған жігіттерше суреттедің ғой» – деп күліп қойды. Сосын:

– Енді...қыз деген қашан да – талайдың көзқұрты ғой. Құдайым бағын ашсын деңіз... Мен сол алғашқы «сельхозработаға» барғам жоқ қой. Кларамен кейін оқу барысында араласа бастадық. Бір үйдің ерке қызы болғанын аңғарушы едім, – деді.

– Мәрияммен осы әңгімеміздің қарсаңында Клараның өмірбаяндық тұрғыдағы мақаласын оқыған едім. Шынында ол бір үйдің еркесі. Сол ерке балалықтың бір сәтін ойша суреттесем:

– Әке мен шеше бүлдіршін қызды екі қолынан жетектеп келе жатқан. Оңды-солында: мамасы мен папасы! Екі жағында да қорғаны бар бала

– ерке, бақытты ғой. Мамасы – ауылдағы тігін цехының бастығы! Демек, саусағы майысқан шебер. Саудада да қызмет істеген. Ал ауылда дүкенші, тігінші (швея) деген – құрметті адам. Әкесі де: запперме (ферма бастығы) деген сияқты жұмыстардың басы-қасында. Бірақ бастық болып шалқақтамаған, тұрмысы ел-жұртынан артық емес, ел қатарлы ауыл еңбеккерлері. Шағын ауылда мектеп болмай, Клара тетелес Кәкен ағасы екеуі орта мектебі бар интернатта да жатып оқыпты. Ол кезде (елуінші жылдардың соңы) жұрттың бәрінің де тұрмысы – қонторғайлау, жүдеулеу еді ғой. Бірақ бала деген бұған жасып-жабыға ма? Ата-анасы қасында болса – одан артық ештеңе жоқ. Клара өзінің жазбасында балалығын: «ен бақытты сәт» деп суреттепті, деймін Мәриямға.

– Е-е...Бәріміздің балалық шағымыз ұқсас, бір уақыттың төлдеріміз ғой,- деп қойды ол. – Менің әкем де ұзақ уақыт колхоз бастығы болды. Аузымыздан ақ май ағып, аппақ нан жеп өскеніміз шамалы. Бірақ осыны біз жоқшылық деп ойлапсыз ба?

– **Мен:** – Запперме болған соң бастығы фермада тұрады ғой. Фермада орта мектеп қайда? Сондықтан ғой: балаларын біресе интернатқа, біресе – біреудің үйіне қойып жүріп оқытқаны. Кейін тіпті күнделікті ат-арбамен мектепке апарып, әкелу машақатын да бастан кешіпті. Балалар үшін бұл қиындық емес – кәдімгі сапар, қызықты ойын. Сонда Клара арбаның селкілдеп ырғатылуымен ән айтқанда дауыс та дірілдеп, ерекше шығатынын аңғарған шығар. Әнге дайындықта дауысын құбылта шығаруға тырысады екен. Мектеп сахнасына бейімделген қызына анасы қолда бар маталардан, дәкенің өзін әртүрлі түстерге бояп, көздің жауын алатын көйлек тігіп береді екен.

– Сонда оның өнеріне де, ерекше көйлегіне де қызыққан жұрт: Тіл-көзден сақтасын! Қандай сүйкімді біздің қызымыз, – деседі екен. Сөйтіп, сүйкімді бүлдіршін – сымбатты, сұлу қызға айналмай ма?

– Бұл оның жанында анасы бар қамсыз, бақытты күндері еді. Мектепті өз тұтастарынан ертерек бітірген Клара Алматыдағы медицина институтына құжаттарын тапсырады. Енді бірер күнде емтихан да басталмақ.

– Клараның бастапқыда мединститутты қалағанынын Мәриям қайдан білсін? Сондықтан мен әңгімені:

– Анасының қатты науқастанып, ауруханаға түскенін естігенде: «Ал Гүлмира кіммен қалды?» деген ой Клараны алды-артына қаратпай – сонау Өскеменнен де ары Тарбағатай ауданының Жалғызтал ауылына құстай ұшып жетуіне мәжбүр етеді. Сол кезде оның өзі әлі бала – он алтыда ғана екен-ау, – деп жалғастырғанмын. – Қалай он алтыда? Ол екі жыл стажбен түскен бізбен «А» тобында еді ғой? – деді Мәриям.

Мен: Баяғыда – бала кезімізде бір кішкентай баланың мектепке бес жасынан ұмтылған «Филиппок» деген бала туралы әңгіме оқушы едік қой. Клара да сол бала сияқты: «Барам да-барам» деп жылап, ауылдың өзінен үлкен ұл-қыздарымен мектепке уақытынан бұрын, бес жастан енді асқанда барыпты. Сөйтіп, орта мектепті он алты жасында бітірген. Мединститутқа түсіп те кетер ме еді? Бірақ: анасы қайтыс болған соң, Алматыны да, дәрігерлік мамандықты да қоя тұрып, ауылында екі жыл жұмыс істепті. Сөйтіп кейін мамандық таңдауы журфакқа ойысқан ғой. Екі жыл стажбен келгеннің өзінде ол – он сегізге ғана екен, – дегем білетінімді аңғартып.

... Он алтыға енді толған балауса қыз анасы ауыр халде жатқанда: «Гүлмира қайда қалды?» деп жанұшыра ауылға тартады ғой. Сіңлісі сонда бір жаста ғана еді. Әкесінің қарындасы Күләш тәтесінен сіңілісін өз үйіне алып келгенше Клара байыз таппай кетіпті. Ана соңында алды – он жетіге енді аяқ басқан, (кәмелетке де толмаған) өзі, он мен он бес жастағы інілері мен бір жасар сіңлісі қалған-ды. Сонда мамасы – отыз жетіде ғана екен.

Шиеттей бала-шағамен қалған әкенің ендігі амалы – балаларға ана болатын әйелге үйлену еді. Әкесі басындағы осындай қайғы мен ауыртпалықты көтере тұра – қызының оқуға Алматыға баруын қолдаған.. «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» дегендей, тірі адам тіршілігін істейді. Бала-шаға өседі, жетіледі. Өмірден өз жолдарын табады. Қырыққа да жетпей, ұрпағының қызығын көре алмай кеткен анасының орнын кім толтырар? Үйге енген «өзге шеше» қандай болмақ?

Осындай беймаза оймен Алматы келіп, журналистика факультетіне емтихан тапсырады. Сөйтіп университетке оқуға қабылданып та кетеді. Бірақ жүрегінің жартысы ауылдағы туған үйінде, қайран әкесінде, інілері мен сіңлісінде қалып қойғанын кімге айтар? Қолынан, ерік-жігерінен бар келгені – жасымай, жүдеп-жадамай өмірдің қаталдау ағысына қарсы тұру болды. Ол осындай жігерлілікті көрсете де алды. Маңында, бір курста оқып жүрген кезімізде оның иіні түсіп, жабыққанын көрген емеспіз.

Мәриям: Е-е...Біз оны: «Ештеңені ойлап бас қатырмайтын әкешешесінің ерке қызы» деп ойлап жүрген кезде оның жүрегі інілері мен сіңлісіне алаңдап жүрген екен-ау... Тағдырын айтып жылап-сықтамайтын ұстамдылыққа оны өмірдің өзі үйреткен екен де...Мен оқуға түскен жылы алғашқы «селхоз работаға» барған жоқпын ғой. Курстастармен сабақ басталған соң таныса бастадық. Клара еркін, ашық мінез болғанымен мен ол қызбен бірден танысып, жақындасып кете алмағам. Оны сұлу, кейде тәкаппар көретінмін.

Мен: – Сен сол кезде: «бойым аласа» деп ығыса беруші едің ғой. Ал мен саған: «Қолаң шашты, қараторы, қаракөз қазақ қызы» деп өлең арнағанмын.

Бірақ сен: қараторының сүйкімдісі екенінді өзін бағаламағансың. Есінде ме, сенің бір жоба жұмысыңды талдағанда деканымыз Темірбек Қожакеевтің: «Танашеваның жазуына орай оны «Құлагерге» ұқсатуға болар еді. Ол сәйгүлік сыртқы түрі қарапайым ғана тұрғанымен, сынға түскенде алдына жан салмай құстай ұшқан ғой» деген тұрғыда теңеу келтіріп еді ғой. Ал Қожакеев ешкімді де орынсыз жоғары бағалай қоймайтын,-деп Клара туралы тақырыбымыздан сәл ойысыңқырап кеттім. Бірақ мәселе: әйелдің сұлулығы туралы ғой. Демек, кімге болса да – ортақ тақырып.

... **Мәриям:** – Кейін Клара жатақханадан орын алып, бір бөлмеде тұрған қыздармен жақсы дос бола білді. Әсіресе, Жұпармен туыстай сыйласты. Жұпар да сол құрметке лайық, көкірек-көзі ояу, оттай жанып тұратын қыз болды ғой. Ұлттық құндылықтарымыз туралы кітап та жазды емес пе? Міне, осындай рухани дүниелер де достыққа негіз болды.

... Сосын екінші курста Клараны Асқан көп жағалап кеткен. Менің жеңгемнің де есімі Клара еді. *(Айтпақшы осы есімнің латынша мағынасы: «Сәулелі, жарық, шұғылалы» деген ұғымдарды қамтиды екен.)* Оны ағам кейде: «Қоларам»деп әзілдейтін. Бір күні Асқанның да Клараны еркелетіп, осылай: «Өзімнің Қоларам ғой» деп отырғанын естіп таңғалдым.: «Ә... жігіттің көңілі әбден құлаған екен» деп ойлағам. Екеуін бір-біріне тең көргем. Екеуі екінші курста үйленді емес пе? Бүкіл курс болып, «Қазатком» деген ауылға тойына бардық қой.

Мен: - Енді сол кездері курсымызда талай қыз-жігіт:: «Екі жарты бір бүтін» болып, бір-бірін таба бастады ғой. Асқан - қашан да көш басында жүрегін жігіт. Сонда да көңілі қалаған аққұсын қолына қондырғанша тыным таппай кетіпті-ау, сонда. Сұлу қызға көз салушылардың көп екенін көріп, айырылып қалармын деп те қауіптенген болар. Шынында оған ғашық болмау мүмкін емес те еді. «Оны қайдан білесің?» дейсің бе? Айтылған әндерден аңғаратынымын. Олардың үйлену тойында бір курстасымыздың:

Ауламызда қос қайың жайқалады,
Мәңгі сырлас екені байқалады.
Қатар өскен осынау бір қос қайындай,
Қашан біздің көңіліміз жай табады,

– деп бастаған әні жүзімдіктегі ең алғашқы қамсыз күндерді көз алдыма әкелді. Сонда алғаш естіп едік қой осы әнді!

- Тойда осылай ойланып отырғанымда:
- ...Қалай ғана қос жүрек қылы үзілді,
- Балалық па, білмеймін, шалалық па?»

деген сұраумен ән аяқталды. Өнді айтқан жігіттің дауысынан талай сырды аңғаруға болар еді. Мұны неге ойға түсіріп отырмын? Сірә, сол кездегі жастық өміріміз, бір-біріміздің сырымызды білетініміз, бір мұнайып, бірге күлетінімізді әлі ұмытпағандықтан айтып отырған шығармын. Дәл сол кездері мен үшін сол үйленуі тойындағы жас жұбайлардан бақытты жұп жоқ сияқты көрінген. Менінше, солай болды да

...Клараның ҚазГУ-де сабақ беретінін естігенмен оның ғылыммен шұғылданып жүргенінен хабарсыз екем. Кәкен, Төрегелді де осы университетте сабақ беріп, ғалым атағына ие болуы – қара шаңырақтың киесі шығар.

Университетте оқып жүргенде мен радиожурналистикаға онша мән бермеппін. Тіпті одан хабарым шамалы еді. Бірақ газетте орын болмай, Талдықорған облыстық радиокомитетіне жұмысқа тұрғанымда бұл мамандықтың қызықты екенін түсіндім. Адамдармен сөйлесіп, олардың даусын репортерге жазып, өздеріне сол сәтте қайта тыңдатқанда мәз болатын. Жетпісінші жылдардың басында облыста телеарна деген жоқ еді. Радиохабары қызықты болатын.. Мен жазып әкелген дауыстарды артық-ауыс дыбыстардан өзім тазарту жұмысын меңгеріп алдым. Радиоға жазып алу сұхбаттасқан адамға бөгелмей сұрақ қойып, сөйлесуге бейімдейді екен.

Ал Клара осы кәсіпті ғылыми тұрғыда сараптап, терең зерделеумен айналысқан. . Филология ғылымы арнасы тым кең, терең дүние ғой. Біздің курстағы Кәкен Қамзин – филология ғылымдарының ғылым докторы, Төрегелді Бекниязов – сы ғылым кандидаты атанды. Ал қыздардың арасынан Клара Қабылғазинаның ғылым кандидаты болғанын, профессор атанғанын мақтан етеміз. Телеарнадан сөйлеп жатады. – Міне, Клара! Бідің курстағы қыздардан шыққан бір тал ғалым. деп қуанып кетеміз. Мақтан тұту деген осы ғой..

Ата-ананың төрт бірдей бала-шағасын өсіріп, оқытып, өздері де қызметтен қол үзбей келгенін айтсаңшы. Ғылыммен айналысу деген - ұзақ түндер ұйқысының шала болып, бала тербеткен ананың күйін кешу ғой. Көп балалы ана - Кларамыз радиожурналистика туралы тоғыз ғылыми оқулықтар жазыпты.

Мәриям: Ал Клараның өлең жазатынын бірінші курста-ақ білгенімізбен, кейін ұмытқандаймыз да. Дәл сол кездері жазуын енді бастаған талапкерлердің республикалық басылымдарда көрінуі сирек еді. Сол кезде ол әңгіме жазатындығын ғана айтқан. Сөйтсек оның өлеңдері бұрнағырақтан өз өңіріне таныс екен. «Ана қабірінің басында» деген өлеңіне жергілікті композитор ән де шығарып,, кезінде өзі туып-өскен аймағында орындалып та келіпті.

Мұң ақынға өлең жаздырмай қоймайды ғой. Ал анасын жоғалту – әрі қайғылы, әрі мұңлы сезім..

Ойымызды толғай түссек:

Иә...Клара кәмелетке толар-толмасында анасын жоғалтып еді. Өскемен ауруханасында ауыр халде жатқан анасына бара жатқан жолда ол автобуста жас жігітпен танысып қалады. Ол – мединституттың студенті екен. Жас көңіл деген қандай! Жігіт сұлу қызға сол көргеннен тәнті болып, кейін де біраз хабарласып жүреді. Анасы қайтыс болып, кішкентай сіңлісін қарау машақатымен жүрген қыздың ғашық жанмен жүздесуге де мұршасы бола қоя ма? Албырт көңіл сол есімді іштей қайталап жүргенмен, жолдары түйіспеген.. Сөйтіп, қыз сол жылдары анасынан да, алғашқы махаббатынан да қол үзіп қош айтысқан екен. Өкінішті, мұңлы, қиялдағы әңгіме сияқты, бірақ өз курстасымыздың басынан кешкен шынайы оқиға ғой.

Алғашқы махаббаттардың мұңлы болатын себебінің өзі: оған қол жеткізе алмау, сол арманның орындалмауы ғой. Бұл тұрғыда сәтті аяқталған дүние махаббат деп аталмаса керек.

Ғашық болып – қосылып, пәленбай жыл бірге ғұмыр кешкендердің бұл биік сезімі – достыққа ұласуымен баянды емес пе? Олай ұластыра алмағандар: «Сүю-күюіміз осылай аяқталды» деп екі бөлек кетіп жатпай ма? Ендеше ең тұрақты сезім – достық!

Мәриям: Ерке, уайымсыз, сұлу деп қызығып жүрген курстасымыз сонда Алматыға анасын жоғалтып, кішкентай сіңлісі мен екі інісін қайғылы әкесіне, өгей шешеге тапсырып келген көңілі мұңлы қыз екен-ау. Асқанның үйлену туралы тілегін тек ғашықтық сезіммен ғана емес, сол жадау көңіліне қорған іздеп те қабыл алған болар. Ол үміті ақталмай да қалған жоқ. Тұрмыстың кейбір қиындықтарын көре жүріп, балалы-базарлы шаңырақ бола алды.

Мен олардың алғашқы сәбиінің шетінеп, жас ана мен әкенің көңіліне қаншама қайғы-мұң кешкенінің бір сәтінің куәгері болдым ғой. Ол екеуі - перзентханадан тұңғыш ұлдарын аппақ құндақпен, ақ гүлдермен қуана алып шығуды ойлаған-ды. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген ғой. Бейкүнә нәресте жарық дүниенің есігін ашқанмен, күннің шұғыласын көріп үлгермей, шетінеп кетті. Клара мен Асқанның жанында мешітке бірге бардым. Нәрестені сол жерден жер қойнына тапсыруға мұрсат алу керек пе, әйтеуір сондай бір себеппен барды. Баланы алып кетті. Біз анасымен бірге қала бердік. «Жассыңдар ғой. Әлі балалы боласыңдар» деген сөздің өзі мұндай сәтте жұбаныш бола алмайды екен. Бірге жылағаннан өзге көмегім шамалы болды сол күні.

Мен: Клара өзің туралы тек сол күні ғана емес, кейін де кейбір қиын сәтте өзіңнің қол ұшын беріп, жұбатқаныңды айтады. «Мәриям келіп, маған палау жасауды үйретіп, көңілімдегі мұңды сәл болса да серпіп еді.

Ұрқия тауық сорпасын әкеліп: «Дұрыс тамақтанбасаң – ауру боласың» деп «ұрсып» еді», - деп кейін еске алып жүріпті. (Мәриям осы орайда: «Палау жасауды үйреткенім есімде жоқ» деп таңғалды).

Мәриям: Содан оқу біткен соң біз Жезқазған кеттік. Кейін Шымкентке оралғанда газеттің қарбалас жұмысымен Клара, Асқандармен араласуымыз сиреді. Алматыға жол түскенде үйлеріне хабарласып, телефонмен сөйлесіп жүрдік. Үлкен қызы Арайы бойжетіп қалғанда бір көргем. Асқат, Абзал атты ұлдары мұрты тебіндеген жігіт болғанда, Клара қырыққа жақындағанда тағы бір ұлды – Айбегін дүниеге әкелгенін естідім. Өзім отағасының қызметімен Шардараға қоныс аударып, Алматыға бару сирей берді. Бірақ ұмытып кеткен емеспін.

Мен: Клараның мектеп бітірісімен ойға алып қалған дәрігерлік мамандығын кезінде анасынан бір жасында қалған сіңлісі Гүлмира, кейін өз қызы Арай жалғастырып, мединститутта оқыпты. Арай медицина ғылымының кандидаты, Асфендияров мединститутының доценті. Сөйтіп бір шаңырақтан: анасы мен қызы – екі бірдей ғылым кандидаты, қос ғалым шығыпты. Ұлдарының үшеуі де қалаған мамандықтарын игеріп, өз алдына бір-бір шаңырақ, – деп әңгімемізді қорытындылауға қарай ойысқан едім.

Мәриям: – Бұрнағы, 2018 жылы Алматыда бес-алты курстас-достар бас қоса қалдық. Сонда Асқан мен Клараның жолдары екі бөлек кеткенін естіп, жабырқап, салым суға кеткенін несіне жасырайын. Екеуі де жақсы көретін туысымдай жақын жандар ғой. Бірақ...бұдан олардың маған, менің оларға деген сый-құрметім еш кемімейтіні анық. Әркімнің өз тағдыры, өз жолы бар. Әке болып ұрпағын өсірді, қанаттандырды. Ана болып өмірге үш ұлын, алтындай қызын әкеліп, жақсы тәрбие берді. Ата-ана қоғамда өзіндік орындарын таба білді. Олардың жолы екіге бөлінді деп ұрпағы кіналай ала ма? Балалар мен әке арасындағы ата-аналық, адами қарым-қатынасқа сызат түсірмеуді ойлайтын ұрпақ тәрбиелепті екеуі. Сол үшін басымды иемін.

Мен (Светлана): – Бастапқыда Мәриям екеуіміздің: «Сен не жазасың?», «Өзің ше?» деген ортақ сұрағымыз осылай әңгімелесуге ұласқан. Клара біледі: журналистикада: «Радиоәңгімелесу» деген жанр бар емес пе? Екі адам жүздеспей-ақ – екі жақта отырып әңгімелеседі. Сондай радиода болмаса да, телефон-аудио байланысында осы әңгімелесуіміз туындаған еді..

Тыңдағандарыңызға (оқығандарыңызға) көп рахмет!

ШЫҢДА ӨСКЕН ШЫНАРДАЙ

Галия Омарханова,
ардагер журналист

Университетте болған Наурыз мерекесінің үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие берерліктей мәнді, мағыналы өткеніне өзі де, әріптестері де риза. Байқап қараса, жастар санасына халқымыздың саналы салтын, жарқын дәстүрін сіңіретіндей ұлттық қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін қырлары көп болыпты. Жетекшілік, ұйымдастырушылық еңбегі алғыс хатпен атап өтілді. Көтеріңкі көңіл-күйін байқаған балалары бүгінгі жексенбілік демалысты табиғат аясында отбасылық отырыспен жалғастыруды ұйғарыпты...

«Ұлы істің ұлы күні» өзінің де үйде отырғысы жоқ еді. Сонау балғын балалық шақтан бері көктемнің алғашқы күндері бар аңсары далаға ауады да тұрады. Табиғатқа шыққанына қуанды. Ауа райы тамаша. Түнгі сүлесоқ қалпынан арылып жатқан Алатаудың биік-биік шыңдары күн шапағының алқызыл нұрына бөленген. Терең шатқалдардан өзен суының гүрлі естіледі. Сай-саладан құлдырай аққан бұлақтарда бұлқыныс бар, шолп-шол етіп сылдырай ағады. Бел-белестер қызыл, жасыл, көк, сары бәйшешектерден әсем алқа тағынса, орман-тоғай енді-енді бүршік жара бастаған аппақ-аппақ гүл шоқтарына оранған. Бәрі де жастайынан сезініп-түйсініп жадында жатталып қалған көріністер. Жер-ана он екі айда бір келер толғақты сәтінде. Айнала былдыр-былдыр, күмбір-күмбір жас иіс: құстар әні, жапырақ сыбдыры, су сылдыры, самал лебі. Жап-жасыл, жап-жас дүние жылы шуаққа бусанып жатыр. Сезімтал жүрек өзінен өзі күбірлеп келеді:

– Қүдіреті күшті жасаған, күн көзіндей жылу бер, адамзат дейтін пендене!..

Саумал самал лебінен мойыл гүлдің хош иісі аңқиды. Мойыл, долана, шырғанақ, рауғаш сияқты сирек кездесетін емдік қасиеті бар өсімдіктер біздің Тарбағатай тауларында өте көп өсуші еді. Шіркін, Тарбағатай – асқар таулы, айдын көлді, көк орай шалғынды табиғат көркіне, табиғи байлығы сай құт-береке дарыған қасиетті өлке ғой. Көне тарихының өзі үлкен шежіре. Көңілге көрік, пейілге кеңдік беретін осынау атажұрттың қадір-қасиетін әрдайым айтып та, жазып та жүретін жәйі бар. Мұндай сәттерде:

– Тектілік тегіне тартпай қоймайды. Іріліктің ірге тасы – ұшқан ұяда, өскен ортада қаланады, – деп отыратын ауыл үлкендерінің, ата-ананың ұлағат сөздері де тілге тиек болады. 15-16 жасында құлағына құйып алған бабалар өсиетін әлі күнге өнеге тұтып келеді.

Десе де, елінің ежелгі даналық тәлімі туралы білгенінен білмейтіні көп екені рас. Тағдырдың жазмышы ғой. Шетсіз де шексіз өмір жолдары ертеден-ақ туған ортадан алыстатып әкетіпті. Алғашында, білім қуып, тұрмыс құрып дегендей, кейіннен жұмыс бабы, бала-шаға қамы деп көп жылдар шет жүріп қалғаны-ды. Содан болар, Тарбағатай десе елеңдеп, тіл жетпестей бір алабөтен сағыныш күйін кешетіні. Осы уақытқа дейін еліміздің көптеген жерлерінде, керемет деген шетелдерде болып, талай халықтың дәм-тұзын татты. Рас, бір көрер көзге әсері болған шығар. Бірақ ешқайсысы туған жердей көңіл қуантып, жылылық сыйлап толғандырған емес. Бүгін де өмірінің қимас бір бөлшегендей сезіліп тұрғаны. Ата-жұрт, кіндік қан тамған топырақ қасиеті осынысымен қымбат шығар. Ерекше сезім жетегінде тұрғанда, ойын немерелер дауысы бөліп жіберді...

* * *

Өмірдің өткені бар, өткелі бар. Клара Қабылғазинаның бар саналы өмірі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен біте қайнасып кеткендей. 1968 жылы журналистика факультетіне түсіп, оны 1973 жылы бітірген. Арадағы бірер жыл мамандық бойынша газетте, телевизияда істегені болмаса, соңғы 40 жылға таяу уақыттан бері осы факультеттің «Баспасөз және электронды БАҚ» кафедрасында ұстаздық етіп келеді. Бар білімін, қабілет-күшін өзі білім алған университетіне арнағандығын өмірлік мақсатының орындалғаны деп біледі.

Бұл мамандық – пән бойынша жан-жақты білімділікті ғана емес, саяси, адами дүниетанымдылықтың кемелдігін, рухани парасаттылықтың тереңдігін, техникалық ақпарат ағымының қарқынды үрдісіне ілесу біліктілігін қажет ететін күрделі ғылым.

Клара осынау талаптарды игеру барысында, сан қиындықты бастан өткере отырып, жан аямай еңбек етті. Қажымай-талмай көп ізденді, көп оқыды. Тәжірибе жинақтау ізденістерімен шетелдік, республикалық оқу орындарымен байланысқа шықты. Түрлі деңгейлерде өткізілетін ғылыми конференцияларға, басқа да шараларға қатысып, ой-пікір алмасты, ақпарат жинады. Қазір де педагогикалық-ағартушылық тәжірибесін жетілдіру белсенділігі жоғары.

Сөз реті келгенде, ҚР Білім және Ғылым Министірлігінің бағдарламасы бойынша шыққан «Радиожурналистика» оқулығының үш тарауын, ҚР Мәдениет және Ақпарат Министірлігінің тапсырмасымен жарық көрген «Қазақ журналистикасы» үш томдағының бір тарауын Клараның жазып дайындағанын атап көрсеткен жөн. Сондай-ақ, 9 оқу құралының, 3 электрондық оқу құралының, 1 оқулықтың, 400-ге жуық ғылыми,

публицистикалық еңбектердің авторы. Мұның сыртында журналистің жеке тұлға ретінде қалыптасуы, кәсіби біліктілігін арттыруы тұрғысындағы ақпараттық бағдарлама жобалары да баршылық.

Әр еңбектің берер білімі терең десек, сол тереңдікті бөтен санаға дарыту біліктілігін шыңдау қиыншылығы және бар. Маңыздысы – мақсат-мұраттың ақталып, игілікке жаратылуы. Бұл тұрғыда әріптестері ұжым болып қуаттап-қолдап, бағалап келеді. Атақ-марапаттан да кенде емес: филология ғылымының кандидаты, ассистент профессор. «ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» атағының, Б.Алтынсарин атындағы және «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері. ҚР Журналистер Академиясының дипломдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Қазақстан ғылымдары», «Қазақстан білім саласы үздіктері», Шығыс Қазақстан облыстық энциклопедияларына ұсынылған. СТВ телеарнасы Ақпарат және Мәдениет Министірлігінің тапсырысы бойынша «Қоғам және әйел» сериясымен деректі фильм түсірілген, т.с.с.

Тағы бір үлкен игілікті шара – журналистика факультеті оның 70 жылдық мерейтойы құрметіне арнап, «Цифрлық медиа және журналистика: білім берудің классикалық үрдістері мен жаңа талаптары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырып отыр. Бағдарлама аясында К.Қабылғазинаның еңбек тәжірибесін көрсету мақсаты да көзделген. Бұдан артық қандай сый-құрмет болмақ.

Клара өз кезегінде:

– Бәріне де уақыт төреші ғой. 40 жылдың қалтарысында қаншама сезім-төзімді бастан өткергенім өзіме аян. Енді міне, кезі келіп өткен күндерді бағамдайтын шақты бастан өткеріп жатырмын. Өмір-өзен ағысының осынау бір салиқалы кезеңінде азды-көпті еңбегімді бағалап жатқан ел-жұртыма ризамын. Әсіресе, қандай да бір жағдайларда дем беріп демеуші, қуат беріп қолдаушы болып келе жатқан қанаттас-қатарлас Сағатбек Медеубек, Кәкен Хамзин, Гүлмира Сұлтанбаева сияқты әріптестеріме деген алғысым шексіз. Жалпы біздің ұжымда жаны жайсаң жақсы жандар көп. Білім-ғылымды соларша бағалауға, ел мен жерді соларша қадірлеуге тырысып жүремін, – деп ықылас-пейіл тұнығын мөлдіретті.

Шынайы жүрекжарды лебіз.

Клара шығармашылығының тағы бір қыры – журналистика мен жазушылық. Бұл тұста да қаламы жүрдек. Өмір шындығын шынайы суреттейтін әңгіме-новеллалары, жастар тәрбиесі, әлеуметтік мәселелер туралы мақалалары басылым беттерінде жарияланып тұрады. Шығармаларының бәрі оқырманға өмір шындығын іздеттіреді, ой-пікір түюге ықпал етеді. Осынау ерекшелік есімін даралап, сонау алыстағы

шет жерлерге танытып жатқанына неге қуанбасқа. Жуықта ғана Евразия жазушыларының Бельгияның Брюссель қаласында өткен халықаралық конкурсының жүлдегері атанды. Әңгімелерінің байқауға қатысқан 1200 қаламгер шығармаларының үздігі деп таңдалуы тегіннен тегін болмаса керек. Бұл да – кімнің кім екенін танытатын көрініс.

Осы тұста мына бір сөздері еріксіз еске түсті:

- Шын мағынасында, мен ең әуелі оқытушымын. Оқытушылық – кәсіби мамандығым. Студенттер тарапынан «жақсы мұғалім», «жақсы ғылыми жетекші» дегенді естіп жатсам, мен үшін бұдан артық марапат жоқ. Қазіргі жастар бойында білімді игерсем, іскерлікке жетсем деген талпыныс күшті. Әлемдік ғылымның, электронды ақпарат құралдарының озық үлгілері мен жаңалықтарын меңгеру алғырлықтары, құшыныстары ерекше дамыған. Айтар ойларынан, сөйлер сөздерінен өршіл рух байқалады. Мысалы, бүгіндері білім алып жатқан барша шәкірттерімді осындай зейінді зерделілер қатарына жатқызар едім. Өйткені, жылдан-жылға өте білімді, өрелері биік, зерделі қазақ жастарының көбейіп келе жатқандығы қуантады. Елдің болашағы солардың қолдарында ғой...

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты, немесе «Шәкіртіне қарап ұстазын таны» дейді халық даналығы. Біліміне білім, ақылына ақыл қосып, бар жасылыққа баулыған ұстазды кім ұмытар. Былтыр бітірген Күнту Арғынбек есімді шәкірті:

– Бағыт-бағдар берген Сізге мың алғыс! Журфакқа алғаш келгенде дауысында қоңыр әуен бар деп радиоға тарттыңыз. Міне, бүгінде сол ақыл-кеңесіңізбен радиожүргізуші болып қызмет атқарып жүрмін. Жастарға деген адал пейіліңіз ешқашан сарқылмасын. Аман-сау болыңыз! – деп құрмет көрсетіпті.

Риясыз көңілдер тілеулестігінің үндестік өнегесі!

Иә, бұл күнде жарқырап, жалындап алғы шептен көрініп жүрген Нұрділда Ораз, Ренат Кертәев, Берік Уәли, Жанарбек Әшімжан, Сәуле Досжан т.б. сияқты толып жатқан шәкірттері баршылық, олардың есімдерін тізсең бір кітап боларлықтай-ау... Олардың аттары аталған сайын, жүрек түкпірінен жаңа бір жақсы есімдердің жаңа тізбесі ойға оралатынын қайтерсің. Ылайым, ұстаздық өмір-дастан беттері шәкірт жетістіктерінің жарқын-жарқын жазбаларымен қалындай бергей!

Клараның өмір-дерегінің бәрі осындай жарқын, жеңіл деуге болмас. Сағын сындырар талай сынақтан өтті. Осыған байланысты көмейге тірелген сан сауалды қалай қоярға батпай отырғанда, әңгімені өзі бастады:

– Тірлігім – күйініш-сүйінішім. Бұл күнге оңай жеткенім жоқ. Жастайымнан «бәрінен де ел аман, жер тыныш болсын» дегенді көп естіп өстік

қой. Сол аманшылық арқасында, Жасаған иеміз мені адамдардың ықылас-пейілінен кенде етпепті. Пейілі кең туған-туыс, ниеті дұрыс жора-жолдас беріпті. Қиналғанда тірек болып келе жатқан тағы бір тиянағым – еңбек ортам. Осынау жақсы жандардың жақсылығын балаларымның баласына өсиет етіп кетсем деймін.

Рас, тағдыр тауқыметінің, еңбек бейнетінің ащысын да, тұщысын да татты, ыстығына күйді, суығына тонды. Сол бір күйзеліс кезеңдеріндегі қилы-қилы қиындықтарды әйел затына тән беймәлім қара күшпен қопарып әкеп, сыры ашылмас сыр-сандыққа қотарып салып құлыптап тастаған ғой. Бөтен сөз, жаңсақ пікірден аулақтағаны да. Сөйтіп, өзінің Ар, Әділет, На-мыс, Абырой алдындағы адалдығына жүгініп, бар Жақсылықты Аллах Тағаладан, табан ет, мандай терден күтті. Бар ерік-жігерін бір арнаға тоғыстырып, ертеде де, кеште де жар құлағы жастыққа тимей еңбек етті. Мұндай жанкештілікке бармағанда, өсудің орнына өшуі, орта жолда қалуы әбден мүмкін еді. Осыны білді.

Әйел-ана намысының құдіреттілігі деген осы!

Ойды ой, сөзді сөз қозғайды.

«Қатар өмір сүре береді екен-ау,

Қайыспайтын қайсарлық пен үлбіреген нәзіктік,

– деген өлен жолдары, Клараға арналып жазылғандай.

Тегінде, Клара – табиғи жаратылысы нәзік, сыршыл, әсершіл жан. Сырт келбеті қандай келісті, көркем болса, ішкі жандүниесі де соншалық таза, мөлдір. Жастың тілеуін, үлкеннің жолын кеспейтін ізеттілігіне, барын ірікпейтін, бөлісуге іркілмейтін жомарттығы сай ақ тілеудің адамды. Осы ретте әлеуметтік желіге жазған Мади (қазір Нұр Отанның Алматы қалалық жастар қанатын басқарып жүрген азамат) деген шәкіртінің жазбасын айтпай кетуге болмас, ол: «Өмірде сыртқы сұлулығы мен жан дүниесінің сұлулығы табиғатынан бірдей дарыған адамдар кемде кем. Біздің Клара апай- сол қасиеттің бәріне ие адам», – деп жазыпты.

Отбасына ұл-қızıмен көгеріп-көркейген ана, береке-бірлікті ұйытып отырған батагөй әже. Тәңірім, анасына бергенді баласынан да аямаған ғой. Үлкені Арай С.А. Асфендияров атындағы медицина университетінің доценті, медицина ғылымының кандидаты. Абзалы мен Асқаты – заң қызметкерлері. Кенжесі Айбек – компьютерлік модельдеуді меңгерген талантты математик. Келіндері қас-қабағына қарайды, немерелер айналып-толғанып қасынан шықпайды. Тәубә, тәубә... тіршілік атты ұлы дүбірдегі көші осылармен көлікті де көрікті.

Жалпы бұл әңгіме ақ-адал еңбекті бағалау, үлгі-өнеге ету мақсатын көздеген-ді. Сонымен шашыраңқы ой ұшқындарының тоқ етер түйіні төмендегідей өріліп сабақталады:

– Университеттің 85 жылдық тарихы бар журналистика факультетіне үзіліссіз 40 жыл ұстаздық ету еңбек пе? Еңбек!

Қазақ журналистикасына ұлттық кәсіби маман даярлауға үлес қосу ма? Қосу!

Ендеше, терең тамырлы ҚазҰУ-дың тарихи шежіресінде Клара Қабылғазинаның да қалдырған ізі айшықты.

Жетпістің өріндегі, университеттің төріндегі еңбек жолы жалғасуда. Алда да журналист-қаламгер, ұстаз-ғалым, әйел-ана ретінде атқарар ісі, таратар өнегесі баршылық. Өзі сергек, қадамы нық, ойы ұшқыр. «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, көңілі әлі биікте.

Тау басында өскен қарағай-қайыңдардың нәрі де, сәні де ұзақ сақталатыны белгілі. Клараның кісілік келбеті мен кішілік ізеті осы шынарлардай шырайлы да сымбатты. Иә, солай, шыңға біткен Шынардай!

Курстас-достарың:

– Тұлғанды әрқашан биіктен көрсек, – дейді. Тұғырыңнан тайма, Клара!

* * *

... Мойылды сайды тағы бір көз қиығымен шолып өтті де, қызғалдақ теріп, қызық қуып алаңсыз жүрген немерелеріне қарай беттеді. Балалары да өзіне қарайлап қалыпты. Осыларды берген Аллаһ тағалаға, мың шүкірлік.

Өсер ұрпақ аспаны әрдайым бүгінгідей ашық болғай!

МАХАББАТ ВАЛЬСИ

(аяулы арман кеңістігін аялай білген жаны асқақ қыз туралы)

Жақсылық Жүнісұлы,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Ой-қиялдың ұшар басында Арман деген мазасыз күй бар. Ол төбеңде үнемі қонақтап тұрады. Барар жерің, жүрер жүрісің, көңіл-күйің, мінез-құлқың, бәрі-бәрі соған бағынады. Оның мазасыздығына қарамастан, сен онымен үнемі бірге жүруге ниеттісің. Себебі ол – үлкен рухани күш. Онда ақыл, ұмтылыс, жігер, сенім бар. Осы ақиқатты дүниеге келген адамның сөзсіз паш ететіні кәдіксіз. Бұл барлық пендеге тән сырлы дүние.

Бойын осылар жетелеген жас қыз да үнемі осы арман-құстың тілін

табуға тырысты. Одан айырылса, дүниеден тұтас айырылып қалатындай көрінеді. Ұдайы атқан таңның шапағындай көрінетін ыстық құбылыс бар әлемді қаусырып, титтей жүрек тамырларына әкеліп сіңіріп жатыр. Мына ашық аспан да, ана қала көшелеріндегі халық та, жүрегін қайта-қайта лүп-лүп соқтыратын мына КазГУ ғимараты да бәрі осының ішіне бірге еніп, әп-сәтте қыздың ажар-көркінен көрініс тауып жатыр. Арман-құста шек жоқ, тым биікке, заңғар көкке қайта-қайта алып ұшады. Іште ғажап сырлы дүние. Сыртта күнделікті қауырт тіршілік, қозғалыс, өзгеріс. Қыз бәріне пана болып, бәріне жүрегінен орын табуға тырысып келеді. Қайран, жүйрік ойлар-ай. Тура қырдың қызыл түлкісін қуған құмай тазы! Еш іркіліссіз самғайды. Бұдан тұт ішіндегі торғайлардың ұяларындағы жұмыртқалардан шыққан балапандардай қаншама арман-ұшқындар туып, жарқ-жүрқ етіп жатады десеңші.

1968 жылдың маусымы. Бір жігерсіз ойларды жігерлі ойлар жетелеп, қыз емтиханға кірді. Қиялдар әлдебір жерге тұрақтанып, санадан алыстап, жауапкершілік пен міндетке орын беріп, ұя басып қалып қалды. Манағы асыл армандардың бәрі әлденеден үрікті ме ажарына үймелеген қызғылтым өрнектер енді қыздың екі құлағынан орын тепкендей. Екі құлағы ысып, от боп жанды. Тура алдынан асқақ Алатау кезіккендей қарсысындағы оқытушыға таңырқай әрі ептеп үрейлене көз салды. Оның қойған тылсым сұрақтары қыздың тылсым дүниелерін аралап, тұнып тұрған біркелкі ғажайып қалыбын іркіс-тіркіс қылып жіберді. Қыз жымыды. Оқытушы зерлі, ептеп аяушылық сәулесі бар жанарын бұған тосты. «Иә, иә. Біліп тұрсың ғой. Саспа. Саспай айт. Иә, қай жылы туып еді, Тайыр Жароков ағамыз?» деп оқытушы қайта жұмсарып, өзі демеп, өзі айта салды. Қыз қоржынға салынған затты қайта көтеріп салып, оқытушыны өзінше «риза» қылды. Егер Жаратушы мына дүниені жіп-жіңішке етіп, тамағыңнан өткізе сал десе, қыз оған да бар еді. Тап осы сәтте сөйтті де, өткізіп жіберді. Оқытушының ішкі зердесіне, оның нәзік жан-дүниесінің ғажайыптығына, қызға қарсы келмей, жетелей жөнелгеніне абитуранттың көзінен бір тамшы жас шығып та кетті. Ол аудиториядан бұ ғаламда жоқ ертегі-ұшаққа мінгендей бұлт болып қалықтап шықты. Оның жан-дүниесіндегі арман толқындары бір бөгеліске түскендей қайта қопарылып көтеріліп, жүрек тамырларын уытымен араласын кеп! Ғажап! Алматының мына ағаштары жұмақтағы талдардай бар әлемін әспеттеп, көріктендіріп жіберді...

Қыз сұлулық тұлпарына отырған күйі, үш емтиханнан кейін төртінші емтиханға баяғыдай нәзік, әлжуаз адамдай емес, оң-солын білетін, төбеден күлдилайтын қырағы құстай болып кірді. Әдемі тотыға күйіп піскен күлшетай қыз бұл арман-самолетті де әдемі игеріп шықты. Даланың

әдемі тіршілік шуы үйлесімді нота іздеп мұның құлағына сіңе бастады. Әлдебір нәзік қолдар мұның құлағының түбінен Алматының әдемі әуені– «Махаббат вальсін» жібектей жұмсақ қып тосты. Ал, шарықта! Мұның жандүниесімен көше ырғағының сәтті үйлесуі неткен ғажап. Қыз оқу орнының есік алдына ән айтып, уылжып, шырын боп пісіп, төгіліп шықты...

Тіршілік жолы бірде сықырлаған арба, бірде су жаңа автокөлік. Апайтөс ауыр кедергілер жолынды бөгейді. Жеңіл жол іздейсің. Жас кездегі Арманқұс Мақсат болып іріленіпті. Енді тек саз қанатында қалықтамай өмірдің ауыр қиялы, қалтарысты жолдарынан өтуі тиіс. Қыз Еңбек деген еңселі күштің ноктасын қолына мықтап ұстап, жолды онымен бірге іздеді. Бұл баяғыдай емес, зерлеп, зейін салып ақылмен қараса, оншақты «Махаббат вальсіне» татитын сияқты. Ауыр. Ауыр да болса асқарлы, ақиқаттылығы мол бағыт.

Бастапқы бала төмпешіктер еңселі қырларға ауысты. Бала армандар бағымын таба білсең ірі асуларды ұсынайын деп тұр. Түп-тұнық тыныш жатқан көлден толқынды теңізге ауыспағы қажет-ақ. Өсті, есейді. Енді ірілі-ұсақты ор, қияларды тәуекелеге салып өтпес болса, оның аржағында сені ұмтылдырыар ештеңе де қалмас сірә.

...Ұмтылған таппай ма? Адамға қарлы-боранды дүниелер де тән. Жеңілу жеңіл. Жеңу қыйын. Қыздың тамырларындағы алапат ұмтылыс толқындары жанға желеу, сүйеніш іздетіп жүріп, тек биікке ұмтылдыра берді.

Адамда бар бір асыл, «жетсем!» – деген,
Биіктерден ұмтылып өтсем деген.
Сол биіктен жасампаз жеміс жыйнап
Халқыма тауыспастай төксем деген.

Осындай еді біздің, Клара-қыз
Ол біздің көз тігетін мұнарамыз.
Арманды алыс сілтеген өзін едің
Бізде оны қуалап, тура ағамыз.

Бейнең бүгін ажарлы, жарасады,
Соқпағың талайға әлі жол ашады.
Бойыңда еңбек сынды бір сыйқыр бар
Көтерер, биіктетер аласаны.

Ілестің көш-тарихқа, ізің өшпес
Арманшыл асықтығың текке кетпес.

Күнделікті ашып бір қарайыншы–
«Өмірдің» сабағынан кілең тек «бес!»

Елдің еңсесін көтеретін–адам. Осы тіректе сенің де қажыр-қайратың бары рас. О баста дара қыз болуға тырсқан Қара қыз сенің де ел тарихындағы жолың сайрап жатыр. Бір кездегі махаббатың–бала ҚазГУ, бүгін дана, ата ҚазГУ. Ғылым қорындағы жүгің мол. Ел ақылы мен ары саналатын оқу орнына жауапкершілігің мен ар-намысыңды сыйға тарттың.

Соңғы, төртінші емтиханды тапсырып, гүлдей жайнап, далаға шыққанда құлағыңа жеткен «Махаббат вальсі» бойыңда әлі күмбірлейді. Сұлулық пен жарастық бір-бірін құшып, аптығысып жатқан сол сәтті сен ешқашан естен шығармайсың.

Келші, Дара қыз, сол күнгі вальске билейік!

АЙНАЛАЙЫН КЛАРА!

Көпен ӘМІРБЕК,
Сықақшы, журналист

Айналайын Клара,
Тағдыр жолын сұрама.
Шыркөбелек дүние
Шырай беріп тұра ма?

Айналайын Клара,
Өмір деген-драма.
Спектакль жасады
Асқанбайдай бір Аға.

Айналайын Клара,
Құрбыларың жырада.
Басты рольде ойнадың,
Дедік сені «Тұмар,ә!»

Сөзге мойын бұрарсың,
Құштарлыққа құмарсың.
Қай рольде жүрсен де,
Сен біз үшін Тұмарсың.

Айналайын Клара,
Алла берер сыбаға.
Кем болмайсың
Кең болсаң,
Сырғақ істі сынама.

Айналайын Клара,
Кірпіш қалап күнара,
Өзінді өзің өрнектеп,
Соқтың биік мұнара.

Айналайын Клара,
Болдың бүгін ғұлама.
Биіктесің,
Биікте,
Сол биктен құлама!

2-БӨЛІМ

**Журналист-ғалым, жазушы, профессор
Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған
«ЦИФРЛЫҚ МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА:
БІЛІМ БЕРУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

VIEWING MODERNITY THROUGH THE PRISM OF EMPIRE: THE QAZAQ KHAN JANGIR AND RUSSIA

By Gulnar Kendirbai
Columbia University (USA)

Jadid reformism, like movements elsewhere in the Muslim modernizing world, unfolded against the backdrop of Russia's industrial revolution in the last decades of the nineteenth century. This trend echoed the dynamics of social processes that had been evolving in the Western world. Influenced by these dynamics, progressive Russian Muslims came to associate the new cultural paradigm with Russian and Western technical achievements and a secular nature of knowledge. Although it instilled a sense of cultural inferiority in the minds of these Muslim elites, the new paradigm also provided them with the tools to catch up with the technically advanced world. Accordingly, the elites came to frame modernity as a linear process that entailed accumulation of secular technical knowledge and to perceive Russia's mediating role in transmitting that knowledge as an indispensable part of that process. According to Adeeb Khalid, the adoption of the new paradigm of knowledge resulted in reshaping Islam along secularized lines, which implied locating it in a desacralized world defined by progress through history.¹

The research of Tatar historian Aidar Khabutdinov provides a new

¹ Khalid, Adeeb: Representations of Russia in Central Asian Jadid Discourse, in: Lazzarini, E./ Brower, D.: Russia's Orient. Imperial Borderlands and Peoples, 1700-1917, Bloomington/ Indianapolis: Indiana Univ. Press., 1997, pp. 198-199; see also: Idem: The Politics of Muslim Cultural Reform. Jadidism in Central Asia, Berkeley: Univ. of California Press, 1998

perspective for evaluating the imperial impact on the formation of Jadidism. Khabutdinov has argued that the Tatars' affiliation with the imperial institution of Islam contributed to the formation of a distinct Tatar nation. Many members of the Tatar religious and secular elites viewed their active participation in promoting the Russian government's policies as a chance to bring their reformist ideas into fruition. They came to view the Orenburg Spiritual Administration established by Catherine II in 1788 as providing them with one such opportunity. The elites believed that they could use the discursive social space created by the Administration's operation to express their ideas publicly. Khabutdinov has likened the role of the Orenburg Administration to the Ottoman millets, in that the Administration's operation contributed to uniting the Tatars into a religious community, which, in turn, in the second half of the eighteenth century facilitated their consolidation into a Tatar nation. Thanks to the policies the Russian government upheld until the 1860s-1870s, the Tatar population preserved their separate legal, social and cultural status, as well as maintained their autonomous educational system.¹ Khabutdinov's perspective highlights the crucial contribution of imperial policies to the development of a Tatar reformist discourse, which in turn enabled the rise of a Tatar nation.

According to Khabutdinov, the impact of imperial Islam led to the rise of Tatar commercial, religious and bourgeois elites, the spread of Muslim educational networks, and the formation of Tatar theological, philosophical, poetic and historical languages, which was followed by the emergence of the sense of a Tatar ethnic identity.² This development subsequently led to the rise of the Tatar reformist thinking embodied in the figures of Gabdennasyr Kursavi (1794-1808) and Shagabuddin Marjani (1818-89), and their successor, Ismailbek Gaspirinsky. The institutionalized public space generated by the operation of the Orenburg Spiritual Administration empowered Kursavi and Marjani to openly express their critical stance toward the dogmatic views and practices of Islam adopted by the Central Asian and Orenburg Muslim establishments alike. Both prominent precursors of Tatar Jadidism, Kursavi and Marjani, graduated from Central Asian madrasas in Bukhara and Samarkand, which prompted them to oppose the scholastic and conservative teaching at those madrasas and advocate freedom of religious thought and criticism. Of the two, Marjani was especially

1 Khabutdinov, A. Iu.: Lidery natsii, Kazan': Tatarsk. kn. izd-vo, 2003, p. 18

2 Khabutdinov, A. Iu.: Ot obshchiny k natsii: Tatory na puti ot srednevekov'ia k Novomu vremeni (konets XVIII – nachalo XX vv.), Kazan': Tatarskoe kn. izdatel'stvo, 2008, p. 32. See also idem: Millet Orenburgskogo Dukhovnogo Sobraniia v kontse XVIII –XIX vekakh, Kazan': «Iman», 2000, pp. 154-157

known for emphasizing the importance of a secular education and the knowledge of Russian that, he believed, would bring his Tatar compatriots closer to the advanced Russian and European cultures.

The Tatar reformist discourse adopted the official rhetoric of Catherine II's government with respect to the Qazaq nomadic lifestyle, which the government viewed as the main obstacle to the Qazaqs' successful integration with the Russian Empire and the rest of the civilized world. The government came therefore to consider the form of Islam observed by the loyal Tatar clergy as an important way of getting the Qazaqs accustomed to a sedentary way of life. Due to the similarity of their language and their commercial success, the government entrusted the Tatars with implementing civilizing endeavors, such as the development of trade and agriculture in the steppe that were also aimed at bringing the Qazaq nomads into a settled way of life.

Subsequently, Tatar merchants emerged as the main contributors to boosting trade operations in the Bokei Khanate and elsewhere in the Qazaq Steppe in the last decades of the eighteenth century and throughout the nineteenth century.

It was against this background that the last khan of the Bokei Horde, Jangir, embarked on reproducing official Islamic institutional structures and promoting policies of the Orenburg Muslim Administration. As we shall see, his activities reflected the government's civilizing discourse conveyed by the Tatars that regarded Qazaq nomadism as backward. His enthusiasm for promoting imperial Islam is all the more striking given that in the 1820s and the 1830s, the government's stance toward Catherine II's policies on Islam began to change. Islam came to be viewed as promoting a religion that was by nature hostile to Christianity and the Russian statehood. Subsequently, unlike the rest of the Qazaq steppe populations, the population of the Bokei Khanate was not placed under the supervision of the Orenburg Spiritual Administration.

The changing attitude toward the official institution of Islam, however, had little effect on reproducing the institution's role under both khans of the Bokei Khanate, Bokei (who died in 1815) and his son and heir Jangir (1804-1845), who also preserved the privileged status of the Tatar clergy. As Allen Frank points out, «...nowhere on the Kazakh [Qazaq] Steppe was the profile of Tatar religious figures higher than in the Inner Horde.»¹ Up until recently, researchers have highlighted the khans' contribution to enhancing the traditional mediating role of imperial Islam by bringing their compatriots into the fabric of

¹ Frank, Allen: Muslim Religious Institutions in Imperial Russia. The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910, p. 281

the Russian Empire. If under Bokei the clergy continued to serve as the khan's personal clerks, under Jangir they grew into a class of wealthy landowners and tax farmers, whom Jangir, along with other bureaucrats, personally appointed to supervise the khanate's administration.

My paper seeks to discuss alternative aspects of Jangir's Islamic policies that up until recently have been largely overlooked by historians. On closer consideration, those aspects reveal a link between Jangir's policy of promoting government-sponsored Islam and his support for the contemporary civilizing message of modernity, which viewed the Qazaq nomadic lifestyle as backward. My paper argues that Jangir's policies should be linked to the impact of the message that stressed acquiring European/Russian education as an indispensable requirement for catching up with the rest of the advanced civilized world.

The Establishment of the Bokei Horde

In 1801, in the wake of an escalating political rivalry Sultan Bokei, grandson of Abulkhar, khan of the Qazaq Junior Horde, sent a letter to the Astrakhan Governor-General K. F. Knorring, in which he expressed his old desire to become a subject (*poddannyi*) and a son of the wise Russian emperor, by placing himself and his people under the emperor's rule. Notably, Bokei viewed subjugation to the emperor as a necessary condition for gaining permission to emigrate with his population to the former Kalmyk lands:

I would be filled with joy, if you, my dear master (*gosudar'*) would take upon yourself the task of asking, on my behalf, the benevolent emperor about placing me and my subject population under his rule (*poddanstvo*) and allow us to wander freely in the steppes between the Ural and the Volga»¹.

In his letter, Bokei also asked that the emperor provide him with a Cossack detachment and place the administration of his population under the head of the Astrakhan Cossack Army, P.

S. Popov, whom he described as a reasonable, decent, and good-hearted man. Bokei pointed out that the idea to emigrate to the former Kalmyk lands had originated with Popov, and expressed his belief that Popov would always provide him with support.

Bokei was open to Popov's idea for a number of reasons. Apart from the Horde's unstable internal political situation, its population continued to suffer from raids by the neighboring Kalmyk, Turkmen and Cossacks populations, and

¹ Zhanaev, B. T. et al (eds.): *Istoriia Bukeevskogo khanstva. 1801-1852 gg.. Sbornik dokumentov i materialov*, Almaty: «Daik»-Press, 2002, pp. 28-29

the periodic natural disasters that befell the Bokei Qazaqs during the winters of 1795-96 and 1800-01. The deteriorated condition of the Horde's population finally forced some their groups to follow Bokei to their new habitat.¹ Their rivals, including the followers of Khan Jantore and Bokei's rebellious brother Qaratai refused to leave and threatened to kill Bokei and his brother Shigai, because they saw the emigration option as contingent on becoming the tsar's subjects. In 1808, Volkonsky sent a team of 25 Ural'sk Cossacks to protect Bokei's followers from the rivals who continued to raid them after their emigration.²

Tsar Paul I responded that he had accepted Bokei and his subjects «with pleasure» (*prinimau k sebe okhotno*), ordered that Bokei be awarded a golden medal with his picture engraved on it, and promoted Popov to the rank of major-general for his outstanding service. Paul I did not specify the boundaries of the new Qazaq habitat, and allowed Bokei and his people «to wander anywhere they wished.»³ Popov sent thirty Cossacks to assist Bokei and his subjects with their move.⁴ On his part, Knorring suggested that he would send a Cossack team to assist Bokei with finding suitable pasture lands.⁵ In 1808, Volkonsky commissioned Ataman General Major D. M. Borodin to construct a bridge so that Bokei's people and their livestock could cross the Ural, for which Bokei thanked the ataman.⁶

Russian authorities placed the Horde's domestic affairs under the centralized authority of its khans.⁷ Like the Qazaqs of the Junior and Middle Hordes, the Bokei Qazaqs were spared participation in Russian military campaigns, and were not required to pay any monetary tribute to Russia. Voluntarily acknowledging their vassal status with respect to Russia and expressing their loyalty to the Russian throne seemed to have been their only responsibilities as subjects of the tsar.⁸ By placing a permanent Russian military detachment of 200 soldiers at the khans' disposal and creating a Khan's Council in 1827 that included the most influential tribal elders of the Horde, the Russian government contributed further to centralizing the khans' power. Bokei and his successors, his brother Shigai and his son Jangir, concentrated their economic, legislative, judicial, and administrative powers distributing pasturelands among their elites, collecting

1 Ibid., pp. 10-16

2 Ibid., pp. 929-930, 941

3 Ibid., p. 30

4 Ibid., p. 918

5 Ibid., p. 916

6 Ibid., pp. 136-137

7 Ibid., p. 932

8 Zimanov, S. Z.: Rossiia i Bukeevskoe khanstvo, pp. 41, 98

fees on a regular basis and introducing rules regulating their populations' commercial and confessional activities. In light of this concentration of power, Qazaq historian Salyq Zimanov believed that the political system of the Bokei Horde functioned as a monarchy, which only nominally depended on its patron, the Russian state.¹ The Bokei Khanate was abolished, following the death of Jangir in 1845.

Islam in the Bokei Khanate

Jangir's ability to invest in promoting his independent Islam policies was largely due to the independent status of the Bokei khans. Along with regulating their population's confessional life and trade operations, the Bokei khans collected taxes for themselves and distributed pasturelands amongst their loyal elites. Contemporary Russian sources pointed out that Bokei had been the first Qazaq khan to introduce the Islamic tax *ziaket* in the Horde.²

Jangir's Islam policies fostered the further consolidation of power in his hands. In the absence of the supervising eye of the Orenburg Spiritual Administration, Jangir took over its most important functions, including the appointment of mullahs and giving permissions for the construction of mosques. Each large kinship group of the Khanate's population was assigned a mullah. One contemporary account reported 139 mullahs, each of whom was in charge of 170 Qazaq tents,³ while another report mentioned 70 nomadic tents under the supervision of a mullah.⁴ Jangir promoted the training of Qazaq young men at the higher institutions of Islamic learning in Ufa, Kazan, Orenburg and Astrakhan as well as in Central Asia, which led to the gradual replacement of Tatar mullahs by their Qazaq successors. It is interesting to note that Russian visitors to the Horde described Qazaq mullahs as friendly and not fanatical. Some of them spoke Russian, while others expressed their desire to learn Russian. As a rule, all of them included prayers for the well-being of the tsar and the royal family in their official prayers.⁵

Among other things, Jangir's exposure to official Islam should be credited to his second marriage to Fatima, the daughter of the first head of the Orenburg

1 Ibid., p. 91

2 Zimanov, S. Z. Rossiia i Bukeevskoe khanstvo, p. 41 and Chapter 3.

3 Tereshchenko, A.: Sledy Desht-i-Kipchaka i Vnutrenniaia kirgiz-kaisatskaia Orda, in: Kulkenov, Mereke (ed.): Bukeevskoi Orde 200 let, Almaty: Olke, 2001, kn. 4, p. 175; Zhanaev, B. T. et al (eds.): Istoriia Bukeevskogo khanstva. 1801-1852gg., p. 861

4 Troitskii, N.: Vzgljad na Vnutrenniuiu Kirgizskuiu Ordu, in: Kulkenov, Mereke (ed.): Bukeevskoi Orde 200 let, kn. 3, p. 76

5 Voskresenskii, A.: Shkol'nyi al'bom Bukeevskoi Ordy, in: Kulkenov, Mereke (ed.): Bukeevskoi Orde 200 let, kn. 3, p. 180

Spiritual Administration, Mufti Mukhametzhan Khusainov. Jangir presented himself as a devoted Muslim by participating in public prayers in a mosque, which was built in his residence based on a European design sketched by Jangir himself. In that mosque, in the absence of the *akhun*, Jangir led prayers by himself.¹ Moreover, he decorated his house with the pictures of the tsar, himself, and his son and heir Sahib-Girei. Clearly at odds with established Muslim practices, Jangir's behavior reflected the contemporary challenges of modernity. Under the impact of those challenges, Jangir developed a peculiar idea of Islam, with which he came to affiliate himself. He embraced imperial Islam as a tool of overcoming Asianism (*aziatizm*), which in compliance with the spirit of the time was associated with Qazaq economic, social, and cultural backwardness. Jangir's promotion of official Islam therefore neatly complied with his other enlightening initiatives. Along with bringing his native folk to a sedentary way of life, his activities featured the development of Qazaq commercial activities and the reform of Qazaq Muslim education.

Within the framework of modernity, Jangir initiated a number of other pioneering projects, including the introduction of Western-style medicine, forestry, and progressive methods of animal breeding to his population. In 1825, he sent a letter to the Orenburg military governor

P. K. Essen, in which he described his plans for opening a hospital and a drugstore, as well as educating Qazaq individuals about vaccinating themselves against measles and, to that end, inviting a Russian expert from St. Petersburg.² Jangir also showed his interest in promoting Oriental studies, by financing the publication of Muslim religious books and exchanging letters on the issue with the noted Russian orientalist, Kazan University Professor Kazimbek. On one occasion, Jangir sponsored the publication of 2,000 copies of a unique Muslim manuscript. He also bought 60 manuscripts in Arabic, Persian and Chagatai for Kazan University, after which, in 1844, he was elected the university's honorary member. Jangir initiated the opening of the first museum of Qazaq items of ethnographic interest in his home as well.

Jangir's devotion to Islam was not in conflict with his tolerance for other faiths. Although the khan encouraged the building of a Russian church for the Russians in the Khanskaia Stavka, he refrained from donating his personal funds. As he himself explained, he had not wished to jeopardize his authority with his followers who could react negatively to his donation.³

1 Zhanaev, B. T. et al (eds.): *Istoriia Bukeevskogo khanstva. 1801-1852 gg.*, p. 844

2 *Ibid.*, p. 256

3 *Ibid.*, pp. 408, 418, 857

Biographical Data

А.Жанаев Қазақ радиосына қабылданбас бұрын меншікті тілші қызметін атқарғанын жоғарыда атап өткенбіз. 1960 жылы облыстық радиоға редактор болып тағайындалған соң, 1964 жылы оны Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Аталмыш мектепте радио және телевидение бөлімінің тыңдаушысы болып жүргенде, мемлекеттік практикадан өту үшін Мәскеуге Бүкілодақтық радиоға жіберіледі. Ресейдің жүрегі Мәскеуде Бас радионың қазанында қайнап, шеберлігін шыңдайды. Бір ай тәжірибе жинақтаған А.Жанаев атақты диктор Юрий Левитаннан сабақ алады. Тағы да жуналист жазбасына жүгінсек, «12 қабаттан тұратын ең озық заманауи жаңа техникалармен жарақтандырылған бұл еңселі ғимарат радиобағдарларын таратудың алып индустриясы іспетті еді. Мұндағы қым-қуыт тіршілік тәулік бойы бір толас таппайтын. Осыған орай радиожурналистердің, әсіресе соңғы хабарлар редакциясы қызметкерлерінің үш ауысыммен жұмыс істейтінін көріп қайран қалғанбыз.

Сол сапарда біз бұл кісілерден өзге тікелей эфирдің хас шеберлері атанған жазушы Ираклий Андронников, Константин Ретинский, Юрий Арди, Михаил Трегубов сынды атақ-даңқы жер жарған қаламгерлермен жүздесіп, әсерлі әңгімелерін тыңдау бақытына ие болдық. Мұның бәрі сай-

ып келгенде біздің радиожурналистикаға деген сүйіспеншілігіміз бен ынта-ықыласымызды бұрынғыдан да арттыра түсті. Әлгіндей корифейлердің үлгі-өнегесі, ғибратты сөздері біздің бүкіл ғұмырымызға түгесілмес азық болғанын да айрықша атап өткеніміз ләзім болар» [1].

Радио жұмыс жасай бастаған алғашқы кездері кадр тапшылығы мен хабарлардың мазмұн жағынан жұтандығын жоғарыда тілге тиек еткенбіз. Осы орайда А.Жанаев алғашқы радиожурналист ретінде осында қиындықтың бәрін басынан өткізіп, кәсіби тұрғыдан шыңдалу мектебінен өткендігін байқауға болатын. Арнайы ұйымдастырылған курстарда оқып-ақ радиохабар жасау технологиясын игерген А.Жанаев журналистік шығармашылығында бірнеше әдеби-музыкалық хабарлар дайындаған. Алғашында радиохабар дайындауда мерзімді басылым материалдарын пайдаланылғанын білеміз. «Ауызша газет» атануының сыры да осында жатса керек. Бұл туралы профессор Н.Омашев: «радионың бастапқы кезеңдегі көп қырлы жұмысын талдай келіп, мына бір факторды ескерген маңызды: микрофон алдында кәдімгі баспас газеті оқылғанымен, ол эфирде жаңа сапаларға ие болады.

Ол радиожурналистиканың негізгі бейнелеу элементтері: жанды, үнді сөздің көмегімен жандана түседі. Аудиториямен әңгіменің ауызша формасы газет мәтініне өз талаптарын қоя бастады. Қағазға түсірілген мәтіннің барлығы эфирден жақсы оқыла бермейтіні, қиын иірімдері бар ұзақ сөйлемді түсіну ғана емес, дауыстап оқудың өзі қиын екені, радиохабарында цифрлар мен сілтемелер баспасөзге қарағанда мүлдем өзгеше қабылданатынын, түрлі дауыс ырғағымен айтылған бір сөздің әсері әр түрлі болатындығын хабар дайындайтын журналистер барған сайын айқын тани бастады. Фонетиканың, синтаксистің, орфоэпияның қарапайым ережелері радиода маңызды, мәнді факторларға, радиохабарының міндетті заңдарына айналды», – деп жазады [2, 67].

Журналист Ахат Жанаевтың Юрий Борисович Левитаннан дәріс алуы біз өте қызықты оқиға. Бұл туралы журналист: «Бала күнімізде алдынан дәріс алмақ һәм табақтас болмақ түгілі бір көрудің өзі арман болып жүрген біртуар тұлғамен таныстығымыз да осы жерден бастау алған-ды. Бұл кісі бізге қашан практикамыз аяқталғанша 1 ай бойы дикторлық шеберліктің қыр-сыры жайлы әсерлі лекицялар оқып, өзімізге беймәлім көп жайларға қанықтырғандай болды. Түскі асты да бірге ішіп жүрдік. Сондағы бір байқағанымыз – Юрий Борисовичтің бүйрегі қазақ жігіттеріне кәдімгідей-ақ бұрып тұратын. Мұның себебі де бар екен. Кешегі соғыс жылдарында ол кісінің ет жақын тумалары Қазақстанға жер аударылып, қандастарымыздың қонақжайлығы мен қайырымдылығы арқасында аман қалғанға ұқсайды.

Мұның үстіне өзі микрофон алдында талай рет терең толғаныспен оқыған Илья Эренбургтің «Қазақтар» атты туындысы арқылы да халқымыздың қадір-қасиетімен, бекзаттық болмысын өте жақсы біледі екен» – деп жазады «Жеңісті жақындатқандар» очеркінде.

Юрий Борисовичтың кеңесі бойынша біз осы сапарымызда уақыт тауып, орталық мемлекеттік мұражайдың №8584 қорында сақтаулы тұрған көптеген жәдігерлермен танысып шықтық. Мұнда Совинформбюро арқылы берілген бірқатар материалдардың түпнұсқасы, сондай-ақ, әскери тілшілер мен қаламгерлеріміздің шетелдіктермен жүргізген келіссөздері, хаттары, фотосуреттері, қолжазбалары, ұнтаспалары сақталған екен. Бұларды көргененізде толқымай, тебіренбей тұра алмайсыз. Айтары жоқ, мұнда құнды жәдігерлер аз емес. Тек 1941-1945 жылдар аралығында ғана әуе толқыны арқылы Совинформбюроның 2 млн-нан астам радио нүктелерінің үнсіз қалғандығын да осы мұражай құжаттарынан оқып, білдік [1].

Қазақ радиосының қалыптасуы мен даму жолдары тәуелсіздік алған жылдарға дейін Бүкілодақтық радиомен қатар келеді. Радиодағы хабарлар легінің берілу ретінің өзі мазмұн, тақырып, жанр жағынан үйлесуі маңызды. Оған қоса тыңдармандардың тыңдау уақытын да ескеру абзал. Бұл орайда радио ақпарат құралдарының ішіндегі ең тиімдісі десек те артық айтқандық емес. Қазіргі кезде оны арнайы қабылдағыштардан емес, кез келген ұялы байланыс, автокөлік, ғаламтор желісінен де тыңдауға болады.

Радио тарихында оны тыңдау үшін халық көп жиналатын орындарда дыбыс күшейтікіш, кейін радиоқабылдағыштар орналастыру, абоненттер арқылы тарату жүзеге асса, алғашқы кезде мұның бәрі өте қарапайым сипатта орын алды. Бұл туралы ресейлік ғалым А.А. Шерелдің басқаруымен дайындалған «Радиожурналистика» атты оқу құралында: «Алғашқы жылдары радио жаңалықтары күніне төрт рет: таңертеңгі уақытта – газеттен жедел ақпараттар оқылса, түскі уақытта – бүгінгі күнгі жаңалықтар, кешке «Жұмысшы радиогазеттегі» таңдаулы хабарламалар, түнде – кешегі газеттердегі қызықты деректер мен күнделікті хроника берілетін. Жексенбі күндері апталық саяси шолулар эфирге дайындалады» [3, 39] – деген деректерді кездестіреміз.

А. Жанаевтың радиожурналистикадағы қолтаңбасының қалыптасуында ерекше оқиғаларды бірнеше мақалаларында керемет сезіммен жеткізеді. Ресейдің есімі елге белгілі танымал дикторлардан дәріс тыңдаған журналистің ойы жүйрік, қаламы ұшқыр болуының сыры осында жатса керек. Кез келген қаламгердің шығармашылық жолында ең алдымен таланттың, сосын еңбектің орны айтпаса да түсінікті. Бұл орайда

публицист А. Жанаев радиода қызмет жасап жүрген кезінде ақпараттар бөлімінде жұмыс жасаған. Ақпарат бөлімі қай редакцияда болмасын жуналисті жеделдікке, шапшаңдыққа үйрететін шеберхана. Күнделікті редакция коржынына келіп түскен жаңалықтарды тақырыптық, проблемалық жағынан топтастырып, мәтін дайындау, оған қоса оны өз дәрежесінде тыңдарманына жеткізу – журналистен тынбай еңбектеніп, талмай ізденуді қажет етеді.

Радионың табиғатында дауысқа көп мән беріледі. Саз бен дауыстың үйлесімділігі тыңдарманды еркісіз өзіне баурайды. Ал мұндай деңгейге жету үшін радиожурналистің алдымен сөйлеу мәдениеті қалыптасуы керек. Қазақ радиосының Алтын қорында алтын дауысты дикторлар аз емес. Әнуарбек Байжанбаев, Ермек Серкебаев, Сауық Жақанова сынды талант иелерінің сөйлеу мәнері құлағы түрік тыңдарманның жадында әлі күнге сақтаулы. Оған қоса бүгінде халқымыздың мақтанышына айналған ардақты жандар: Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Қасым Аманжолов, Ахмет Жұбановтар қазақ радиосының бір кездегі қызметкерлері.

А.Жанаев Қазақстанның ардагер журналисі ретінде Қазақ радосында қызмет жасаған жылдарын өмірінің жарқын күндері деп біледі. Сонымен бірге радио тарихындағы кейбір деректерді жергілікті «Ел тілегі», «Сыр бойы» газеттеріне жариялап, көпшілікке беймәлім деректерді ұсынады. Бұл туралы келесі тақырыпта сөз ететіндіктен, оған көп тоқталмаймыз.

Журналист А.Жанаевпен радиодағы жуналисті қызметі жайлы сұқбат-тасқанымызда, ол кісі көбінесе жаңалықтар қызметінде, кейіннен әдеби-музыкалық хабарлар жүргізгенін айтты. Өкінішке орай, Қазақ радиосының мұрағатында болып, А.Жанаев жүргізген хабарлармен танысу мүмкіндігіне қол жеткізе алмадық. Дегенмен бірнеше рет жүздесу арқылы А.Жанаевтың бірнеше өнер жұлдыздарымен арнайы хабарлар жүргізген.

Радиожурналист А.Жанаевтың есімі Қорқыт күйлеріне қатысты жиі еске тілге тиек етіледі. Олай дейтініміз, 1975 жылы қарт қобызшы Смайыл Шәнеұлынан (соқыр Нышан) жазып алған Қорқыт атаның 12 күйі бүгінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында сақтаулы [4, 219]. Қорқыт мұрасын зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне негіз боларлықтай бұл еңбегі ұлт руханиятына қосылған сүбелі үлес екені даусыз.

А. Жанаевтың түркі дүниесіне ортақ есім Қорқыт күйлерін қылышынан қаны тамып тұрған кеңестік кезеңде жазып алып, Алтын қорға қосуы үлкен ерлікпен пара-пара іс деуге болады. Журналистің қазақ халқының тарихына қосқан бұл еңбегін ескерусіз қалдырған жоқ. Сыр елінде дәстүрлі өтетін «Қорқыт және дала сазы» фестивалінде жиналған қорқыттанушы ғалымдар

жоғарыдағы 12 күйді орындап, бүгінгі ұрпақтар санасына қобыздың керемет үнін сіңіріп келеді.

Радио – өнердің жанашыры. Қазіргі күнге дейін ұлттық өнердің кеңінен насихатталуына үлес қосып келе жатқан Қазақ радиосында қаншама таланттардың тұсауы кесіліп, танылмай жүрген есімдер танылды. Радионың қалыптасу тарихында музыкалық хабарлардың алғашқы жылдары сын көтермегені рас. Бұл туралы профессор Н.Омашев: «Қазақ радиокomiteетінің музыкалық хабарларына шолу» және «Қазақ радиокomiteетінде» деген мақалаларында журнал Қазақ радиокomiteеті музыкалық хабарларының жай-күйі нашар екенін жазды. Қазақстанда музыкалық хабарларды жақсарту жөнінде практикалық шараларды жүзеге асыру қажет еді. Уақыт өтіп жатты... Республикадағы көркем хабарлар неғұрлым нысаналы бола түсті. Музыкалық хабарлардың әр түрі бойынша редакцияның бірнеше бөлімдері ашылды. Студияларда қазақ және орыс тілдерінде музыкалық және драмалық спектакльдер көрсету практикаға енді. Радиопьесалар, әр түрлі тақырыптағы концерттер берілді. Композиторлар туралы лекциялар оқылды. Радиодан әндер үйретіле бастады. Радиотыңдаушылардың тапсырмалары жиі-жиі орындалып отырды» [5, 115].

А.Жанаевтың журналистік қызметінің алғашқы кезеңінде жаңалықтар қызметінде, одан кейінгі жылдары әдеби-сазды хабарларды жүргізген. Радионың өзіндік ерекшелігі- материал жинау, оны өңдеу, дайын хабарды тыңдаушының қабылдау әдістемесі мәселелерін қамтиды. Өмір шындығын бейнелеудің әр түрлі қырларын және әр түрлі бейнелегіш құралдарын пайдалану жанр элементтерін жасайды, олардан жанрдың формасы қалыптасады. Бұған қоса объектінің сипаты, тану тәсілі, фактіге баға беру, жинақтау деңгейі, хабарды беру формасы (композициялық, стильдік ерекшеліктері) сияқты жалпы журналистика өлшемдерін негізге ала отырып жұмыс жасау қажет.

Журналист А. Жанаевтың естелігінде: «Санап отырсам, облыстық хәм қазақ радиосында 34 жылға жуық қызмет атқарып, микрофонмен мыңдаған шақырымдай жол жүрген екенмін. Ертеректе өмір сүрген бір ойшыл: «Кісіні қартайтпайтын 3 нәрсе бар: жайма шуақ жайдары мінезі, игілікті ісі және өзін әрқашан да іздеп отырар сүйікті ізбасарлары», – деп өсиет қалдырған екен», – дей келіп, өзіне дейінгі және кейінгі жуналистердің шығармашылығына тілектестігі мен ризашылығын білдіреді.

Әрбір журналистің бүйрегі бұрып, жүрегі қалап тұратын тақырыбы болады. Белгілі бір салада маманданған қаламгердің қолтаңбасы жылдар бойы, тәжірибенің арқасында ғана қалыптасады.

А.Жанаев журналистиканың ақпараттық қызметінде өзіндік «менін» көрсете білді. Кеңестік кезеңнің 60-70 жылдары әдебиет пен өнердің жемісті жылдарына жатады. Радиодағы ақпараттық жанрдың шебері атанған Ахат Жанаев шын мәнісінде қысқа әрі нұсқа хабарлама жасауда дәлдікке, деректілікке сүйенеді.

Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі жылдар, тың игеру науқаны, бесжылдықтар белесі, еңбеккерлер бейнесі басты назарда болды. Осы тұста журналистикаға келген Ахат Жанаевтың еңбегімен елге танылған еңбек адамы жайлы радиоочерктері тыңдарманның қызығып тыңдайтын хабарларына айналды. Әсіресе егін алқабынан жазылған жанды дауыстар радиохабардың шынайылығын аңғартады.

Жетпісінші жылдары журналист ел ішіндегі тың мәліметтер мен деректер жинауға арналды. Ел аузынан жазып алынған тарихи деректер жайлы түсірілген хабарларының басым көпшілігі – тұлғаларға арналды. А.Жанаевтың «Ұлы тұлғалар» айдарымен берілген хабарларында осындай еңбегімен елге танылған жандар, әдебиет пен мәдениет қайраткерлері олардың шығармашылығы мен тағдыры жайлы көпшілік ести қоймаған тың мәліметтер берілуімен қызықты болды.

Қорқыт атаның 12 күйінен бастау алған шығармашылық ізденісте Жорықбай Табынбайұлы, Далдабай Жалтынов, Сейітнәби Мұқашов, Әлиулла Байсопақов сынды ел ішінде тапқыр сөздерімен танылған тұлғалардың ұтымды айтылған қағытпаларын жинады. Бұдан бөлек Сыр топырағынан шыққан Бұқарбай батырдың, Беркінбай әулие жайлы аңыз бен ақиқатты таразыға салған журналист көпке беймәлім көп сырды жария етті. Кезінде бұл тұлғалар жайлы радиоочерктер дайындалып, елді құлақтандырды. Әрине ол кезде аталған азаматтардың ұлт тарихындағы кейбір қайраткерліктерін ашып айта алмаса да, жұртшылыққа таныстыруының өзі үлкен шеберлік дер едік.

Сексенінші жылдары Ахат Жанаев радиохабарларында ұлт тәрбиесі, салт-дәстүр мәселесін көбірек қозғады. 1985 жылғы сәуір пленумынан кейінші жариялылық пен қайта құру кезеңдерінде жағдайдың қиындығына қарамастан жоғарыда аталған тұлғалардың өмірдеректері мен рухани мұралары жайлы арнайы хабарлар дайындады. Әсіресе ұмыт бола бастаған дәстүрлерді жаңғыртуға көп көңіл бөлді. «Ешкім де ешқашан ұмытылмайды» деген хабарында журналист А.Жанаев негізінен радиоочерк дайындаған. Ол көбінесе әдебиет пен өнердің көпшілікке таныс емес есімдерін зерттеуді қолға алды. Солардың ішінде журналист Ыбырай Жақаевпен, Смайыл Шәменұлымен, замандастары Жорықбай, Сейітнәбимен жүргізген сұқбаттарын жоғары бағалауға болады.

Журналист әнші Мәдина Ералиевамен жүргізген хабарын ерекше ықыласпен баяндады. Мәдинаның М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжде оқып жүрген кезінде сыңғырлаған дауысын естіп, жұртшылыққа енді таныла бастаған уақытында радиоға арнайы хабар дайындап, тыңдармандарға алғаш рет Қазақ радиосы арқылы әндерінің танымал болғандығын айтты.

Радиожурналистер арасында радиохабарды жазылуымен емес, айтылуымен, естілуімен бағалайтын дәстүр де бар. Осы орайда, кез келген сапалы хабардың шығуына диктор өз сүрлеуін қалдырады. «Диктор дайын тексті бір леппен сырғытып, сыдыртып оқып шығумен шектелуге тиіс емес. Ол ең алдымен әуезді үннің, сиқырлы сезімнің керек десеңіз, сондай сезімтал өнердің адамы», - деп жазады С.Ақтаев [6, 60].

«Радиохабарға барлық дауыс бірдей жарай бермейді. Дауыста қандай да бір ерекше сапа болуға тиіс. Ол былайынша айтқанда кинопенкаға жақсы түсетін адам бейнелері сияқты радиоға да қолайлы болуға керек. Бұның бәрін дауыс алмастыруға міндетті. Ол барынша бейнелегіш қасиетке ие болуға тиіс. Сонда радио тыңдаушы дыбысқа сенеді, оразды сезінеді», - тұжырымдаған профессор Н.Омашев [7, 172]. Диктордың радиодағы қызмет іжайлы басқа да зертеушілер көптеген пікірлер айтқан. Мәселен, «Диктор сөз мәдениетінің, сөйлеу шеберлігінің, шешендік өнердің насихатшысы», «Диктор – эфирлік хабар әзірлеген редактор мен режиссердің: бүкіл шығармашылық ұжымның еңбегін жария ететін, ақырғы жеріне жеткізетін, шешуші тұлға. Радиодиктор – ресми адам. Ол белгілі бір мемлекеттің, елдің, белгілі бір облыс, ауданның ресми үнін білдіреді» [8, 114]. А.Жанаев өз кезегінде журналистің де, диктордың да қызметін қатар атқарған тұлға. Оның жүргізген хабарларының тақырыбы, мазмұны, даусы үйлесім тауып жататын. Табиғатынан сабырлы, салмақты журналистің радиодағы қоңыр даусы құлаққа өте жағымды естілетін, – дейді замандас інісі Б.Бердібаев. Алғашында 4 сағаттан басталған радиохабарлар, бергін келе 6, содан оң 12 сағатқа жеткізілген кезеңде де күндіз-түні тынбай еңбек еткен А.Жанаев елге жағымды жаңалық жеткізуге асыққан.

Қазақ радиосы сирек ұшырасатын үндердің, қайталанбас дауыстардың құт көмбесі іспетті. Мұндағы «Алтын қорда» 100 мыңнан астам жазба, яғни үнтаспа сақталған. Бұлардың эфирлік уақыты 10 мың 259 сағатты құрайды. Қазіргі таңда партитуралардың ұзын-ырғасы 3085 болса, ал клавиірлер 126 қорапта сақтаулы. Соңғы 64 жыл ішінде тарихи-танымдық хабарлар, сирек ұшырасатын, тіптен қайталанбас дауыстар, ән-жырлар, хисса-дастандар, ноталар жинақталған. Қазақ радиосының «Алтын қоры» – ұлт қазынасы мен байлығы. Сол құндылыққа журналист А.Жанаевтың да үлесі бар. Оны жоғарыда Қорқыт күйлеріне байланысты айтып өткенбіз.

Радиохабар дайындаудың технологиясы сондай нәзік талғамды, аса ыждағаттылықты талап етеді. Радиохабарының тағдырына бастан аяқ жауап беретін, тартымды шығуына атсалысатын адамның бірі – хабар редакторы. Радиодағы журналистік қызметтің жемісті жылдарына жататын бұл кезеңде А.Жанаев соңғы хабарлар бөлімінің редакторы қызметін атқарған. Соңғы хабарлардың жүгі ауыр. Оны редакцияда жұмыс жасаған әрбір журналист білуге тиіс. Бір күндік жаңалықтарды жинақтап, сұрыптап, эфирге үлгерту шапшаңдықты әрі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Соңғы хабарларды оқуда диктор даусының қажеттілігі басым. Ол жөнінде Қазақ радиосының дикторы Ә.Байжанбаев: «Соңғы хабарларды оқуға өте жауапты қараймын. Өйткені, ол жаңалық, соңғы хабарлар болуы себепті жедел дайындалып, жедел оқылады», - деген.

Ал бүтін ел барша халық құлақ түріп отыратын соңғы хабарларды жақсы оқып шығу дикторға үлкен абырой, асыл мақсат, зор міндет», - деген еді [9, 62]. Соңғы хабарларды редактор ретінде дикторларға оқытуда А.Жанаев осындай жауапкершілікті терең түсінді. Қазақ радиосының облыстық бөлімшесінде таратылатын хабарлардың сапалы шығуына атсалысқан шығармашылық топтың негізгі өкілдері – дикторлар. Сол кездегі радиохабарларын С.Хангелдин, С.Жанабаев, Ж.Құдиярова, Г.Жанұзақова сынды дикторлардың қосқан үлесі зор. Гүлайым Жанұзақова облыстық телеарнада әлі күнге дейін әдеби, жарнамалық хабарлардың мәтінін оқып келеді. Кезінде Левитаннан дәріс алған А.Жанаев дайындаған мамандардың осы уақытқа дейін радио мен телевизиядан жырақтамай жүргені шеберліктің мықтылығынан болса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанаев А. Микрофон алдында меншікті тілші // Ел тілегі. – 2011. – 12 желтоқсан.
2. Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 3-т.: Қазақ радиосы. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 352 б.
3. Радиожурналистика / Под. ред. А.А. Шереля. – М.: Изд. Московского университета. 2000. – С.307.
4. Сыр елі Қызылорда облысы: энциклопедия/ бас редактор Б.Ф.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖШС, 2005. – 544 б.
5. Омашев Н. Ақпарат әлемі. 2-том. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2006. – 424 б.
6. Ақтаев С. Дауылпаз дауыс. – Алматы: Өнер, 1989. – 95 б.
7. Омашев Н. Қазақ радио-журналистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 259 б.
8. Сағымбеков Р. Алматыдан сөйлеп тұрмыз. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 224 б.
9. Есімов К., Ақтаев С. Таныс дауыс. – Алматы: Қазақстан. 1980. – 114 б.

DATA-ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ АЙҚЫНДЫЛЫҚ, ЖУРНАЛИСТІК ДЕРЕК

Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Негізі Америкада қаланған Data-журналистика – жай ғана сандар емес, көптеген сандар ішінен белгілі бір оқиғаны тауып, мультимедиа арқылы баяндайтын журналистиканың ең жоғарғы сатысы. Зерттеуші М.Шерстюкова: «Data-журналистика – бұл жаңа жанр, жаңа бағыт және жалпыға ортақ, ашық ақпаратты картамен, инфографикамен жеткізу», - десе, журналист В.Скоробогатько мен Илья Рудерман: «Бұл – жай ғана термин, ал оның негізгі жанры - инфографика», – деп баға береді. Демек, «Data-журналистика – сандар мен иллюстрацияны қосып, әдемі жеткізу» [1].

Манчестердегі барлық мектептерден алынған ақпараттардың қысқаша мазмұны, оқушылардың нақты саны беріліп, шығын мәліметтері де есептелген Data-журналистикасының алғашқы үлгілерінің бірі 1821 жылы «The Guardian» басылымдарында жарияланды.

Адамзат алғаш сөйлей білмеген кезде ақпарат алмасуға мұқтаж болғаны, визуалды әрекет, сурет арқылы өзара хабар алысқаны белгілі. Адамдардың сөйлеу тілінің пайда болуын жартастарда салынған суреттерге сүйене отырып анықтаған. Ең көрікті және көркем суреттері бар жартас 1940 жылы Франциядағы Дордониді табылған. Бұл ескерткішті серуендеп жүрген бір топ бала абайсызда ітін жоғалтып алып, соны іздеу барысында тауып алғаны анықталды [2].

Компьютерлық редакциялау қарқынды даму стратегиясын қарастырып, спутниктік телевидениенің арқасында ақпарат тікелей желіде цифрлық кодтаудың көмегімен жылдам әрі әсерлі түрде жеткізілуде. Бұл коммуникациялық революцияның бастауында Ғаламтор тұр. Қазақстандықтардың арасында Ғаламтор пайдаланушыларының жоғары деңгейінде әлеуметтік медиа құралдардың (Facebook, Instagram, YouTube, Twitter, Вконтакте және басқа да блогтар) алаңдарын атауға болады.


Ақпарат тарату жылдамдығының бірнеше есе өсуі журналистиканың жаңа бағытта дамуына әкеліп отыр. Data-журналистика нақты мәліметтер мен сандарға негізделгендіктен, ақпараттың дұрыс-бұрыстығына баса назар аудартады. Бүгінде біз Data-журналистика миллиардтаған сандар мен деректерді жинақтап, сұрыптап, визуализациялау екенін, басты критерий – тұтынушыға түсінуге оңай, әрі жылдам екенін және бұл саланың қоғамға пайдасы тию керек екендігін ұғына бастадық.

Биыл алғаш рет журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында магистратура бөлімінде «Data-журналистика» мамандығы ашылды. «Data-журналистиканың теориялық концепциялары» пәні аясында 1-курс магистранттарымен бірлесе отырып, Шерхан мен Камал хаттарына жаңаша Data-журналистиканың тамаша үлгісін жасап көрдік. Зер салып көрейік.

Шерхан Мұртаза

Алтын сандықтың кілті кімде?

КАМАЛҒА ХАТ



Камал Смайылов
"Қазақстан. ХХІ
ғасыр" атты
мақаласынан
"Егемен Қазақстан",
25 маусым, 1996 ж.



Шерхан Мұртаза:

"Қазақстан қазба байлықтары - 10 триллион доллар!" деп бірақ тоқ еткізесің. Ал, енді дәл 10 триллион екеніне күмәнім бар. Бәлкім, 100 триллион шығар?..



Шерхан Мұртаза:

Камал! "Сарыарқа мен Атырау, Алтай мен Қаратау қойнаулары нағыз алтын сандық екен. Соның кілті енді еліміздің қолына еркін тигі" деп жазыпсың.

Соны енді біліп жүргендей "екен" дегенің неткенің? Ал, сол сандықтың "кілті енді еліміздің қолына еркін тигі" деп айқайлағаныңа жол болсын! Онда біз сол алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз? Ашпаймыз ба сандықты? Малмаймыз ба қолымызды алтын-күміске?

Алтын сандықтың кілті кімде?

Жер мәселесі



25млн
тың жер көтерілген



10млн
астықтан босату керек

Камал:

Хрущев заманында 25 миллион (бір деректерде 30 миллион) тың жер көтерілген. 10 миллионын астықтан босатып, жайылым жасау керек. сонда мал басы көбейеді.

Шерхан:

Астықтан босататын 10 миллион жер енді қайтып жайылымға жарау үшін ең кемінде 100 жыл керек. Ол жердің аналық құнары, асыл топырағы әлдеқашан аспанға ұшып кеткен. Оған ХХІ ғасырдың көлемі жетпейді-ау.



Ол жерге шүйгін шөп шығу үшін құйқа керек. Сол құйқа жоқ қой!

С

"Жер - Ана" дейтін ұғым орыстарда да бар!

Бірақ сөйте тұра: сол Ананы бағындырамыз! деді. Есіңде ме сол ұран? Біздің газеттердің аншлагы, маңдайшасы болатын.



Ұлы Анамыздың көйлегі жыртылды, омырауы айғыз-айғыз болды. Жүз жылдық жара түсті. Дүниежүзілік ұятқа қалдық. Ал сен болсаң Қазақстанның жерінде бір миллиард адамды асырай алатын өнім алуға болады дейсің. Аузыңа май!

Оқулық дегеннен басталады...

Шерхан Мұртаза:



Мектепте оқулық жетпесе, қалың жұрт газет-журналдан мақрұм қалса, кітаптың тиражы бес мың. Бір кезде тиражы 250.000-ға таяған "Жұлдызың" тиражы қазір төрт мыңнан сәл-ақ асса - халық, әсіресе, жас буын білімді қайдан алады?



"Радио, теледидар бар ғой дерсің. Теледидарда, құдайға шүкір, каналдар көбейді. КТК-ны қаламасаң, ТАҢ бар,ТОТЕМ бар, тағысын тағылар. Бірақ оның бәрі орысша ғой. Мәскеудің қос каналын ашып қал - ол да орысша. Қазақшаның там-тұмы, басқалардың тамтығы - ҚАЗАҚ TV, ХАБАР дегенде ғана бар."



"Жас сәбидің бойына ұлттық қасиет анасының сүтімен, тілімен кіреді. Ал, оның күндіз-түні көргені батыстың баяғыда жеріген тастандысы..."

Көңілде жүрген ойлар көп!

ШЕРХАНҒА ХАТ



“ Біздің Жер-Анамыз кемінде 20-30 миллиард адамды асырай алады, және де тамағын тоқ, көйлегін көк етіп, жарасымды тіршілік жасауға мүмкіндік береді екен. ”



Адам 70 жыл өмірінде мыйының бар мүмкіндігінің 4-ақ процентін пайдаланады екен.



Қамал Смайылов:

Қазақстан жеріне осы заманда ешкім көз аларта алмас, Ресейдің, Қытайдың, АҚШ-тың бізге қамқор-қорған боламыз деп ресми берген (біз 104 ракетаны жойғаннан кейін) уәделері бар ғой. Оларға сенбесек, кімге сенеміз?!



Бір миллиард адамға қорегі жететін жерде бүгін 16 миллион адам неге тойып тағам іше алмай отыр




Осыдан бес жыл бұрынғы мөлшермен салыстырғанда, бүгін бір адамға 57 кг ет (бұрын 75 кг болатын), 200 литр сүт (бұрын 320 литр болатын), мөлшерінде келеді.

Қамал Смайылов

Көңілде жүрген ойлар көп!

ШЕРХАНҒА ХАТ



“ Өткен жылы шетелдерден ет, сүт, жұмыртқаға сатып алуға жұмсалған миллиондаған долларды неге өз шаруаларымызға – фермерлерімізге бермейміз? Осы бір өте түсініксіз жәй! ”



Біз фосфор қоры жағынан дүние жүзінде 2-3 орын аламыз.



Қамал Смайылов:

Қор мол, бірақ, соны дұрыстап ала алмай жатырмыз ғой. Соңғы үш жылда ие-қожасы төрт рет өзгерді. Осыған орай сенің де дертінді білем. Сол сен туған өңіл – Қаратаудың қазынасын да, мен туған жер – Жезқазғанның қыруар байлығын да, өзің хатта жазып отырған Қарағандының көмірін де қазір шетелдіктерге беріп, иелендіріп жатырмыз.


ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰНЫ 10 ТРИЛЛИОН ДОЛЛАР



деген деректі мен еліміздің геология және кен қорғау министрі, өте білімді жігіт Серікбек Даукеевтің жазғанынан, айтқанынан алдым.

Теміртаудың алып заводын сатып алған Испат-Кармет шойын балқыту үшін кокс керек деп Қарағандының бір топ шахталарын да қосып алды. Олардағылар енді күн көреміз деп қуантып жатыр дейді. Ал, шетелдіктер алмаған төрт шахтаның **бмың кеншісі қайда барады, қалай күн көреді?**

Көңілде жүрген ойлар көп



Жақында ғана бір-екі қызық дерек көрдім. Болашақтың отыны – уран. Ол адамға ажал-қасірет емес, күш-қуат беретін болады. Оның бағасы да қымбаттап барады. Сол уранның жер бетіндегі қорының төрттен бірі Қазақстан жерінде жатыр. Бұл ғажап қазына.



Менің бір тақ қалатыным, Шерхан, сол Павлодардың глинозёмін, Дөң хромитін, немесе Соколов-Сарыбайдың рудасын неге шетелдіктер сағады, соларды неге бірден өзіміз сатпаймыз? Сол өртеқ сатылатын өнімнің есебінен қарыз алып осы өндірістерді өзіміз басқарып акетуге болмай ма? Осыны түсінбеймін.



Сен жазған анау телеарналардағы қазақша хабарлардың көлемін шығару үшін бір есеп жасағанмын. Аптасына Алматының 11 телеарнасымен бір тәулікте 115 сағаттық хабар көрсетіледі, соның 14-18 сағаты ғана қазақ тілінде екен! Солай! Қазір өзің айтқандай газет-журналдардың таралым саны да азайып, бастадан шығатын, оқушыға жететін уақыты кешеуілдеген сайын жұрт теледидар мен радиоға көбірек көз салып, құлақ тосады.



Камал Смайлов


Шерхан Мұртаза





Сол теледидарда кезінде екеуміз де басқарушы болып істедік. Ол аса бір күрделі, қиын кино мен журналистиканы қосқан, сан алуан дүниеден тұратын сала. Мен істеген **80-ші жылдар** мен үшін қандай ыстық болса ("Тамаша", "Айтыс", "Терме", "Алатау" бағдарламасы, 40 сериялы видеофильм т. б.), сен істеген **90-шы жылдар** да саған ыстық. Ол кезің туралы оғаш-оғаш әрқилы пікірлер, қаңқу сөздер болды. Дегенмен шындық ашылды. Сол сен әкелген "Таңшолпан") жақында қайта шыға бастады, "Балбөбек" көрінді, "Тайбурыл" дайындалды...

Қоғамның саяси, экономикалық құрылым жүйелерінің тиімді-тиімсіздігін адамның хал-ахуалына қарап өлшеуге де, айқындауға да болады. "Қазақстан. Адамның халық жағдайы жөніндегі 1996 жылғы есеп" деп аталатын халықаралық құжатта (БҰҰ қатысқан) сондай талдау-бағалау болған. Көрсеткіштің бірі - адамның орташа өмір жасы соңғы жылдары қысқарып бара жатыр.



Қазір ең атышулы деген қазақ журналистері, кинорежиссерлер теледидарға келіп осында жұмыс істеуге тиіс қой. Кино тоқырап тұр, сондағы талантты режиссер-операторларды ТВ-ға тарту қажет. Біз де білім-тәжірибемізді жұмсап ақыл-кеңес беруден бас тартпас едік, бірақ қазір, Шерхан, осы жұрт ақыл-кеңес сұраудат-тонын ала қашады.



1991 жылғы 68,6 жастан
66,1 жасқа дейін кеміді



- Ал деректерді айтып қана қоймай, олардың туу себептерін де ашып талдап айтар болсақ, экономикаға барып тірелеміз. Жалпы ұлттық өнімнің мөлшер-көлемі жан басына шаққанда Дүниежүзілік банктің дерегі бойынша...



...сомасына өнім шығарылған.



Бұл - ең төменгі көрсеткіш, **дамып келе жатқан емес, дами бастаған елдердің** халін көрсететін жай.

Сонымен, адамның орташа өмір жасы, денсаулық жағдайы, тұрмыс халін айқындайтын көрсеткіш-деңгей жағынан Қазақстан соңғы бес жылда 47 орынға жылысып, 53 орыннан



100-ші орынға бір-ақ түсті.

Жарайды, еңсені басар, көңілді бұзар деректерді осымен доғарайын. Кеше ғана біртұтас өмір сүріп, бірге болған елдердің қай-қайсысы болса да бүгін осындай қиынхалге түсіп отыр. Әр елдің жағдай-мүмкіндігі әрқалай, сондықтан да әрқайсысы өзінің қалаған жолымен жүретін болар.

Менде жыл басында, есінде болар, "Егемен Қазақстанда" құлдыраудың шегіне жеттік, жерге аяғымызды тіредік, енді көтерілер ме екенбіз деген үмітпен мақала жазған ем. Жарты жылдың алғаш деректері көңілге үміт ұялатады. Төл былтырғыдан көбірек алынды. Егіннің халі жұбатады. Биыл бидайдың тоннасы 130-135 доллар болады, демек мұнайдан да қымбат. Ауылға осы көп демеу болар. Соны аман жинап алсақ десей. Бір жағынан алдымыздағы қысқадайындық жайы алаңдатады. Былтыр көмірдің үстінде тұрған Қарағандының үйлері азынап-мұздап шықты. Шах-тинск қаласында жағар отын болмай, мектептер жабылыпқалды.

Биылғы жыл
Қазақстан үшін
бетбұрыс жылы
болады, алға
жылжу басталады

”

Жалпы өз маңайымызда көңілге қаяу салатын жәйлар бар. Кейбір басылымдардағы өзара айтыс, бірін-бірі кемсіту, бетін тырнау, мәселе айналасында ашу көтеру, тартыс туғызу байқалады. Газет бетін дастарқан басындағы ұсақ әңгімелерге пайдалануға сен не дейсің, қалай қарайсың? Жалпы көңілде жүрген ойлар, толғандырар мәселелер көп.

Нұрсұлтан Назабаев

Сәлеммен, КАМАЛ досың.

Осы арқылы біз Шерхан мен Камал хаттарын бүгінгі заманауи дата журналистика үлгісінде оқырманға сұрыптап, статистика мен мәліметті түсінікті түрде жеткізуге болатындығының бір үлгісін көрсетуге тырыстық. Енді дата журналистика жұмысы жаңаша әдіспен іске асады, яғни деректер жиынтығынан тұратын электронды таблицадан немесе бағдарлама арқылы жасалады. Ақпараттық деректер жинақталып, бірізділікке келтіріледі, сұрыпталып, өңделеді. Бұл әдіспен жинақталған ақпарат журналистер үшін жаңа деректер мен көкжиек көзін ашады деген сенімдеміз.

Қорыта келе айтарымыз, дата журналистика ұғымы зерттеу журналистикадан бастау алады десек, ғаламтордағы ауқымды деректі сараптап, ішіндегі оқиғаның жай-жапсарын түсіндіру оның негізгі мақсаты екендігін білгеніміз жөн. Қазіргі дата журналист талдау, сараптау жасаумен қатар, күрделі сандардың арасынан қызықты оқиғаны көре білуі тиіс. Ол үшін көбіне компьютер бағдарламаларының көмегіне сүйене отырып, әрбір мәліметтің кішкентай бөлшегінің мағынасын ашады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ибраева Г. Дата журналистика или журналистика данных как новый жанр СМИ / Вестник КазНУ, Серия журналистика. – 2014. – №2 (36).
2. Древние наскальные рисунки. <http://phototravelguide.ru/top10/drevniye-naskalnye-risunki/>

«ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖУРНАЛЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Акынбекова А.Б.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
журналистика факультетінің аға оқытушысы, PhD,*

Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Акунбек75@gmail.com

Тарих беттерін парақтап, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 1921 жылы Қазақстанда ғана емес, Ресейдің орталық аймақтарында да азық-түлік жетіспеушілігі сезіліп, үлкен империяның жалауының астына кіретін біраз халық аштықтың зардаптарын тартқаны рас. Бірақ дәл қазақ еліндегідей қырғынға ұшыраған ешқайсысы жоқ.

«Қызыл Қазақстан» журналының материалдарын талдамас бұрын ең алдымен ашаршылыққа себеп болған жағдайларға қысқаша тоқтала кетсек.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңестер елін тағы бір ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс, жауынсыз жазға ұласқан кез болған. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкеледі. 1921 жылдың жазында ол елдің көптеген өңірлерін, әсіресе Еділ бойы аудандарын жайлады. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшыраған екен.

Мұндай ашаршылыққа байланысты РК(б)П Орталық Комитеті 1921жылғы 17 шілдеде партияның барлық мүшелеріне арнайы үндеу жолдаған. «Ашаршылық, – делінді үндеуде, – тек құрғақшылықтың нәтижесі емес, оның себебі аграрлық сектордың артта қалуында, ауыл шаруашылық білімі денгейінің төмендігінде, ауыспалы егіс нысандарының ескілігінде, бұл және соғыс пен әскери қоршаудың, сондай-ақ помещиктер мен капиталистердің және олардың итаршыларының бізге қарсы күресінің бәсеңсімей отырғанының да салдары» ([http://www.aktobegazeti.kz.](http://www.aktobegazeti.kz)) Партия құжаттарында көрсетілген себептермен бірге, жаппай ашаршылық халық шаруашылығына, әсіресе ауыл шаруашылығы саласына қатты соққы болып тиген.

Тарихшы Т. Омарбеков Қазақстандағы бұл ашаршылықтың шығуына ауа-райының қолайсыздығы емес, азамат соғысының тұтануынан шаруашылықтың күйзелуі, яғни большевиктердің біржақты саясат жүргізуінен деп тұжырымдаған (Омарбеков Т., 1997). Ал тарихшы Манаш

Қозыбаев 1921-22 жылдардағы аштық турасында: «1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды демографиялық апатқа әкелді. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырады, олардың көбі өлді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына жетті, сол уақытта онда қазақтардың екі-ақ проценті орныққан еді, дені ауылдарда болатын», – дей келе, осы жағдайды орталық билік дер кезінде көріп, оған мән бере білмегендігін айтады. Сонымен қатар оның көрсетуінше, Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып кеткен екен (Қозыбаев М., 1998). Зерттеушілердің аштық турасындағы пайымдауына толықтай қосылуға болады. Не дегенімен де сондай қиын заманда ұлт зиялылары бас көтеріп, халықты ашаршылықтан алып қалаудың жолдарын іздестіріп, барынша жұмыла кіріседі.

1921 жылғы ашаршылық тұсында «Аштарға көмек» комиссиясы құрылады. Қазақ ұлтын сақтап қалудың бірден-бір жолы ашаршылыққа қарсы күрес қозғалысы екенін түсінген Міржақып Дулатов бастаған Семейдегі алаш азаматтары бұл науқанға шұғыл кірісіп кетеді. Ашаршылыққа қарсы күрестің ресми емес ұйымдастырушысы міндетін Жүсіпбек Аймауытов атқарады. Алаш қаламгерлері сол уақыттың ащы шындығын, баспасөз беттері арқылы насихаттай бастайды. Кейіннен осы еңбектері үшін жала жабылып, жауапқа тартылатындарын да білеміз.

Жүсіпбек Аймауытовтың тергеу барысындағы соңғы сөздері сол кездегі кеңес «Адамзаттық, адамшылық жүзінен қаралса, бір кісі аштарға жан салып қызмет көрсетсе – мендей-ақ көрсетер еді деп шүкіршілік етемін. Мүмкін, менің еткен еңбегім себеп болып, ондаған жүздеген аштар ажалдан аман қалған болар, қалмады деп Торғай елі айта алмас. Еңбегім- салауат, ниетім- арам, жүрегім-қара, қазаққа-зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар. Жазаға мойнымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін» (Жұртбай Т., 2008). деген жүректен шыққан сөзі кеңес өкіметінің жазалау саясатының бетін қайтармайды.

Оқырмандарға салыстырып отыру үшін кесте түрінде берейік.

1 кесте.

1921 жылдың наурыз айының соңындағы мәліметтер			
Губерниялар	Тұрғындардың жалпы саны	Аштыққа ұшырағандар	Проценті
1. Орынбор	680.271	526.401	80.3
2. Қостанай	1455.598	414.350	74.05
3. Ақтөбе	501.637	361.049	72.0
4. Орал	470.028	446.536	99.0
5. Бөкей	224.028	66.255	29.5
6. Ақмола	1 млн. 021. 164 4	72.000	46.2
Жиыны	3 млн. 353.228	2 млн.286.591	68.2

Екінші кесте бойынша 1921-1922 жылдардағы аштық пен індетке ұшырағандардың (мың есебімен) тізімге іліккендер мөлшері (жақшаның ішіндегі сан- өлгендердің есебін көрсетеді).

2-кесте.

Айлары	Орынбор	Орал	Ақтөбе	Ақмола
1921 жыл. Қараша	3044 (210.7)	112.(39)	1112 (1.010)	250 (172)
Желтоқсан	2.835 (2.022)	947 (481)	749 (1.642)	224 (184)
1922 жыл.				
Қаңтар	2.241 (1.908)	813 (503)	1.050 (981)	438 (350)
Ақпан	770.3 (625)	850 (545)	1.438 (138.9)	105.0 (730)
Наурыз	520.1 (378.5)	868 (428)	712 (602)	103.1 (150.9)
Көкек	433.3 (340.1)	712 (472)	630 (530)	226.0 (149.1)
Мамыр	347.9 (270.0)	536 (418)	548 (474)	704 (502)
Маусым	682 (376)	338 (57)	505 (430)	57 (17)
Жиыны	2.957.8(2.253.5)	5.178 (3.003)	7804 (70.58)	6659 (4955)

Екі кестенің де соңында да: «Бұл толық емес. Аштардың да өлгендердің де саны бұдан әлдеқайда көп», -деп ескерту берілген (Жұртбай Т., 2008). Осыдан-ақ, бұл ашаршылықтың қандай көлемде болғандығын болжап білуге болады.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу кезеңінде қазақтың басынан өткен аштық туралы қазақтың баспасөзі не жазған екен? Халықты аштық меңдеген заманда да де газет-журнал жұмысымен айналысқан азаматтардың редакторлық қыры мен ерекшеліктері қандай болған? «Қызыл Қазақстан» журналындағы мақалаларды талдамас бұрын журналдың өзіне қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдік.

«Қызыл Қазақстан» журналы 1921 жылы 15 сентябрьде РГП(б)-ның Қазақ облыстық комитетінің органы «Қызыл Қазақстан» журналы айына екі рет шыға бастады. Шығарушы: Кирревкомның үгіт-насихат бөлімі. Қол қойған: Редколегия. Ол жалпы қоғамдық-саяси шаруашылық және мәдениет мәселелерін қамтитын журналы болды.

«Негізгі мақсаты қазақ еңбекшілеріне Совет өкіметінің мәнін, коммунистік партияның саясатын, құрлысын, әшкі жұмыс тәртібін ұғындыру, жұртқа интернационалдық тәрбие беру болды. Осы ниетпен журнал «Жалпы саясат», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Үкімет істері», «Елден», «Жастар», «Әдебиет» бөлімдерін жүргізді, 20-жылдардың бірінші жартысында оған Е. Алдоңғаров, А. Асылбеков, Н.Нұрмақов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов, Ә. Байдилдиндар редакторлық етті» деп журналың негізгі мақсаты мен бөлімдерін, шығарушы редакторларын атап өткен (Қожакеев Т., 1991). Негізінен журналдың түпнұсқасын қолымызға ұстап қараған кезде онда – Жалпы бөлім, Санитария, Аштық, Әдеби бөлім, Жастар бөлімі, Әйелдер бөлімі, Партия өмірі, Хроника, Аштықпен күресу, Ресми бөлімдері болғанын көрдік. «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы Абдолла Асылбековқа «Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жала жабылған. Алайда, Абдолла Асылбековтың «Қызыл Қазақстан» журналындағы редакторлық қызметін атап өтпеуге болмас. А. Асылбеков туралы қазақ журналистикасының тарихын зерттеген ғалым Т. Қожакеев «Жыл құстары» еңбегінің екінші тарауының «Алғашқы журналистер» бөлімінде «Тумысынан большевик» деп ерекше тоқталған. «Батыр да бір оқтық». «Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жалған, саяси айыптармен А. Асылбеков те 1938 жылы атылған. Енді осы жаламен қара таңба басылған азаматтың өмір жолына, революция жеңісіне сіңірген еңбегіне, сол жолдағы көрген қорлық, тартқан азабына, сөйлеген жалынды сөз, жазған пікірлеріне құлақ қойыңыздар» (Қожакеев Т., 1991) деп Абдолла Асылбековтың азаматтығы мен қаламгерлік қызметі жайында жазған. Зерттеуші-ғалым, А. Асылбековтың өмір жолын зерттеп-зерделеу барысында оны қалайша «халық жауы», «ұлтшыл фашист» деді екен деген таңданысын да жасырмайды.

Қазақ журналдарын зерттеу барысында ХХ ғасырдың басын алып отырғандықтандықтан журналдың 1925 жылға дейінгі аралығын қарастырып отырмын. «Қызыл қазақстан» басылымының 1921-1925 жылдарында 48 нөмірі жарық көреді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3-4 нөмірі біріктіріліп шығады (Беккожин.Х., 1981). Журнал алғаш 2000 тиражбен шығарылып, губерниялық, уездік, аймақтық саяси-ағарту үйлеріне, болыстық клуб, ауылдық қызыл отау, кітапханаларға, мектептерге тегін

жіберіліп тұрған. Кейінірек дүние қымбаттап, оны ақылы етіп, халыққа сүйенбесе болмайтын заман туады. 1923 жылы наурыз айында А. Асылбеков Ақмола, Семей жағына барып, журналыдың 1600 данасын таратып қайтқан. Мұнан соң журналға «Әр азамат ескеру керек» деген материал жарияланды. Онда «Қарағанғы қазақ кедейлерінің көзі ашылып, өз теңдігіне ие болып, дүниеден хабардар болуы үшін газет-журнал алдырып оқу керек. Үкімет пен ел арасында қатынас беріп тұратын байлам- баспасөз... газет-журнал оқымай көз ашылмайды. Өзінің кім екенін, дүниенің жалпы не жайда, не күйде екенін білмейді. Екі құлағы тығулы, көздері жұмулы, ессіз меңіреу адам сықылды... олардан хабарсыз тұру жансыз денемен бір есеп»- деп жазған. Жайшылықта бір-бірінен қонақасы есебінде жеп кететін бір тоқтының пұлынан тартынбай, әрбір ел адамы «Қызыл Қазақстанды» алдыртып тұруы міндет. «Ел еңбекшілері, газет,журналды оқы. Дүниеден хабарсыз тұрма!» – деп оқырмандарына газет-журнал оқып тұруын өтініп, оның пайдасын да ескертеді.

1925 жылдары журналға С. Садуақасұлы редакторлық еткен екен.. Архив қойнауынан табылған «Қызыл Қазақстан журналының сарғайған тігінділерінен С. Садуақасұлының осы басылымға 1924 жылдың қараша айы мен 1925 жылдың шілдесі аралығында редакторлық еткендігі мәлім болып отыр (Қамзабекұлы Д., 2009). Сирек қордың журнал тігінділеріндігі С. Садуақасұлының редакторлық қызметі «Қызыл Қазақстан» журналында 1924 жылдың №11, №12; 1925 жылдың №1,2,3,4,5,6,7- сандарынан кездестіреміз. С. Садуақасұлы осы жылдар ішінде ұлтқа, қазақ еліне, жеріне қатысты мақалалар жариялайды. «Жаңа жұртшылық негізгі ғылым» («Қызыл Қазақстан», 1925) мақаласына байланысты «Осы журнал Қазақстандағы мерзімді басылымдардың ішінде бірінші болып ұлт оқығандарының қоғамтану ғылымына назар аударуын, төңкеріске дейінгі алаш жұрты басындағы саяси ахуалға қазақтың өз тұрғысынан баға беру керектігін көкейкесті мәселе есебінде күн тәртібіне қойды» деп баға береді (Қамзабекұлы Д., 2009). С. Садуақасовтан соң журналға О. Жандосов қол қойды. 1926 жылға қарай журналдың жаңа міндеттері белгіленді. «Кемшілік көп, оның зоры – мезгілмен шығып тұрмайтындығында. Соңғы кезде 3-4 нөмірін жинап, кешкітіріп шығару дағдылы дертке айналды. Екінші зор кемшілік – оқушысын дәл тауып, соған тұрақты бағыт ұстай алмай отырғандығы. Үшінші кемшілік – қаражаттың тапшылығы, таралымның төмендігі. Тағы бір ақаулық – жазушының аздығы. Расында да журналды шығару қаражатпен қатар жазушылардың болуы да өте маңызды болғандығын байқаймыз. Журнал шыққан соң оны жер-жерге таратудың өзі бір бөлек іс.

Журналдың 4-ші санының мұқабасын оқи отырып, араб қаріптермен «Қызыл Қазақстан» деп жазылғанына, ал екінші жағында орыс тілінде «Красный Киргизстан» деген атаумен беріліп, журналдың мазмұны орыс тілінде жазылған.. Осыған байланысты С. Сейфуллин: «Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, өзімізді «қазақ» деп атасақ, басқаларда бізді «қазақ» деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күнгі басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егерде біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, оп-оңай түзетіп әкетер еді. Біздің әр қазақ жігіті «киргиз» дегенді тастап, «қазақ, қазақ» дегенді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіндіріп үйретуі керек. Қазақстанның орталық үкіметі «киргизді» қойып «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты – қазақ дейік.Тарихи қатені түзейік!»

(«Енбекші қазақ» газеті 1923) деген үндеу тастайды. Мұндай үндеу азаттықты аңсаған халықтың Қазақ Елі боламыз деген арманының асқақтығын білдірсе керек.

Енді тікелей аштық жайлы мақалаларға көшейік, сонымен 1921 жылы шыққан «Қызыл Қазақстан» журналын парақтай отырып, онда арнайы «Аштық бөлімі» болғанына көз жеткіздік. Онда редактор А.Асылбековтың «Ресейдегі аштық көлемі», «Қырғыздағы аштық мөлшері» деген мақалалары басылған. Ал «Аштықпен күрес» бөлімінде «Шетелден», «Россияда», «Қырғыз Республикасында», «Көрші Республикаларда» деген тақырыптармен материалдар жарияланған. Жарық көрген материалдардан біздің қолымызға түскені «Аштық жайында» деген тақырыпта жарияланған Қазақстандағы және Россиядағы аштық туралы мақала. Онда мынандай құнды деректерді кездестіруге болады. «Аштық ауданы хәм керекті жәрдем Россия құрамы Кеңес мемлекетінде егін өнбей қалып, ашыққан жерлер толып жатыр. Сол жерлердің ішіндегі көбінесе сөз болып хал-жайлары газетке жазылып, қолдан келгенше жәрдем беріліп тұрған жер-Еділ жағасындағы жерлер – Еділ жағасынан басқа егіні шықпай, астықтың зарын тартқан Ничегорд: Екатеринбург, Пермь, Пенза, губерниялары мен Донско облысы хәм Украинаның бұнша жері жері бұларға жәрдем бермек түгілі, олар туралы дұрыс ойланған жоқ. Егіндік жер мен жан иесіне келсек, Батысы бар, Шығысы бар барлық Россия мемлекетіндегі егіндік жерлер – 36 миллион 988 мың десятина. Бұларға қараған 89 миллион 137 мың жан бар, бұлардан 13 миллион 344 мың десятинаға егін шықпай 25 миллион 889 мың жан ашығып отыр. Мұның үстіне Украина шыққандары мен егін шықпай қалғандарын қоссақ барлық егін өнбеген

жер-20 миллион 724 мың десятина (50 миллион десятина жердей) ашыққан жанның саны 37 миллион 201мың жан (114 миллион 742 жаннан). Россия мемлекетінде егін шығымды, жазығы көп болатын Еділ мен Жайық жағасында теп-тегіс егін бітпей қалып отыр. Ол жерлердегі күн айтылып отырған 20 миллион халық ашығуда. Басқа жерлердегі егіні бар жаққа ертерек орналасқандықтан айтарлықтай ашаршылық көрген жоқ. Бірақ сол жерлердің өз елдері оншама ашаршылық көрген жоқ. Себеп: ел жерлерден аштарға жәрдем үшін азық-түлік, керек-жарақ жинай алмайды. Олар да өздерінен артыларлық болмаған соң ашыққандар үшін нәрсе артылтырып бере алмайды. Еділ жағасындағы елдердің хәлі көрер көзге өте жаман. Бұл туралы сан рет жазылып та жатыр. Мына кейінгі сандар Еділ бойындағы шыққан губерниялардың астығының кемдігінің, хәл қаншама астық керек екендігін білдіреді.

Аштарға көмек кезінде қаңғып қалған балаларға ерекше назар аударылды. Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия Ашыққандарға көмек көрсететін республикалық Орталық комиссияның балалар арасындағы аштықпен күрес жөніндегі арнаулы бөлімі болып қайта құрылды. Республиканың аштық жайлаған барлық губернияларында бөлімнің жергілікті органдары ұйымдастырылды. Осы ұйымдардың жұмысы нәтижесінде 1922 жылдың бірінші жартысында республиканың 5 губерниясында аш және қараусыз балаларды тамақпен және киіммен тегін қамтамасыз ететін 575 балалар үйі мен 9 станция пайда болды. Ресей Федерациясының жағдайы қанағаттанарлық деп есептелген кейбір губернияларына 18 496 қаңғып қалған балалар мен жетім балаларды тиеген 16 әскери-санитарлық поезд жөнелтілді (Чурин Х., Сәрсеков Ж., 1960) Осы деректердің өзінен байқағанымыз аштық кезінде елдің жағдайының тіпті мүшкіл екенін байқаймыз. Аштық жайынан берілген ақпараттармен қатар басылым беттерінде жәрдем сұрау нышандары да көрініс тапқан.

Журналдың 1922 жылғы №4 санында «Аш жетімге жәрдем» деген өлең басылады. «Кімнің шуы сардалаңда, Тыңдашы, кім жылаған көл боп ағып көз жасы?» деп сұрау қойды да:

Ол жас жетім, жас балалар жетпеген.
Өмірлері жаңа гүлдеп беттеген.
Жүздеп, мындап күтіп отыр өлімін
Жас періште емшек табы кетпеген,

– деп жауап береді.

«Тоқ ағайын, аш бауырды көріңдер!
Барың болса, аш балаға бөліңдер!

– деп баспасөз арқылы жұртты аш балаларға жәрдем беруге шықырған өлең жолдары да басылады.

Халықтың басына туған қиын уақытты да бас пайдаларына шешіп кеткен ұйымдар да болған секілді. Оған мына деректер негіз болады. Шет мемлекеттерден ашыққандарға жәрдем беру үшін жасалған «Ара» сияқты ұйымдарға сене беру мүмкін емес, және бұл ұйымдардың ашыққан балаларға жәрдем үшін жасалып, һәм сол ашыққан балаларға керекті заттардың жетпей жатқан кемдігін толтырмақшы. Бұл ұйымдардың ерлегенде 1 жарым миллион бала бағуға күші жетеді. Бұл 1 жарым миллион барлық ашыққан балалардың 4-тен яки 5-тен бірі-ақ болса керек. Сол себепті аштарға жәрдем ісінде мықты, зор сүйеніш қорғанымыз жер жүзінің еңбекшілері. Анық хабар болмағанымен де соңғы уақыттағы мағлұматтарға қарағанда 15 октябрьге дейін жәрдемші комитеттер 30 миллион пұл жинаған көрінеді. Ноябрь айында болатын аштарға жәрдем жеткілігі жақсы жүріп барады. Жәрдемші, еңбекшіл комитетінде аштар үшін қайдан да болса қарызға пұл табу мәселесі қаралып жатыр. Бұл ойға алған ашыққандарға жәрдем ісі жақсы орындалып жатты («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.) – деп ақ қараны ажыратқан хабарламалар да болды.

1922 жылғы алғашқы айларындағы деректерге сүйенер болсақ, Қазақстанның барлық 4 миллион 854 мың 751 жанынан 1 миллион 465 мың 753 адамды аштық зардабын тартып жатқан еді. «Қызыл Қазақстан» басылымының беттерінде «Аштық декабрь айынан басталатын түрі бар. Және де дұрыс тарқатылмаған себепті, жерлердегі ашыққан кедейлердің халдері өте нашар. Осы жоғарыда айтылған қиыншылықтар 85 миллион пұт киім аз қалды. Қапиясқа қоятын емес. Бұл қайдан табылады?» («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.) деген ақпараттар таратылып жатты. Басылым бетінде Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы да сарапталды. Онда Қазақ республикасындағы аштық болуына екі түрлі себебі бар деп түсіндіріледі. «Бірінші, халықтың шаруасы күйзеліп, мал, егіншілік шаруасының төмендеп кетуі. Екінші, биылғы құрғақшылықтан егін, шөптің шықпай қалғандығы. Былтыр халықтың көбі жұтқа шалдығып, қазақ болсын, орыс болсын шаруасы бұзылды. Жазғытұрым халық қолында жұттан қалған малы қырылып, шөп баса таусылып, астық азайып, жүдеп-жадап шықты. Қазақ халқының мал тұқымы азайып жаз күн көретін сүтін ішіп қорек қылатын малдары қысты күні аш тастады, қырылды. Крестьяндардың астығы қазынаға алында, Сондықтан халықтың қолында тіршілігін сақтарлық артық астық, сауып ішерлік сауын қылмады. Бәрібір биылғы жазғы құрғақшылық болып, егін шөп шықпай қалмағанда да жұрттың көбі аштыққа ұшыраған болар еді. Бұл шаруашылықтың бұзылған қиындығы,

тұрмыстың ауырлығының үстіне биыл жаз жұрттың мал бағатын жайлауларында шөп шықпады. Сөйтіп, қысқы жұттың зардабына құрғақшылық қосылып халық зор аштықтың апатына ұшырады. Шаруашылықтың бүлінушілігін түзету үшін көп уақыт керек. Бүлінген шаруаны түзету орнына бұрын құлақ айтысып, көз көрмеген аштық жағылғанға жұдырық болды» деп себеп-салдарын таратып жазады («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.). Аштық уақытына қарамастан журнал өз жұмысын жалғастырып, міндеттерін айқын атқарып жатты деуге болады. Төмендегі кестеге зер салып қарар болсаңыздар аштардың саны жөніндегі мәліметті мынандай кестеге салып, басылымда жариялаған екен.

3 кесте.

Аштардың саны											
Губерниялар	Халық саны	Декабрь-январь		Январь-март		Март-май		Май-июнь		Июль-сентябрь	
		Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %
Бөкей	260,000	176000	80	177000	80	190000	25	190000	25	190000	25
Ақтөбе	474,000	292000	61	292000	61	325000	68	325000	68	325000	28
Қостанай	451000	265000	68	265000	67	301000	67	301000	68	301000	27
Орал	388000	288000	76	388000	76	405000	79	405000	79	405000	79
Орынбор	555000	288000	23	279000	61	317000	66	337000	60	338000	60

Журнал бетінде жарияланған арнайы кестелер кирилл қарпіне тұңғыш рет түсіріліп осы мақалада жариялап отырмыз. 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 4-ші санында жарияланған аштардың саны жайлы мәлімет, міне, осындай.

Мақаламызды түйіндей келе еліміз үшін аштықтың зардабы мен оның нәтижесінің қандай қорқынышты екендігін ашық жазған деректерді келтіргіміз келеді. «Аш губерниялардың ішермендікке керек астығы 9,575000 пұт, бұған келесі пұт астықты қосқанда 13,20000 пұт болады. Бұл халыққа ең аз мөлшерін бергендегі керекті. Мұны патшалық беруге міндетті. Егер де бұл астық табылмаса халықтың бәрі аштан өліп, құрып таусылмақ. Қазақ Республикасындағы жергілікті халық қазақ халқы мәдениет жүзінде әбден кейін қалған көшпелі жұрт. Далада астық апаратын шойын жол, оларды қарайтын аурухана бастарын қосып бір жерден асырауға жері шалғай бытыранды, аштықтан сол жаққа көшіруге жылы киімі жоқ ауырып аштан қырылып жатыр. Соның үшін қалғанын аман сақтап алып қалу үшін жылдамырақ жәрдем ісіне қатынаспаса қазақ халқынан тарихта бар еді жоқ

болды деген қана сөз қаламақ» («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922ж.,) деп, ұлттың жойылып кетуінен қауіптеніп, аштықтан шығар жолды баспасөз арқылы қарастырады. Тарихшы ғалым М. Қойгелдиев: «... газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырмасындағы қазақ қоғамында болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер»- (Қойгелдиев М., 1995) деп өз бағасын берген. Сол секілді біз де өз тарапымыздан «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған мақалалардың қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік мәселелерді жариялаудағы орнын, деректік құндылығын айқындап көрдік.

Әдебиеттер:

1. Бекқожин.Х., Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1981. – Б. 95.
2. «Енбекші қазақ» газеті 09.02.1923 ж.
3. Жұртбай Т., Ұраным-Алаш! 1-том, «Ел-шежіре»,2008. Б.92
4. Жұртбай Т., Ұраным-Алаш! 1-том, «Ел-шежіре»,2008. Б.101.
5. Қамзабекұлы Д., Смағұл Сәдуақасов. Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: Қазақстан, 2009. – Б.32.
6. Қамзабекұлы Д., Смағұл Сәдуақасов: Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: Қазақстан, 2009. – Б. 32.
7. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – Б. 30.
8. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – Б. 123.
9. Қозыбаев М., Тарих зердесі. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998.
10. Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – Б. 111.
11. «Қызыл Қазақстан», 1925, №2
12. «Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.
13. «Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.
14. «Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.
15. «Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.
16. Омарбеков Т., Ашаршылық ақиқаты // Ақиқат. 1997. №5.
17. Чурин Х., Сәрсекөв Ж., Күрес күндерінде. – Алматы, 1960. – Б.115–116.
<http://www.aktobegazeti.kz>

МУЛЬТИМЕДИА – ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫ

Әлімжанова Айкерім,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Журналистика факультетінің аға оқытушысы, PhD.*

Лес Мейрман,

Журналистика факультетінің магистранты

Бүгінде мультимедиа қоғамның барлық арнасына еніп үлгерді. Білім беру, өнер, мұражай ісі, медицина, туризм және тағы басқа салаларда мультимедиа технология ретінде қолданылады. Мультимедиа туралы теориялық тұжырымдар, берілген анықтамалар осы уақытқа дейін бір ізділікке түспеді. Күнделікті технологиялардың қарыштап дамуы мен революциялық өзгерістердің жылдамдығы бұған әсер етті.

Зерттеуші К. Шваб өз зерттеу еңбегінде революциялық өзгерістерге кеңінен тоқталады. Революция – шұғыл және түбегейлі өзгеріс мағынасын білдіреді. Революция өзгерістерді талап еткен кезеңдерде өріс алып отырды. Қазіргі кезде индустриялық революцияның 3 негізгі түрі қарастырылады:

1. Бірінші индустриялық революция (1760–1840), оның бастамасы бу машинасының ойлап табылуы мен темір жолдың салынуы деп есептеледі;

2. Екінші индустриялық революция (XIX ғ. аяғы XX ғ. басы), электр мен конвейрдің жылдам таралуына мүмкіндік жасады;

3. Үшінші индустриялық революция (1960–1990), оның қозғаушы күші – жартылай өткізгіштер болып есептеледі, нәтижесінде компьютерлер мен интернет жүйелері пайда болды.

4. Төртінші индустриялық революция үшінші цифрлық революцияға негізделген. Аталған революция – физикалық, цифрлық және биологиялық салалар арасындағы шекараны бұзатын технологиялардың бірігуімен сипатталады [1, 6 б.].

XXI ғасыр журналистиканың теориялық және тәжірибелік жағынан өзгеріп, интернетке бағытталғаны анық.

Профессор К. Қамзин: «Журналистика әуел бастан – әрі теория, әрі практика, әрі педагогика, әрі басқару тетігі, әрі психология» [2] деген болатын. Демек бүгінгі журналистиканың даму бағыттары өзгергенмен қызметі дәстүрлі медиадан алыстамайды.

Белгілі ғалым, зерттеуші Б. Жақып: «Біріншіден журналистика әр алуан мекемелердің басын құрайтын ерекше әлеуметтік институт болып табылады. Екіншіден, журналистика қызмет түрлерінің жүйесі. Үшіншіден, жур-

налистика – мамандықтар жиынтығы. Төртіншіден, шығармалар жүйесі. Бесіншіден, журналистика – басылымдар мен бағдарламалардың түрлерін қалыптастыратын арналардың біртұтас жиынтығы. Алтыншыдан, БАҚ проблемаларын зерттейтін өзгеше ғылым саласы» [3, 28 б.].

Ал бүгінгі журналистикада жаңалық сайтының арнайы функционалды қызметін қолдана отырып, кез келген уақытта белгілі бір оқиғаларға қатысты мәліметтерді немесе ой-пікірлерді еркін жаза алады.

Қазіргі журналистиканың даму кезеңін Р. Жақсылықбаева өз еңбегінде былай сипаттайды: «Қазіргі таңда дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, белең алып келе жатқан жаһандану үдерістерінен ешбір елдің саяси өмірі мен бұқаралық ақпарат құралдары тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз» [4, 112 б.].

Зерттеуші Л. Клейнрок интернеттің пайда болатынын болжаған ғалым. 1961 жылы «Galactic Network» атты теориялық зерттеу еңбегін жариялаған. Мұнда ол болашақта мәліметтер мен деректер базасын әлемнің кез келген нүктесінен ала алатын компьютерлер байланысы пайда болатынын жазған. Көп ұзамай Л. Клейнрок болжамы бойынша интернет жүйесі пайда болды. Сондықтан да оны «интернет атасы» [5, 6 б.] деп атайды. 1969 жылы Америкадағы 4 университет алғаш рет ARPAnet бірыңғай жүйесіне енгізілді. Университет тәжірибесіне сүйенсек, аталған жылды интернеттің дүниеге келген мерзімі деп бекітуге болады.

1971 жылы Р. Томлинсонның бастамасымен электронды хат алмасу технологиясы пайда болды.

1972 жылы бүкіл әлем желі технологиясынан хабардар болды. ARPAnet-тің дәурені жүрді. Алыс жақын шетелдегі жұрт Америкамен байланыс орнатуға бел буды. 1973 жылы Норвегия мен Ұлыбритания өзара халықаралық желіде байланыс орнатты.

Бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы алғашқы хат алмасу 1975 жылы орын алды. Бұл желіге 1980 жылы Кеңес Одағы да тіркелді.

1980 жылдан бастап желіге қосылушылар саны артып, желінің түр-түрі пайда болады. Компьютерлік коммуникация дамып, ғалымдар күнделікті адамдар қолданатын желі ойлап табады. Осыдан кейін түрлі санаттағы адамдар интернет желісін тек жұмыс тәртібімен емес, күнделікті өмірде қолданатын болды.

1990 жылдардың ортасына дейін, интернет білім, ғылым, үкімет пен қауымдастық құрылымдарында қолданылды. Интернет АҚШ жұртына қолжетімді болды. 1991 жылы WWW (World Wide Web) технологиясы пайда болып, Mosaic, Netscape алғашқы графика браузерлері ашылғанының арқасында интернет қарапайым адам үшін де қолжетімді болды.

WWW технологиясын жасап шығарған – Т. Бернерс-Ли. Ол еуропалық CERN физикалық зертханасының қызметкері. Т. Бернерс-Лидің арқасында дүние дүрмекке ілесіп кетті. Бірқатар өнертабыстармен салыстырғанда, бір адам жасап шыққан ең озық өнертабыстардың қатарына кіреді. Желінің лайықты жұмыс істеп, күллі адамзат үшін қолжетімді болуына атсалысты.

Т. Бернерс-Лидің өнертабысы – гипермәтіндік топтама арқылы мәліметтерді интернет бетінде орналастыру қызметі болды. Құжаттардың мекенжайларын іздеудің әмбебап жүйесін орнатуға жол ашты [6, 5 б.].

Жаңа ақпараттық технологиялардың әсерінен соңғы жылдары бұқаралық коммуникация саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Медиа өзгерістер заманауи масс-медиялардың трансформациясына түбегейлі әсер етті. БАҚ жүйесіндегі модификацияның негізінде бірнеше үдерістерді қарастыруға болады.

Алдымен дигитализация (ағыл. digitalisation – цифрлық жүйеге өту терминінен алынған) дамыды. БАҚ-тың барлық формаларының – мәтіндік, графикалық, дыбыстық мазмұнының заманауи компьютерлерге таныс, цифрлық форматқа аударылу қызметі. Дигитализация мазмұнға кез келген электронды коммуникация арнасы арқылы жеңіл «тасымалдануға» мүмкіндік береді. Нәтижесінде ғаламтор, цифрлық форматтың арқасында медиа өнімдер кез келген шекарадан аса алатын, ерекше ақпараттық және коммуникациялық ортаға айналады. Дигитализация, жеке БАҚ арасындағы өзгешілікті жойып және олардың мазмұнын реттей отырып, олардың конвергенциясына жол ашады.

Кейіннен конвергенция (*лат. convergere* – жақындау, жиналу) – БАҚ-тың заманауи өзгерістерінің негізінде жатқан екінші маңызды үдеріс. «Конвергенция» ұғымының мәнін «бірігу» термині ең жақсы түрде жеткізе алады.

Зерттеуші А. Бейсенқұлов «Конвергенциялық өзгерістер журналистиканың ішкі мазмұны мен үйлесімділігіне нұқсан келтіре алмайды, бірақ оның жаңа кеңістікке шығып орнығуына жол ашады» [7, 20 б.] деп пікірін білдіреді. Конвергенцияның бүгінгі жаңа кеңістігі мультимедиамен тығыз байланысты. Өйткені, конвергенция БАҚ-тың мультимедиалығына бағыт берді.

М. Маклюэн 1960-жылдардың орта тұсындағы өзгерістерді «ғаламдық ауыл» құбылысы деп атады. Жаһандану пайдаланушыларға үлкен көлемдегі қорларға қолжетімділік береді, ал медиа ұйымдар өз кезегінде аудиториясын кеңейте алады. Берілген құбылыстың бейнесі «цифрлық алшақтық» мәселесін жиі көтереді, ал оның мәнісі, кедей мемӨлекеттер жаңашылдық шекарасынан тыс қалған уақытта қорларға қолжетімділікке тұрғындардың аз бөлігі ғана ие болады [8].

Ақпараттық өнімнің жаһандық деңгейде таралу мүмкіндігі, жасаудың жеңілдігі мен салыстырмалы түрдегі арзан болуы, аудиторияға ең нәтижелі деңгейде қызмет көрсетуін диверсификация деп атайды. БАҚ-тың мамандануы мен диверсификациясы туралы құбылысты алғаш америкалық социолог, публицист, «постиндустриялық қоғам» тұжырымдамасының авторы А. Тоффлер «Үшінші толқын» еңбегінде суреттейді. Компьютерлік технология саласындағы жылдам ілгерілеу заманауи ақпараттық-коммуникативтік ортаға үлкен өзгерістер әкелді [9].

Бүгінде компьютерлік және интернет технологияларды білу – БАҚ саласында нәтижелі еңбек студия шартына айналды. Осы орайда медиада туындаған түрлі мәселелерді зерттейтін ғылым саласы да пайда болды. Коммуникология – ақпараттық қоғамда білімді жетілдіру мен синтездеу бағыттарын анықтайтын сала.

Байланыс теориясы – ғылым салаларының басын қосады. Бұл теорияның қалыптасуы әлеуметтік-гуманитарлық, нақты ғылымдар мен ғылыми-техникалық білім саласының дамуымен тікелей байланысты [10, 28 б.]. Желілік почта қызметі байланыс теориясының қалыптасуына әсер етті.

Электронды поштаның қалыптасуы – интернет журналистиканың жаңа кезеңін бастап берді. Еркін хабар алмасу мүмкіндіктер ағынын алып келді. Адамдар интернетке сенім білдіре бастады. Пошта қызметінің жұмысы жеңілдеді. Көгершін ұшыру сияқты тәсілдер келмеске кетті де, интернет арқылы хат алмасу қанат жая бастады.

Америкада интернет басылым 1967 жылы пайда болды. Бүгінде АҚШ-та күнделікті басылым тиражы 10,6 пайызға, ал 7,1 пайызға апталық, жексенбілік газеттің тиражы 5,2 пайызға азайған. Бұл көрсеткіш интернет журналистиканың даму қарқынын көрсетеді. Апталық және күнделікті газет тиражы азайған сайын, интернет басылымдар дами түсті.

Интернет БАҚ-тағы интербелсенді газеттің негізін қалаған Дэвид Карслон. Ол 1990 жылы «The Electronic Trib» баспа нұсқасы жоқ желілік басылымды алғаш шығарушылардың бірі.

Газет немесе телеарна журналисі жазған мақала немесе сюжеті шықпай, келесіге қалып отырса, интернет журналистикада көлемге шектеу қойылмайды. Оқырмандар үшін контент мүмкіндігінше жедел әрі дәл берілуі керек. Тіпті әр қаладан топтасып, бір ұжым болып отырған сайттар бар.

Интернет – журналистиканың жетістігі болып саналады. Мысалы, baq.kz, tenginews.kz т.б. көптеген ақпараттық порталдарының аймақтарда тілшілері бар. Осылайша, жаһандық желінің пайда болуы журналист жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Қауіпсіз шеңбер орнатып, оқырмандардың жаңа дерекке қолы жетуін жылдамдатты.

Интернет журналистиканың өз ерекшеліктері бар. Ең алдымен, бұл көлемі бойынша шағын формалы ақпараттар легін құрайды. Он мың белгіден көп онлайн-эссе оқитын адамды елестету қиын. Бұдан басқа, материалдар қысқа нақты бөліктерге бөлінгені жөн. Мәтінді «жандандыратын» және аса маңызды сәттерді күшейте алатын қолжетімді құралдарын (жартылай қалың, курсив, астын сызу, таңбаланған тізімдер) пайдаланған тиімді. Журналист интернетке мәтін жазғанда гиперсілтемені дұрыс қолдана алу арқылы оқырманын жоғалтпайды.

Әлемнің озық көшінен қалмау мақсатында елімізде 2017 жылы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. Аталған құжатта ІТ технологияларды тіршіліктің барлық саласында енгізу арқылы бәсекеге қабілетті, ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу мақсаты жолға қойылды.

Компьютерлік технология саласының екпіндей қадам басуы біздің де ақпараттық-коммуникативтік ортаға үлкен өзгеріс әкелді. Экспериментальді формалар – бейне, графика, визуалды құралдар пайда болды.

«Мультимедиалық журналистика әдетте бір қолданбадағы бейнелер мен аудио комбинацияларынан тұратын мультимедиалық мазмұнды жасау немесе көрсету кезінде пайдаланылуы мүмкін технологиялардың кез келген түріне жатады. Технологияның көп бөлігі мультимедиалық өнімдерді жасау және көрсету үшін пайдаланылатын жабдықтардан тұрады. Енгізу құрылғылары микрофондар, цифрлық музыкалық аспаптар, планшеттер және цифрлық фотоаппараттарды қоса алғанда, мультимедиалық туындыларды жасаған кезде жиі қолданылады» [5, 18 б.]. Егер бастапқы материалдар мультимедиалық өнімдерді жасау үшін пайдаланылса, оларды көрсету үшін мониторлар мен экрандар, проекторлар, динамиктер, сондай-ақ жарық және лазерлік дисплейлер тағы басқа да аппараттық құрал-жабдықтар пайдаланылады.

Шетелдік ғалымдар ғаламдық компьютерлік желі жеке серверлерге бөлінбестен бүтін бір БАҚ-ты құрайтынын сөз етеді .

Бүгінде интернет жүйесі – қоғамның барлық саласында азаматтардың белсенділігін арттыруда шешуші рөл атқаруда. Мәселен, қазірде интернет конференциялар өткізу дәстүрге айналып келеді. Тіпті бұл үрдіс қарым-қатынастың тиімді түріне айналуға бастады. Мәселен, «Қазақстан» ұлттық арнасында аптасына бір рет интернет конференция өткізіліп отырады. Интернет журналистиканың ғаламдық қалыптасуы мен еліміздегі даму негізі әрқелкі болды. Әлем тәжірибесі мен отандық тәжірибені қолдана отырып, заманауи контент құрастыруға барын салып келеді.

Журналистикадағы мультимедиалық технологиялардың қазақ тіліндегі жасақтамалары әлі толық қалыптаса қоймады. Латын графикасын

қолдануды талап ететін компьютерлік құрылғылар әлі де сапалы контент жасауға кедергі болып отыр. Дегенмен де ілгерлеушілік те жоқ емес, мультимедиалық талаптарға сай өнім өндіруде редакцияларда алға ұмтылуды жалғастырып келеді.

Иллюстративті формаларда, фоторепортаж, слайд-шоу, кескіндемелік ақпараттар жарияланып жүр. Сонымен қатар интербелсенді тест сұрақтары, видеоиллюстрациялық материалдарға сұраныс бар.

Мультимедиалық ақпарат журналистиканың нарықтық механизмдерін түрлендірді. Бәсекелестік түрлері өзгеріп, жаңа принциппен жұмыс істейтін ақпараттық нарық түзелді. Халықаралық, ұлттық, аймақтық жергілікті бәсекелестік қалыптасты.

Мультимедиалық журналистика – жүрдек заман сұранысы екенін жоғарыда айттық. БАҚ-тың қазіргі индустриясы интернет коммуникация мен ақпараттық-компьютерлік технологияларды интеграциялауға бет бұрып келеді. Нәтижесінде бәсекелес компьютерлік компаниялар, кабелді телестанциялар, спутниктік телевизия қызметі жаңа нарықтағы қауіпті төмендету үшін бірігеді, жаңа технологияларды меңгерген қоғамдық арналар пайда болады. Интернет радио, интернет телеарналар, жеке қоғамдық телестудиялардың пәрмені арта түспек. Мультимедиалық, желілік, бағдарламалық өнімдерді өндіру қызметтері де бір жүйеге біріктіріледі. Әлеуметтік медиа қызметі қоғамдық пікірді қалыптастыруда ықпалы жоғарылады. Тәуелсіз авторлардың платформалары қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шваб К. Төртінші индустриялық революция / Ауд. Ақыш Н.Б., Бимендиева Л.Ә., Матыжанов К.І. – Алматы, 2018. – 200 б.
2. Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 424 б.
3. Жакып Б. Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. (генезис, эволюция, поэтика): филол. ғылымд. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. ... автореф.: 10.01.02. / – Алматы, 2004. – 53 б.
4. Жақсылықбаева, Р. С. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 229 б.
5. Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. Мультимедиалық журналистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 116 с.
6. Журналистика и конвергенция: почему и как традиционные СМИ превращаются в мультимедийные / под ред. А.Г. Качкаевой. – М., 2010. – 200 с.
7. Бейсенқұлов А. А.Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа технология негізінде даму проблемалары: Филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. автореф.: 10.10.10 / әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы, 2001. – 30 б.
8. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. –VIII том. – 340 б.

9. Monaghan G. Multimedia Journalism: a practical guide // Journalism Studies. – 2012. –Vol. 13, №4. –P. 649-650.
10. Yolsal U., Uzun E. Medianin toplamsal tarihi. – Istanbul, 2011. – 400 p.

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ ТАРИХЫ

Бибігүл Каримова,

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

Газет – бұқаралық ақпарат, үгіт-насихат, саяси күрестің негізгі құралдарының бірі. Қоғамдық өмірдің сан алуан оқиғалары, жаңалықтар жөніндегі материалдар газеттерде жедел жарияланып, бұқараға жетіп отырады. Сондықтан да газет-өмір айнасы дейміз. Газет – қоғамдық пікірдің жыршысы. Ол халықтың игілігіне қызмет етеді. «Идеялық бағытына орай газет аса маңызды саяси мәселелер жөнінде өз пікірлерін білдіріп, «дүниенің информациялық картинасын» жасайды, саяси насихат пен үгіт жүргізіп, оқырман қауымның өмір жайлы ұғымын, саяси, экономикалық, ғұрыптық мұраттары мен сенім-көзқарастарын, рухани, моральдық бейнесін қалыптастыруға зор ықпал етеді» [1, 117 б.], – деп анықтама берілген.

Демек, газет заман шындығының бетін ашып, бұқараның рухани қажетін өтеу үшін қызмет етеді. А.Байтұрсыновтың «Әуелі – газет халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» [2], – деп бағалауы да сондықтан.

Міне, осындай мәні мен маңызы зор газет шығару ісі еліміздің шығысындағы Тарбағатай өңірінде де өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолға алына бастапты. Дәлірек айтсақ, Тарбағатай аудандық «Тарбағатай» газетінің алғашқы нөмірі 1936 жылдың қазан айында шығарылыпты. Тарбағатай газеті – қоғамдық-саяси газет. Газет өзінің ұстанған позициясына, мақсат – мүддесіне орай, жалпы, ел өмірінде болып жатқан қоғамдық, саяси мәселелерге жіті көңіл аударып, сонымен бірге ел ішіндегі көптеген мәселелерді көтеріп, сол арқылы елдің сұранысына ие болған газет деп толықанды айтуға негіз бар. Газеттің жарық көргеніне биылғы жылы 84 жыл толады. Осы жылдар ішінде аудандық газет заман және қоғам өзгерістерінің аяқ алысына жете мән беріп, өмір тынысын дәлме-дәл көрсетіп, өзінің насихаттық, ұйымдастырушылық міндетіне сай қызмет ете білді деуге болады.

Тарбағатай газетінің алғашқы аты «Социалистік қарқын» деп аталып, аптасына бір рет екі бет көлемінде шығып тұрған болатын. Басы-

лымның алғашқы редакторы болып Кәдырбек Кененбаев тағайындалған. 1937-1941 жылдар аралығында газетке Құрманғали Самарханов басшылық жасаған. Сол кезеңде газет мемлекет тарапынан жүргізілген алғашқы калхоздастыру саясатын жүзеге асыруға үлес қосып, таным-тәрбиелік бағыт ұстаған.

Осы газеттің 5000-шы нөмірі 1984 жылы 11-қазан күні басылып шыққан. Газет редакторы Қ. Самарханов сол нөмірде жариялаған «Өмірмен біте қайнап» - деген мақаласында «Ол кездегі газет өзі жалғыз парақ қана еді. Алайда, соның өзін қолмен теріп, әрі қолмен айналдыратын машинамен басып шығару, оны тарату оңайға түспеді», – деп жазды.

Аудандық газетті шығарудың осындай қиындықтары уақыт өткен сайын жеңілдей түскен. Қиын кезеңдердің бәрі де тарихтың еншісінде. Бүгінгі таңда интернет, компьютер заманы газет шығаруға тың жаңалықтар әкелген.

«Тарбағатай» газеті өзінің өсу жолында, кемелдену кезеңдерінде, «Екпін», «Молшылық үшін», «Жұлдыз», «Еңбек туы», «Ақсуат арайы» қазіргі атауы «Тарбағатай» болып, заман ағымы, уақыт талабы тұрғысында аты өзгертіліп отырылды. Осы газетте әр жылдары Кенжеғазы Қасымов, Әділғажы Қасенғазин, Жұмағазы Алмабаев, Қайыртай Тұрғанбаев, Фазыл Ибрагимов, Асқар Нұрбаев, Абай Әукішев, Хамза Сәтиев, Ерғали Жұмаханов сияқты азаматтар басшылық қызмет атқарды.

Қазірде «Тарбағатай» газеті төрт бет көлемінде аптасына екі рет шығып тұрады. 6 журналист жұмыс істейді. Газеттің бүгінгі таңдағы таралымы 9 мыңға жуықтады.

Газеттің негізгі мақсаты – бұқараның, қоғамның мүддесін қорғау болса, «Тарбағатай» газеті де күйі келгенше өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып келеді деуге болады. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңның барлық қағидаларын басшылыққа алған газет ұжымы газетті мазмұнды, сапалы етіп шығаруға барлық күш-қуатын, мүмкіндіктерін жұмылдырып отыр.

Қазіргі нарық заманының талаптарына сай жұмыс ұйымдастырып отырған газет ұжымы өз-өзін қаржыландыруға көшкен. Ақылы түрде мақалалар шығару, тапсырысқа орай газет бетін көбейту сияқты жұмыс тәсілдерін жетілдіріп келеді.

Қандай болмасын, газет-журнал бәсекеге қабілетті болып, қалың оқырман көңілінен шығатындай дәрежеге көтерілуді мақсат етеді. Өзіндік бет-бейне, өзіндік ұстаным, материалдарды түрлендіріп көркемдеп беру, шығармалардың көркемдік дәрежесін жетілдіру сияқты талпыныстар «Тарбағатайға» басылымына да тән. Аудан айнасы бола оты-

рып, «Тарбағатай» газеті Ақсуат пен Ақжар өңірлерінің әлеуметтік, экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігін мемлекеттік саясат тұрғысында жан-жақты көрсетіп насихаттап келеді.

Ел және облыс көлемінде болып жататын жаңалықтарға «Тарбағатай» газетінде әр нөмір сайын тұрақты түрде тиісті орын беріп, «Жолдау – жол нұсқайды», «Аудан тынысы», «Сұраныз, жауап береміз», «Сіз, не дейсіз?», «Сыр сандық», «Адам, қоғам, заң» «Кәсіпкерлік», «Руханият», «Спорт», «Тарих», «Мәдениет» сияқты түрлі айдарлар арқылы материалдар топтамасын үздіксіз жүргізіп келеді.

Аудандық газет арқылы Елбасының сындарлы саясаты, мемлекетіміздің тұрақтылығы, халықтар достығы, ұлтаралық татулық, салт-дәстүр, имандылық, дәрігерлік қызмет пен білім беру мәселелері өзіндік мән-маңызын ашатын мақалалар оқырман талғамынан шығуда. Қазан айында сексен жылдық мерей тойы тойланатын, ақпарат әлемінде өзіндік тарихы бар «Тарбағатай газеті» –Тарбағатай өңірінің шежіресі, ел өмірінің тарихы мен мәдениеті жөніндегі деректерден сыр шертетін көненің көзі.

Өзінің алғашқы нөмірінен бастап «Тарбағатай» газеті жергілікті халықтың ең жақын баспасөзі, сырласы бола білді. Сол арқылы, заман ағымына сай, қадам басып келеді. Ауыл халқына ең жақын ақпарат көзі болғандықтан, аудандық газет халықтың сөзін сөйлеп, мұңын мұндады деуге де болады. Мысалы, 2010 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде Көкжыра мен Жәңтікей ауылдары суға кетіп, бірнеше жүздеген адам баспанасыз қалып, жаңа үйлер тұрғызу жұмысы басталып, осы ауданға бүкіл республика азаматтары көмек қолдарын созып, қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып, қиындықты жеңу мәселесі күн тәртібіне қойылған шешуші сәтте, «Тарбағатай» газеті де игілікті іске жедел үн қосты. Газеттің тұрақты шығатын төрт бетінен тыс «Ел назары өзінде – Тарбағатай» деген қосымша нөмірі екі-үш ай бойы шығарылып, ақпараттық кеңістік ұлғая түскендей болды. Көктемгі тасқын апаттарының зардаптарын жойып, жаңа үйлер тұрғызу, басқа түскен қиындықты еңбекпен, береке-бірлікпен жеңуге ұмтылған ел тіршілігі, жаңа бастамалар, тың ұсыныстар газет бетінен айшықты көрініс тапты.

«Тарбағатай» газеті мен оның оның қосымшасы қиын-қыстау күндерде қалың елдің рухани демеушісі, ақылшысы, көшбасшысы болды десек, артық емес. Бүгінгі таңда «Тарбағатай» газеті беделді де белсенді басылымдардың біріне айналғандығы шындық. Ақпарат әлемінде оның да салмақты, саликалы орны бар. Мысалы көп оқырман ең алдымен бір топ газет, журналдың ішінен аудандық «Тарбағатай» газетін іздеуі осыдан болар. Ең алдымен сол газеттің парақтарына үніледі, өйткені, «Тарбағатай»

газеті – Тарбағатай ауданының айнасы, ал айна жалған көрсетпейді, Айна тек шындықты ғана көрсетеді.

Баспасөздің орны қашан да биік. Баспасөз дегеніміз – бұқараға ақпарат жеткізудің құралы дейтін болсақ, оның ақиқатты тура айтуы, халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, солардың кәдесіне жарауы-қазақ баспасөзі үшін күн тәртібінен түспейтін, кезек күттірмейтін мәселе. Алаш көсемі, М.Дулатов:

Газет-журнал оқысаң, көзіңді қазақ ашасың,
Дүние халін білмесең, ілгері қалай басасың,
Білгіштердің соңынан шұбырып біз де ерелік,
Газеттің сөзі ертегі, ерігіп жазған демелік

– деп жырлағандай, баспасөздің, газеттің қадіріне жете білуіміз керек.

Міне, осындай қасиетті өнердің шекпенін жамылып, ел игілігі үшін қызмет етіп келе жатқан газеттің бірі де осы аудандық «Тарбағатай» газетін де айтуға болады. Алаштың аяулы Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» демекші сөз өнері әрқашанда асқақ, уақыт заңына бағынбайтын, өшпейтін асыл қазына.

Сексен төрт жылдық тарихы бар аудандық басылымның мақалаларын толықтай сараптай отырып, көптеген жаңашылдықтар мен өзіндік ерекшеліктерді байқай алдық. Басылым көтерген мәселелер көп қырлы, тақырыптық аясы кең, жанрлық түрлері жағынан сан алуан деген түйін айтамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – 3 кітап. – 117 бет.
2. Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз. (Қазақ мерзімді баспасөзінің зерттелу тарихынан): Екінші кітап. – Павлодар: Кереку, 2009. – 169 бет.
3. «Тарбағатай» газеті.

ШЕТ ЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ

Тілепберген А.М.,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Журналистика факультетінің PhD докторанты
Алматы, Қазақстан.
akmoldir@list.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада, шетелдіктердің қазақ халқына қатысты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында елімізге сапар шеккен тарихшылар мен зерттеушілердің жазған пікірлері жазылған. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, мәдениеті мен әдебиеті туралы жазған ағылшын зерттеушілері: Л.Крадер, Т.Аткинсон, Г.Флетчер, Е.Хуг, Дж. Хэнвей, К. Зельда, А. Краусс, Д. Булгер, Х. Ланделли, Э. Аллвордс, Г. Уилер және т.б еңбектеріне шолу жасалады. Отандық ғалымдарымыздың Есмағамбетов, Мусиновтың осы тақырыпта жүргізген зерттеулері осы ғылыми мақалада жалғасын тапқан. Сонымен қатар, Орта Азияға саяхат жасап, өздерінің көрген-білгендерін арнайы күнделіктеріне тізген шетел ғалымдарының жазбалары да қарастырылған.

Кілт сөздер: тарих, пікір, қазақ тақырыбы, Орта Азия, XIX ғасыр, шетелдіктер.

Ұлтымыздың мекені, қасиетті даласы ежелден-ақ шетел миссионерлері мен саяхатшыларының қатты қызығушылығын тудырған. Адамзат тарихында «Ұлы географиялық жаңалық (ашылу)» деп аталатын заман XV ғасырда басталып XVII ғасырға дейін жалғасқан. Осы уақыттар аралығында Еуропалықтар сауда-саттық мақсатында теңіз жолдарын ашып, жаңа жерлер таба бастаған. Кейінірек олардың (еуропалықтардың) назары Орта Азияға, қазақ жеріне ауа бастайды. Біздің шексіз даламыз, жарқыраған өзен-көліміз, ну ормандарымыз, асқар тауларымыз әрине қызықтырмай қоймайтын еді. Ағылшын, неміс, француз қала берді көршілес орыс саяхатшыларының әсіресе, жорыққа шыққан офицерлерінің күнделік жазбаларынан айқын көрініс тауып, сол кездегі халқымыздың, тұрмыс-тіршілігінен, әлеуметтік жағдайынан мол мағлұматтар бүгінгі күнге жеткеніне көзіміз жетіп тұр.

Орта ғасырларда (XVII ғасыр) Орталық Еуразия туралы жазбаша пікір қалдырған ағылшындардың бірі Роджер Бэкон болды. Роджер Бэкон «Команияны-Половецкая степь» даласының тарихи-географиялық сипаттамасын бере отыра, Дон мен Еділдің тоғысы мен одан шығысына қарай Жеті өзенге дейінгі жерлердің (Қаңлылар мекенін) саяси және этникалық

өзгерістерін сипаттайды. Бэконның тарихи-географиялық сипаттамалары орта ғасырларға тән типтік жинақ болды. Кейінірек ағылшын авторлары ұзақ уақыт бойы италян, француз және испан дерекнамаларын сондай-ақ латын және араб тілдеріндегі аудармаларды пайдаланды. Тек XVIII ғасырда Британдықтардың Азия туралы алғашқы ақпараттарды Шығыс елдеріндегі отандастарының сауда қызметі арқылы алуға мүмкіндігі болды. Энтони Дженкинсон 1558-1559 және 1562-1563 жылдары Ресейден Иранға екі рет сапар шегіп, қазақ даласы мен Орта Азияны аралаған ағылшын саяхатшыларының тізімін атап көрсетті. Өз күнделігінде Оралдың шығысындағы дала «Қазақия» деп аталады деп қазақтар туралы этнографиялық сипаттама материалдар, сондай-ақ сол кездегі Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия хандықтарының саяси тарихы туралы материалдар берілген. Сонымен қатар, Оралдың шығыс аймақтарында Ричард Джонсон (1565-1567), Артур Эдвардс және Лоуренс Чапман (1568) Энтон Марис пен Френсис Черри (1587) саяхаттаған. Біраз уақыттан кейін, бұл материалдар 1598-1660 жылдары Ричард Хаклейттің «Хаклейттік жиынтық» деп аталатын жинақта түрлі ағылшын саяхатшыларының құжаттар, сипаттамалар, күнделіктер мен жазбалар жинағында жарияланады [1].

Ағылшын зерттеушісі Джордж Демко «The Russian Colonization of Kazakhstan» деп аталатын кітабында еліміздің биік шыңдары мен тауларына қызыға қарап, мынандай сипаттама береді: «Қазақстанның ең көрнекті топографиялық ерекшеліктерінің бірі – Мұғалжар таулары. Бұл таулар Орал жотасының оңтүстігінде орналасқан, олар Қазақстанда екі параллельді жоталарға бөлінеді. Жоталардың екеуі де үздіксіз емес, бірақ екеуі де қатты окшауланған массивтер түрінде пайда болады. Бағыс жотасы екеуінің ең биік және тік жері болып табылады, дегенмен биіктігі сирек 1000 футтан асады. Мұғалжардың солтүстік бөлігі дала аймағында, ал оңтүстік бөлігі шөлейт жерде орналасқан. Мұзды мұхиттың солтүстігінде және Арал теңізі мен оңтүстігінде Балқаш көлінің арасындағы дренажды бөлуді құрайтын қазақтың биік таулығы – бұл жергілікті тау бөктері. Бұл аймақтың рельефі орталық таулардан төбешік жазыққа дейін созылады. Қазақ тауының солтүстік-шығыс бұрышы дала аймағында, ал оңтүстік бөлігі шөлейт жерде орналасқан. Таулы аймақтар – Алтай және Тянь-Шань сілемдерінің бөліктері. Алтайдың тауларының Қазақстанның шығыс шетіне созылатын шағын бөлігі – бұл тау бөктерінде, биіктігі сирек 2000 футтан асады. Бұл аймақ сулары көп аңғарлардың бірі болып табылады. Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі екі таулы аймақ Тянь-Шань сілемінің құрамына кіреді, салыстырмалы түрде биік және таулы аймақтар болып табылады, онда ең биіктері 5000 футтан асады. Осы таулардың

негізіндегі тау етегі жолағы құнарлы топырақпен жабылған, оны көптеген биіктіктерден ағатын ұсақ ағындар суарады» [2]. Автор бұл еңбегінде, қазақ халқына тиесілі бүкіл аймақ пен жерлерінде шоғырланған халықтың санын, табиғатын зерттеген.

XVIII ғасырда Орта Азия аймағына келген алғашқы британдық шотланд дәрігері Джон Белл 1714 жылы орыстармен араласып 1715 жылы А. Вольнскийдің Ирандағы экспедициясына қатысты. Өзінің естелігінде Ресейдің Хиуаға жасаған құйтырқы әрекеттері туралы жазады. Сонымен қатар Сібірге барып Семей туралы да тарихи-этнографиялық сипаттама береді. Елімізге қызығушылық танытқан келесі саяхатшымыз Джон Элтон болды. Тек қана қазақтар тұратын өңірде Джон Элтон төрт жыл бойы алдымен Орынбор экспедициясының құрамында қызмет атқарған (1734-1738). Элтон, кіші жүз мекендеген аймақтардың біршамасын аралап, XVIII ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстанда жүргізілген сан алуан экспедицияларды, Еділ мен Жайық облыстарының географиялық карталары және экспедиция басшылығы жүргізген келіссөздерді қамтитын материалдар жинақтаған. Бұл Ресей протекторатының кіші жүзді мойындай бастаған алғашқы жылдары еді. Дәл осы жылы Әбілқайыр мен ол бастаған жүзге деген қызығушылық арта түскен кез еді. Бұл қызығушылық 1736 жылы Арал маңындағы Әбілқайырдың бас кеңсесінде болған Орынбор экспедициясының тағы бір мүшесі Джон Каствлдың күнделігінде көрініс тапты. Джон Каствлдың күнделігінде (1741 ж.) даладағы жағдай, қазақтардың қоғамдық өмірі, аймақтың табиғаты, Әбілқайырдың саяси ортасы, сол кезеңдегі қазақтар арасындағы әскери қызметтер, қазақтардың күнделікті өмірінің этнографиялық эскиздері, психологиясы мен әдет-ғұрыптары туралы өте маңызды және егжей-тегжейлі ақпараттарды қамтыды [3]. Күнделік 1874 жылы Ригада автордың толықтыруларымен жарық көрді. Батыс Қазақстанда белсенді қызмет етіп, Орта Азия хандықтарымен сауда жасаған ағылшын саудагерлерінің ішінде 1740-1741 Орынбордан Хиуа мен Бұқараға саяхаттаған Рейнолд Хоуг болды. Коммерциялық маңызы бар ақпараттардан басқа Хоуг, Хиуа жоңғарлары мен қазақтар, қарақалпақтардың орыстармен қарым-қатынасы және Ресей саясатының Орта Азиядағы болашағы туралы материалдар жинады. 1744-1748 жылдары британдық, шотландық дәрігері Джон Куг та М. Голициннің Ирандағы елшілігіне қатысты. Куг өзінің мемуарларында Батыс Қазақстан туралы географиялық және этнографиялық мәліметтерді қалдырды [4]. Дж. Хэнвейдің Иранға жасаған сапарынан бастап өз отандастарынан саяхаттары туралы материалдар жинай бастаған. Дж. Хэнвейде барлық естеліктер мен күнделіктер, оның «Британдық сауда Каспий теңізі арқылы» атты та-

рихи баяндамасы [5]. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың өмірін көрген және сипаттаған, Иран-Каспийдегі британдықтардың әрекетімен созылған ағылшын авторларының ұжымдық жұмысы. 1830 жылдардың аяғы 1840 жылдардың басында Ч.Стаддер, Джеймс Эббот, Ричмонд Шекспир және Артур Конолидің бірнеше әскери барлау экспедициялары өтті. Олардың жүргізген есептерінде ағылшындардың белсенділігі дипломатиялық және барлау миссияларының шеңберінен өтіп, Англия мен Орта Азия хандықтары арасында антиресейлік одақ құру нақты жоспарға айналғанын көрсетеді. Мұны Эбботтың баяндамасын анық аңғаруға болады [6]. Капитан Эббот сонымен қатар өзінің қызыққа толы оқиғаларын қазақтардың Каспий маңындағы жерлерде сипаттаған. Сонымен қатар кіші жүз қазақтарының тұрмысын, әдет-ғұрпын аса қызығушылықпен бақылаған.

1848 жылы ағылшын саяхатшысы әрі суретшісі Томас Аткинсон мен оның жұбайы Люсидің жеті жылға созылған эпосы басталды. Т.Аткинсонның «Шығыс және Батыс Сібірдегі зерттеулер» атты кітабы жарық көрді. Кейінірек, Т. Аткинсонның өлімінен кейін әйелі Люси өзінің естеліктерін жариялады [7]. Аткинсон кітаптары бұл сол кездің әдебиетіндегі жаңа серпін болатын. Авторлар көркем құндылықтан басқа оқырмандарға куәгерлердің көзімен суреттелген және жинақталған көптеген материалдарды ұсынды. Бұл Қазақстанның шығыс аймақтарының егжей-тегжейлі сипаттамасы, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, күнделікті эскиздер, аңыздар, поэтикалық және эпикалық шығармалар, материалдық ескерткіштерінің сипаттамалары. Т. Аткинсонның шығармасы әдебиет әлемінде үлкен резонанс туғызды, бірнеше рет қайта басылып шықты оның ішінде XX ғасырда (1865 жылы орыс тіліне аударылды). Англия мен Ресейдің Орта Азияға қойған мақсаттарындағы айырмашылықтар аймақты зерттеу, материалдарды іріктеу, белгілі бір мәселелерге баса назар аудару, сонымен қатар терминологиядағы айырмашылықтар да көрінді. Ағылшын зерттеушілерінің басты еңбегі сол кезде жалпыға белгілі болған «Түркістан» терминін енгізу болды. Егер XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс дереккөздерінде қазақ даласын «Дала мекені» ал, оңтүстігінде орналасқан жерлерді – «Бұқария» (немесе Ұлы Бұқария) деп атаған. Ағылшындар тарихи және лингвистикалық аспектілерде басым факторды аймақтағы халықтардың көпшілігі түркітестек екендігін баса айтқан. Тарих ғылымның кандидаты өзінің зерттеулерінде Көшім Есмағамбетов Т. Аткинсонның кітабында Семей, Аякөз, Қапал, Верный т.б қалалар мен бекіністерде тұратын халық саны, тұрғындарының кәсібі туралы мәліметтер көп берілген. Зайсан көлінің балық байлығын, Шыңғыстауда

күміс кенінің табылуы, Змеиногорск маңындағы бал шаруашылығы, қазақтың феодалдық топтарының арасындағы талас-тартыс жөнінде кітаптың бірнеше тарауларында баяндалған дейді. Сол өңірдегі Махмуд деген байдың үйінде болған Т.Аткинсон қазақ ақынын кездестіргендегі жазған естелігінде, «өткен өмірдегі батырлық туралы мына ақынның жырын юақташылардың ықылас қоя тыңдағаны соншалық, тіпті кезінде Гомер де мұндай ілтипатқа ие болмаған шығар. Қазақ ақынының өз халықпына ықпалы Гомердің гректерге ықпалынан мысқалдай кем емес. Бастапқыда таулар мен далалардың сұлулығы, қазақтың сәйгүліктері туралы жырланғанда тыңдаушылар үнсіз отырған еді, ал даңқты айқастар туралы жырлай бастағанында олардың жүздері өзгеріп сала берді. Тіпті кейбірі орындарынан атып тұрып айбалталарына жармасты... Міне, сауаты жоқ дала жырауының өз бауырластарының жан дүниесін баурап алар күші осындай. Оның шабытты өлеңдерін мен ұзақ тыңдадым» делінген. Расында да XIX ғасырда бостандық рухты жырлаған Махамбет, Шернияз, зар заман әдебиетінің айтулы тұлғалары Шортанбай, Мұрат, Дулат, Әубәкір сияқты елін сүйген ақындардың бірімен кездескен шығар деп жобалаймын.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы еліміз туралы барлық ғалымдардың зерттеулері ағылшын тарихнамасына енген. Атап айтсақ, В.Ричлер-Ричмерс, Р.Берслем, Г.Равлисон, Ф.Бернаби, еңбектері. Аталған серияда көп саяхат жасаған және Орталық Азия туралы жазған ағылшын журналисті және ғалымы Д.Булджердің кітаптары ерекше. Ол Якуб-бектің өмірі [8] Англия мен Ресейдің Орта Азиядағы кітаптары [9], Орта Азия портреттері, және Орта Азия сұрақтары [10] авторларының бірі. Булджердің еңбектері танымдық материалға бай болған, сол кезеңнің еуропалық тарихнамасында елеулі құбылыс болған. Өздеріңізге белгілі, XX ғасырдың тарихи дамуында қазақ кеңестік әдебиеті идеологиялық және көркем биіктерге жетті, бұл бүкіл одақтық көркем әдебиеттің қазынасын толықтырып, байытуға мүмкіндік берді. Жас қазақ кеңестік әдебиеті, ұлттық өмірдің барлық салаларындағы тың мәселелерді көтерді, соның арқасында оның бүкіл одаққа танылуына әкелген осындай көркемдік құндылықтар пайда болды.

Қазақстандық авторлардың шығармалары Батыс пен Шығыс халықтарының көптеген тілдеріне аударыла бастады. Қазақстан шетелде жарияланған шығармалардың саны жағынан Кеңес Одағы елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып саналады. Шынында, Абайдың өлеңдері, М.Әуезовтың романдары, С. Мұқанов, Г.Мүсрепов, Г.Мұстафин, Т.Ахтанов, А.Нұрпейісов, Б.Момышұлы, А.Әлімжановтың шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылып, жарық көре бастады [11].

Эдвард Алвордстың айтуынша, XIX ғасырда қазақ елі жаппай сауат ашуға бағытталды. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин сынды көзі ашық интеллигенттер Орта Азия халықтарының білім алуына бар күшін салды дейді. XIX ғасырда болған ең басты жетістік те осы еді. Олардың ең бастысы қоғамды «зиялылар» қатарына қосу еді [12]. Бұл орайда Садриддин Айния өз естеліктерінде, бұл халыққа деген жанашырлық сезімі дейді. XX ғасырдың басында 1915 жылдары өзін сауатты деп таныған әр кәсіби маман бос уақытын жазу мен сызуға арнады. Бұл әлеуметтің бірден таза-рып шыға келгенің айғағы сияқты болып көрінеді. Орта Азияның ішінде қазақ интеллигенцияның көшін бастаған Алаш Орда ұлттық партиясының негізін қалаушы, 1917 жылғы бүкілресейлік жиналыстар басқармасының мүшесі, ҚазАССР басқармасының белді қайраткері, 1920 жылы қазақ білім беру комиссары, белді қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы болды. Автор, сол кездегі түркі тілдес халықтарының арасында біршама зерттеулер жүргізіп, мынандай фактілер келтіреді: түркі тілдес халықтары мен ирандықтардың 10 млн халықының кейінірек Орта Азияға толыққан орыс және украин халықтарын қосқанда 1145000 ның 6 пайызы ғана Хиуа мен Бұқараны қоспағанда 1915 жылы оқып, жаза алды. Ферғана облысында тұратын халықтың 0,6 пайызы 1915 жылы 99,1 пайызға көтерілді. Бүкіл ұлттың сауат ашу дәрежесі 2,9 пайызды құрады. 1207400 халқы бар Самарканд облысында 3,2 пайызға дейін көтерілді. Хиуа мен Бұқараны қосқанда жалпы сауатты халықтар саны 1926 жылы 3,5 ге жетті. Өзіңіз байқап отырғандай халықтың сауат ашуға деген құлшынысы көп байқалмады.

Республика бойынша жоғары білімі бар адамдардың саны

	Жоғары білімі			Мың адамға шаққанда жоғары білімі бар адамдар саны	
	1939	1959	1959(1939=100)	1939	1959
КСРО.....	1.177	3.778	321	6	18
Өзбек КСР.....	20	105	532	3	13
Қазақ КСР.....	27	114	415	4	12
Қырғыз КСР.....	3	27	837	2	13
Тәжік КСР.....	3	21	694	2	10
Түрікмен КСР.....	4	20	491	3	13

Республика бойынша барлық типтегі жалпы білім беретін мектептер. (жұмыс жасайтын және ауыл жастары мен ересек мектептерін қосқанда; оқу жылының басы)

	Барлық типтегі жалпы білім беретін мектептер саны						Оқушылар саны (мың)					
	1914/15	1940-1941	1955-1956	1958-1959	1959-1960	1960-1961	1914/15	1940-1941	1955-1956	1958-1959	1959-1960	1960-1961
КСРО...	123.687	198.834	213.023	215.163	220.568	224.452	9.656	35.552	30.070	31.483	33.364	36.186
Өзбек КСР...	165	5.448	6.418	6.877	7.165	7.511	17.5	1.315	1.350	1.373	1.431	1.552
Қазақ КСР...	2.006	7.971	9.658	10.252	10.296	10.401	105	1.158	1.344	1.519	1.634	1.816
Қырғыз КСР...	107	1.698	1.900	1.902	1.923	1.978	7	334	326	341	360	398
Тәжік КСР...	10	2.789	2.784	2.800	2.885	2.934	0.4	315	334	344	366	393
Түрікмен КСР...	58	1.528	1.281	1.348	1.429	1.467	7	252	232	248	261	279

[13]

Зерттеуші ғалым Джефри Виллер «The peoples of Soviet Central Asia» атты кітабында, «XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда қазақтардан құралған жазушылар тобы пайда болды. Олардың басты мақсаты қазақтарды заманауи ұлтқа айналдыру еді. Осы топтың алдыңғы қатарлы зиялылары Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы болды. Олардың ішінде Абай Құнанбайұлы орыс әдебиетін жатқа білсе, Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уалиханов араб және парсы әдебиетін жатық меңгерген. Абай, біріншіден, ақын болғандықтан, бүкіл мәселені прозамен жеткізгенді жақсы көрді. Уалиханов қазақ мәдениетін орыстарға танытуды басты мақсатқа алса, Алтынсарин білім беру реформасына баса назар аударды», делінген [14]. Осылайша, елім деп, жерім деп, халқымды қалай болса да сауаттандырамын деп халқымызға жаны ашып, өмірінің соңына дейін өз мақсаттарының соңында өткен зиялыларымыз өзге ұлттың таңданысын туғыза берді.

Қазақ елі туралы шетелдік басылымдарда мақала-мәліметтердің жарық көруі, шетел саяхатшылары мен жиһанкездерінің қазақ жері мен еліне деген қызығушылығы басталған кезден басталды. Олар әуелі Орта Азияға аңсарлары ауып, Ресей арқылы біздің кең байтақ даламызға келіп, біздің әдет-ғұрып, салт дәстүрімізге қанығып, қонақжайлығымызға риза боп, бас иіп Орта Азияға аттанып жатты. Жоғарыда атап өткеніміздей Энтони Дженкинсон 1558-1559 және 1562-1563 жылдары Ресейден Иранға екі рет сапар шегіп, қазақ даласы мен Орта Азияны аралаған ағылшын саяхатшыларының тізімін атап көрсетті. Өз күнделігінде Оралдың шығысындағы ұлт «Қазақия» деп аталады деп қазақтар туралы сипаттама материалдар, сондай-ақ сол кездегі Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия халықтарының саяси тарихы туралы да жазған. Тарихшы Көшім Есмағамбетов өз зерттеулерінде шетел басылымдарында жарияланған қазақ ұлтына қатысты материалдарға жіті назар аударып, бірнеше мақала мен ұлтымызға қатысты құнды мәліметтерді

тауып жариялап кетті. Өзінің 1992 жылы жарық көрген «Что писали о нас на Западе» атты кітабында 1917 жылға дейін Батыс Еуропа мен Америкада жарияланған басылымдардың толық нұсқасы берілген [15]. Солардың бірі Томас Аткинсон мен жұбайы Люсидің жазбалары. Бұл жазбалардан ұлтымыздың сол заманғы тұрмыс-тіршілігінен деректер мен мағлұматтар аламыз. Сонымен қатар Орта Азияның өзге елде зерттелуі туралы көптеген мағлұматтар жинаған саясаттану ғылымынң докторы Мурат Лаумилин. Оның жарық көрген мақалалары мен жазған еңбектеріндегі ақпараттарға қарап, елімізге деген қызығушылықтың жыл сайын артқанын байқаймыз. Мінеки, ежелгі саяхатшылар мен әскери экспедицияларының қазақ жеріне жасаған жорығының нәтижелері.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Fletcher G. Essay upon some probable Grounds that the Tartars. – London, 1677.
2. George J. Demko. The Russian Colonization of Kazakhstan 1896-1916. Indiana university, Bloomington Mouton and Co., The Hague. The Netherlands. 20-21 p.
3. Esmagambetov K.L. Reality and falsification. Anglo-American historiography of Kazakhstan. Alma-Ata, 1976., It is. Kazakhstan in the works of Western authors. – Alma-Ata, 1979 (in Russian).
4. Huc E.R., Gabet J. Recollections of a Journey through Tartary, Thibet and China. – New York: Broadway Travelers, 1852 (2nd ed. Introduction by P. Pelliot. – London, 1928).
5. Hanway J. An Historical account of the British Trade over the Caspian Sea. Vol. 1–4. – London, 1758.
6. Abbot J. Narative of Joutney from Heart to Khiva, Moskow and St.Petersburgh during the late Russian Invasion of Khiva, with some account of the Court of Khiva and the Kingdom of Khaurism. 2 vols. – London, 1843.
7. Atkinson T.W. Oriental and Western Siberia, a narrative of 7 years explorations and adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz steppes, Chinese Tartary and Part of Central Asia. – London, 1858.
8. Boulger D.C. England and Russia in Central Asia. 2 vols. – London, 1879.
9. Boulger D. Central Asian Portraits. The Celebrities of the Khanates and the Neighbouring States. – London, 1880. – 310 p.
10. Boulger D.C. Central Asians Questions. – London, 1885. – 475.
11. Ш. К. Сатпаева, А. О. Мусинов «Казахская литература в оценке зарубежной критики». – Алма-Ата, 1971. – 7 стр.
12. Allworth E, Central Asia.: A century of Russian rule. N.Y.,L.,1967.
13. Krader L. Peoples of Central Asia. – London, 1963.
14. Geofrey Wheeler. The peoples of Soviet Central Asia. Penselvania 1966, p 106-107.

15. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 240 бет.

А. ЖАНАЕВТЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ МЕН КҮНДЕЛІКТЕРІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТІК ПАЙЫМДАУ

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.*

Қазіргі қазақ баспасөзінде жеңіл оқылып, тез қабылданатын, оқырман-ның қызығушылығын оятатын жанрлар қатарында новелла, эссе, күнделік деуге болады. Зерттеушілердің пікірінше, оқырман өзгенің ойын, пікірін білуге және танымал тұлғалар жайлы жазылған туындыларды оқиды. Әдебиет пен публицистиканың ортақ белгілері жинақталған күнделікте сол уақыттың нақты дерегін, шынайы көрінісін дәлме-дәл айқындауға болады. Бұл ретте күнделіктің құжаттық, деректік маңызы арта түседі.

Қазіргі ақпараттар ағыны мен жаңа технологияның қарыштап дамыған түсінде интернет журналистика да белсенді ақпарат тарату құралына айналды. Ғаламтор желісінде блог қарапайым тілмен күнделік деп түсіндіріледі. Блог – автордың немес журналистің еркін пікірін білдіруіне, ойын ашық айтуына арналған мінбер. Бүгінгі таңда қазақ блоггерлері біршама танылып келеді. Әлемдегі ең қарт блоггер Қытайдың 94 жастағы тұрғыны екенін жұрт жарыса жазып жатыр.

Күнделік жайлы Д. Рэндаль өзінің «Универсальный журналист» кітабында журналистік зерттеу жүргізу барысында тілшіге ең алдымен оқиғаның қалай өрбуі жайлы күнделік пен атқарылған жұмыстарды, кездескен адамдардың деректерін жазып отыратын қойын кітапшасының маңызы зор екендігін айтады. Қазақ әдебиетінде күнделік жазып қалдырған қаламгерлер жетерлік.

Естелік пен күнделік жазбалардың жанрлық ерекшеліктері жайлы әлі күнге арнайы ғылыми тұрғыдан зерттелмеген. Тек екеуінің де оқырманға жеңіл қабылданатыны, онда сараптамалық, философиялық, дидактикалық ойлардың басым әрі еркін көрінетіні айтылады. Эпистолярлық публицистикаға жататын күнделік, естелік, эссе, хат жанрларының өзіндік ерекшеліктері жайлы пікірлерді профессор Б. Жақып, К. Қамзиннің еңбектерінен ғана кездестіреміз. Оның өзінде ғалымдар оның тарихына және жанрлық ерекшеліктеріне ғана тоқталған.

Күнделік – эпистолярлық публицистиканың жанры. Күнделік – ойдың кені, күнделік қызық жанр. Күнделік – өткен күннің белгісі. Күнделік шығармашылық бола тұра өте қарапайы күнделікті тұрмыстық қажеттіліктің өзі басты тақырыбы бола алады. А.Жанаев күнделіктерінің өз ерекшелігі бар. А.Жанаев кейде көңіл сырын кеңінен отырып, көсілтіп жазса, кейде бір-екі сөйлем ғана берген. Кейде тіпті өлең жолдарымен жеткізген. Тіпті күнделіктерінде күлкінің, артық сөздің зияны мен пайдасы жайлы да өз ойларын тұжырымдап, жинақтап ұсынған.

Ең бастысы – күнделіктерінде дерек пен оқиғаға аса мән берген. «Көп кешікпей Қазақ радиосынан Ә.Егізбаев жайлы музыкалық очерк берілді. Көлемі 45 минуттық. Әдетте радио жарты сағаттан артық хабар бере бермейді. Мұны берді. Абырой болғанда хабар тыңдаушылардан жақсы баға алды. Алтын қорға алынып, әлі күнге шейін сақтаулы тұр. Осы хабардан кейін Көшенейді республика түгел білетін болды. Ұлттық ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шақырып, оған «фольклоршы-зерттеуші» деген куәлік табыс етті». Күнделік 2003 жылдың 2 қаңтарында жызылыпты. «Көшенейдің Мәскеуде көз жұмып, асыл азаматтан лезде айырылып қалғаны жайлы жазады». Күнделік соңында «Жырауда қамау тер деген болады. Тер шықпай – үн де шықпайды» деп түйін жасайды.

А.Жанаевтың күнделігі осылай жалғаса береді. Күнделікте жазған ой-толғаныстары көбіне естеліктерімен үндесіп жинақтала түседі. Бұдан байқағанымыз, естеліктер, жалпы ғұмырнамалық туындылар күнделікке сүйене отырып жазылғанға ұқсайды.

Келесі бір естелік Ш.Тәжібаевқа арналады. М.Мәметованың рота командирі, №1 рота командирі, 100 – дербес атқыштар бригадасы, №1 рота командирі.

«Бұл 1968 жылдың 14 қыркүйегінде болатын. Бұл күндері Шәкірдің үйінде көзі тірісінде мен жазып алған ұнтаспалар сақтаулы тұр. Невель қаласының маңында Ступино қыраты бар. Сол жерде Мәншүктің пулеметі орнатылған еді. Осы жерде Мәншүк қаза тапты. Жаны шықпай тұрып, бірінші жеткен де осы Шәкір еді. Мәншүкті Кеңес Одағының батырлығына ұсынған, сол құжатқа қол қойған осы Шәкір мен Сақтаған Бәйішев болатын. Шәкірдің Невильге сапары жайлы «Псковская правда» газеті жазды.

Жетім балалар үйінде ақын Ә.Тәжібаевпен бірге оқыған, екеуі жан жолдас еді. №3 екпінді армияның командалық бастығы гасицкий еді. Бұл туралы Қ.Шәріповтің «Қаруластар» кітабында баяндалған. Мергендер Ыбырайым Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Жекен Жұмақановтармен бірге болған Шәкең майданда.

60-жылдардың аяғында Шәкең жайлы очерк Қазақ радиосынан берілді. 2002 жылдың қыркүйек айында «Ақмешіт апталығы» газетінде көлемді очеркі жарияланды», – делінген.

А.Жанаевтың күнделіктерінде нақты деректер мен оқиғалар жайлы мәліметтерді жиі кезедіріп отырамыз. Тіпті жай көңіл бөліне бермейтін ақпараттың өзін тәтпіштеп түсіндіру публицистің өзіндік ерекшелігін аңғартса керек. Мәселен, жоғарыда аталған азаматтар жайлы жазылған очерк қай жылы, ол кезде олар қайда қызмет жасайтын еді, олармен әңгімеге кімдер қатысты, кездесуден кейін қандай әсерде болды т.с.с ойларын ашық әңгімелеп отырған.

Жоғарыда күнделіктің тұрмыстық тақырыпқа жазылса да қызықты шығатынын айтқанбыз. А.Жанаев күнделігін өзінің жан досына, сырласына айналдырып алғандай. Мәселен, «2002 жылдың 17-19 шілде күндері Ақтөбе қаласында тұратын аталас ініміз И.Әміров ініміздің шақыруымен алыстағы ағайындардың сый-сияпатын көріп, елімізге Меккенің жүзін көріп қайтқандай керемет әсермен оралдық.

Қарғалы өзенінің бойындағы демалыс сәтті де тамаша болдыу Мұның бәрін тілмен жеткізіп айтып шығу да оңай емес. Бұл үшін оны көру керек-ақ. Мәселе алған, берген де тұрған жоқ, кіршіксіз пәк көңілдерін айтсаңызшы?!» – деп аяқталыпты.

А.Жанаевта сезімталдық, риторикалық сұрақтарды жиі қолданып, қанатты сөздерді қолдануда ерекше стилистикалық әдіс бар. А.Жанаев күнделіктерінің ерекшелігі – деректілігінде. Қаламгердің сөйлемдері қысқа да анық, көбіне афоризмге жақын. Тіпті күнделіктерінде қазақтың нақыл сөздерін жиі жазып отырған. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің әйел жайлы ойларын аталмыш қолжазбаның келесі беттерін оқи аламыз. «Әйел ашынғанда емес, мойныға асылғанда қауіпті», «Жүрегіне жол таба білсең, жаны еріп сала бермейтін әйел жоқ» және т.б.

Публицист А.Жанаевтың күнделіктерінде жиі кездесетін деректердің бірі – өзінің шыққан тегі мен ата-бабалары жайлы мәліметтер. Мәселен, автор Жанаевтар әулетінің шежіресін жазған. Кезінде «халық жауы» атанған әкесінің көзін көрген, замандас болған кісілердің тізімі жасалған. Бұл еңбектер де бір рудың немесе бір әулеттің ғана тақырыбы емес. Қарға тамырлы қазақ өзінің шыққан тегін білуі керек.

Белгілі ғалым, публицист А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» деген еңбегі алты алаштың баласының шыққан тегін түгендейтінін ескерсек, А.Жанаев та алдымен өз аталарын зерттеуді жөн көрген. Мәселен, «Өмірқұл және одан өрген батырлар, билер, болыстар жайлы қысқаша деректер» жоғарыдағы ойдың нақты мысалы бол алады. Тіпті осы батыр-

лардан қалған жәдігерлер жайлы кейбір деректерді де ұсынады. «Сейілдің ағасы Тобағабылдың шоқпары ақсулық Өмірқұл табын Жақанұлы Ондасынның отбасында. Сейілдің шоқпары Токберлі табын Әбілдаұлы Өрғараның үйінде, ал жайнамазы мен тақиясы немересі Әлібекұлы Зиядиннің шаңырағында көрінеді.

Сәдуақұлы Әкімбектің үйінде Ағайдардың өзі пайдаланған киіз үйі мен қылышы бар». Мұндай қызықты деректерді ұлы адамдар өмірінен де жинақтап, күнделікке жазып қойған. Мәселен, Ислам дінінің құдіреті жайлы И.Буниннің «Мен құранды оқып, таң қалдым», Томас Глайтон «Мұсылмандардың арасында нәсілдік кемсітушілік, адамның түр-түсіне, тіліне қарап бөтенсу жоқ екен. Намаз үстінде президент те, кедей де тең дәрежеде, екеуін де бір-бірінен ажырата алмайсың. Мен сондықтан да ислам дінін қабылдаймын» деп жазыпты.

Ақын Ө.Тәжібаевтың анасы Айманкүлдің бірнеше өлеңдерін де жазып, соңынан ол кісінің өмірбаянына тоқталады.

А.Жанаев жазбаларында қызықты мәліметтерді көптеп кездестіруге болады. Әсіресе тарихи-танымдық деректер оқырман қызығушылығын оятары анық. «Аса бойлы болмасаң да, ойлы болғаның ләзім» деген тақырыппен берілген күнделік беттерінде: «Ресей ғалымдарының пайымдауынша, ел басқаруға ұлы өзгерістер жасауға бойшаңдардан гөрі орта бойлылар қолайлырақ сыңайлы. Мысалы, Еуропаның жартысына жуығын жаулап алған Наполеон Бонапарттың бойы – 169 см. Әлемге әйгілі қолбасшылар: Темірлан (Ақсақ Темір) – 145, Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) мен Карл Великий - 150, Муссолино – 160, Гитлер – 165. Ал бірінші Петрдің (ұлы реформатор) бойы – 204 см. Н.Хрущев – 166, Л.Брежнев - 176, М.Горбачев – 175. Ал Борис Ельциннің бойы – 188 см.

Ең бойшаң жандар – Африкада, ол ең қысқа адамдар Вьетнамда. Филиппин аралдарында және Тайландта тұрады». А.Жанаевтың күнделіктерінде мұндай қызықты деректер мен мәліметтер жиі кездеседі. Асылында, публицист өзі білімін үнемі толықтырып отыруды дағдыға айналдыруы тиіс. Журналистің тіл байлығы, сөзге шеберлігі сондай тәжірибелер арқылы ғана қалыптасады. Мәселен, «Күлкінің пайдасы мол», «Жақсы сөз – жарым ырыс. Ол жәннатқа бастайды», «Атақ-даңқ жайлы ұлықтар не дейді екен?», «Сөйлей білу, сөз жайлы Құран Кәрім былай дейді» атты жазбаларында нақыл сөздер мен қызықты деректерді жинақтаған.

2003 жылдың 3 қаңтарында жазған «Өз пайымдауларым» атты жазбаларында түйінді пікірлерін қысқа қайырып отырған. Қаламгердің дара қолтаңбасын қалыптастыруда мұндай тұжырымдардың аз сөзге көп мағына сыйғыза білудің маңызы ерекше. Мәселен, «Жапонияда туристік сапармен барған шетелдіктер жанындағы серіктерінен ажырап қалып, бір-бірін

қатты айқайлап шақырар болса, оны әбестікке санайды екен. Олар біздің Токиода сан миллиондаған халық тұрады, солардың барлығы да сіздер сияқты даурығар болса, онда үлкен шаһар азан-қазан болмай ма? – дейтін көрінеді. Өне, шығыс халықтарына тән сыпайылық, инабаттылық, ізеттілік қандай?» [1, 15].

Тағы бірде публицист: «Қазіргі «жаңа қазақтар» мәйекті тіліміздің бәсін түсіріп, шұбарлап-ақ жатыр. Өздерінше сөз тіркестерін жасауға құмар-ақ. Қиынды болса ғой, онда қарсы дау айтып неміз бар? Мысалы, жұмыс істейді дегенді жұмыс жасайды деп жүр», - деп реніш білдіреді. Тіл шұбарлығына, сөз мәдениетіне қатысты соңғы жылдары көпшілікті былай қойғанда, журналистерге де көп сындар айтылып жүр. Ауызекі сөйлеу тілін бұрмалап сөйлеу, орысша ойлап, қазақша жеткізудің нәтижесінде неше түрлі мәнсіз, мағынасыз сөйлемдер мерзімді басылымдар мен теле-радиоарналарды басып алды. Бұл орайда А.Жанаев көтерген мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігін байқаймыз.

«Атам қазақ ақиқатты ежелден пір тұтқан, қасиетті туындай қастерлеп өткен. Халық арасында «Атам өлесе өлсін, бірақ ақиқат өлмесін» деген ұғымның қалыптасуы да тегін болмаса керек. Өкінішке орай, ақиқаттан гөрі жалғандық пен суайттық етек алып бара жатқандай. Бр таңқаларлығы – осынау жаман әдет қарапайым халықтан гөрі билік басындағыларға басымдау сыңайлы. Бұлар тамағына бірдеңе тастап жібермесең күнде ертеңмен сілеңді тастай қатырады. Кейін әлгілердің маңайына жуымайтын боласың».

«Қазақ темір жолындағы былық пен шылықты көрере болсаңыз жағаңызды ұстар едіңіз. Осы күні солардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, сот жүріп жатқанға ұқсайды. 23 млн. Қаржы ұшты-күйлі жоқ көрінеді. Ал олар болса жолаушылар тасымалдау өзі-өзі ақтамайды деген желеумен билет құнын үсті-үстіне қымбаттатып жатыр. Мұның бәрі айналып келгенде халықтың қанын теспей сору ғой».

А.Жанаевтың күнделік жазбаларында да публицистің қоғамның дертіне қатысты өткір ойлары мен сыни пікірлерін анық аңғарамыз. Қоғамдағы болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларға бей-жай қарай алмайтын қаламгер өз ойларын күнделік беттеріне жазған.

Публицистің күнделік жазбаларын тақырыптық жағынан екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі – өзімен қатар немесе сыйлас, дос-жаран болған, сұқбаттасқан тұлғалар жайлы эсселері. Аталмыш естелік-эсселерінде кейіпкер образын сомдауға көбірек күш жұмсайды.

Екіншісі – көңілге түйгені мен көзбен көргені. Қоғамдағы болып жатқан немесе өтіп кеткен оқиғаға қатысты түйінді ойлары. Публицистика – қоғам айнасы дегенді ескерсек, А.Жанаев көкейтесті мәселенің мән-жайын анықтап, соның дұрыс шешімін табуына ықпал етуді мақсат тұтқан.

Ойымызды қорыта келе, А.Жанаев эпистолярлық публицистиканың естелік-эссе, күнделік түрлеріне жиі қалам тербеген. Естелік-эсселерінде көбінесе жеке тұлғаларды танытса, күнделіктерінде өмірден түйгені мен көргенін, қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өткір ойларын айқын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанаев А. Көкейде жүрген көп ойлар / жеке мұрағатынан алынған күнделік. – 2003. – 3-4 бб.

ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҒЫ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ

Бекжан Әшірбаев,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Журналистика факультетінің PhD докторанты

(E-mail: ashirbaev.1974@mail.ru)

БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарында: «Сөз бостандығы қалған барлық бостандықтардың өлшемі», - делінген [1]. Масс-медиада ой еркіндігі мен пікір алуандылығына кепілдік беретін АҚШ Конституциясына енгізілген «Бірінші түзетуді» ел Конгресі 1791 жылы мақұлдады. Қабылданған екі ғасырдан астам уақыт аралығында бар-жоғы 27 ғана өзгеріс енгізілген бұл елдің бас құжаты алдымен қоғамдағы ақпарат ашықтығын қамтамасыз етіп, оның құқықтық негізін қалады. Демократия «толғағы» тудырған «тұңғыш перзентін» өмірге әкелді. Заманның рай мен реңі көрініс табатын баспасөзі қуатты елдің ертеңге деген сенімі артып, заң үстемдігі орнарына күдігі болмайды. Неге десеңіз, классикалық демократия үлгісіндегі биліктің үш тармағына ақпараттық бақылау күшейгенде ғана жемқорлық дерегі азаяды.

Орыс тарихында ұлы реформатор атанған І Петр: «Егер шенеунік мемлекет қазынасынан қанша қарыс арқан ұрласа, сол арқанға асып өлтірілсін», – деген жарлық шығарғаны мәлім. КСРО Қылмыстық кодексі бойынша, ірі көлемде мемлекет мүлкін талан-таражға салғандарға ең жоғарғы үкім тағайындалды. Кезінде осы баппен Семей ет камбинатының директоры атылғанын одақ баспасөзі жарыса жазды. Бұл індет тәуелсіз Қазақстанның да экономикалық-саяси әлеуетін әлсіретіп тұрғаны жасырын емес. Елбасы – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті жолдауында: «Жемқорлық – мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және

ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек», – деген болатын [2]. Адамдар құлшылық орындары мен сотқа емес, алдымен БАҚ жариялымдарына көбірек сенетінін ескерсек, коррупциямен күресте бұл мүмкіндікті жіберіп алмауымыз керек.

Жазушы, журналистика мэтрі Шерхан Мұртазаның қалам қайраткерлерінің ауыр бейнеті туралы: «Арқалағаны алтын, жегені жантақ», – деп ашына айтақыны бар. Қазір қоғамда журналист мәртебесін айқындау, қызметін заңмен бекіту туралы қызу пікірталас жүруде. Көрші Ресейде оның қызметін адвокаттармен теңестіру керек деген де ұсыныс айтылып қалады. Демократиялық жүйеде мемлекеттік БАҚ-тың жұмыс істеуі «сарай баспасөзін» көбейтіп, оның ашықтығына, ой еркіндігінің салтанат құруына кедергі келтіреді деген көзқарас бар. Сондықтан еліміздегі барлық масс-медиа АҚ, ЖШС, ЖК, ҚБ, т.б. бизнес құрылымдардың өнімі санатына жатады. Бұл оның әлеуметтік мәртебесінің әлсіреуіне алып келіп, мемлекеттік бағдарламалар арқылы бюджеттік мекеме қызметкерлері падаланытын жеңілдіктерден айырды.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбаев өзінің бір сұхбатында: «Мен Қазақстандағы ең соңғы Ақпарат министрі болып қалсам деп армандаймын», – деген еді. Бір қарағанда, бұл мәлімдеме оқырманды түрлі ойға жетелеп, он жылға жуық осы мансапты иеленген шенеунік қызметін басқалардан қызғанғандай әсер қалдыруы мүмкін. Әйтсе де, сұңғыла саясаткер бұл тоқтамға әлемдік масштабта ойлап, оң-солын барлап барып келгені анық. Расында, журналистикасы қолданыстағы заңдар мен этика нормаларын басшылыққа алып жұмыс істейтін елде оны қадағалайтын органның қызметі не үшін керек? Егер ценураға ресми тыйым салынғаны рас болса, онда біз де өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйеніп, бұл құрылымнан бас тартқанымыз абзал.

2017 жылдың 21 желтоқсанында 280-ге жуық түзетулер мен толықтырулар енгізілген қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңды ҚР Парламенті Сенаты екінші оқылымда мақұлдады [3]. Жасыратыны жоқ, БАҚ өкілдері сүйенетін, басшылыққа алатын бас құжатта тек қана шектеулер мен тыйымдар, журналистердің құқықтары мен міндеттері, ақпарат құралын тіркеу мен аккредиттеу тәртібі, қаржыландыру көздері ғана көрсетілген. Бұл заңда журналистің мәртебесі, жеке басының қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы, қаламақы саясаты туралы ештеңе айтылмаған. Оның есесіне, журналистің «жала жабу» мен «қорлау» фактісі бойынша сотты болу тәуекелі артқан. Бір адамның жеке басына (оның от-

басына, банк деректеріне, дүние-мүлкіне) қатысты мәліметтерді тек оның рұқсатымен ғана жариялай аласыз. Бұл түзетулер журналистік зерттеу аясын тарылтып, ақпарат алу мүмкіндігін шектей түседі деген қауіптің бары өтірік емес. «Журналист заңгер, прокурор немесе тергеуші емес. Оған қылмыстық процестің талаптары қолданылмауы керек. Қылмыстық іске байланысты жауапкершілікке тартылатын болса, кез келген журналисті соттап жіберуге болады», – дейді заңгер Абзал Құспан [4]. Ал, БҰҰ-ның Пікір білдіру бостандығы жөніндегі әлеуметтік баяндамашысы: «Жала жабу туралы көптеген заңдардың субъективті сипаты, тым кең ауқымы және қылмыстық құқық шеңберінде қолданылуы оларды журналистік зерттеулер мен сынды нашарлатудың қуатты тетіктеріне айналдырып жіберді», – деп атап өткен болатын. Расында, баспасөз бостандығы мықты қорғалатын елдерде шенеунік пен саясаткер журналисті «жала жапты» деген баппен қымыстық жауапкершілікке тарта алмайды. Өзіне жала жабылды деп білсе, бар болғаны ел алдына шығып мәлімдеме жасап, ақпаратты терістейді. Мысалы, мұхиттың ар жағындағы Сэм ағайдың еліндегі тәжірибе – осы.

БАҚ туралы заңға енгізілген бұл өзгерістерді талқылауда қоғамдық пікір екіге жарды. Журналистік цехтағы әріптестеріміздің көбісі «Қазақстандағы сөз бостандығы жасанды жолмен тыныс алу аппаратына қосылды» деп үрейлі байлам жасаса, ресми билік өкілдері «әлемдік тәжірибеге сүйендік» деген өз аргументтерін алға тартып бақты. «Заң жобасымен жұмыс тобына 60-тан астам адам шақырылды, олардың арасында журналистер қауымдастығының өкілдері де, сарапшылар да бар. Мен осы заң жобасы бойынша кез келген түзетулерді талқылауға қатысатындардың барлығын да тыңдауға дайынмын. Сонымен қатар, біз ұсынған нормалар – дәлелсіз, қатып қалған қағида емес, жұмыс тобының барлық мүшелері оларды қайта қарай алады», – деді түзетулерді талқылау тұсында ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев [5].

«Freedom House» халықаралық құқық қорғау ұйымының 2019 жылғы мәлімет бойынша, Қазақстан сөз бостандығы индексында сауал жүргізілген 180 елдің ішінде 158-орынға тұрақтады [6]. Әлемнің үздік отыз елінің қатарына қосылуды мақсат тұтқан біздер үшін бұл көңіл жұбатарлық көрсеткіш емес. «Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері ең бірінші кезекте Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялаудан туындайды. Осы Пактінің 19-бабы үш тармақтан тұрады. Бірінші тармақ адамның өз пікірі болуына, екінші тармақ осы пікірді таратуына кепілдік береді, ал үшінші тармақта пікірді тарату құқығын шектеу қағидаттары ескеріледі», – дейді «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау Халықаралық қорының президенті Тамара Калеев

ва [7]. 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен БІнтымақтастық Ұйымына (ЕКЫҰ) төрағалық еткен, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің мүшесі саналатын Қазақстан барынша ақпараттық ашықтық пен шынайы демократияға ұмтылмағы керек. Журналистикасы мен әдебиеті саясат ықпалында кетіп, бұрмаланған ақпарат берсе, сол тәуелділікпен молдасы пәтуа шығарып, дәрігері диагноз қойса, ол елдің болашағы бұлыңғыр.

Британдық «The Sunday Times» газетінің мәліметінше, журналистер стресстік жағдайларға тап болуы бойынша шахтерлер мен полиция қызметкерлерінен кейінгі үшінші орынды алып, қауіпті мамандық саналатын өрт сөндірушілер, таксист жүргізушілері және әскерилердің алдында тұрады екен. Елімізде сот пен прокуратура, әскери қызметкерлердің мәртебесі айқындалып, олардың әлеуметтік жағдайы, медициналық қызметке жүгінуі, жеке басы мен отбасының қауіпсіздігі, жоғары зейнетақы көлемі, т.б. нақты заңмен бекітілген. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған отставкадағы, оның ішінде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан судьяға судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының елу пайызы мөлшерінде салық салынбайтын өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төленеді», – делінген «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында [8].

Қазақстанда ауылшаруашылық өнімдеріне мемлекеттік баға қойылған. Дикандар ертең еңбегі далаға кетпесін біледі. Тіпті, Қазақстан Мұсылдамдары діни басқармасы тарапынан Ораза, Құрбат айтта берілетін пітірсадақа мөлшері де нақтыланып, ол бір кілә бидай бағасының төңірегін құрайды. Ал, өкінішке қарай, елімізде шығармашыл тұлғалардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қаламақы саясаты қолға алынбай келеді. Егер мәселе шешілсе, журналистикада фрилансерлікпен жан бағып жүргендердің қарын тоғайтып, ең құрығанда, құлақшын жаңартып алуына мүмкіндік туар еді.

Иә, соңғы отыз жылда отандық журналистика мазмұны мен түрі жағынан түрленіп, жаңа сатыға көтерілді. Жаңа медиа дәуірі әлеуметтік желінің белеснділігі арттырды. Қоғамдық формацияның өзгеруі, нарықтық қарым-қатынастың келуі БАҚ-ты бәсекелестік ортаға жіберді. Электораттың аздығы баспасөздің бизнес жасау мүмкіндігін шектеп, мемлекеттік тапсырысқа тәуелді етті. Ақпарат құралдарының холдингтер мен корпорацияларға бірігу бас редактордың саяси тұлғасын әлсіретіп, шығармашылық еркіндігін шектеді. Цензураға тыйым салынғанмен, «редакцияның ақпараттық саясаты» шеңберінен шыға алмайтын

американдық әріптестеріміздің жай-күйін біз де сезіндік. Журналистік білім беру мәселесі де 180 градусқа өзгеріп, болашақ мамандарды тек жазу-сызуға үйретудің аздық ететінін, оларды мықты менеджер қылып даярлау қажеттігін көрсетті. Ендеше, қоғам өмірінде мәні мен маңызы жоғары осы БАҚ тірелген кедергілерді қайткенде жоя аламыз? Ол үшін, әрине, оның қызметін лайықты қамтамасыз етудің кепілі саналатын құқықтық базаны сауатты жасақтамақ керек. Мемлекеттегі еркіндік пен бостандықтың өлшемі баспасөзі арқылы ғана анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Тамара Калеева. ҚР баспасөз саласындағы халықаралық міндеттемелері // <https://www.soros.kz>: – Алматы, 2014.

Н.Ә.Назарбаев. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // <https://www.akorda.kz>:– Нұр-Сұлтан, 2017.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы // <http://adilet.zan.kz>:– Нұр-Сұлтан, 1999.

Абзал Құспан. БАҚ туралы заңға қатысты журналистер не білуі керек? // <https://qamshy.kz>: – Алматы, 2017.

Гүлнар Бажкенова. Сөз бостандығы, пікір бостандығы Қазақстанда бар // <https://www.inform.kz>:– Нұр-Сұлтан, 2016.

1. «Freedom House» халықаралық құқық қорғау ұйымының әлем елдері бойынша баспасөз бостандығы индексі // <https://gtmarket.ru>.– Мәскеу, 2019 жыл;

Тамара Калеева. ҚР баспасөз саласындағы халықаралық міндеттемелері // <https://www.soros.kz>: – Алматы, 2014.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Заңы // <http://adilet.zan.kz>: – Нұр-Сұлтан, 2000.

ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ

А.Жұмабаева,

*Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қаламынан туған еңбектерінің ішінде «Қазақстан жолы» кітабында – Тәуелсіз жас мемлекеттің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдары жайлы айтылады. Ол алғы сөзінде: «... осыдан он жыл бұрын дәл осылай болатынына ешкім сенген жоқ. Әсіресе, Астананың бүкіл Еуразия құрлығында жаңа рухани, экономикалық және саяси аңсардың орталығына айналарына кім сенетін еді? Қазақстан Еуразия

құрлығындағы экономикалық және саяси реформалардың көшбасшысына, бейбітшіліктің эпицентріне айналарына кім сенетін еді? Менің осы кітапты жазуды қолға алуым нақ сондықтан еді», – деп автор бұл еңбекті жазуға не түрткі болғандығына тоқтала кетеді [1. 44 б.].

Елбасының сөзімен айтсақ, «Тәуелсіздік – тәңірдің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы». Ал тәуелсіздік философиясының басты ұғымы – мемлекет. Себебі, тәуелсіздік дегеніміздің өзі этностың, халықтың, ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет. Басында саяси еркіндігі жоқ халықта тәуелсіздік туралы тек арман, қиял, утопия ғана болмақ. Тәуелсіздікке жеткен халық, ұлт өз мемлекеттігінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтеруге кіріседі [2].

Егемен елдің дамуында түрлі реформалардың атқарған рөлі зор болды. Реформалар өз кезегінде тәуелсіз елді жаңа сапа биігіне көтеруге негіз болды. Бүгіндері Қазақстандағы реформалар тәжірибесінің нәтижелі екендігін халықаралық сарапшылар ғана емес, сонымен бірге әлемдегі алпауыт мемлекет лидерлерінің өздері де мойындап отыр. Қазақстанның көшбасшылығы сәтті таңдап алынған өтпелі дәуірдің саяси-экономикалық үлгісіне негізделген. Ол – күшті президенттік билік және оған қоса жедел де қарқынды экономикалық реформалар.

Н.Назарбаев аталмыш еңбегінде Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде экономикалық шаралардың жан-жақты ойластырылған пакетін жасап қана қоймай, оларды саяси ерік-жігер және дербестігімізді нығайту арқылы соларды дәйекті түрде жүзеге асыру мәселесі тұрғандығын сөз етеді. Тәуелсіздік стратегиясы ондаған миллион адамның мүддесіне сай жоспарлануы айнымас қағида болуы тиіс еді.

1992 жылдың басында тұңғыш рет «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» жоспарланды. Онда: «Бұл өткен жылдардың былығынан даму жолын айқындап алып ойластыруға бағытталған алғашқы талпыныс еді, сондықтан оны бірінші үшжылдық жалпымемлекеттік жоспар деп сенімді түрде атауға болатынды», – деп жазады Елбасы Н.Назарбаев [3].

Бұл стратегиялық жоспарда ең бірінші мемлекет ретінде жан-жақты қалыптасып, ішкі саяси тұрақтылыққа қол жеткізе отырып, мемлекеттік институттарды құрып, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдарға мүше болу жобасы жасалды. Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білуі жөніндегі мәселенің идеологиялық іргетасын қалаған республикалық тұңғыш ресми құжаттардың бірі болды.

Стратегия екі экономикалық принципке негізделді. Біріншіден, бәсекелестікке негізделген әлеуметтік нарықтық экономиканы құру. Екіншіден, адамның экономикалық тұрғыдан өзін-өзі пайымдауы принципін жүзеге асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар жасау. Жалпы, стратегияда көзделген басты мәселе жоспарлы экономикадан нарыққа, тоталитарлықтан либералдық саясатқа көшу идеясы еді.

«Былайша айтқанда, – деп жазады Елбасы Н.Назарбаев бұл құжат тұрасында, – Стратегияның түйінді идеялық мәні «жақсы тұрмыс – баршамыз үшін» деген ұғым болды. «Жақсы тұрмыс – баршамыз үшін» деген принципті ұстана отырып, біздің мемлекет кәсіпкерлік еркіндік қызметтің кез келген қалаулы саласына күш жұмсау мүмкіндігін ниет еткен әрбіреуді қамтамасыз ету арқылы баршаға қолайлы жағдай туғызатынын мәлімдеді. Мұндай жағдайда неғұрлым қабілетті, еңбекқор және іскер адамдар қоғамда соғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебеге жететін болады. Сонымен бір мезгілде біз экономиканың өсуі мен тұрақтануына, оның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануына қарай еңбек кірістерін, зейнетақылар мен жәрдемақыларды көтеруге уәде бердік. Тарихтың өзі көрсеткендей, біз берген уәдемізді орындап шықтық. 1992 жылдың аяғында менің бұл стратегия тек үлкен жолдың басы ғана деп мәлімдеуіме сенетіндер аз болды» [4]. Бұл стратегияның жүзеге асуына сенгендерден күмәнданғандар санының басымырақ болғандығына тарих куә. Орынды-орынсыз сындарға да басылым беттерінен орын табылды. Арада жылдар салып сарапшылар бұл бағыттардың жүйесі айқын ұсынылғандығын, оның өте ықшамдалған бағдарлама болғандығын айтады. Саяси және экономикалық салаларда төрт бағыт және идеялық біріктіру саласында да төрт бағыт болды.

Бірінші, формальды-құқықтық тәуелсіздіктен нақты тәуелсіздікке ауысу міндеті қойылды. Екінші, бұл кезеңде мемлекеттілікті нығайту стратегиялық бағыт болып таңдалды. Үшінші, жүйелі және кең көлемді экономикалық реформалар бағыты таңдап алынды. Төртінші, сыртқы экономикалық әріптестерді таңдаудағы прагматизм және тұтастай прагматикалық сыртқы саясат.

Идеологиялық жаңарудың мән-мағынасы мынандай төрт бөліктен тұрды. Біріншіден, ұлттаралық келісім. Екіншіден, ішкі ұлттық бірлік. Үшіншіден, қазақстандық қоғамды жаңғыру идеологиясы жария етілді. Азаматтық қоғам институттарын, көппартиялылықты, тәуелсіз ақпарат құралдарын, үкіметтік емес ұйымдарды құру – осының бәрі жаңартылған идеология жүйесіне кірді. Соңғысы, діни төзімділік пен дін ұстанушылар бостандығы айқындалды.

Елбасының өз сөзімен айтсақ, «бұл ережелердің бәрі де уақыт сынынан

сүрінбей өтті». Алғашқы табыстарға қарамастан әлі де шешімін таппаған көптеген проблемалар жинақталып қалған еді. Автор ол турасында: «Мені ерекше алаңдатқан соның бірі – адамдардың болып жатқан өзгерістерді қабылдамауы болды», – деп жазады.

Экономиканың қатаң құлдырауы мен дағдарысы жағдайында Тұңғыш Президент Жоғары Кеңестің отырысында «Президенттік Меморандум» деген атпен мәлім болған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне Жолдаумен шығып сөйледі. Ондағы басты мақсат мемлекеттік биліктің жоғарғы эшелоны, сондай-ақ саяси партиялар мен бірлестіктер Қазақстанда қалыптасқан ахуалға нақтылықпен қарап, дұрыс қорытынды шығарса, және ақыр-соңында келісіп әрі сындарлы жұмыс істесе деген ой жатқан еді.

1994 жыл көптеген аспектілерде бетбұрыс жылы болды. Меморандум ақша-несие және банк жүйелерін түбегейлі реформалауды көздеді. Мемлекет қалыптасқан дағдарыс жағдайынан шығудың жалғыз ғана жолы ретінде қаржыны тұрақтандыруға жетуді негізгі міндет етіп қойды.

1996 жылдың басына қарай реформалау үрдісі толық қарқынмен жүрді. Бұл кезеңде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, заң шығару базасын, қаржы жүйесін, әлеуметтік сала мен өндірістік секторды жетілдіру, бұған қоса кәсіпорындарды монополиялық үстемдіктен арылту, жекешелендіру, біреулерді банкротқа ұшырату енді біреулерді банкрот болудан құтқару – реформаның басты бағыты болды.

«Біріншіден, мынаны атап айту қажет: Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде орнықты, бейнелеп айтқанда, дүние жүзінің саяси картасынан өз орнын алды;

Екіншіден, 1995 жылы тамызда жаңа Конституцияның қабылдануымен еліміздің мемлекеттік құрылымының іргетасы қаланды. Сонымен бірге мемлекеттік құрылыстың бірінші кезеңі аяқталды;

Үшіншіден, мемлекеттілікті нығайту мен күшейту мәселелерін шеше отырып, біз ұлтаралық келісімге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық үрдістердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына ерекше маңыз бердік және береміз. Елімізде әу бастан-ақ азаматтық құқықтар мен адам бостандығына басымдық берілген:

Төртіншіден, реформаларды жүзеге асыруға және экономикалық дербестікке жетуге байланысты экономикадағы қаулаған бейберекет және көбіне дағдарысты үрдістің кезеңі аяқталды. Ол анағұрлым ақылға қонымды және басқарылатын арнаға түсті, дайындалған нақты бағдарламалар мен жоспарлар бойынша әрекет етуге жағдай туғызады, яғни оқиғалардан кейін қалмауға, қайта олардың дамуын алдын-ала болжауға мүмкіндік береді.

Ақыр-соңында, бесіншіден, біз әлеуметтік проблемаларды шешуге тікелей кірісе алдық. Зейнетақы мөлшерін көтере бастадық, зейнеткерлер алдындағы борышымызды өтедік, бюджеттік салада жалақы өсіріле бастады. Ауылға нақты қолқабыс жасала бастады» деп баяндалған еді тұңғыш Президент «Реформаның табысты болуы оған аймақтардың белсене қатысуына байланысты» атты сөйлеген сөзінде.

Сол жылдарда жүргізілген реформалар турасында Елбасы «Жұрттың көбі аталған міндеттер орындалмайды деп санағаны құпия емес. Қарама-қарсы пікірлер де аз болмады, бірақ таңдап алған бағытпен жүру және реформаны аяғына дейін жеткізу керек болды» деп еске алады. Сонымен қатар, ол өзінің терең сенімімі бойынша, жұмыс істейтін нарыққа көшуде бұл көшу қандай нұсқада жүзеге асырылатынын, қандай нақты және өзара байланысты шаралар қолданатынын, қандай мерзімге және қандай дәйектілікпен орындалатынын анықтап алу өте маңызды болғанын жазады [5].

Елбасы 1997 жылдың 10 қазанында Қазақстан халқына арналған ең алғашқы «Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты жыл сайынғы жолдауын арнады. 1997 жылы дамудың ұзақ мерзімді басым мақсаттары айқындалып, оларды іске асыру стратегиясы жасалды. Даму стратегиясында халықтың өсіп-өркендеуін, қауіпсіздігін және әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет болды: Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы, халқымыздың денсаулығы мен әл-ауқаты, энергетика ресурстары, инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс, кәсіби мемлекет.

Белгілі қоғам қайраткері Ә.Кекілбай: «Елбасы дамуымыздың 2030 жылға дейінгі стратегиясы Қазақстан халқының көңіліне сенім ұялатты. Президентіміз Н. Назарбаевтың әрбір пайымдаулары мен парасатты ой-толғамы азаматтардың жеке әрекеттеріне терең серпіліс пен өзгеріс әкелгенін айта кеткеніміз жөн. Мемлекет басшысының халыққа үндеу Жолдауында таң қаларлық ештеңе жоқ, бұл саяси іс-әрекеттің бірі ғана. Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясы бұған дейін жүргізілген сан салалы жұмыстың шын мәніндегі нәтижесі болып табылады. Сондықтан болар, Президенттің жаңа саяси бастамасын қоғамымыздың соншалықты зор ынтамен қолдағанын осы жағдайлармен түсіндіруге болады» деп жазды. [6]. Расында да, Қазақстанның қазіргі жетістігінің асқары да, бастауы да осы – «Қазақстан – 2030» стратегиясы еді. Сол жылдардың бейберекет қиындығы өз алдына, келешекті ойлау да мүмкін болмайтын. Ілгерідегі осындай жағдайларды еске ала сөйлеген Мемлекет басшысы сол жыл-

дар кезеңіне һәм стратегиялық құжатта қамтылып, мерзімінен бұрын орындалған дүниелерге де тоқталды.

«1997 жыл естеріңізде ме? Парламентте мен сөз сөйлегеннен кейін абырау мен абыржу болды. Көпшілік: «Бұл не: насихат па? Әлде аспаннан түскен нәрсе ме?» – деп сауал қойып жатты. Сол кезде алға қойған міндеттер соншалықты асқақ болып көрінетін. Дегенмен «көз қорқақ, қол батыр» дейді ғой. Біздің алдымызда оқиғалар барысына өзгеріс енгізу сияқты ауқымды міндет тұрды. Жаңа елдің іргесін қалау керек болды. Ол міндетті шешу үшін біз үш бірдей жаңғырту жүргізуге тиіс едік: мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту. Біз өзіндік жолымызды айқындауға тиіс едік. Бұл жол «Қазақстан – 2030» стратегиясында белгіленген болатын», – дей келе Нұрсұлтан Әбішұлы сол стратегияның жеті бағыты бойынша атқарылған шараларға тоқталды. Оның біріншісі – ұлттық қауіпсіздік. «Біздің алдымызда Қазақстанның тұтастығын сақтай отырып, дамыту міндеті тұрды. Біз жоспарлағаннан да асыра орындадық. Тұңғыш рет тарихта біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танылған нақты шекарасын белгіледі. 14 мың шақырым мемлекеттік шекара межеленді. Қазақстан Каспий теңізінің айдынындағы ахуалды сенімді бақылауда ұстайды. Болашақта кез келген аумақтық даулардың туындау қаупі қазір сейілген. Біз ұрпақтарымызға көршілермен даулы аумақтар қалдырған жоқпыз. Біз адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті, заманауи, қорғанысқа қабілетті әскерді, пәрменді құқық қорғау жүйесін құрдық», – деді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы.

Қазақстан бірінші болып посткеңестік кеңістікте нарықтық экономиканың институттарын құрумен қатар, мемлекеттік басқару және реттеу секілді әлемдік тәжірибеде мойындалған стратегиялық жоспарлауды таңдап алды. Аталмыш құжаттар тек дамудың негізгі кезеңдері мен басымдықтарын айқындап қана қоймады, олар дағдарыстар мен бейберекеттіктің аумалы-төкпелі уақытында біздің жолымызды сызып берді және зәру де болса жеңіл-желпі мәселелерге бой алдырып, адасып кетуге мүмкіндік бермеді.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан қарсыдан соққан жел мен жауған жаңбырға, өзінің шаршап-шалдыққаны мен қорқынышына, айналасындағы әр түрлі қиын жағдайларға қарамастан, тау асуларымен тайсалмай жүріп келе жатқан жолаушының жағдайын көзге елестетеді», – деп ой тұжырымдайды Елбасы «Қазақстан жолы» атты еңбегінде [7].

Автор сөз соңында жастарға үндеу тастаған. Елімізге жауапкершілікті өз мойындарына толық ала алатын, экономикалық және технологиялық

жағдайлардың өзгерістеріне бейімделіп, кез келген жағдайды өз мүдделеріне пайдалана алатын жас толқын керек екендігін тағы бір мәрте қайталай келе, ел болашағының кепілі – мықты білім мен қажырлы еңбекке шақырады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халқымыздың 2050 жылға дейінгі бағыт-бағдарын айқындайтын тарихи құжат – «Қазақстан-2050» Стратегиясын жария етті. Бұл тарихи маңызы зор құжат алдыңғы стратегиялық құжаттардың заңды жалғасы ғана емес, сонымен қатар болашаққа жасалған бағдар іспетті де.

Жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, алыс болашаққа көз тастаған Елбасы жаңа дәуірдің талаптарына сай болу үшін Қазақстан халқы қандай қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы қажеттігін, қандай сынақтардан сүрінбей өтіп, қандай мақсаттарға қол жеткізуі керектігін қолмен қойғандай етіп нақтылап, жіліктей отырып, өз ойын елдің ендігі жердегі даму көгіндегі темірқазығына айналар «Қазақстан – 2050» Стратегиясына сыйғызды. «Кеше кім едік, бүгін кім болдық, ертең кімге айналамыз?» деген сауалдардың барлығына нақты жауап берілді.

«Қазақстан – 2030» Стратегиясы «біз боламыз ба, әлде бордай тозамыз ба?» деген жолайрықта тұрған шақта, айсыз түндегі темірқазықтай жолбасшымыз болды, барар бағытымызды белгілеп, жүрер жолымызды айқындады. Ол тәуелсіздіктің тұғырын бекітіп, мемлекеттілікті нығайтудың, бірнеше ондаған жылға болашақты болжап, соған сәйкес қарекет қылудың нағыз ғылымы болды. Көз жетпес көкжиектен арғыны, алысты көздеген «Қазақстан – 2030» елімізді соқтықпалы, соқпақсыз сүрлеуден сүріндірмей алып өтіп, дамудың даңғылына жетеледі. Нәтижесіне дүйім дүние куә: аз ғана жылда мемлекет пен қоғам қайта құрудың ұлы бетбұрысын жасады, дамудың ұлы жолын жүріп өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздіктің туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға да соншалықты қажыр-қайрат керек», деген сөзі бар. Біз өркениет көгіндегі жұлдызымызды жарық етіп, ең дамыған елдердің қатарында болсақ қана, жаһандық бәсекеде үздіктердің қатарынан табыла білсек қана тәуелсіздігіміз баянды болатынын Елбасы талмай айтумен келеді. Татулығымыз бен береке-бірлігімізге біліміміз бен білігіміз, технологиямыз бен инновациямыз сай болса ғана тәуелсіздікті сақтау жолындағы күресте мерейіміз үстем болады. Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында осы қағиданы ту етіп ұстайды.

Стратегияның басым бағыттары ретінде аталып өтілген 7 басымдықтың қай-қайсысы да өмірлік маңызы бар мәселелер. Жаңа бағытты эконо-

микалық саясат, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары, білім мен кәсіби машық, мемлекеттілікті әрі қарай нығайту және қазақстандық демократияны дамыту, дәйекті де болжалды сыртқы саясат, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілік – қазақстандық патриотизм алыс болашаққа көз тіккен Қазақстан қоғамының ендігі жерде алдынан туар айы, адастырмас темірқазығы іспетті.

Бұл басымдықтар – болашақ ұрпақтың өмірі жарқын да жайдары, алаңсыз болуына, олардың гүлденген Қазақстанда ешкімнен кем – қор болмай, еңсесі биік елде тіршілік кешуіне қажетті басты алғышарттар ретінде біз жасап беруді мойнымызға алып отырған тарихи жауапкершілік. Бұл жауапкершілікті Қазақстан халқы абыроймен алып шығуға міндетті.

Әрдайым тарихтан тағылым ала білген халқымыз «Қазақстан – 2050» Стратегиясында көрсетілген басымдықтардың қай-қайсысы да тіршіліктің тұтқасы, дамудың даңғылына түсудің басты шарты – ел мен жерге деген сүйіспеншіліксіз, елдің бірлігі мен берекесі болмай жүзеге асуы мүмкін емес екенін жақсы түсінеді. «Бірлік қайда болса, еркіндік сонда, еркіндік қайда болса, елдік сонда» екенін халқымыз әу бастан терең ұғына білген. Барша Қазақстан халқының татулығының тірегі, бірлігінің бесігіне айналып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы осының айқын дәлелі. Этносаралық және конфессияаралық қатынастардың теңдессіз тетігі ретінде күллі әлемге үлгі болып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы ортақ Отанымызда бейбітшілік пен келісімді сақтап, қазақ жерін мекен еткен 100-ден астам ұлыстың өкілдері Отанымыздың тағдырына қатысты ортақ жауапкершілікті бірге арқалаған біртұтас отбасына айналуына шексіз үлес қосты. Мәдениеттер үнқатысуының теңдессіз еуразиялық үлгісі атанған Қазақстан халқы Ассамблеясы табысты да тұрақты дамудың ең басты шарты ретінде Қазақстан халқы бірлігінің мызғымас тұғыры бола білді. Қазақстан қоғамының патриоттық құндылықтары осыны негізгі діңі етіп ала отырып, ұдайы нығаю үстінде. Алдағы уақытта да Қазақстан халқы Ассамблеясы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында көрсетілген биік мақсаттар жолында ұлтты ұйыстырушы, халықты жұмылдырушы рөлін абыроймен атқаруға дайын.

Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айрықша атап өткен қазақстандық патриотизм мен барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі – тұтас стратегияның табысты жүзеге асуының кепілі. Мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесіне сай биікке көтерілуі, барлық этнос өкілдерінің оны ұлтты ұйыстырушы негізгі құрал ретінде жүрекпен

қабылдап, ниетпен үйренуі, Ата Заңымызда атап көрсетілген дін бостандығын есте сақтаумен бірге ел дәстүріне қайшы келетін түрлі ағымдардан сақ болуы, әркімнің өз ұлттық даралығын сақтай отырып, ортақ құндылық – қазақстандық мәдениет, қазақстандық дәстүр мен даралық арқылы бірігуі, түптеп келгенде, стратегияның барлық басымдықтарының түбегейлі орындалуына, сол арқылы стратегияның түпкі мақсаты – Мәңгілік ел болуымызға негіз қалайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясын мемлекетіміздің Мәңгілік ел болу жолындағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісіне теңей отырып, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біздің аспан астында адамзат баласы қанша жасаса, сонша ғұмыр кешетін ұлы ел бола алатынымызды атап өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Олжай Қ. Президент пырағы: репортаждар кітабы / - Алматы: Атамұра, 1994. 208 б.
2. Жанділдин Ж. Назарбаев – теңдессіз реформатор // Айқын, 4 сәуір 2011 ж.
3. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру Стратегиясы» атты Президенттің Қазақстан халқына Жолдауынан, Астана, 1 наурыз 2006 ж. – Ақорда.
4. Тұлға туралы толғамдар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 440 б.
5. Елбасы / ҚР Парламент Мәжілісі; ред. Басқ. О.Мұхамеджанов. – Астана, 2010. – 879 бет.
6. Назарбаев Н. Халыққа арнау: сөйлеген сөздері мен сұхбаттар жинағы /ҚР Президенттік мәдениет орталығы; жоба авт. М.Жолдасбеков. – Астана: Күлтегін баспасы, 2007. – 592 бет.
7. Джонатан А. Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы: «Художественная литература», 2010. – 370 бет.
8. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007 – 372 бет.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСПАСӨЗДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ж. Қалым,

Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-дың аға оқытушысы,

У. Жайлау,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты

Қытайдың Шынжаң провинциясындағы Алатау, Іле, Тарбағатай аймақтары – 1,5 миллионға жуық қазақтың атақонысы. Ондағы ұлт зиялылары ХХ ғасырдың 30 жылдары қазақ тілінде шығатын газет-журналдарды ашқан. Бұл басылымдардың басым көбі Қытай коммунистері (1921 жылы құрылды) және оған қарсы күрес жүргізген Гоминдаң (1928 жылы) өкіметін қолдайтын демократтардың арасындағы саяси күрес кезінде жарық көрді. Ал, ондағы газет-журналдың бірқатары, сол тұстағы Кеңес одағының ықпалымен астыртын құрған Шығыс Түркістан республикасы уақтыша өкіметінің қолдаумен пайда болды. Қытайдағы қазақ басылымдары оқу-ағарту, саяси үгіт-насихат, әдеби-мәдени шығармашылық, тарих және әлеуметтік мәселе, әйел теңдігі, ауыл шаруашылығы, мал өсіру, саудасаттық сынды тағыда басқа көптеген тақырыптарды қамтыды. Яғни, 1944-1949 жылдар аралығында шыққан қазақ газеттері шын мәнінде тәуелсіз демократиялық басылым болды. Шынжаңда жарық көрген қазақ тілді басылымдар Алаш идеясын қуаттайтын, ұлттық автономиялы мемлекет құру мақастын көздейтін, тіл мен дінді, дәстүрді қорғайтын мазмұндағы материалдарды жариялады.

Қытайда жарық көреген алғашқы қазақ тіліндегі газеттер 1935 жылдан бастап шыға бастады. Бұл уақытты – Шынжаңдағы қазақ баспасөзінің шоғыры өмірге келген жыл деп атауға болады. Соның бірі – «Төңкеріс таңы» деген атпен Құлжа қаласында жарық көрді. Бұл кейіннен «Шынжаң Іле», бүгінде «Іле» газеті ретінде шығып келеді. Газеттің алғашқы редакторы ақын Таңжарық Жолдыұлы еді. Ол Қытай қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, көрнекті публицист. «Таңжарық шығармалары – өз дәуірінің ащы үні, айқын шындығы, реалисттік бейнесі. Оларды оқи отырып, жұртшылық 1920-1940 жылдардағы Шынжаң халқының оянуын, надандық пен қара күшке, отаршылдыққа қарсы күресін, осы жолдағы басып өткен тар жол тайғақ кешулі азап сапарын түсініп, қатты толғанды», – дейді зерттеуші Тілеужан Сақалов. Ақының 1940-1946 жылдары Гоминдан түрмесінде отырып жазған «Елмен, жермен қоштасу», «Түрме жолы»,

«Үнтолғау», «Елге амандасу», «Жерге амандасу» деген өлеңдері көркем әдебиеттен гөрі публицистикаға, деректі шығармаға етене жақын дейді зерттеушілер.

Ал, Қытайдың сол жылдардағы Алтай аймағының әкімі және әскери қозғалыс генералы болған ағартушы Шәріпқан Көгедаев баспасөз жұмысын дамытуға ерекше күш салған тұлға. Ол 1934 жылы Кеңес Одағынан баспа машинасын алдырып, 1935 жылы «Шыңжаң Алтай» газетін шығарады. Бүгінде ұнжария «Алтай» газеті ретінде таратылады. Аталған аймақта 1948 жылы «Таң Шолпан» атты журнал оқырманға жол тартты. Жалпы Қытайдағы газет-журналдар дерлік А.Байтұрсынұлының әліпбиімен ба-сылды.

«Алтай», «Іле» газеттері ондағы қандастарымызға рухани-мәдени, тарихи-танымдық мазмұндағы материалдарды жариялап тұрды. Әрине, басылымдардағы саяси тақырыптағы мақалалардан сол кездегі Гоминдаң өкіметінің үгіт-нәсихат құралы екендігін де аңғаруға болады. Мәселен, сол тұстағы қоғамдық саяси ахуалдың көрінісі ретінде 1937-1938 жылдардағы кезекті сандарынан Шыңжаң билеушілерінің ұраны, ұстанымы, халықты басқарудағы қолданған шаралары жайлы ақпараттар көптеп кездеседі. Бұдан бөлек, халықты еңбекке, саяси белсенділікке үгіттеген жазбаларда кездеседі.

Негізінде Шыңжаң провинциясындағы қазақтар тығыз шоғырланған Іле, Алтай аймақтарына қарағанда баспасөз пайда болуы Тарбағатай өңірінде ертерек көрініс тапқан. Алайда, мұндағы басылымдар 1925 жылы Кеңес одағынан әкелінген баспа машиналарында қазақ, ұйғыр, татар тілдерінде газеттер шығара бастаған. Мәселен, аралас тілде жарық көрген «Біздің үн» газетінде Нұртаза Шалғынбаев бастаған қазақ зиялыларының мақалалары жарық көріп тұрған. Аймақта қазақ тіліндегі алғашқы «Жаңа Шыңжаң» маусымдық журналы 1935 жылдан бастап аралас тілде жарық көрді.

Провинцияның орталығы Үрімжі қаласында 1935 жылдан бастап «Шыңжаң газеті» қазақ тілінде шыға бастады. Газеттің 1938 жылғы кезекті сандарында көптеген ұраншыл, жаңашылыққа ұмтылған, саяси күш-жігерді дәріптейтін мақалалар жарияланған. Айталық «Істейтін қызметтің де, істе ұшырайтын қиындыққа да шыда», «Мұратты алдыңғы шарт ету керек...», «Жалпы төңкерісшіл іспен шұғылданғандар әр ауыз сөзің мен әр қимылың ұқсас болмаса да, бірақ, мұраты ұқсас болса – сол сіздің досыңыз. Егер оның мұраты сіздікіне қарсы келсе сіз де соған қарсы тұрып,

оны дұшпан деп біл!»), «Сіз тұрмысты күнде жаңалап, әр күнде жаңалап және үздіксіз жаңалап отырушылар ғана көңілдегідей тұрмысқа ие бола алатынын біліңіз» т.б. Бұдан бөлек, аталған газеттің тағы бір сандарында көркем-публицистикалық жанрлардағы шығармалар, эсселер басылған. Бұдан Шыңжаңда жарық көрген алғашқы қазақ газеттері мазмұны жағынан да, тілдік-стильдік тұрғыдан да оқырмандарын тәнті еткен топтамалар жариялағанын аңғаруға болады.

Қытай аумағында жарыққа шыққан алғашқы қазақ газеттері ондағы қазақ диаспорасын қараңғылықтан оянуға, жаңа дәуірге аяқ басуға, тең құқылы ұлттық автономиялы мемлекет құруға бастаған ізгі мақсатты, мұратты ұстанды. Алайда, Еуразия құрлығын жалмаған сталиндік қуғын-сүргін, саяси зобалаң, Қытай коммунистері мен ымырыласқан Кеңес одағының сұрқия жаныштау саясаты Қытайдағы қазақ зиялыларының ұлттық сипаттағы күресіне тосқауыл қойды. Қазақстандағы тұтас Алаш орда қайраткерлерін, ұлт зиялыларын ату, қудалау, соттау науқаны аяқталысымен, бұл саяси науқан қытайдағы қазақтарды жалмады. Салдарынан Шыңжаңдағы тұңғыш баспагер-ағартушы Шәріпхан Көгедаев бастаған ұлт көшбасшылары құпия жағдайда өлім құшты. Бұл аталған аумақтағы баспасөздің ұлттық тамырына балта шапты. Кейіннен, 1949 жылы ҚХР құрылғаннан кейінгі кезеңде барлық газеттердің атауы өзгеріп, коммунистік идеяны нәсихаттайтын, ұраншыл басылымдарға айналды. Дегенмен, қазақ тіліндегі ақпарат тарату мәртебесі сақталып қалды. Бұл өз кезегінде қытайдағы қазақ диаспорасы өкілдерінің ана тілінде ақпарат алуына мүмкіндік береді. Бүгінде Шыңжаң аймағындағы Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарына қарасты 22 аудан, 5 қалада қазақ тілінде 11 газет, 30 шақты журнал қазақ тілінде шығады.

Жалпы өлке орталғы Үрімжіде газет редакцияларының құрылуымен қатар аймақта баспа ісі де дамыды. Мысалы, сол жылдарда құрылған «Ұлттар баспасы», «Шыңжаң халық баспасы», «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы», «Денсаулық баспасы», «Ғылым-техника баспасы», «Шыңжаң оқу-ағарту баспасы», «Іле халық баспасы» сынды баспаханалар бүгінге дейін баспа өнімдерін шығарады.

Жалпы, Қытайдағы қазақ диаспорасы өкілдерінің қазақ тілінде шығаратын журналдарын 5 топқа жіктеуге болады. Ондағы «Іздену», «Ұлттар ынтымағы», «Ұлттар» журналдары республикалық деңгейдегі саяси басылымдар санатына жатады. Өлке орталғы Үрімжіден шығатын

«Шыңжаң қоғамдық ғылымы», «Шыңжаң қоғамдық ғылым мінбесі», «Шыңжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы», «Шыңжаң авангардтары», «Шыңжаң оқу-ағартуы», «Ғылым бұлағы», «Шыңжаң суретті журналы», «Тіл және аударма», «Көкжиек», «Шұғыла», «Мұра», «Оқырман өресі», «Шыңжаң малшаруашылығы», «Алға», «Жайылым шаруашылығы», «Шаруашылық машиналары» сынды 17 журнал өлкелік (провинция) басылым саналады. Ал, Іле қазақ автономиялы облысы аумағындағы «Іле айдыны», «Іле жастары», «Іле әйелдері», «Мектеп дене тәрбиесі», «Қазақ балалары ғылыми суретті журналы» басылымдары облыстық деңгейдегі баспасөзге жатады. Сондай-ақ, облыста «Алтай аясы», «Тарбағатай», «Ғылым және өнер», «Дәрігерлік білім», «Жастүлек» журналдары сынды аймақтық басылымдар да бар. Бұдан бөлек, Қытайда мемлекеттік органдарда жарық көретін «Іле педагогикалық институт ғылыми» журналы, «Іле оқу-ағарту институтының ғылыми» журналы, «Іздену және ашу», «Үйрену және ғылым», «Іле ағартуы», «Іле медицинасы», «Іле прократурасы», «Боғда», «Құмыл алқабы», «Тарлан» журналдарын – Қытайдағы қазақ тілді алғашқы корпоративтік және салалық басылымдар деп атауға болады.

Міне, қытайдағы алғашқы қазақ тілді баспасөздің жарыққа шығып, қалыптастып дамуына 85 жыл толды. Сондықтан, шетелдегі қазақ диаспорасының тарихын зерттеген кезде ондағы баспасөз тарихына да кеңінен тоқталып, қандастарымыздың өмір салтын, тілін, мәдениетін, саяси көзқарасын зерттеу отандық журналистика ғылымының міндеті деп білеміз. Сонымен қатар, қытайдағы қазақ журналистиканың тілдік, стилдік ерекшеліктерін, баспасөздегі материалдардың тақырыптық ерекшеліктері, публицистика жанрларын, ақпарат таратудағы мәтін жазу мәнерін, сөз қолданысындағы ұлттық тілдік ерекшеліктерді зерделеу ғылыми тұрғыдан зерттелмеді. Қытайдағы қазақ баспасөзі – біртұтас ұлттық журналистиканың ажырамас бөлігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мыңжан Н. Қытай қазақтарының қысқашат тарихы. Ұлттар баспасы. – Бейжің, 1985. – 360 б.
2. Шәріпқызы Р. Қазақша хабар тарататын шетел радиолары. – Алматы, 1997. – 200 б.
3. Мұхаметханұлы Н. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. /Қазақ университеті баспасы, – Алматы, 196 б.
4. Жұмаділов Қ. Қалың елім қазағым. /«Қазақстан» баспа үйі. – Алматы, 2000. – 284 б.
5. Зәкенұлы Т. XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қытай қазақтары // Жұлдыз. - Алматы, 1996. №11.

6. Бейісбай С. Алтайдың ар жағында ағайын бар // Қазақ үні. – №9. – 2001.
7. Шыңжаңның жергілікті тарихы. / «Шыңжаң халық» баспасы. – Үрімжі, 1992. – 376 б.
8. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 1997. – 449 б.
9. Мақайұлы. К.Қытай қазақтарының көркемөнері туралы тарихи дерек // «Іле айдыны» журналы. – Құлжа. – №5. – 2005.

РЕТРОСПЕКТИВТІК СҰХБАТ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Жабаева Айгерім Нұршайхықызы,

аға оқытушы

Абылай хан атындағы ХҚ және ӘТУ,

Әуезова Ельмира,

аға оқытушы

Шет Тілдер және Іскерлік Карьера университеті

Summary: This article considers a retrospective interview as an ode to the method of obtaining information. The word «retrospective» means that the interview will be «taken» from respondents from previous years. In other words, the state of consciousness of a certain historical figure or group of persons, which determines social consciousness expressed in written texts, is a retrospective dialogue

Резюме: В этой статье рассматривается ретроспективный интервью как ода из метод получения информации. Слово «ретроспективный» означает, что интервью будет «взято» у респондентов предыдущих лет. Другими словами, состояние сознания определенной исторической фигуры или группы лиц, определяющее общественное сознание, выраженное в письменных текстах, представляет собой ретроспективный диалог.

Адам эмоцияларының пайда болу себептерін зерттеу үшін когнитивтік психология қалпында «ретроспективтік сұхбат» әдісі өңделген болатын. Қазіргі кезде сұхбаткердің басынан өткізгенін (іс-қимылын, пікірін, қатынасын, зерттеушіні қызықтыратын затқа қатысты бағасы) анықтау керек болғанда оларға сұрақ қоюды ретроспективтік сұхбат деп біледі.

В.С. Крейденко жазған әдіс, ол – сұхбат алушы-зерттеушіні қызықтырған тарихтың қырын білетін тірі адамдармен, сұхбатты болжайтын тарихи сұхбаттың әдісі деп көрсетеді. Әр әдістің өзіндік танымдық бағыт пен шешуші мүмкіндіктері бар (шеттеулері). Оның бәрі арнайы әдіс құрылымымен, оған кіретін әртүрлі элементтерінің ерекшеліктерімен, олардың санымен, өзара байланысының жүйелілігімен қалыптасқан және т.б.

В.С.Крейденко ретроспективтік сұхбатты мәтін бойынша қарағанда басқа кез келген әдіс сияқты бұл әдістің кемшіліктері емес оның дұрыс пайдаланбауы туралы сөз ету қажет деп жазған .

«Интервью» – ағылшын сөзі, «кездесу», «әңгіме» деген мағынасы бар. «Әңгіме» «интервьюге» жақынырақ. Бұл әдістің репрезенттігі мен күрделілігін анықтайтын формулалар: «Егерде Құдай өз бейнесін адамда сақтап қалса, адам өз бейнесін тілінде сақтап қалды. Ол тілмен барлығын көрсетеді, өзі туралы білгенді және басқаға хабарлағысы келгенін жеткізуге тырысады. Тіл түгелімен антропоцентрикалық» ; «Менің тілімнің шеті менің дүниемнің шеті» және «Ауызша тіл адам ағзасының бір бөлігі және осы ағза секілді ол да күрделі». Мұның барлығы сананың әртүрлі күйлерінің мәнді көрсеткіштерін, анығырақ айтқанда басқа тәсілмен сананың тереңдегі құрылымдары туралы ақпаратын, мәселен тұлғаның өз ойын білдіру үшін, әсіресе ауызша алу үшін мүмкін еместігін білдіреді.

Дағдылы сұхбатта алға қойған мақсатқа байланысты ақпарат алу үшін ауызша байланыс процесін пайдаланады. Мәтін бойынша ретроспективтік сұхбатқа байланысты жазбаша мәліметтердегі (мәтіндердегі) тіркелген ауызша ақпарат қолданылады. Сол себепті зерттеуші оны қызықтырған тұлғалармен «бетпе-бет» алынған ақпараттан емес, әр мезгілде жазылған және қатысты мәтіндерден алынғанын көрсету үшін ол «мәтін бойынша» деген сөзден басталады .

«Ретроспективтік» деген сөз - сұхбат өткен жылдары тұрған сұхбаткерлерден сұхбат «алынады» деген мағынаны білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, жазбаша мәтіндердегі айтылған бұқаралық санасын анықтайтын сол немесе басқа тарихи тұлғаның немесе бірқатар тұлғалардың ұжымының сана күйі ретроспективтік сұхбат болып табылады. Сонымен, бұл жерде ауызша әңгімелесудің балама түрі пайда болады: зерттеуші тиісті тәсілмен жинақталған құжаттардан оған қажетті ақпаратты теріп оқиды. Осындай сұхбат түрі сұхбаткерден жалпы себептермен, мысалға, өткен жылдар, ғасырлардағы қайраткерлерден олар жоқ болғандықтан алу мүмкіндігі болмағандықтан түсінікті.

Ретроспективтік сұхбаттың ерекшеліктері:

А) Ретроспективтік. Өзінің қазіргі заманмен органикалық байланысына қарамастан, әдістің басты мақсаты өткенге, кітапханалық оқиғаларды және өткеннің процестерін ашуға бағытталған.

Б) Жалпыламалық. Түсінікті себептермен зерттеу, ең алдымен, тікелей жүргізілмей, тарихи және басқа мәліметтер арқылы жүргізіледі.

В) Өзектілік. Бүгінгі күн үшін қойылған сұрақтарға жауаптар зор қоғамдық қызығушылықты көздеу қажет. Жоғарыда аталған үш формула-

да аталған ойларды дамытқанда, құжаттарда белгіленген ретроспективтік сұхбат жүреді және сол себепті зерттеушіні қызықтырған тұлғалар туралы ерекше ауызша маңызды, динамикалық (дамудағы ақпарат) ақпарат болады. Оның себебі, жазбаша (тасымалдаушыларда жазылған) әңгіменің ауызшамен салыстырғанда бірқатар күрделі басымдықтары болады, әсіресе сұхбаткер үшін, себебі жазбаша әңгіме адамның ақыл-ойының дамуында білімді бекіту және беру процесінде маңызы көбірек. «Жазбаша тіл – тілдің алгебасы», – деген Л.С.Выготский. Себебі ол тілдің ең жоғарғы абстрактік жоспарына енгізеді, сонысымен бұрынғы қалыптасқан ауызша тілді басқаша құрастырады.

Л.С.Выготский анықтап айтқандай «жазбаша тіл ой-сананың жаңа және күшті қаруы болып, көп жағдайда ауызша тілге қарағанда үлкен мүмкіндіктер ие болады». Ретроспективтік сұхбатта қандай мәтіндерді пайдалануға болады дегенге?

Негізгі төмендегілерді ұсынуға болады:

– тарихи тұлға қолынан шыққан баспа және қолжазба материалдары: дайын және аяқталмаған жұмыстар, дайындамалар, хаттар, күнделіктер және т.б.;

– тарихи тұлғаны таныған тұлғалардың баспа және қолтанба мәтіндері.

Бақылаулары:

– ол туралы да сөз қозғалған оның замандастарының зерттеулері;

– бізді қызықтырған тұлғаның тұрған ғасыры, жылдары туралы жазылған жұмыстардағы біздің замандастардың зерттеулері.

Өртүрлі мәнді ақпараттар алуға көмектесетін бұл мәліметтерді ретроспективтік сұхбат арқылы алуға болады: 1) фактілер туралы (оқиғалық ақпарат); 2) сұхбаткердің бір немесе басқа саладағы білімдері туралы; 3) зерттеушіні қызықтырған сұрақтарды қосқанда сұхбаткердің ақпараттындырылуы туралы көзқарасы; 4) сол немесе басқа құбылыстар, фактілер, оқиғалар, процестердің бағалануы туралы; 5) өз сипаттарының бағалануы туралы; 6) тарихи тұрғаның пікірлері туралы; 7) сұраққа алынғанның тәртібі туралы ауызша (не туралы жазған, не туралы айтылмағаны, өз мәтіндерінде нені айтпай кеткен); 8) құрылымдар туралы; 9) құнды бағыттар туралы; 10) тұрғаның тәртіп себептері туралы; 11) сол немесе басқа маңызды мәселелер бойынша сұхбаткердің мәселелі талқылау және оларды шешу жолдары мен тәсілдері туралы ұсыныстары.

Ретроспективтік сұхбат үшін сұрақтарды өндегенде бар ретроматериалдардан жауаптар алу мүмкіншілігін есепке алу қажет. Ол үшін материал алуға қайырылуға ғасыр немесе тарихи кезенді, сол кезеңнің ақпараттық мөлшер ерекшеліктерін жақсы зерттеу қажет. Оларда бар, сұхбаткердің

(сұхбаткерлердің) өмірі мен қызметіне қатысы бар барлық маңызды заттарды, мәтіндерді. Сұрақтарға жауаптар зерттелетін адамның көзқарасы мен шығармашылығының даму логикасын бұзбайтындай іріктелуі қажет. Егерде сұхбаткер әртүрлі мезгілде бір сұраққа әртүрлі жауап берген болса, оның себебін түсіндіріп, сұхбатта көрсету керек. Тарихи зерттелетін нақтылық фактілері тиесілі мәліметтерден алынады, яғни зерделеу процесінде екі жолы субъектіленген қайта құру басталады. Бірінші жолы мәтінде сұхбаткердің ол үшін нақты айғақ туралы субъективті пікірі жазылды. Екінші жолы – сұхбат алушы автормен айғақталған мәліметтерді анықтайды. Сол себепті ретроспективтік сұхбат жағдайындағы жұмыс күрделі дайындық пен білімді талап етеді. Ең алдымен зерттеуші қызығушылық танытқан сол тарихи айғақты қайта құру қағидағары мен тәсілдеріне бұл әдіс бағынады.

Әдіс мүмкіншілігін іске асыру шарттарының бірі – зерттеушіні қызықтыратын сұхбаткерлердің «ауызша мұрағатына» қолжетімділік кілтін табу. Осындай ізденіске «қайта құру» сипатты маңызды қызмет түрі көмектеседі, соның арқасында нақты ойлау операцияларының арнайы құрылған тәсілдерінің көмегімен сұхбаткерге ол туралы тек кейбір құрылған мәліметтерге және оған байланысты құбылыстарға сүйеніп бастапқы әңгімені шығаруға болады. Бұл жағдайда экстраполяция тәсілдері мен логикалық ойлаудың әртүрлі пішіндері пайдаланады, анық айтқанда аналогия бойынша талқылау, каузальды, функционалды және басқа байланыстар мен тәуелділіктер туралы білімдер негізінде құрылатын талқылаулар. Бұл жолмен қайта құруға болады: а) тұтас затты әр белгілі бөлшектері бойынша; б) себебі немесе шарты (тергеу бойынша); в) процесс немесе механизм (қорытынды бойынша) және т.б.

Тарихи айғақты қайта құруда жазбаша мәліметтерді кең пайдаланған маңызды және ретроспективті. Алға қойылған зерттеу мәселелерін шешу үшін қажетті ақпараттары бар тарихи мәліметтері бар жағдайда ғана қиындық тудырмайтынын пайдалану. Онда қалыптасатын фактілер жүйесінің өкілдігін қамтамасыз ету ғана қажет. Дегенмен зерттеу мәселелерінің ең көп санын шешу үшін мәліметтер қажетті түрде берілмейді. Сол себепті олардан жасырын түрдегі ақпаратты өзара байланысты табу арқылы шығару қажет. Осындай шығарулардың нақты тәсілдерінің көбісі өңделген. Бұл жерде логикалық тәсілдер ғана маңызды роль атқармайды, басқа да факторлар: сезімдік тәжірибе, интуиция, ғылыми елес.

Мәтіндерді қалпына келтіру міндетті шарттарының себебі бойынша академик Д.С.Лихачев былай деген: «... өзіңе авторлар, редакторларды, хат жазушыларды, тарихи айғақтықпен құрылған олардың көзқарасын, пси-

хологиясын көз алдына анық елестету қажет. Осы мәтіндер дайындалған немесе қайта жазылған «канцеляриялар» талаптарын, тапсырыс берушінің талаптарын (олар болғанда), тапсырыс беруші мен орындаушы арасында мүмкін болған, оның саяси идеяларымен және санасыз ұмтылыстарымен орындаушының өзі құрған келіспеушіліктерді есепке алу қажет. Нақты бар материалдардың негізінде өзіне дұрыс елестете алатын орындаушы, мәтінді нанымдырақ жазуға көбірек мүмкіндіктер алады» . Сонымен бірге қызықты жұмыстарын көру. Мәтіндерден «табылатын» ақпарат ретроспективті сұхбатта оның сұрақтарына жауап ретінде көрінетін түрлері: а) респонденттің (-гердің) ойларын, пікірлерін және т.б. жеткізу немесе б) цитаталар пішінінде. Бірақ бірінші және екінші жағдайда да мәліметтер анық көрсетілуге тиіс. Бұл талап көптеген мамандармен маңызды деп айтылады: автор «цитата алынған мәліметті нақты және барлық цитаталарды» көрсетуге міндетті .

Осыған орай өз тәжірибесінен жазушы келтірген мысал: «Тәжірибесіз, құжаттармен жұмыс істей алмағандықтан, мен мәлімет қайдан және қай ақпараттан алынғанын белгілеуді ұмытып кететінмін. Бас киім фасондары мен ауа-райыға қатысты болғанда мен жайсыздықты сезбейтінмін. Ал енді болып жатқан жағдайға, коммуна (Париж коммунасы – В.К) қызметінің бағасына байланысты болғандаменің бүкіл материалым тоқтап қалатын. Менде бір дегенде бір оқиғаның бес-алты бағасы болатын, бұл шайқас, коммуна декреті, осы тұлға туралы бір-біріне сәйкес келмейтін бес хабарламасы пайда болатын. Газеттер түрлі болатын және мемуаршылар да бірдей емес еді...өзім сене алмайтындай материал жиналды».

Егерде қарапайым зерттеулерде цитаталар қосымша роль атқарса, ретроспективтік сұхбатта негізгі күш түсуге міндетті болатын олар негізгі элемент болады: зерттелетін тұлғаның ойының, көзқарасының, позициясының даму тарихи процесін шынайы жариялауға, ғылыми қозғалыстың нақты сипатын беруге міндетті. Сұхбат алушы бір жұмыстан келесіге ауысатын «жарияланбаған» жаңа цитаталарды таңдауға және қалауға міндетті. Сұхбат алушы «цитаталардың еркін шығармашылығын» құрастырып, зерттелетін адамның көзқарасын «жақсартып», «өз бетінше және өз жұмысының бірегейлік иллюзиясын құруға» әрекет етуіне болмайды (яғни олардың ойынша қате жағдайларды болдырмау және алып тастау). Сол немесе басқа автордың жұмыстарынан «цитаталарды қосуға» мүлдем болмайды, себебі олар автор айтқан цитаталардан мағынасы өзгертілуіне болмайды. Ретроспективтік сұхбаттағы әр цитата нақты болуға қажет және алынған жерлері мен қажетті түсініктемелері көрсетілуге тиіс. Цитатталған мәтіндердегі нақты дәлділік талаптары тек «әріп заңы»

туралы ғана қамқорлық емес, ол ретроспективтік сұхбаттағы оқиғалардың айтулы шындығын қамтамасыз ететін шындықтың және дәлділіктің бұзылмауының күрделі ғылыми және әлеуметтік маңызды қамтамас етілуі. Мәтіндерді: даталарын, фактілерін, аты-жөндерін, редакторлық түзетулерді және т.б. өзгертуге мүлдем тыйым салынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Щумилина Т. Методы сбора информации в журналистике В сб. Методы исследования журналистики. – Ростов-на-Дону: Рост. Ун-т, 2009.
2. Б.Саттершинов, «Сұхбат – бейбіт қатар өмір сүрудің негізі», <http://fgulen.com/kz/>
3. Антонов В.И. Информационные жанры газетной публицистики. – Саранск, 2006. – 156 б.

АБАЙ КУНАНБАЕВДИН ОБРАЗЫ – БАЛА ТАРБИЯЛООНУН ҮЛГҮСҮ

Акынбекова Айман Усенбаевна

*Талас мамлекеттик университети, гуманитардык
факультети, кыргыз тили жана адабияты кафедрасы,
филология ылымдеринин кандидаты, доцент.
e-mail: aimantmu@mail.ru*

Адамдын адам болуп калыптанышына социалдык чөйрөнүн, таалим-тарбиянын чечүүчү жана жаратмандык ролу чоң. Буга XIX кылымдагы казак жазма адабиятынын баштоочусу, улуу акын, ойчул, агартуучу жана коомдук ишмер Абай Кунанбаевдин образы толук мисал боло алат. Себеби ал бир гана боордош казак элине эмес, жалпы Борбордук Азиянын чыгармачыл чөйрөсүнө өзүнүн чыгармачылык жолу менен катуу таасир берген инсан катары белгилүү.

Бирок «бир кездеги кичинекей наристе Абай кандай тарбиянын жардамы менен Орто Азия чөлкөмүнө таанымал Абайга айланды?» – деген суроо пайда болот.

Биз Абайдын басып өткөн жолу жана ал жазып калтырган чыгармалары аркылуу ушул педагогикалык суроолорго жооп табууга жана ушул максаттын негизинде балдарды тарбиялоого тийишпиз. Тактап айтканда, мындай касиет Абайга ал төрөлгөндөн кийин, аны курчаган чөйрөдөгү адамдардын түздөн-түз таасири, аракетин менен берилген. Алсак, адегенде, Абайдын апасы Уулжан сөзгө чечен, акылман аял болгондуктан, балдарын жаштайынан оозеки адабиятка жакын болуп чоңоюусуна түрткү берген.

Демек, болочок акындын табият тартуулаган шыгынын тутанышына алгач салым кошкон – энеси. Азыркы тил менен айтканда, Уулжан апа бала тарбиясынын биринчи алиппеси.

Акындын окуп билимдүү болуп калышына атасы Кунанбайдын да салымы зор. Ал Абай терең билим алуу аркылуу гана татыктуу инсан катары калыптанарына көзү жеткен. Ошол себептен балдарынын арасынан илимге болгон ынтызарлыгы менен өзгөчөлөнгөн Абайды медресеге окуткан. Себеби атасы Кунанбай зээндүү балага билбегенин билгизип, минтип жолго салалы, туйбаганын туйгузуп, туура жолго салалы» – деген максатты көздөгөн. Атасынын туура багытты көрсөтө билгендигинен Абай медреседен араб, фарс сыяктуу чыгыш тилдерин үйрөнүп, билимин өркүндөткөн. Натыйжада, билим алуу жолдоруна кызыккан Абай орус тилин үйрөнүп, убактысын толугу менен дүйнө адабияттарынын классиктеринин чыгармаларын окууга, дүйнө таанымын өрчүтүп, олуттуу ырларды жазууга жетишкен.

Демек, Абай чыгармачылык өнөрдү салттуу акындык поэзиядан жана оозеки чыгармачылыктан да азыктанган деп айтууга болот. Бул анын көркөм сөз кудуретин терең түшүнүп жазган чыгармаларынан ачык көрүнүп турат. Ал он үч жашында араб, фарс, орус тилдерин мыкты өздөштүрүп, өз оюн кагаз бетине эркин түшүрө алгандыктан эл башкарууга да жетишип, коомдук бир топ көйгөйлүү маселелерди чечип, лидерлик сапатын да көргөзгөн.

Абай ата-эненин жана коомчулуктун мына ушундай күчтүү тарбиясынан улам ой жүгүртүүсүн кагаз бетине түшүрө албаган көчмөн калктын ичинен чыккан алгачкы билимдүүгө айланган.

Ушундан улам, акындын жаралганда жармашкан тубаса таланты болсо да, аны ойготуу, өркүндөтүү, андан ары адам болуп калыптануусуна таасир этүү – адамдардын тынымсыз, максаттуу иш-аракеттеринин натыйжасы деп айтууга толук негиз бар. Кыргыздын улуу акындарынын, ойчулдарынын таалим-тарбиянын ролуна карата «Уядан эмнени көрсө учканда ошону алат», «Баланы жамандан адаштыр, жакшыга жанаштыр», «Жаман атты жакшы бакса, тулпар болот, жаман кушту жакшы бакса, шумкар болот» деген философиялык көз-караштары «Тарбиянын колунан баары келет» деген ойлор менен үндөшүп турат.

Демек, балага берген татыктуу тарбия өз жемишин бербей койбойт. Буга сөз болуп жаткан Абайдын өз мезгилинде казак маданиятына кошкон зор салымы, тактап айтканда, анын заман, махабат тууралуу түбөлүктүү темалары, казак коомундагы курч социалдык карама-каршылыктарды көрсөтүп, адилетсиздикке каршы пикирин билдирген чыгармалары жана казак музыкасын байыткан мол музикалык мурастары мисал боло алат.

Анын чыгармаларындағы рухий, гуманисттик, агартуучулук, диний мазмундагы пикирлери бүгүнкү күндө казак элинин философиялык концепциясына айланган.

Андыктан балдарга татыктуу билим, тарбия берүүдө Абайдай өнөрлүү инсандарды образга айландырып окутуу үзүрлүү жемишин берет.

Жыйынтыктап айтканда, бүгүнкү күндө акындын өрнөктүү өмүр жолуна, чыгармаларына педагогикалык, философиялык, адабий, тарыхый, музыкалык багытта ар тараптуу изилдөө иштери жүргүзүлүп келүүдө.

Бирок окумуштуу-тилчи катары Абайдын чыгармаларына тилдик аспектиде иликтөө иштерин жүргүзгөн эмгектерди байкай албадым. Ушул жагдайдан алганда, тилдин тарыхын тактоо максатында казак элинин Октябрь революциясына чейин колдонгон аймактык жазма тили, айрыкча, XIX кылымдагы Абай Кунанбаев сыяктуу акындардын эмгектери атайын изилдөөнүн объектисине алынышы зарыл, себеби көөнө жазма эстеликтер казак жазма тилинин көптөгөн тарыхый материалдарын аныктоого мүмкүнчүлүк берет. Андыктан акындын чыгармаларына лингвистикалык багытта изилдөө иштерин жүргүзүү кечиктирилгиз шарт. Себеби Абайдын чыгармалары казак тилинин дээрлик бир жарым кылым мурдагы тилинин абалы тууралуу ой жүгүртүүгө мүмкүнчүлүк берүүчү бирден бир баа жеткис, өтө баалуу булак болуп бере алат.

Пайдаланылган адабияттар:

1. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алма-Аты: Білім, 1995. – 136 с.
2. Абай энциклопедиясы. – Алматы, 1995.
3. Кунанбаев А. Избранное. Под ред. Л. Соболева. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1945.
4. Большая советская энциклопедия. – 2-е изд. – М.: Большая советская энциклопедия, 1919. – Т. 1.
5. Агеенко Ф. Л. Абай Кунанбаев // Словарь собственных имён русского языка. Ударение. Произношение. Словоизменение. – М.: Мир и Образование; Оникс, 2010. – С. 53. – 880 с.

АГАРТУУЧУ АБАЙ КУНАНБАЕВ ТУУРАЛУУ УЧКАЙ КЕП

Сатаева Гулмира Сейтмуратовна

*ф.и.к., доцент кафедры иностранных языков
Таласского государственного университета,
gulmira.sataeva@mail.ru*

Жер жүзүндөгү бардык эл өз тарыхына, өз элинин маданиятына терең из калтырган айтылуу инсандарын ардактап, алар менен сыймыктанат эмеспи.

Мына бүгүн казак адабияттаануучулары да өзүнүн белгилүү инсаны б.а. поэзияда, музыкада, коомдук-азаттык ой-пикир салаасында өлбөс-өчпөс чыгармаларын жараткан, казак калкынын кылымдар бою калыптанган маданий казынасын алдыңкы орус жана Европа маданиятынын нускалуу таалим-таасири менен байытып, казактын жаңы маданиятына чоң салым салган улуу акын жана агартуучу Абай Кунанбаевдин 175 жылдык маарекесин белгилеп, Абай менен сыймыктанып турган кездери.

Абай бир гана казак-кыргыз жеринде эле эмес бүтүндөй түрк тилдүү, а түгүл чет өлкөлөрдө да белгиленип жатканы саамалуу иш десек жаңылышпайбыз.

Абай Кунанбаевдин «Казактын түбү кайдан чыкканы тууралуу» деген эмгегинде: «эч бир казак кыргыз менен казактын бир тукумдаш экенин талашпайт» – деп Абай өзү тастыктап жазгандай, биз, кыргыздар дагы казак туушкандар сыяктуу эле Абайдын ысмын ар дайым ыйык кармап кадырлайбыз. Даанышман акындын арбагын эскерүүгө арналып, бүгүнкү күндөгү дүйнөдө болуп жаткан кырдаалга карабастан, аралыктан өткөрүлүп жаткан эл аралык конференцияга катышып жатканыбыз дагы кыргыз элинин Абайга деген урмат-сыйдын бир көрүнүшү болуп саналат.

Кыргыз адабияттаануу илиминин белгилүү адабиятчысы профессор Абдыкадыр Садыковдун: «Ар бир улуу жазуучу, акын жана драматург өзүнүн чыгармачылыгын иликтей турган илимди пайда кылат», – деп айткан сөзү бар.

Анын сыңарындай Абайтаануу казак адабият таануу илиминин бир тармагы. Абайтаануу илими кемеңгер акындын өнөрүн, философиялык, коомдук, эстетикалык көз карашын, казак поэзиясындагы ыр санаттарын, музыкалык мурастарын, кол жазмаларын, адабий-рухий дөөлөттөрүн улам терең изилдеп келүүдө.

Абай бир гана кыргыз менен казактын энчиси эмес, бүтүндөй түрк

дүйнөсүнө, түрк маданиятына тең орток руханий феномен экени талашсыз. Анткени Абай ошол өз заманында бүткүл түрк калктарынын тарыхындагы эң прогрессчил маданий козголуштун башында турган.

Абай жыйырма жылдан ашык убакыт бою орус маданияты, адабияты менен философиясынын улгүлөрүн уйрөнүп, аларды казак тилине которуп, калайык-калктын калың катмарына таратып келген. Анын эстетикалык табитинин, коомдук-саясий жана философиялык көз караштарынын калыптанышына орус адабиятынын классиктери А.С. Пушкин, И.А. Крылов, М.Ю. Лермонтов, Л. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедрин, В.Г.Белинскийдин чыгармалары, байыркы грек философтору Аристотель менен Сократтын, чыгыш окумуштуулары Ибн-Сина, Беруни жана башка эмгектери зор таасир тийгизген.

Абайдын адабий мурасы бай жана ал негизинен үч бөлүктөн турат: өзүнүн поэтикалык чыгармалары; башка тилдерден, көбүнчө орусчадан которгондору; кара сөз менен жазылган санаттары. Ал өз ырларында ошо кездеги актуалдуу коомдук-саясий маселелерди, өмүр, заман, махабат тууралуу түбөлүктүү темаларды козгойт; казак коомундагы курч социалдык карама-каршылыктарды көрсөтүп, уруучулук араздашууларга, адилетсиздикке каршы чыгып, мекендештерин илим-билимге, орус маданиятын үйрөнүүгө чакырып келген. Абай ырларын кагаз бетине 80-жылдын ортосунан түшүрө баштаган. Акындын «Сап, сап көңүлүм», «Шарипке», «Абыралыга», «Жакшылыкка», «Кең жайлоо» аттуу ырлары 1870-80-жылдардын аралыгында жазылган. Абайдын «Кансонарда» аттуу чыгармасы (1882) анын акындык кубатын тааныткан ири чыгарма болгон. Чыгармада казак адабиятында калыптанган лирикалык жанрдын өзгөчөлүктөрү көп кырдуу келип, метафоралар, үлгү сөздөр мол. Абай адам проблемасын өтө бийиктен карап, анын рухий, коомдук, күндөлүк, этикалык, эстетикалык проблемалары боюнча ой толгогон. Абайдын философиялык, көркөмдүк, гуманисттик жана диний көз караштары терең сезилген эмгеги, анын «Кара сөздөрү» экендиги жана анын «Кара сөздөрүнүн» айрымдары алгач 1918 ж. Семейде чыккан «Абай» журналында жарык көргөндүгү, алар көптөгөн чет тилдерге которулгандыгы бизге да белгилүү. Абай музыка өнөрүндө мол мурас калтырып, казак музыкасын байытты. Ал таланттуу музыкант, обончу да болгон. Кээ бир ырларына өзү обон чыгарып, биздин заманга анын 40ка жакын обону жеткендиги жана азыркы учурда 27 ыры нотага түшүрүлгөндүгүн билебиз. Композиторлор А. Жубанов менен Л. Хамиди Абайдын ырларын операга пайдаланса, Е. Брусиловскийдин «Жалгыз кайың», А. Жубановдун «Абай» аттуу симфониялык поэмалары, аспаптык чыгармалар, ыр-романстар Абайдын ыр-обондорунун негизинде жазылган.

Казактын классик жазуучусу М. Ауэзовдун «Абай жолу» романы улуу акынга арналган. Бул эпопея дүйнө элдеринин 116 тилине которулган. Кыргыз адабиятынын алгачкы өнүгүш мезгилинде Абай кыргыз акын-жазуучуларына байкаларлык таасир тийгизген. Абайдын кыргыз жазуучусу Ч. Айтматовдун чыгармачылыгынын калыптануусуна кошкон салымы чоң. «Абай жолу» эпосунун башкы каарманы – Абайдын инсандыгы жөнүндө: «Абай сыяктуу эркин, чексиз акындын кыялы, чексиз адамдын айланасындагы өжөр, өжөр тобу менен болгон күрөшү жана бул жерде сейрек кездешүүчү жаңылык менен тазалык Абайды дүйнөлүк трагедиянын чокусуна алып чыгарды», – деп жазган.

Улутуна жана диний көз караштардын өзгөчөлүгүнө карабастан бардык элдердин ынтымак менен бейпил турмушта турушуна негизделген, агартуу үчүн жанын таштап күрөшкөн Абайдын мындай прогрессчил гуманисттик көз караштары бүгүнкү күндө айрыкча маанилүү деп ойлойм.

Ошондуктан элдерди руханий асылдандырууга бардык аракетин жумшаган Абай сындуу залкар даанышмандарыбыздын өмүр өрнөгүн ар дайым эстеп жүрүүгө милдеттүүбүз. Абайдын ысымы бизге ошол үчүн өтө ыйык жана кымбат.

Сөзүмдүн аягын Абайдын урпактарына калтырган өлөң-осуяты менен аяктагым келди:

Жүрөгүмдүн түбүнө терең бойло,
Мен бир сырдуу адаммын, аны да ойло.
Көйгөйү көп жерде өстүм, жалгыз өзүм,
Көптөр менен алыштым, күнөө койбо.

Убакыт учкан куштай сызып өтө берет, бирок мезгил канчалык өткөн сайын Абайдын албан сырдуу поэзия ааламы ошончолук жашарып, урпактан-урпакка өтүп турат. Анткени Абайдын алдында убакыт да алсыздык кылат. Ошон үчүн Абай өзү өлсө да, Абайдын ажайып сөзү эч качан өлбөйт. Ал – түбөлүк тирүү.

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНЫҢ ЧАТ-БОТ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Шынар Қалижадрова

*PhD докторант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
сениор-лектор, Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университеті
эл. пошта: s.kaliazhdarova@mail.ru
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

Телеөндіріске қарқынды түрде еніп жатқан жаңа технологиялар арналар қызметіне айтарлықтай өзгерістер әкелді. Мобильді интернет, интернет заттардың (IoT- Internet of Things) дамуы, үлкен мәліметтер базасы (big data), жасанды интеллекті пайдалану мен виртуалды технологиялар секілді трендтер қалыптасты.

Жақында ғана Atameken Business арнасы жасанды интеллектіге негізделген виртуалды жүргізушіні эфирге (19.02.2020) шығарды. Бұл еліміздің телемамандары үшін алғашқы тәжірибе. Робот – жүргізуші танымал актер Санжар Мәдидің образында жасалып, оған ISanj деген атау берілді. Арна басшысы Қанат Сахарияның айтуынша, жобаны жүзеге асыру қиынға соққан. Бірінші рет іске асырылғандықтан, қауіп пен күдік көп болды. «Біздің жетістікке жететінімізге ешкім кепілдік бере алмайды. Қабылданбаған материалдар көп болды, графикалық артикуляцияны дыбыспен үндестіру де өте қиынға соқты» [1]. Қазір виртуалды теледиктор Atameken Business арнасынан сағат 14.00-15.00-де Bloomberg-тен «Күн форматында» эксклюзивті сараптама жүргізеді.

Осылайша робот-жүргізуші хабар тізгінін қолға алса, желі арқылы ботпен (роботпен) байланысу үрдісі де телеарналарда қарқынды дамып келеді. Көрермендермен байланыс орнату үшін арналар әртүрлі желі қызметін пайдаланады. Алдымен әлеуметтік желі, одан кейін мессенджерлер қызметі танымал бола бастады. Сарапшылардың пікірінше, мессенджерлердің танымалдылығының артуына мобильді интернет жылдамдығы, Интернет құнының төмендеуі мен смартфондарға деген сұраныстың артуы ықпал етуде.

Чат-бот (*ағылш.* chatterbot) – бұл есту немесе мәтіндік әдістерді қолдана отырып әңгіме жүргізетін компьютерлік бағдарлама. Қазір мұны барлық сала тиімді қолдануда.

Чат-бот қызметі үшін кейбір телеарналар Telegram, Viber, Facebook желілерін таңдаса, енді бірі ресми сайттарындағы веб-чатты тиімді

қолдануға тырысып жатыр. Чат-боттар арқылы арна көрерменін сайтқа және телеөнімнің толық нұсқасын көруге жетелейді. Сондай-ақ, арна эфирден өтетін бағдарламалары мен кинотуындылары туралы алдын ала аңдатпа, ең тұщымды жерлерінен үзінді беріп көрермендердің қызығушылығын арттырады. Боттың басты артықшылығы – көрермен бейнеконтентті бір ғана нүктені (клик) басу арқылы көре алады.

Бүгінде Қазақстандық арналар Telegram желісі арқылы аудиториямен байланыс жасауды қолға алуда. Себебі бұл желіде бейнені жүктеу және оны тарату көп уақыт алмайды, әрі сапасын жоғалтпайды.

Арнаның атауы	Telegram арнадағы оқырмандар саны
AstanaTV	30 623
Atameken Business арнасы	26 526
Qazaqstan TV	19 546
Toi Duman TV	6 933
BalapanTV	820
Первый канал Евразия	589
Hit TV channel	80

Телеарналардың Telegram - дағы оқырмандар саны (20.04.2020 жылғы есеп бойынша)

Кестеде көрсетілгендей, бүгінгі күні аталмыш арнаны тиімді пайдаланып отырған Астана мен Atameken Business арнасы. Арнаны жүргізу ерекшелігіне байланысты оқырмандар саны сағат сайын артуы да, кемуі де мүмкін. Көп арналар Телеграмға әлі қосыла қоймаған.

Байқап қарсақ, мессенджерлер ішінде бот ең алдымен Телеграмда пайда болды. Аталған арнаға кіргенде хабарламаны бот жүргізетіні бірден байқалады. Телеграмның чат ботын басқару өте ыңғайлы, әрі түсінікті. Сол себепті бұл арнаға тіркелушілер саны артып келеді.

Мамандардың ақпараттарына сүйенер болсақ, телеграмм арнасының басты бірнеше артықшылығы бар:

- Құпиялылығы – хабарламалар шифрланған, өзін-өзі жою таймері бар;
- Мәліметтерді әртүрлі құрылғылардан, Интернеттен алуға болады;
- Ешқандай жарнамалық және ақылы жазылымдары жоқ;
- Хабарламалар мен медиафайлдар хакерлік шабуылдардан қорғалған;

- Бүкіл әлем бойынша серверлерді біркелкі жылдамдыққа тарату;
- Берілген файлдардың көлеміне ешқандай шектеу қойылмайды [2];

Сонымен қоса, чат-бот ақпаратты аудару, түсініктеме беру, тестілеу, сауалнама жүргізу, ақпарат іздеу, ойнау, көңіл көтеру, бейне және аудио файлдар жүктеу, ботқа ойындар енгізу, т.б қызметтерді атқара алады.

Мессенджердің тағы бір басты артықшылығы – «құпия чат» арқылы байланыс жасауға болатындығы. Мұнда хабарлама оқылғаннан кейін автоматты түрде жазба жойылады.

Чат-бот – көрермендермен тікелей байланыс орнату құралы. Арна аудиториямен диалог орнатып қана қоймай, ортадағы ақпараттарды сақтап, талдауға қол жеткізеді.

Чатта ақпараттар қысқа әрі нұсқа жеткізілетіндіктен оны оқитындар қатары өте көп. Мысалы, Atameken Business арнасының телеграмында жарияланған «Әлемдік банк «қара алтын» бағасын күрт төмендетіп жіберді» тақырыбында жарияланған материалды (24.04.2020, сағ. 10.41) қарағандар саны 13 800. Осы ақпараттың соңында арна оқырмандарымен бірден сауалнама жүргізген. «Мұнай бағасы көтеріле ме, әлде құнын тағы да жоғалта ма?» деген сұраққа 454 адам бір мезетте жауап берген.

Телеграмм арнасындағы осы деректерді арна эфирдегі бағдарламаларында да ұтымды қолданып, желідегі оқырмандар арасынан хабарға түрлі нысан мен кейіпкерлерін де тауып жүр.

Соңғы күндері арна оқырмандарының ықыласын аударған жайт – пандемия кезінде тұрғындарға берілген әлеуметтік көмек (42 500 тг) мәселесі болды. Atameken Business арнасы атаулы көмекті қанша адам алғандығы жайлы ақпарат жариялады (21.04.2020). Материалды 20 мыңға жуық адам оқып, мың жарым адам пікір білдірген. Оқырмандардың пікіріне байланысты сарапшылар ойы да бейнематериал арқылы беріліп отырды. Ал толық нұсқасын арна эфирінен немесе сайтынан көресіздер деп сілтеме жасалды. Міне, осындай әдіс арқылы Atameken Business өзінің үш платформасына көрермен тартып отыр.

Ал оқырмандар саны жағынан екінші орында тұрған «Астана» арнасының телеграмы соңғы он күнде (13.04.2020 - 24.04.2020) Коронавирус індетіне байланысты ақпараттарға ден қойды. Елді елең еткізген инфекцияға туралы мәліметтер сағат сайын жаңаланып беріліп тұрды. Арна ақпаратты беруде графиканы, анимацияны тиімді пайдаланады. Алайда арна чат-ботта пікір қалдыру қызметін шектеп тастаған. Сол себепті бұл жерде оқырмандардың пікірталасын көре алмаймыз.

«Астана» арнасы чатқа ерекше тақырыптағы бейнежариялымдарын салады. Мысалы, «Павлодарда медициналық маскасыз жүрген 65 тұрғынға айыппұл салынды» (16.04.2020, сағ 22.15), «Дүниежүзі авиакомпаниялары Коронавирус салдарынан 300 млрд доллар жоғалтады» (16.04.2020, сағ 22.23) тақырыбындағы материалдар 11 мыңға жуық қаралым жинаған.

Ғалымдардың пайымдауынша, міне осылайша виртуалды байланыстың маңыздылығы артып, әлем бойынша бұл басты коммуникация құралына айналып барады. «Современные и перспективные клиентоориентированные информационные системы различной социально-экономической направленности имеют или будут иметь в своем составе мессенджеры для речевого общения и обмена информацией между сотрудниками компаний, учреждений или организаций и клиентами, деловыми партнерами или контрагентами» [3].

Чат-бот тек байланыс құралы ғана емес, медиаменеджерлер үшін контент қалыптастыруға да ықпал ете алады. Чат арқылы көрермендер арасында ең қызу талқыға түскен тақырыпты көруге, сұранысқа ие болған телесериалдар мен көркем фильмдерді, телебағдарламаларды анықтауға болады. Бұл аудитория сұранымына қарай бағдарлама сеткасын жасауға да ықпал етері сөзсіз.

Чат-боттың телеарна үшін тағы бір тиімді тұсы – оқырмандар арасында арнаның эфирдегі жобаларына байланысты сауалнама жүргізуге тиімділігі. Сол арқылы бағдарлама қаншалықты сұранысқа ие екендігін білуге, ондағы нысан мен жүргізуші туралы түрлі пікір алуға мүмкіндік бар.

Телеграмм арнасының танымалдылығы күн сайын артып келеді. Чат-ботты жасаушылар болса жаңа тиімді функцияларды ойлап табуда. Қазір елімізде бұл арнаны түрлі саяси мақсаттарға, Пиар, имидж қалыптастыруға қолданушылар қатары да көбейген. Олар үшін телеграмм - арна қоғамға әсер ететін ерекше құралға айналған. Ендеше телесала да қоғамдық пікір қалыптастыратын құрал ретінде бұл трендтен қалыс қалмауы керек.

Дүние жүзіне әйгілі WSJ - IT бағдарламаларын әзірлеу және зерттеу департаментінің жетекшісі Франческо Марконидің пікірінше, технология алға жылжыған сайын нарыққа түрлі қызмет түрлері келе береді. «Сегодня это искусственный интеллект, завтра - блокчейн, а через десять лет будет что-то еще. Единственное, что не меняется - это стандар-

ты журналистики» [4]. Ал жаңа технологиялар – бұл телеөнімнің саясатын арттыруға мүмкіндік беретін ерекше құрал. Ол шығармашылық қызметке жаңа мүмкіндіктер, қосымша серпін берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанда тұңғыш рет эфирге виртуалды диктор шығады. <https://aikyn.kz/qazaqstanda-tungghysh-ret-%d1%8dfirge-virtwaldy-diktor-shyghady/>. Жарияланған күні: 19 02 202.
2. Telegram. <https://informburo.kz/tags/telegram.html>.
3. Золотарюк А. В., Матвеева Н. Ю. Технологии создания и применения чат -ботов. Научные записки молодых исследователей. № 1/2018. file:///C:/Users/User/Downloads/tehnologii-sozdaniya-i-primeneniya-chat-botov.pdf.
4. «Они не жалуются»: как роботы увольняют журналистов. https://www.gazeta.ru/tech/2019/02/06/12167617/robots_smi.shtml?updated. Жарияланған күні: 16.02.2019.
5. Atameken Business телеграмм арнасы
6. AstanaTV телеграмм арнасы
7. Qazaqstan TV телеграмм арнасы
8. Toi Duman TV телеграмм арнасы
9. BalapanTV телеграмм арнасы
10. Первый канал Евразия телеграмм арнасы
11. Hit TV channel телеграмм арнасы

ХАКІМ АБАЙ СУСЫНДАҒАН РУХАНИ ҒӘМ ОЙ СӘУЛЕЛЕРІ

Көшенова Тоты Иманқызы,
фил. ғыл. кандидаты, доцент
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
Қазақ филологиясы кафедрасы
Түркістан қаласы

Нарсентова Фатима Серікбайқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ ББЖ ҚБАРІ
«Білім беру үдерісін психологиялық- педагогикалық қолдау»
кафедрасының аға оқытушысы, магистр
Алматы қаласы

Аннотация: Мақалада Абайдың нәр алған бұлақтарының бірі – өзінің төл әдебиеті екендігі айтылады. Кезіндегі солақай саясаттың әсерінен ақын өзінен алдыңғы ақындар жайлы жазылған туындысының бұрыс түсіндіріліп жүргендігі сөз болады.

Кілт сөздер: Абайтану, әдебиет тарихы, дәстүр, әдеби мұра, өлең өрнегі

Аннотация: в Статье рассматривается один из родников Абая-мое богатство – говорится, о своей собственной литературе . Сейчас, как и в прошлом году, поэт, писавший о предыдущих поэтах, говорил о том, что он был неправильно интерпретирован.

Ключевые слова: Абайтану, история литературы, традиции, литературное наследие, выразительное чтение.

Abstract: the Article discusses one of Abay's springs-my wealth-it is said about its own literature. Now, as last year, the poet who wrote about previous poets said that he was misinterpreted.

Keywords: Abaitanu, history of literature, tradition, literary heritage, expressive reading.

Кіріспе

Абай мұрасының рухани нәр алған қазыналы көздері туралы абайтану тарихында «Әуезов кезеңінен» (М. Мырзахметтің абайтану тарихын дәуірлеуінің) басталып айтылуда. Әрине, алғаш рет бұл пікірді ғылыми айналымға енгізген, оны өз дәлелдерімен нақтылап берген М. Әуезовтің өзі екені баршамызға аян. М. Әуезов таратып айтқан ұлы ақынның сусындаған бұлақтарының алғашқысы – «қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті. Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті» [1, 270].

Бұл хақында әдебиеттану ғылымында аз айтылған жоқ. Ғалымның аз сөзге түйіп айтқан осы бір пікірі бірталай зерттеушілердің зерттеу нысанасына айналғаны мәлім.

Әрине, қай ақын болсын халық даналығынан сусындайды, сөз байлығы өнерпаздық үлгісінен нәрленеді. Алайда, кезіндегі солақай саясаттың әсерінен дұрыс түсіндірілмей келген

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.

Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! –

деген өлең жолдарын ұлы ақынды зерттеушілер күні бүгінге дейін алдына ту етіп ұстап, өзінен бұрынғы ақындарды Абай былай сынаған, демек, Абайдың өзіне дейінгі әдебиеттен алары болмаған деген сыңаржақ пікірді қалыптастырды.

М. Әуезов те ұлы ақынның сусындаған бұлағының көзі алдымен өз ұлтының даналығында дей келе: «...Осымен қатар өз халқының ой қазынасының барлығын да санамен саралап шығады. ...Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп, Абай айтқан жаңалық әлденешеу»- дейді [1, 270-271]. Ғалымның айтқан сөздеріне тереңірек үңілген адам оның астарында заманға орай айта алмай тұрған үлкен ойдың барлығын жақсы аңғарады. Демек, Абайды бұрынғы қазынамен жалғастырып тұрған көпір кімдер? - деген сұрақтың тууы әбден мүмкін.

Негізгі бөлім

XIX ғасырдағы әдебиетіміздің дамуында өзіндік үлесі бар, біртуар тамаша талант Дулат Бабатайұлы туралы ғалым Х.Сүйіншәлиев айта келіп: «Осы тұста бір айта кетер ескертпем естен шықпай қой-ды. Ол: осындай саңлақ ақын өлеңдерін Абай неліктен «құрау, жамау» деп кеміткен? Біздіңше, бұл мәселені әлі анықтап зерттеу керек сияқты. Шындығына көз жеткізерлік тапжылтпас дәлел болмаса, түбі шикі сөз болуы ғажап емес. Бұқар, Дулат, Шортанбай атына жабылып келген солшыл-солақайлар қосқан пәле-жалалардың бірі емес пе екен? – деп те қаламыз. Абайға таңылып жүрген аталмыш өлең бірде: «Бірі жамау, бірі құрау» делінсе, кейде – «Бәрі жамау, бәрі құрау» деп басылып жүр. Осының өзі-ақ біздің күдігімізді молайта түседі. Біздіңше, Абайдың данышпан ақын боп жетілуі – оның ұзақ ізденіп, ең алдымен, өз елінің даналығын, оған қоса шығыс, батыс әдебиеті жетістіктерін жете меңгеруінің нәтижесі»- [2, 230] десе, бұл мәселеге абайтанушы академик З.Ахметов арнайы тоқтап: «Абайдың жаңашылдығын айту үшін оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес. Абайдың алдындағы ақындардан Дулат, Шортанбай, Мұратты айрықша бөліп айтуға болады. Әрине, олармен ғана шектелу мағынасында емес. Ірі тұлғаларды толығырақ қамтып айту қиын болғандықтан және осы ақындар Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің басты бағыт-бағдарларын таныта алады дегендіктен. Сонда Дулат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын, тікелей жалғас заманның, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындар ретінде атаймыз. Осы ақындардың бұл ерекшелігі бұрын да талай айтылды, бірақ көбінесе олар ескі дәуірді көксеген, кертартпа ақындар еді деген тұрғыдан қарап, біржақты бағалауға, қате пікірлерге орын беріліп келді. Егер осы біржақтылықтан арылсақ, олардың әлеуметтік сыншылдығын толық, әділ бағалауға жол ашылады. Сонда олардың творчествосында әлеуметтік сарын Абай поэзиясымен үндес екені өзінен өзі-ақ айқындала түседі, – дей

келе, – Сан-салалы бұлақтар, өзендер келіп бір жерге құйылмаса, Абай поэзиясы секілді үлкен теңіз де пайда бола алмайтыны анық.

Абайдың өзі кейбір ақындарды сынайтыны басқалармен өнер өлшесу, өзінің поэзиядағы ұстаған бағытын, әкелген жаңалығын терең түсіну мақсатынан туғаны хақ. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген сөзінен біз Абай өз творчествосының жаңашылдық сипатына айрықша мән бергенін аңғарамыз. ... Бұқар, Дулат, Шортанбайды бай-феодалдардың санашылы болған кертартпа ақындар деп қараған біржақты, жаңсақ көзқарас орын алған жылдарда Абайдың осы сөздерінде («Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңіндегі – Т.К.) ол ақындарды түгелдей жоққа шығару бар деп түсіндіруге ұмтылу бой көрсетті. Ал, шынында, Абай өзі атаған ақындарға идеологиялық тұрғыдан баға берген деп санауға ешқандай негіз жоқ. Ендеше, Абайдың сыны оларға поэзияда қолданылған әдіс-тәсілдерге, нақтылап айтсақ, өлең-жырларда бұрыннан қалыптасқан нақыл сөздерді, дайын сөз үлгілерін жиі қолданушылыққа қатысты болса керек. Жамау, құрақ деп отырғаны осы мағынада айтылған деп түсіну қисынды. Сондықтан Абайдың өзін осы ақындарға мүлде қарама-қарсы қойып бағалауда да ешқандай негіз жоқ [3, 178-179] – деп, пікірін қорытындылайды.

Кезіндегі солақай саясаттың зардабынан аталмыш тұлғаларға баға беруде ұлы ақынның осы өлеңінің өзі-ақ үлкен мәнге ие болғаны мәлім. Абай неліктен өзінің сан ғасырлық тарихы бар өзінің туған әдебиетінен осы тұлғалардың ғана атын атап, түсін түстеді?

Менінше, З.Ахметов айтқандай, ұлы ақын өзіне дейінгі әдебиеттегі ұлы тұлғаларды таныған. Өлеңге Бұқар жырау, Шортанбай мен Дулат неліктен арқау болып отыр. Өйткені халық тарихында болған ірі-ірі оқиғалар әдебиетте де ірі тұлғалардың тууына өз септігін тигізді. Қ.Өмірәлиев бұл мәселеде былайша ой толғайды: «Мәселен, қазақ халқының тарихында болған ірі белестерде әдебиет те бір биікке көтеріліп, сол дәуірдің тынысын түсіне алған ой-пікір көсемдерін шығарып отырған: айталық, Ноғайлы бірлестігінің құрылуы мен ыдырау кезеңі осы тарихи жағдайларға толғана білген ақылман жырауларды – бұл күнде аты аңызға айналған Сыпыра мен Асанқайғыны берсе; қазақ-қалмақ арасындағы соғыстар байырғы жырларды қайта жаңғыртып жырлаған не жаңадан эпостық жырлар туғызған ірі ақындарды берді; қазақ халқының қайта бірігу дәуірі – XVIII ғасырдың тарихи жағдайлары Бұқар жырауды берді» [4, 14] десе, «қазақ жерінде XIX ғасырдың екінші жартысында ағартушылық ой өріс ала бастады. Әлбетте, ол ең алдымен қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы рухани азығы болып келе жатқан сөз өнерінде көрініс тапты, – дей келе, – Отарлық жүйе қазақ өміріне мол өзгеріс әкелді. Ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты

бұзылды. Бұл жағдай елдің алдыңғы қатарлы, ойлы азаматтарына - зиялы қауымына ой салды,, - деп әдебиет зерттеушісі С.Ергөбек зиялылардың қатарына Дулат, Шортанбайларды атайды [5, 194].

Көріп отырғанмыздай, Абай әдебиет айдынындағы алдыңғы толқынның әдеби жәдігерліктерін түгел сүзгіден өткізе отырып, өзімен ақындық қуаты қарайлас, шамалас келетін тұлғаларды сұрыптап, өнер бәйгесіне түскен дер едік. Бұл жайында академик З.Ахметов былай дейді: «Абайдың алдындағы ақындардан Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбетті айрықша бөліп атауға болар еді. Сонда Бұқарды тамыры ерте дәуірден тартылатын, ісі қазақ жыраулық поэзиясының ең көрнекті өкілі, насихат, ғибрат түріндегі толғау, терме, жырлардың асқан шебері деуімізге болады. Ал Дулат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын, тікелей жалғас заманның, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындар ретінде атаймыз» [3, 18].

Бұл ойды нақтылай түссек, Абай Бұқар, Дулат, Шортанбайларды жақсы білген және олардан рухани нәр Іәм үлгі-өрнектер алған. Сөзіміздің дәлелі ретінде Дулат пен Абай арасындағы дәстүр жалғастығы жайында аз-кем сөз етсек дейміз.

«Қазіргі қазақ ұлығы
Жаман иттен несі кем,
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айрылар мүлде есінен»,

– десе, бірде:

Орыстың көрсе ұлығын
Қыздан-дағы қылықты.
Ұлық кетсе, қазаққа
Қорқау қасқыр қылықты»,

– деп, қоғамдағы саяси жағдайдың салдарынан орын алған берекесіздікті паш етеді. Отарлау саясатының басты бағаты да осы – халықтық бірлікті жою болатын. Ол мақсатына билік пен сайлау жүйесі арқылы толық қолы жетті. Бұл жөнінде сол 1905 жылғы Думада: «Қазақтар орыстың қол астына кіргелі бері бірде бір шуақты жарық күн, бақытты сәт болған емес. Содан бері ешкімде, шын мәнінде ешбір адам қазақтар үшін сәл де болса игілікті іс немесе сол игі іске ұқсас бірдеңе істеу туралы ойлаған да жоқ», - деген болатын Мұхамеджан Тынышбаев. Ресейдің өз ішінде аласапыран болып жатқанмен, олар отар ел туралы шовинистік көзқарасын өзгертпегені тарихтан мәлім. Осы көзқарастың құрбаны болған қазақ халқын Абайша айтсақ:

«Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады, елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
...Ояз бардағы қылықты
Ояз жоқта етпеймін.
Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріп ептеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «күп» деймін».

Абайдың Шортанбай ақыннан да өз сыбағасын алды деп айта аламыз. Шортанбай өз шығармаларында елдегі әлеуметтік жағдайды барынша шынайы жырлады. Бай мен кедей жайында Шортанбай:

«Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді.
Қызметін бір күн қылмаса
Майлы сорпа бермейді...»- десе,

Абай мына бір туындысында айтылар ойлар Шортанбай жырларының жалғасы іспетті.

«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе
О да – қылған кедейге үлкен сыйы».

Абайдың өзіне дейінгі әдебиеттік үлгілеріден, ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Өйткені, ақынның нәр алып сусындаған алғашқы бұлағы өзінің төл әдебиеті екендігі баршамызға мәлім. Абай мен Дулат ара-

сын М.Әуезов те өз шығармасында жас ақынға рухани әсер қалдырған Дулатты босқа алмаған (Шығармада Барлас деген атпен көрінетін кейіпкер). Ұлы жазушы Дулат шығармашылығы мен Абай поэзиясы арасындағы әлеуметтік сарынның ортақтастығын анық аңғара алған және болашақта зерттелуі тиіс мәселені көрсеткендей.

12. Mobilebroadbandgroup.com. (2013). UK Code of practice for the self-regulation of content on mobiles. [online] Available at: http://www.mobilebroadbandgroup.com/documents/UKCodeofpractice_mobile_160515.pdf [Accessed 11 Apr. 2016].
13. Nash, V., Adler, J. R., Horvath, M. A., Livingstone, S., Marston, C., Owen, G., & Wright, J. (2015). Identifying the routes by which children view pornography online: implica-

tions for future policy-makers seeking to limit viewing.

14. NSPCC. (2015). Online porn: evidence of its impact on young people. [online] Available at: <https://www.nspcc.org.uk/fighting-for-childhood/news-opinion/online-porn-evidence-impact-young-people/> [Accessed 9 Apr. 2016].

15. OfCom (2014). Children and Parents: Media Use and Attitudes Report. London: OfCom. [online] http://stakeholders.ofcom.org.uk/binaries/research/media-literacy/media-use-attitudes-14/Childrens_2014_Report.pdf [Accessed 10 Apr. 2016].

16. Parker, I. (2014). Young people, sex and relationships: The new norms, Institute for Public Policy Research, [online] <http://www.ippr.org/read/young-people-sex-and-relationships-the-new-norms> Accessed [9 Apr. 2016]

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Кеңес Айдана,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші:
Р.С. Жақылықбаева,
филол.ғ.к., доцент*

Біздің әрқайсымыз алға қарай келе жатқан сайын, шыңдалу жетістіктерінің шегі жоқ екенін анық көреміз. Бүгін қандай биіктікке қол жеткізгенің маңызды емес, мәңгілік өмір қозғалысымен бірге алға жылып отыру маңызды» (Е. И. Рерих)

Сандық технологиялар өмірдің барлық салаларына белсенді қатысады. Азаматтардың барлық санаттарына - жас балалардан бастап үлкендерге дейін ақпараттық ресурстардың қол жетімділігі қазіргі қоғамды толғандыратын барлық мәселелерді шеше алады деген идеяны қалыптастырады. Оның үстіне әлемдегі өндіріс пен қоғамдық кейбір процестерді роботтандыру, мысалы банк секторындағы роботтар мен қызметкерлер арасындағы бәсекелестік мәселесін көтерді.

Қазіргі заманғы цифрлық білім беру ортасы әр түрлі жастағы азаматтарға заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып сапалы білім алуға

мүмкіндік жасауға бағытталған. Заманауи цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру онлайн режиміндегі курстардың сапасын бағалау жүйесін, азаматтардың барлық санаттарына қол жетімді ақпараттық ресурстарды (портал) құруға және әр пайдаланушының онлайн-курстарға қатысуын қамтамасыз етуге, білім беру технологиялары саласында ашық онлайн курстар мен онлайн оқыту саласындағы аймақтық құзыреттілік орталықтарын құруды талап етеді. Біздің әрқайсымыз неғұрлым жоғары дәрежеге ұмтылған сайын, соғұрлым жетілу жетістіктерінің шегі жоқ екенін анық көреміз. Бүгін қандай биіктікке қол жеткізгенің емес, маңыздысы мәңгілік өмір қозғалысымен бірге алға жылжу. Қазіргі әлем қоғамның барлық мүшелеріне жоғары талаптар қоя отырып, қарқынды дамып келеді. Өз іс-әрекеттерін талдауға, өз бетінше шешім қабылдауға, олардың ықтимал салдарын болжай отырып, елдің тағдыры мен оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуі үшін жауапкершілік сезіміне ие болуға қабілетті креативті адамдарға қажеттілік туындайды. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қоғамның барлық қабаттарында, жеке өмірде трансформация жүріп жатыр. Жаңа мамандықтар мен өзара іс-қимыл құралдарына қажеттілік туындайды. Ақпараттың, ақпараттық инфрақұрылымның, электрондық ресурстардың рөлі артып келеді [1, 143].

Сандық технология мен аналогтық технология жеке-жеке дербес ерекшелікке ие. Мәселен:

– сығымдау мүмкіндігі ақпаратты нығыздайды: үлкен көлемді ақпаратты цифрлау арқылы шағын кеңістікте сақтауға болады. Мысалы, бір CD, USB құралында немесе желілік серверде;

– манипуляцияға икемді: әрқашан интерактивтілікке және аудиторияның мазмұнды қалыптастыру қабілетіне мүмкіндік береді. Әуелгі құрылудан бастап жеткізу мен пайдалануға дейін үнемі өзгеріп отыруы мүмкін;

– әділетті: ұсыну, иелену, құру немесе пайдалану идеяларына енjarлық танытады және аппараттық қамтамасыз етудің көптеген формаларына қолжетімді;

– желіге байлаулы: мазмұны бір сәтте үлкен аудиторияға таралуы мүмкін.

Онлайн оқыту, заманауи білім беру білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға және олардың жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған. Жаңа ұрпаққа арналған мемлекеттік білім беру стандартының маңызды бөліктерінің бірі – жеке, танымдық, реттеушілік, коммуникативтік-әмбебап оқу іс-әрекеттері болып табылады. Студенттердің әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеруі ұйымдастыруды, жаңа білімді, шеберлікті және құзыреттілікті өз бетінше табысты меңгеруіне негіз

жасайды. Бұл оқытудың заманауи тәсілдері мен инновациялық әдістері тікелей әсер ететін қазіргі білім беру процесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады [2, 37-38].

Біздің заманауи ақпараттық ғасырымызда білім алуды ұйымдастыру ба-рысында мыналар маңызды болып табылады:

- бақылау, тәжірибе, оқу диалогы және т.б.;
- өз ойлары мен іс-әрекеттерін жан-жақты сезіну және бағалау;
- қызмет нәтижесін қойылған мақсатпен сәйкестендіру, өзінің білетін және білмейтін ақпаратын анықтау.

«Қазақстанның ашық университеті» – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен мамандары бірлесе әзірлеген онлайн-курстарға тегін қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын алғашқы білім беру платформасы болып табылады. Бұл жобаның мақсаты – сапалы тегін онлайн-курстар ұсыну арқылы Қазақстан халқының интеллектуалдық деңгейін арттыру. Цифрлық технологиялар көмегімен онлайн білімді баршаға қолжетімді ету.

Ашық университет ұсынатын курстар келесі санаттарға бөлінген:



Қазақстандағы ең үлкен, тегін білім беру қауымдастығына қосылып, тіркелу арқылы сіз өзіңіз таңдаған тегін курстарды өте аласыз.

Pictochart қосымшасы арқылы жасалды



Open.kz онлайн кітапханасы

infogram қосымшасы арқылы жасалды

Жоба шеңберінде тарих, философия, социология, психология, антропология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, инновация, медиа, экономика, менеджмент және бизнес салалары бойынша әлемнің маңдайалды университеттерінің үздік оқулықтары қазақ тіліне аударылып жатыр. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру мақсатында ашық университет базасында жеке онлайн кітапхана бар.

Динамизм, жаһандық қайшылықтар, оқыту мен тәрбиелеудің неғұрлым жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге, жаңа білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік беретін жаңа заманауи тиімді оқыту технологиялары

қоғамдық өмірдің барлық салаларында түбегейлі өзгерістер енгізді. Әрбір нақты оқыту технологиясының тек соған тән белгілері, анықтамасы, функциясы, құрылымы бар

Үйреншікті стандартты білім алу әдісімен қатар қашықтықтан білім беру немесе басқа сөзбен айтқанда, онлайн-білім беру танымалдыққа ие болуда. Ол сабақ өткізілетін жерде білім алушының тікелей қатысуынсыз өтетін түрлі білім беру бағдарламалары немесе курстар болып табылады. Әдетте ол үшін түрлі бағдарламалық қосымша (мысалы, Skype) немесе арнайы онлайн сервистер қолданылады. Оқытудың осы түрінің көптеген артықшылықтары бар:

✓ Оқу уақытын өз бетінше таңдауға болады. Кешкі уақытта өткізілетін жалпы сабақтар және өз бетінше орындау үшін тапсырмалар болады, ал есептер жалпы чаттарда немесе сайттың жабық бөлімінде жазылады.

✓ Егер сабақ өткізілмеген болса, оның жазбасын ыңғайлы уақытта көруге, сондай-ақ тапсырмалар білім алушы үшін ыңғайлы уақытта орындауға болады.

✓ Орналасқан жеріне қарамастан-үйде немесе демалыста интернетке кіру мүмкіндігі болған жағдайда ғана оқуды үзбеуге болады, сіз өз үйреншікті өміріңізді сүре жүріп, жаңа білім аласыз.

✓ Әдеттегі оқу түріне қарағанда онлайн оқыту арзанырақ, өйткені оқу процесін ұйымдастыру үшін үй-жай, көрнекі материалдар, кітапхана және құрал-жабдықтар қажет емес. Сонымен қатар, бүгін түрлі курстардың үлкен таңдауы бар, бұл ең тиімді ұсыныс.

✓ Онлайн-оқытуды классикалық білім беру үдерісіндегі теоретиктер ғана емес, сонымен қатар практикалар, әр түрлі деңгейдегі мамандар жүргізеді.

✓ Онлайн оқу процесін ұйымдастыру кезінде студенттер арасындағы қарым-қатынас үшін ортақ чат немесе басқа кеңістік құрылады, бұл топта қарым-қатынас, коммуникация үшін көп мүмкіндік береді (нетворкинг) [5, 358-361 бб.].

Артықшылықтардың жеткілікті санына қарамастан, онлайн оқытудың «кемшіліктері» де бар. Интернет немесе оның сапасы нашар болғандықтан оқу үдерісі бұзылуы немесе мүлдем жойылуы мүмкін. Адамдардың белгілі бір санаттарына ақпаратты дұрыс пайдалана алмауы оқуға кедергі келтіреді. Онлайн оқыту процесінде жанды қарым-қатынастың болмауы онлайн-сабаққа қажетті белгілі бір бағдарламаларды игеру қажеттілігі оқыту процесін баяулатады. Оқу үдерісін ұйымдастыра алмау және өз бетінше айналыса алмаудан оқу үдерісі тиімсіз болып жатады.

Осылайша, қашықтықтан оқыту бізге бірқатар артықшылықтар береді,

сонымен қатар белгілі бір қиындықтарға әкеледі, Бірақ осының бәріне қарамастан, ақпараттық технологиялардың дамуы мен интернеттің әлемнің әр түрлі нүктелеріне енуінің арқасында қашықтықтан оқыту нарығы бүгінде елеулі қарқынмен өсіп келеді. Әлем дамып келеді, технологиялар да дамып келеді. Экономика да сандық технологияға келді және оған даярлау үшін білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесін тиісті түрде жаңғырту, білім беру бағдарламаларын сандық экономика қажеттіліктеріне сәйкес келтіру, Оқу қызметінің сандық құралдарын кеңінен енгізу және оларды ақпараттық ортаға қосу, азаматтарды өмір бойы кез келген уақытта және кез келген жерде жеке оқу жоспары бойынша оқыту мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Осы салаға дмашықтанған кадрлар қажет [3, 368].

Онлайн оқыту көптеген факторлармен түсіндіріледі, бірақ оның негізгі артықшылығы - қолжетімділік: жаңа білім алу үшін үйден шығу міндетті емес, интернетке қосылу жеткілікті. Бүгінде отандық және шетелдік оқыту платформаларының саны ондаған, ал онлайн – курстардың саны мыңдаған болып есептеледі, бірақ белгілі бір проблемалар бар және олардың бірі - сапалы және тиімді болатын қажетті онлайн-курсты табу. Онлайн оқытуды іске асырудың негізгі мақсаттарының бірі - бұл «бір терезе» қағидаты бойынша оларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық ресурс аясында онлайн-курстарды біріктіру. Мұндай жұмыс принципі адамдарға тұратын жеріне және білім деңгейіне қарамастан жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Ол студенттерге виртуалды академиялық ұтқырлық принципін іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі, оларға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарынан сапалы білім беру контентіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқытушыларға үздік отандық ресурсты немесе шетелдік педагогикалық тәжірибені зерделеуге, өз біліктілігін арттыруға және оларды табысты тапсыру қорытындысы бойынша берілген сертификаттарды алуға мүмкіндік береді. Сандық портфолио құралдарының көмегімен сертификаттармен алмасу, оқыту нәтижелерін есепке алу, сондай-ақ білім беру ұйымдарына онлайн-курстарды білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына енгізу бойынша ұсынымдар қалыптастыру жүргізіледі. Бірінші кезекте оқытушыларды онлайн-курстар мен симуляторларды өз бегінше құруға үйрету туралы мәселе шығады. Бұл процесс жеткілікті күрделі және әдістемелік-техникалық жобалау, дизайн, бейне-өндіріс, сандық контентпен жұмыс істей білу салаларында білімді қажет етеді [1, 147].

Осы бағдарламалар мен жобалардың жұмыс істеуінің тиімді жақтарынан басқа, осы терминологияны бекітетін нормативтік-құқықтық актілердің жеткіліксіздігі, қазіргі заманғы білім беру ортасын бағалау индикаторларына бар тәсілдердің әртүрлілігі, біздің еліміздің кейбір аумақтарында

ақпаратты электрондық түрде беру мүмкіндігінің болмауы, электрондық құжат айналымын жүзеге асырудың мүмкін еместігі және басқа да бірқатар белгілі бір қиындықтар мен проблемалар бар. Бүгінгі онлайн білім берудің күрделі мәселесі - өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін сапалы контенттің жетіспеушілігі. Бүгінгі күні заңға сәйкес онлайн білім беру дербес оқыту нысаны емес, кейбір оқу орындарына қолдануға тыйым салатын технология болып табылады. [4, 61] Бүгінгі онлайн оқыту нарығы - бұл студенттерге оқу үшін қолжетімді дәрістер мен оқулықтар ғана емес. Әлемдік жетекші жоғары оқу орындары практикалық сабақтарды, оқушыларды бағалауды, сондай-ақ бір-бірінен мың километр қашықтықта өмір сүрседі, оқушылардың өзара қарым-қатынасын талап ететін бағдарламаларды әзірлейді.

Әлемде білім беру ұйымдарының бизнес-моделі танымалдылыққа ие болып келеді, бұл кезде ұйым оқушылардан ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушының үлгерімі мен танымдық мүмкіндіктері туралы мәліметтерді беретін олардың әлеуетті жұмыс берушілерінен да ақша алады. Шын мәнінде, бұл жағдайда білім беру ұйымы еңбек биржасының функцияларын ішінара орындайды. Бірақ онлайн-білім беру іргелі, базалық білімді алмастыра алмайтынын түсіну керек. Онлайн білім беруді оқыту әдістері - бұл қазіргі заманғы өмір қарқынын ескере отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі қосымша. Өмір қазір тез өзгереді, ол үшін үлгеру керек және ең перспективалы онлайн және офлайн оқыту құралдарын біріктіретін гибридті модельдер пайда болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер мен ресурстар:

1. Авадаева И.В., Анисимова-Ткалич С. К., Везетиу Е.В., Вовк Е. В., Голденова В.С., Гребенникова В.М., Ковтанюк А.Е., Кречетников К.Г., Мантаева Э.И., Миронов Л.В., Орлова Л.В., Слободчикова И.В., Ткалич А.И., Чернявская В.С., Шер М.Л. Методологические основы формирования современной цифровой образовательной среды: моногр. – Нижний Новгород: Издательство НОО Профессиональнаянаука, 2018.
2. Ж. Бейнбриж, Н. Гок, Л. Тайнан, Медиа және журналистика теория мен практикаға жаңа көзқарас. Media and Journalism: new Approaches to Theory and Practice оқулық; - 3-бас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚК, 2019.
3. Вайндорф-Сысоева, М.Е. Организация виртуальной образовательной среды: теория и практика: моногр. – Германия: LAP LAMBERT Academic Publishing GmbH & Co. KG, 2011.
4. Friedman, N.P. Differential Roles for Visuospatial and Verbal Working Memory in Situational Model Construction / N.P. Friedman, A. Miyake // Journal of Experimental Psychology: General. Washington. DC: APA. – 2000. – Vol. 129. – № 1.
5. Moreno, R. Cognitive Principles of Multimedia Learning: The Role of Modality and Contiguity / R. Moreno, R.E Mayer // Journal of Educational Psychology. Washington. DC: APA. – 1999. – Vol. 91. – № 2.

ЦИФРЛЫҚ ӨНДІРІСТЕГІ БАҚ-ТЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Амангелді Акерке,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
1-курс магистранты*

Ғылыми жетекші:
Р.С. Жақылықбаева,
филол.ғ.к., доцент

Заманауи технологияларды ойлап табу арқылы адамзат өз тіршілігін жеңілдетуде. Есесіне уақыт үнемделіп, сана-сезімнің өсуіне мүмкіндік жасалады. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып біздің мемлекет те цифрландыруға қарай бет бұрды. Соның нәтижесі 2018-2022 жылдар аралығында іске асырылуы тиіс «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық экожүйенің қарқынды дамуы арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын және экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Аталмыш бағдарламаның іске асырылуы еліміздегі БАҚ-тың дамуына да өз әсерін тигізді.

Жалпы, БАҚ-тың цифрлануына тоқтала кететін болсақ. Журналистер алғашында Интернетті өздеріне төнген қауіп ретінде қабылдауы – түсінікті жайт. Радио мен телевидение технологиясының пайда болуының баспасөзден айырмашылығы онда мемлекет өндірісті тарату мен реттеуді мұқият бақылып, белсенді рөл атқарды. Журналистер мен баспасөз иелері жұмыс дәстүріне және табыс табуға назар аударды, сондықтан бастапқыда жаңа бұқаралық ақпарат құралдарына күдікпен қарады және жаңа инновацияларға қатысты туындаған алғашқы ойталқылар оларды жоққа шығаруға бағытталды. Мысалы, «Time Magazine»: тележаңалықтар, телевизиялық бағдарламалар техникалық жағынан толықтырылғанымен, радиохабарлардан ешбір артықтығы жоқ», – деген пікір білдірді. Сондай-ақ осындай күмәнданушылармен қатар, болашақтағы өзгерістер әлеуетін жоққа шығарушылар да болды. Оларға қарсы пікір білдіруші оптимистер бұл техникалық әлеуетті жаңашылдық ретінде қабылдады [1].

Журналистер мен ақпараттық ұйым басшыларының маңызды міндеті – технологиялық өзгерістерді түсіну және соған бейімделуі қажет.

Телевидениенің жаңа пайда болған сәті секілді сандық журналистиканың да алғашқы онжылдығында оның жаңа технологиялық әлеуеті толықтай дұрыс қабылданды деуге болмайды. Бүгінгі таңда кейбіреулер сандық технологияны оның көптеген басымдылықтарына қарамастан, идеялар мен адамдарды тарту арқылы оларды қашықтықта ұстау құралы ретінде пайдалануға арналған дейді. Журналистер мен ақпараттық ұйымдарда жаңа технологияларға күдікпен қарау дәстүрге айналғаны ақиқат, дегенмен, бұл күдікшілік бетпердесі журналистер мен ақпараттық ұйымдардың өздері қолданып жүрген технологияға тығыз қарым-қатынасы мен оны қалай пайдалануы арқылы байқалады.

Ең алдымен, журналистер алғашқы телеграфтық байланыстан спутникке дейін ақпарат жинауға технологияны пайдаланып келеді. Пошталық жүйелер, телефон желілері, эстрада дауысы және «телеграфтық» қызметтер сөзсіз журналистерге ақпарат жинауға көмектесті. Мысалы, газетке арнап жаңалықтар жазу әдісі Стюарт Алланның (2004) технологияны қолдана отырып, телеграфты, нақтырақ айтқанда, Associated Press агенттігінің пайдалануындағы «төңкерілген пирамида» әдісі арқылы ақпарат таратуға көшті. Себебі «сенімсіз телеграф» желісінің мәтіндегі «көшбасшыларды», яғни ең маңызды фактілерді қысқартуы кездесті.

Соңғы жылдары жасанды интеллект иелері, яғни роботтар БАҚ-тың ажырамас бір бөлшегіне айналды деп айтсақ болады. Робот-дикторлар, робот-тілшілер био журналистердің орындарын басуда. Мысалы, Пекин университетінде құрастырылған қытай робот-журналист бар болғаны бір секунд ішінде мақала жаза алатын болған. Southern Metropolis Daily газетінде жарияланған материал 300 сөзден тұратын қаладағы кептеліс жайында болды. Әрине, мұндай жылдамдықпен жұмыс жасайтын журналист био журналистердің орнын тез басып алады деген қорқыныш пайда болады. 2015 жылы мамырда Ақ үйдегі NPR-дің корреспонденті Скотт Хорсли Automated Insights компаниясының Wordsmith алгоритмін жарысқа шақырды. Сайыс шарты бойынша екі қарсылас та Denny's кафесінің қаржылық есебін күтуі керек еді. Нәтижесінде, робот 2 минутта, ал Скотт 7 минутта өз жұмысын аяқтады. NPR екі жазбаны да жариялап, оқырмандардан қайсысы робот, қайсысы адам жазғанын тауып көруін сұрады.

Over Easy

One of these stories was written by Scott Horsley. One was written by a machine. Which do you like better?

Story #1

► Denny's Corporation on Monday reported first-quarter profit of 8.5 million dollars. The Spartanburg, South Carolina-based company said it had profit of 10 cents per share. The results beat Wall Street expectations. The average estimate of four analysts surveyed by Zacks Investment Research was for earnings of 9 cents per share. The restaurant operator posted revenue of \$120.2 million in the period, also beating Street forecasts. Three analysts surveyed by Zacks expected \$117.1 million. Denny's shares have risen nearly 6 percent since the beginning of the year. In the final minutes of trading on Monday, shares hit \$10.90, a climb of 61 percent in the last 12 months.

Story #2

► Denny's Corporation notched a grand slam of its own in the first quarter, earning a better-than-expected ten cents a share, as restaurant sales jumped by more than 7-percent. Operating revenues topped \$120 million. Adjusted net income jumped 36 percent to \$8.7 million. Denny's is one of the nation's largest full-service restaurant chains. The growth in sales suggests consumers are opening their pocketbooks for pancakes, eggs, and hash browns. Earnings were also helped by lower costs for raw materials. Denny's results were also helped by the re-opening of the high-volume location inside the Las Vegas Casino Royale restaurant. After sales grew faster than expected in the first three months of the year, managers raised their sales forecast for the remainder of 2015.

Source: Automated Insights

Credit: Quoctrung Bui/NPR

Сол жақтағы жазба роботтыкі. Ол жерде сандардың нақтылығы мен белгілі бір стильде жазылғандығы байқалады. Скот болса, қаржылық есепке қатысы жоқ лириканы қосқан болатын. Мысалы, «сауданың өсуі тұтынушылардың жұмыртқа, құймақ және кортошка үшін өз әмияндарын ашуға дайын екендерін көрсетеді» [2].

Сонымен, кім жеңіске жетті? Робот тез әрі іскерлік стильде жазған болса, Скотт Хорсли баяу, бірақ адами тұрғыда жазды. Бұл жазбаны оқытындар – қаржыгерлер. Оларға әмиян мен құймақ туралы жызылған лирика қызық па? Дегенмен, оқырман робот емес, адам болғандықтан маңызды болуы мүмкін. Тең ойын болды.

Associated Press – технологиялар көмегіне жүгінген бірінші басылымдардың бірі. 2014 жылы Automated Insights компаниясының жылына мәтін генерациялайтын және миллиондаған генерацияланған оқиғаларды құрастыратын бағдарлама әзірлеушісімен келісімге келген. Робот-репортерлар Associated Press үшін бейсбол жаңалықтарын, The Washington Post үшін мектеп футболы және жер сілкінісі туралы The Los Angeles Times-қа мақалаларды жақсы деңгейде жазып жүр. Осы сияқты мысалдар жетіп артылады [3].

Оксфорд зерттеушілерінің айтуы бойынша, американдарға қарағанда, ағылшын журналистері бұл жағдайға алаңдамайды. Өйткені жасанды интеллект иелерінің мүмкіндіктері шығармашылыққа қанат жая алмайды дейді. 12 критерийден тұратын бағалау жүйесі бойынша робот журналистің адам журналистен 7 критерий бойынша ерекшеленеді. Оның біреуі ғана жағымсыз. Жағымдылары:

- бейнелеу;
- қызметтік пайдасы;
- ақпараттық мазмұны;
- дәлділігі, нақтылығы;
- объективтілік;
- сенім артатын орын.

Жағымсызы:

- субъективтілік жоқ (адам сияқты эмоционалды емес).

Қазақстандағы барлық саланың цифрлануы БАҚ-тың дамуына септігін тигізуде. Журналистерге ақпаратты алу оңайлатылған. Журналистер өзінің CSV және RDF білсе, олар PHP немесе Python арқылы MySQL ашық деректер базасына қол жеткізе алады. Үкімет, жергілікті органдар, агенттіктер немесе ұлттық шекарадан тыс жарияланған деректерден кез келген құпия ақпаратты табуға болады. Біздің елімізде робот журналистерді қолданбаса да, БАҚ қызметкерлері өз саласын цифрландыруға барынша ат салысуда. Қазіргі таңда телевизиялық үрдісте сандық технологияларды пайдалану дамып келе жатыр. Контентті дамытуға барын салуда. Көптеген платформаларды тиімді пайдаланып, оқырмандарға ақпарат алуды оңай әрі тиімді етіп отыр.

Елімізде ақпарат алушылардың көбі әлеуметтік желілерді көп қолданатын болғандықтан БАҚ-тың біраз саласы сол бағытқа қарай ығысып, әртүрлі желілерде өз парақшаларын жүргізіп жүр. Мұның барлығы өз тұтынушыларын қанағаттандырудан туындайды. Цифрлану БАҚ-қа тек оң өзгеріс енгізіп, дамуына өзіндік үлес қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джанет Джонес, Ли Салтер К. Сандық журналистика. – Алматы, 2014. – 280 б.
Робото-журналистика: вкальвают роботы – счастлив человек? /<https://texterra.ru/blog/roboto-zhurnalistika-vkalyvayut-roboty-schastliv-chelovek.html>
Робот-журналисттер /<https://rb.ru/story/robot-journalists/>

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНАУИ ОЙШЫЛ: АДАМЗАТТЫҚ САНА БИГІНДЕГІ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

Башанова Құралай,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I-курс магистранты*

Бес күндік жалған атырабының құба жонында шауып өткен ғұмыр арғымағының шабысын тану, сынына баға беру үшін шын дарынның жүрек соғысы дүние сазымен үндесуі керек. Жүрек соғысының бұл реттегі жалқы тұрағы – ой еңбегіндегі тереңдік. Шын дарын тереңдікте тұнған табиғат пен түпсіз ой құндағында туып, жетіледі, қалыптасады. Әбіш Кекілбаевтың ой тізбегін жіктеуде Маңқыстау монологтарының, кеудесін күн жеп, арқасын ай сәулесі жылытқан маңғаз таулардың уақыт тәжірбиесінен алған тәлімі, дәуір сазына қосқан үні ерекше әсер етті. Сондықтан, дарын иесі Әбіш Кекілбаев – бетін жел үрлеп, жанарын уақыт көмген құм шағалда бірде сая тауып, бірде мүжіле көшкен тұрғысыз қаңбақ өмірінің ашық-жарық, көмескі-бұлыңғыр картиналарын, пенде тағдырын еске салатынын ертеден ұғынған сынайлы. Дарын да өзіне дейінгі кемел ғұламалардың ізімен өмірдің мәнін іздеді, оған замана әйнегінен көз салды. Өз еңбегінде: «Моноцентризм теориясының айтуынша – тіршіліктің жаратылуына күн сәулесінің мұхит суына түсуінен өрістеген фотосинтез үдерісі себеп болған,» - дейді Әбіш Кекілбаев. Ойшылдың ұғымында сәуле деталі шығармашылық мән шаға емес, дүниені жасаушы элемент. Ол адамзаттың жаратылысына кең ұғымға зер салады, ақын Қадыр Мырза Әлидің «Күн сәулесі түспеген жерге сөз сәулесі түседі» деген тұжырымындағы «сәуле» сөзін жаратылыстық биікке көтереді. Өмірдің мәнін адами қасиеттерден іздейді. Мысалы, «Адам нәсілін жер бетінде баяндатып тұрған бірден-бір күш бар – мейірім мен рақым ғана». Кекілбаевтың ұғымындағы мейірім мен рақым категориясы – тұлғалық-адамзаттық қалыпта кемелдікке жету жолдары, ойшыл адами қасиеттер көмегімен қоғамда жаңа заман индивидтерінің формасын жасау. Бұл категориялардың түпкі мәні әл-Фараби еңбектеріндегі бақыт ұғымымен үндеседі. Философиялық анықтама бойынша бақыт – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Әбіш Кекілбаев та адами қасиеттерді жер бетіндегі тұтастық пен болмыс ерекшеліктері негізінде жеткізеді. Қазіргі қатынастарда орын алып жатқан келеңсіздіктер, соғыс пен қырғиқабақтық – тұтас адам нәсілін өмірдің баянынан айырмақ, оған қарсы келер күш – мейірім мен рақым

ғана. Адамзатты осы негіздегі тоқырау тұңғиығынан о бастағы жаратылысында болмысына сіңген қасиеттер құтқарады. Әбіш Кекілбаев жантануда ішкі жалғыздықты, табиғат мекеншағындағы адам өкінішін, назын, уақыт тұрғақсыздығын шебер толғайды, оған экзистенциалистік тұрғыдан келеді. Мысалы, «Ханша – дария хикаясындағы»: «Өмір де бір ескі арнаның алдамшы ағынындай. Сонау қырық үйіріліп, бұрқырап-сарқырап жатқан ақ түтек су осыдан қай жерлерге дейін барады... Осы бетімен лағып барып, шалқып жатқан шалқар айдынның құшағына еніп, із-түссіз жоғала ма, жоқ жол-жөнекей құмға сіңіп құри ма – оны да ойламайды. Сыңайы осы бәрі-бәрімізді әңмеңдетіп қойған өмір шіркіннің өзі де түптеп келгенде, тап осы ағын судай баянсыздық, сылдыр сұйық пәтуасыздық шығар... Ол пақыр да мынау желкелеп қуған нөпір тірліктің баянсыздығын, өз қарекетінің пәтуасыздығын анау жағаға шығып қалған қой тастай сазға отырған күні бір-ақ біледі. Бірақ енді кері ағатын су, қайта бастайтын дәурен жоқ...» Тұрлауы жоқ ғұмырдың қазақ айтқан «Өмір серуен, адам бір көшкен керуен» анықтамасына образды берілген шындықта қаламгерлік экзистенция аңдалады. Себебі, шындығында әрбір жаратылыс иесі жалғыз, олардың бәріне аян физиологиялық екі аксиома бар. Алғашқысы – көз алдындағы тоқтаусыз желген өмір арғымағы, екіншісі – өлім. Әбіш Кекілбаев өмірге сеніммен, өлімге абстрактылы түсінікте қарайды. Түйдек пікірлерді кейіпкерлердің бейнесінде сөйлетіп, оқырманның жүрекке оралу, өмірдің ақиқатын тану тұрғысында әйдіптейді. Тағы бірде ойшыл, «Маркес және оның латын Америкасындағы әріптестері – «каудильошылықты(әскери күштеу), Айтматов – «мәңгүрттікті» саяси-философиялық ойға тұрақты ұғым қылып қосты. Алдыңғысы, әсіре өктемдіктің философиясы, соңғысы – құлақкесті құлдықтың философиясы» деген пікірді айтады. Бұдан Әбіш Кекілбаевтың еркіндік категориясына болысатынын байқаймыз. Өктемдік пен құлдық адамды еркіндіктен айырады. Еркіндік – сананың қажеттілігі. Әскери диктатура мен рухани мәңгүрттік жайлаған қоғамда парасаттылық емес, надандық салтанат құрады. Әбіш Кекілбаевтың кредосы – адами құқық пен адами қасиеттер ықпалымен әлемде еркіндік утопиясына жету. Алайда түрлі қоғамдық кесепаттар ойшылдың жанына батады, мұндай құбылыстарды жазушы айыптайды, тағы да кейіпкерлер тілінде қоғамдығы сүрөңсіздікті сынайды: «Қайда қараса да, көретіні ел үстінен күн көрген пысықайлық, кісі үстінен пайда тапқан кісәпірлік, атасын бұлдап ас жеп, руын бұлдап ат мініп, парамен талап, жаламен бақ алып жатқан қырқыс пен қырылыс».

Әбіш Кекілбаев оқырманды тұлғалық қалыптасу жолына интеллектуалдық кемелдік пен адамгершілік болмыс арқылы түсуге шақырады.

Жас ұрпақты: «Интеллектуалдық жігер жұмсамай-ақ оп-оңай ләззат алу – тұтынушы қоғамның мәдениетінің ұраны» деп қарадүрсінділіктен сақтандырады. Ұлтының азаматы ретінде жас ұрпақтың интеллектуалдық өресі биік, өрісі кең болғанын талап етеді. Себебі, білімдар адамда ішкі мәдениет қалыптасады, деңгейі биік тұлға тоқырау мен ұсақтыққа бой алдырмайды, қапысыз еліне елгезек, жеріне жанашыр болып жетіледі. Осылайша Әбіш Кекілбаев заманаға, болмыс пен биіктікке қатысты адамдық ғана емес, адамзаттық деңгейде ой қозғайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Көсем сөздер. 10-том. – Алматы: Жазушы, 2012.
2. Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. http://www.rusnauka.com/17_APSN_2013/Philologia/1_141516.doc.htm

ЦИФРЛЫ ТЕЛЕВИЗИЯ – МЕМЛЕКЕТТІК ХАБАР ТАРАТУДЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ

Келемеденов Мейіржан Ерболатұлы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Журналистика факультеті,


*ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика және
қоғамдық медиа кафедрасының 2 курс магистранты*

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында елімізде цифрлы эфирлік телерадио хабарларын тарату бағдарламасы қолға алынды. Ақпарат және коммуникация министрлігінің ұйымдастыруымен цифрлы эфирлік телевизияға көшу әкімшілік-аймақтық бірлік мерзіміне сәйкес, қолданыстағы хабар таратудың ұқсас желілерінен кезең-кезеңімен ажырату арқылы іске асырылмақ.

Айта кету керек, цифрлы телевизияға ауысу халықаралық «Женева-2006» халықаралық келісімі аясында жүзеге асырылды. Мемлекеттік бағдарламаны атқарушы ұлттық оператор – «Қазтелерадио» АҚ. Бұл жобаның негізгі мақсаты – қалалар мен елді мекендер тұрғындарының арасындағы ақпараттық теңсіздікті азайту арқылы телеарналар санын көбейту.

Осылайша ақпаратқа қолжетімділікті арттыру көзделіп отыр. Сондай-ақ ел аумағында отандық телеарналарды көру аясын кеңейтудің негізінде мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін арттыру және жалпы телеконтент

нарығында отандық телеарналардың хабар тарату үлесін көбейтуді көздейді. Сонымен бірге тұрғындарға және телеарналарға қызмет көрсетудің, бейне және дыбыс сапасының халықаралық талапқа сай болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Бағдарлама нәтижесінде Қазақстан тұрғындарының 99,8%-і көпбағдарламалы телехабар таратудың жоғары сапалы цифрлы желісіне тегін қол жеткізетін болады. Осыған дейін хабар таратудың ұқсас желілерінде ел тұрғындарының жартысы орта есеппен 5 телеарнаны ғана көрген болса, цифрлы эфирлік хабар тарату бағдарламасын іске асыру барысында қабылданатын арналар саны айтарлықтай артады. Мұндағы басты факторлардың бірі – Қазақстан ТРК облыстық хабар тарату желісінің жұмыс жағдайын барынша жақсарту болмақ. Цифрлы хабар тарату негізінде облыс орталықтары 30-ға тарта телеарнаны көру мүмкіндігіне ие болса, ал қамту аймағы шегіндегі елді мекендер 15 телеарнаны тамашалай алады. Көрермендер бейне мен дыбыстың жаңа сапасына қол жеткізеді. Айталық ұқсас желілерде хабар алу кезінде болатын артық дыбыстар мен кедергілерге жол берілмейді. Цифрлы хабар таратудың артықшылықтары мұнымен шектелмейді. Бұлай дейтініміз, ерекшелігі басым жаңа бағдарлама мәзірі екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Хабарлардың электронды бағдарламасы, жаңалықтар мен өзгерістер және профилактикалық жұмыстар туралы тв-пошта арқылы теледидар экранына хабарлама жіберілетін болады.

Цифрлы эфирлік телевизияның басымдықтарына тоқтала кетсек. Мәселен, жалпыға бірдей қолжетімді арналардың бірінші және екінші мультиплексі бойынша абоненттік төлем алынбайды. Телеэкранда көмескілік мүлдем болмайды. Сонымен қатар көрсету сапасы жоғары телеарналарға жеке пакет алу мүмкіндігі беріледі. Бұған қоса дәстүрлі телевизияда таңсық саналатын ақпараттық қызмет түрлері іске қосылады. Яғни төтенше жағдайлар туралы хабардар ету және тағы басқа ақпараттар лезде беріледі. Қарапайым теледидарды DVB-T2/MPEG-4 форматтағы цифрлы құрылғыға және дециметрлік диапазонды антеннаға жалғау арқылы цифрлы эфирлік телехабар тарату желісіне қосылуға болады. Хабар таратудың ұқсас желілері сияқты цифрлы эфирлік телевизия жалпыға бірдей қолжетімді, тегін әрі қосылуы қарапайым болғанымен бейне және дыбысты өте жоғары сапада ұсынатын болады. Эфирлік телехабар таратудың цифрлы желісінің айрықша басымдықтарының бірі – жиілік ресурстарын тиімді пайдалану арқылы көрсетілетін арналардың санын көбейтуге мүмкіндіктің берілуі. Бір жиіліктегі сәйкес бағдарламаның орнына 15 цифрлы арналар топтамасының толық пакеті (мультиплекстер) ұсынылады. Сонымен қатар эфирлік телехабар таратудың цифрлы желісі негізінде әзірге баламасы жоқ саналатын (телегид, телетекст, субтитр және т.б.) электронды қызметтер қатарын ұсыну ұйғарылып отыр. Бұған қосымша телехабар таратуды сапалы дамыту мақсатында (HDTV-жоғарғы сападағы телевизия, интерактивті ТВ және т.б.) жаңа мүмкіндіктерді қолға алу көзделуде.

Бір сәтке отандық телевизия тарихына тоқтала кетсек, 1958 жылдың 8 наурызында негізі қаланған Қазақ телевизиясы 1992 жылы «Қазақ КСР мемлекеттік телерадиосы», «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокомпаниясы», деп қайта ұйымдастырылды, ал 1995 жылы «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» болып ресми аталды. Тәуелсіз Қазақстанға жаңа ақпараттық кеңістік қажет болды. Тәуелсіздікпен бірге жаңадан «Хабар» агенттігі құрылды. 1997 жылы «Хабар» тәулігіне 14 сағат хабар тарату мүмкіндігіне қол жеткізді. Десек те, қазіргі заманның көрермені үшін дәстүрлі телеарнаның хабар тарату мүмкіндігі жеткіліксіз болып отыр. Кабелді және жерсеріктік хабар тарату желісінің дәстүрлі телеарнамен салыстырғанда аясы кең, мүмкіндіктері шектеусіз екені анық. Кабелді телевизия технологиясының мәні көрерменді сапалы жиілікпен қамтамасыз етуінде деуге болады.

Тоқсаныншы жылдардың орта шенінде кабелді телевизияның локальді брендін саналатын «Алма-ТВ», «Секател» және «Қазорталық ТВ» Алматы мен Астана және Қарағанды шаһарларына аяқ басты. Дәл осы жылы

жерсеріктік хабар тарату желісі – «Жарық» құрылып, елді мекендердің тұрғындары «Қазақстан» телеарнасын көре бастады. 1995 жылы ұлттық хабар таратуды жерсеріктік хабар таратуға ауыстыру туралы жарлық шықты. Қазақ елі экватор үстінде қалықтаған ғарыштық жерсерік белгілерін алу мүмкіндігіне ие болды. Пираттық хабар тарату контентін қадағалауға индустрия сол кезде қауқарсыз еді. Ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төніп, арзанқол және ұрлықы контент локальді брендпен бәсекелестікке сай бола алмады. 2012 жылы Қазақстан аналогты желіден цифрлы хабар таратуға ауысты. Осы уақыт аралығына дейін еліміздегі телекөрсермендер саны 2,3 миллионға жетті.

2018 жылдан бастап Қазақстанда цифрлы эфирлік хабар таратуды кезең-кезеңімен жүзеге асыру арқылы аналогты хабар таратудан түбегейлі бас тарту жоспарланып отыр. Теле және радио арналар цифрлы эфирлік хабар тарату желісінде телерадиокомпаниялар мен телехабар тарату операторлары арасындағы келісімге сәйкес қызмет көрсететін болады.

Цифрлы эфирлік телерадиохабарларын таратуға көшу мерзімдері кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Мәселен, 2018 жылдың қазан айында Маңғыстау облысы, желтоқсан айында Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары қамтылды. Ал 2019 жылдары Атырау, Қызылорда, Алматы облыстары қосылды. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарын қамту да жоспарда бар. Бұдан кейінгі кезең бойынша Батыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстары, Астана және Алматы қалаларын қамтылды.

Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, цифрлы хабар тарату – телекоммуникациялық қызмет түрлеріне жол ашу арқылы жиілік спекторын үнемді қолдануға мүмкіндік береді. Отандық телеарналарды цифрлы сапа көмегімен эфирлік телехабар таратудың сандық желісі бойынша облыс орталықтарының тұрғындары 30 телеарнаны цифрлы сапада көреді, ал елді мекендердің тұрғындары цифрлы сападағы 15 телеарнаға абоненттік төлемсіз қол жеткізетін болады. 2021 жылға дейін бағдарлама бойынша цифрлы жүйемен ел тұрғындарының 95%-ін қамту жоспарланып отыр. Қалай десек те, отандық телевизия саласының заман талабына сай ұқсас хабар тарату жиілігін толықтыру немесе хабар таратудың цифрлы жүйесімен толықтай алмастыру – уақыт талабы.

ТЕРРОРИЗМ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ БАҚ-ТАҒЫ КӨРІНІСІ

А. Б. Кабиева

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі:*

С. Қ. Қозыбаев

Тарих.ғ. д., профессор

Көптеген зерттеушілердің терроризмге берген анықтамасына қарамастан, терроризмнің басты элементтерінің бірыңғайлығын байқауға болады. А.Шмидт и А. Юнгман, терроризмнің 109 анықтамасын талдаған соң, оның көп кездесетін сипатын анықтады: 1) күш қолдану (83,5%); 2) саясат (65%); 3) қорқыныш (51%); 4) қауіп (51%); 5) психологиялық күйіне әсер ету (41,5%); 6) мақсат пен құрбандарды таңдау (37,5%); 7) халықаралық масштабта жоспарланған және жүйелі ұйымдастырылған қызмет (32%); 8) ұрыс жүргізу тәсілдері, тактика, стратегия (30,5%) [1].

Террорлық актілер туралы хабар дайындап жатқан журналист өзіне ауыр жүктің артылғанын сезінуі тиіс. Терроризмге қатысты әрбір ақпараттың растығына әбден көз жеткізіп, оның оқырман, тыңдарман мен көрерменге қалай әсер ететінін алдын ала бағамдай білуі шарт.

Австралиялық ұлттық антитеррорлық жоспарда мұндай оқиғалар туралы ақпарат беруде мына принципті ұстану жайлы айтылған: *БАҚ өзі беретін ақпараттың адам өліміне әкелуі және кикілжіңнің бейбіт түрде шешілуіне кедергі келтіруі, сондай-ақ террористердің мақсаты мен міндеттері үшін пайдаланылуына әкелуі мүмкін екенін естен шығармауы қажет* [2].

Көптеген телеарналар зорлық-зомбылық видеолары мен мәйітті көрсетуді шектеуге тырысады. Алайда, 1999 жылдың 28 қыркүйегінде CNN International шешен ұлтының өкілі тұтқындағы ресейлік сарбаздың басына қару кезеніп тұрған бейнежазбаны көрсетті. Мұнда ол қарумен басқа тұтқынды атып жібереді. Бірінші рет эфирге бергенде сюжет толығымен көрсетілген, қайталау кезінде ғана өлтіру сәті қиылып тасталған. Бұл жерде журналистердің теңдессіз видеоматериал тауып, оны толығымен көрсеткісі келгені белгілі. Бірақ, зорлық-зомбылық көрсету кадрлары ғаламдық телевидениенің хабар тарату концепциясына сыймайды. Дәл

осы бір ғана мысал ірі телекомпаниялардың журналистерінің өзі мұндайға жол беретінін көрсетеді. Бұл жерде шағын телекомпаниялар туралы әңгіме қозғаудың өзі қиын [3].

Терроризм тақырыбын БАҚ-та қозғауға жауапкершілік танытпау көбінесе жастардың деструктивті әрекетке баруына ықпал етуі мүмкін. Бір жағынан, БАҚ-тағы резонанс террористердің идеясы мен мақсатын таратуға, жаңа ізбасарларының пайда болуына әсер етуі ықтимал. Г.Почепцовтің пікірінше, террористердің бір күш көрсету әрекеті жаңа терактілердің бастамасы бола алады. Ол өзінің осы ойын мына сызба бойынша көрсетеді: террорист 1 → оқиға 1 → жаңалық 1 → террорист 2 → оқиға 2 → жаңалық 2 және т.с.с. [4].

Ф. Хакердің ойынша террористер өз әрекетін мойындатуға және легитимділікке ұмтылу арқылы аудиториямен ойын ойнайды және аудиторияның да бұл ойынға қатысуын қалайды. Ф. Хакер терроризмді қоғаммен қарым-қатынасқа түсудің тек БАҚ-тың қатысуы арқылы жүретін қандай да бір тәсілі ретінде қарастырады. Көпшілікке мәлім Г. Лассуэлланың – Кім? Не? Қандай жолмен? Кімге? Қандай әсері бар? – деген коммуникация моделіне ұқсас Ф. Хакер терроризмді сипаттайтын өзіндік коммуникациялық моделін ұсынды: терроризм (жіберуші) → хабарлама (хабарлама) → зорлық-зомбылық (канал) → құрбан (алушы) → БАҚ (канал) → қоғам (алушы) → әсер (мақсат) [5]. Бұл сызба бойынша БАҚ зорлық-зомбылықты беру поқылы террористік әрекеттің әсерін күшейтеді.

Терроризм қаупі проблемасы деп халықтың максималды түрде назарын аударудың тиімді тәсілін айтамыз. Бұл жерде терроризм жайлы және оған қатысты оқиғалар туралы білім кешенін құруда БАҚ-тың әсері мол екенін тағы да айтып кеткен жөн. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының антитеррористік саясатының негізі – қоғамның эмоционалды-психологиялық күйіне қамқорлық көрсету және мемлекеттің біртұтастығын сақтауға бағытталуы керек.

Қазақстандағы антитеррористік бұқаралық ақпарат құралының бірі – Атырау қаласында шығатын «Дүрбі» газеті мен сайты (www.durbi.kz). Бұл газет діни теріс ағымдар мен секталарға, діни терроризм мен экстремизмге қарсы ақпараттық танымды ұстанады. Газет Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарына таралады. «Дүрбі» аймақтық-танымдық газетінің алғашқы саны 2016 жылдың 22 желтоқсанында Орал қаласында жарыққа шықты. Бұл газет пен оның сайты дін мамандарының оқырман сауалына жауабын, дін саласындағы соңғы жаңалықтарды, танымдық ақпараттарды, экстремистік ұйымдар мен оларға алданбаудың жолдары және түрлі сектаға кіріп, дін жолындағы соғысқа барып сан соққан азаматтардың әңгіме, сұқбаттарын жариялайды.

Терроризм өз идеясын таратуда коммуникативті каналдарды қажет ететіні рас. Заманауи терроризм бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуынсыз тіпті ештеңе істей алмас еді, террористер БАҚ-тың арқасында аз қаржымен үлкен тиімділікке қол жеткізіп отыр. Осы орайда, терроризмге қарсы күрес бойынша тиімді ақпараттық үгіт-насихат стратегиясын жүргізу керек. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – мұндай деструктивті құбылысты қабылдамау үшін мықты қоғамдық орта қалыптастыру болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Schmid A., de Graf J., Violence as Communication: Insurgent Terrorism and the Western News Media, London, 1982.
2. Хлебников, И.Н. Информация и терроризм // Независимое военное обозрение, 1997. №42 (69).
3. Тараканов А. В., Терроризм м СМИ: проблемы взаимодействия // Вестник КемГУ, 2008. № 3.
4. Почепцов Г.Г., Информационно-политические технологии. – М., 2003.
5. Введенская Т.Ю., Дзигумская Е.А., Международный терроризм: психологический аспект, Материалы научной конференции «Проблемы политической психологии» // Киев, 1997.

ОҚУШЫЛАРҒА ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Жанбыр Заманбек

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология және көптілді білім беру институтының
2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі:*

А.В.Таңжарықова

ф.ғ.д., қауымд.профессор м.а.

Оқытудың жаңа түрлерін, озық үлгілерін қолдану еліміздің экономикалық және рухани жағдайларын жақсартуға сара жол болып табылады. Негізінен, педагогикалық технология ең әуелі мұғалімнен шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалықтарды өз ісінде тиімді қолдана білуін талап етеді. Өйткені осындай мұғалім ғана қазіргі заман талабына сай байқампаз, ізденуге жаны құмар, еркін ойлай білетін оқушы тәрбиелеп шығара алады. Дәстүрлі оқытуда оқушы мұғалімнің іс-әрекетінің объектісі

болса, жаңа технологиялар арқылы оқыту нәтижесінде субъект ретінде алға шығады, яғни ол айналадағы іс-әрекетке өз әсерін тигізе алатындай дәрежеге жетеді. Дәстүрлі оқыту кезінде мұғалім үлгі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіреді, сосын меңгерту жұмыстарын орындатады, кейін баланың білімін тексеру мақсатында тағы түрлі жұмыстар (сұрақ қою, бақылау жұмыстары, тест сұрақтарына жауап беру, т.б.) жүргізеді. Бұл ретте оқушы тек тыңдаушы, орындаушы, тексерілуші ретінде көрінсе, ал дамыта оқыту кезінде сабақтың мақсаттарына ұжымдық іс-әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады. Дайын білімді ғана игеріп, мұғалімнің түсіндіруінен аса алмаған баланың дамуы бір деңгейде қалып, оның табиғи мүмкіндіктері шектеледі. Білім берудің жаңа технологияларын мақсатқа сай қолдана білсек, балаға меңгерілетін білік дағдыларды беріп қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асыра білуге және сауаттылық пен тіл мәдениетін көтеруге қол жеткіземіз [1, 6].

Ұстаз балаға терең білім беріп, заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгертіп, оның жетістіктерін сабақ үрдісінде тиімді пайдалана білуі тиіс. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Мұғалім түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану арқылы қабілетті әр түрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау жасай отырып, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыруы керек. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері 7 модульді бастауыш және орта сыныптарда шешендік өнерді оқыту тақырыптары аясында меңгереді [2, 49].

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Бұл модульдердің көпшілігін бұрыннан сабағымызда пайдаланып жүрсек те, тереңіне үніліп, олардың өзіндік философиясын түсініп көрмеппіз. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерді де жоққа шығаруға болмайды, әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары болады. Біз қолданып отырған бағдарламаның түрлі тәсілдерді жинақтағанына қарамастан, сындарлы оқыту негіздері қамтылған. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі, ал бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп, сол курста негізге алынған жеті модуль туралы қысқаша тоқталайын [3, 9].

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

«Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді.

Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға сыйады. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді.

Сын тұрғысынан ойлау – белгілі бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қоя салыстыру, оны жүйелілікпен салыстыру, пайдалану, оқушының ой шындалтып, кез-келген мәселеге сын көзбен қарауы [4, 10].

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы шарт.

1. Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
2. Оқушыларға ойланып – толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
3. Әр түрлі идеяларды, пікірлерді қабылдау;
4. Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану;
5. Қолайсыз жағдайға ұрынған оқушыны күлкіге айналдырмау;
6. Бір-бірінің жауабына жасалған оқушылардың сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының стратегиялары оқу процесіне

көп өзгерімдер енгізе алады. Стратегиялар сабақ құрылдымының үш кезеңі бойынша қолданылады. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының бірінші кезеңі «Қызығушылықты ояту» деп аталады. Оқушыларды «Ой қозғау» арқылы сол тақырыпқа әкелу осы тақырып туралы бұрынғы білетіндерін анықтау, әрі қарай не болатынына қызықтыру, білгенділіктерін ояту. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының екінші кезеңі «Мағынаны ажырату». Жаңа мазмұнды ашу жолы. Оқушы жаңа ақпаратпен танысады тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының үшінші «Ой талпыныс» кезеңінде, сабақта үйренгенін бекіту жаңадан алған ақпаратты пайдалана отырып, білім жетілдіру. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы арқылы сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, әр оқушының жүрегіне жол табуына, ішкі сезімін толғанысқа түсіруге, танысдық өрісін кеңейтуге болады. Сын тұрғысынан ойлау – белгілі бір идеяны қабылдай отырып, **ойын қарсы қоя салыстыру, оны жүйелілікпен салыстыру, пайдалану, оқушының ой шындалтып, кез-келген мәселеге сын көзбен қарауы.**

Әдебиет сабақтарында шешендік сөздерді оқыту шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Сондай-ақ, жаңа оқыту технологияларын әдебиет сабақтарында қолдану оқушыларға мынандай мүмкіндік береді [5, 14]:

1. Мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім игеру қызметін өздері басқаруға;
2. Білім қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
3. Жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;
4. Білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз, дербес атқаруға;
5. Құр мәлімет алумен шектелмей әсерлі сабақтар барысында өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізуге;
6. Ой өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін-өздері тәрбиелеп дамытуға;
7. Сабақтың сапасын арттырып, балалардың таным белсенділігі мен дербестігін арттыруға ықпалын жоғарлатуда.

Сонымен қорытындылай келгенде, жаңа технологиялар арқылы әдебиет сабақтарында шешендік өнерді меңгерту оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы арқылы жүзеге асатын тиімділігімен, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызуымен, оқыту мен

ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалимұқашева Б. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Бастауыш мектеп. – Алматы: Мектеп, 1999. – № 10. – Б. 10-12.
2. Есхожин А. Шешендік шиырлары. – Алматы: Қайнар, 1993. – 239 б.
3. Шадиева Н. Лексиканы оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар жүйесі. Ізденіс, 2002. – №1.
4. Шадиева Н. Оқыту процесінде жаңа технологияны қолдану. Ізденіс, 2003. – №1.
5. Білім журналы, 2003. – №13.

**МӘДЕНИ КАПИТАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ
ИДЕОЛОГИЯНЫҢ РОЛІ:
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ**

Күнту Арынбек,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі:*

Клара Қабылғазина,
ф.ғ.к, профессор

Кез келген мемлекет өз халқының бірлікте, тыныштықта өмір сүргенін қалайды және сол тұрғыда жұмыстар атқарады. Әлемдік саяси тәжірибеде биліктің қарапайым халықты басқаруда түрлі тәсілдер қолданғанын білеміз. Ал бейбітшілік пен тұрақтылықты одан әрі сақтап қалу үшін ең дұрыс шешім – қоғамдық идеологияны қалыптастыру екені дәлелденген. Идеологияны бүгін ғана қалыптасқан ұғым деп айта алмаймыз. Елдегі қоғамдық-экономикалық, саяси формациялармен, мемлекеттік қалыптасуымен бірге қатар келе жатқан ұғым. Жалпы идеология дегеніміз – белгілі бір қалыптасқан мақсатқа байланысты, сол тұрғыда бағытталған идеялар тобы. Сол топтасқан, жүйеленген идеяларды іске асыру арқылы ұлттық немесе әлеуметтік топ мақсатқа жетеді.

Ғылыми тұрғыда зерттеліп, талқыланатын тақырыпта дәлдік, нақтылық болуы заңдылық. Себебі, жүйелі түрде қалыптаспаған, белгілі бір

көлемде зерттелмеген дүниені ғылым деп айта алмаймыз. Ғылым жеңіл пікірлер мен алыпқашпа әңгімелерді көтермейді. Қазіргі кезде елімізде ұлттық идея төңірегінде түрлі пікірлер айтылып жатыр. Олай болуы да оң құбылыс. Тоталитаризм кезінде ұлттық идея тақырыбы қозғалмаған. Оның себебін тарқатып түсіндірсек, ол қоғамның мақсат-мүддесі басқа болғанын аңғарамыз. Яғни, Кеңес құрамындағы ұлттарды бір мақсатта жақындастырып, ұлттық рухани күшін әлсірету еді. Тілін, дінін, мәдениетін, қала берді тарихын ұрлап біртұтас жаңа ұлтқа айналдыру болды. Кеңес өкіметінің құрамындағы әрбір этностың өздеріне ғана тән ұлттық рухани даралықтарын жою көзделді. Осылайша, бұл кезеңдегі басқару жүйесіне ұлттық идея кесірін тигізді. Кеңес Одағы тарап, құрамындағы республикалар жеке дара мемлекет болғаннан кейін, тәуелсіз ел атанаған этностар өз ұлттық идеясы мен тарихын, мәдениеті мен дәстүрін тереңнен зерттей бастады. Идея мен идеологияны қатар қойып, мемлекет ретінде өз ұстанымдарын ашық көрсете бастады. Нақты бір жүйеленген түрде ұлттық идеясын түзіп, рухани тұрғыда да өрлеуге талпынуда. Идея мен идеологияның бір-бірінен ұқсастығынан көптеген пікірлер туындайды. Идея – ой мен сананың ұштасуынан шыққан туындының формасы. Идеология да рухани дүние мен қоғамдық сана деңгейінің жоғары нүктесі. Кейбір деректерде идея мен идеологияның құбылысы әрқалай сипатталады. Идеология қоғам келбетіне қарама-қайшылық әрекеттер деп есептеліп, тек ұлттық идея ғана жарыққа шығады. Ал енді бір түсінікте идеологияның өзі ұлттық болуы керек. Алайда, Қазақстан секілді түрлі ұлт өкілдері өмір сүретін елде идеология ұлттық бола алмайды. Тек идея ұлттық болып, идеология мемлекеттік дәрежеде ғана ортақ мақсатқа айналады. Осылайша, біртұтас халық ретінде қалыптасып, бір мақсат пен мүддеде тоғысады.

Ұлт пен ұлттық идея сөздерінің аражігін ажыратып алғанымыз жөн болар. Ең алдымен «ұлт» сөзі не мағынаны беретінін анықтайық. Қазіргі кезде әлеуметтану ғылымында «ұлт» ұғымының екі нұсқадағы мағынасы қолданылуда. Біріншісі, ұлт – тілі мен діні, атамекені, әдебиеті мен мәдениеті, өзіндік дәстүрі, ерекше мінез-құлқы бар қауымдастықтың ортасы. Ал екінші нұсқадағы ұлт – саяси мағына тұрғысында қолданылады, яғни белгілі бір мемлекеттегі азаматтардың бірлігі мен ынтымақтастығы ретінде қолданылып жатыр. Ұлттық идеяны қандай жағдайда болмасын мұқият пайдалану – басты міндеттердің бірі. Ол нәзік әрі сезімтал дүние болғандықтан абайсызда өзінің діттеген ныса-

насына жетпей кере айналып кетуі мүмкін. Оны дұрыс қолданбаудың салдарынан ұлтшылдыққа айналу үрдісі жылдамырақ болады. Себебі, ұлтшылдықтың негізгі құрамында да патриотизм табылады. Бұл патриоттық сезім өз халқын басқалардан биік санап, қалғандарын төмен көру, кемсіту. Бұл негізгі мақсатқа кедергі келтіріп, көпке зиянын тигізеді. Осы тұста ұлтжандылықты да айтып кетуіміз керек. Ол да – патриотизмнің бір түрі. Бірақ, ұлтжандылық өзін басқа халықтардан жоғары санамайды. Ұлтшылдық әркез басқаларды өзіне қарсы қойып, бөтеннің ұлттық намысына тиеді. Ол дегеніміз мемлекетті әлсіретіп, ең соңында ыдырататын құбылыс. Сондықтан да ұлттық идеяға өте сақ болған жөн. Кезінде отаршылдықта болып, қиындықты көрген қазақ секілді халықтың ұлттық санасына басқалардан кем емес екенімізді сіңдіру қажет-ақ. Бірақ ұлтшылдыққа айналдырып асқындырып алуға болмайтыны анық. Ұлттық идея – әрбір адамның жүрек түкпірінде жатқан, көпке көрінбейтін күш. Оны бір тұтандырып алса, тоқтату қиын әрі ұзақ процесс. Оны бағытқа салып, тізгіндеуші тек қана идеология.

Идеология белгілі бір кезеңдер үшін жасалады. Ол дамып, күрделеніп, өзгеріп отыруы тиіс. Сол сәттегі мемлекеттік экономикалық, рухани жағдайына байланысты жасалады. Идеологияның басты жауап беретін сұрақтары «не істейміз?», «қайда барамыз?», «қандай қоғам орнатамыз?». Бұл сұрақтарға жауап беретін, идеологияны тұжырымдап түзейтін маманды идеолог деп атайды. Ол әрбір мемлекетте бар және негізгісі жалғыз. Басты идеолог - мемлекеттің басшысы. Елдің даму жоспарын жасап, халықты бір арнаға бағыттаушы. Бір мемлекетте бір ғана идеология жүргізілуі қажет. Ал одан артық болса, ел ішінде тәртіп бұзылып, қиындық пайда болады. Сондықтан да қай елде болсын оның идеясы да, идеологиясы мен идеологы да жалғыз болған дұрыс. Енді идеологияның қалай аталу керектігіне тоқталсақ. Ұлттық немесе мемлекеттік идеология. Қазақстан жағдайында ұлттық идеология бола алмайды. Себебі, көп ұлтты мемлекетте идеология бірнеше ұлттық мүддесін бірдей қорғай алмайды. Еліміздегі идеология мемлекеттік идеология болып саналады. Бір мемлекеттегі тұтастай халықтың ортақ идеологиясы болғандықтан да осылай аталады. Ол дегеніміз сол мемлекетті құрайтын негізгі ұлттық мүддесін төмен санау емес, керісінше елдің жалпы нышандары негізгі ұлттың атымен аталып, тілімен жазылады. Мәселен, Қазақстан дамыған отыз елдің қатарына қосылуды мақсат тұтып отыр. Бұл дегеніміз, еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне бірдей,

жалпыға ортақ идеология. Әрқашан, қандай жағдайда болсын мәселені осылай түсінгеніміз жөн. Егер де мемлекетте бір ғана ұлт тұратын болса, ол елдің идеологиясы ұлттық болады. Ондай моноұлтты мемлекеттер өте сирек, негізгісі - Жапония. Сондықтан, Қазақстандағы ұлттық идеяның мемлекеттік идеологиямен сабақтасуы қалыпты.

Сонымен, идеология – рухани дүние мен құбылыстың жоғары нүктесі. Ол – қоғамдағы орын алған жағдайлардан, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерден туындайды. Сұраныстардың заңдылықтарын ескеріп, соған қатысты жасалған теориялық тұжырымдар, мемлекеттік дамуы үшін жасалған қадам. Идеология грек тілінен аударғанда *idea* – түсінік, ой-пікір, *logos* – оқу деген мағынаны береді. Идеолог – қоғамдық топтар мен таптың, ортақ мақсаттағылардың ойын білдіріп, идеялық мүддесін қорғаушы. Бұл туралы Қазақ совет энциклопедиясының 4-томында анықтама берілген [1]. Онда «идеология – таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы» деп жазылған. «Идеология» ұғымын ғылымға 1754-1836 жылдары өмір сүрген француз философы А.Дестют де Траси енгізді. Оның 1801-1815 жылдары жазылған «Идеологияның элементтері» атты төрт томдық еңбегінде идеологияны идеялар туралы ғылым ретінде көрсетеді. Философтың пікірінше, идеология табиғат, қоғам туралы ғылымдардың, әлеуметтік құбылыстар мен саяси-этникалық құбылыстардың негізі. Ұлттық идея түсінігі өте ауқымды әрі күрделі. Бұл ұғымды түрлі қырынан танып, әр түрлі түсінуге болады. Ғылыми анықтамаларға назар аударсақ, Ұлттық энциклопедияда дәл осы ұлттық идея туралы: «Халықты топтастырып біріктіретін, өз елі үшін айқын мақсатқа бөлейтін асқақ рухтың көрінісі» деп жазылған. Ұлттық идея - халықтың ерекшелігі мен рухани күшін, өткенін бүгінгі күнімен сабақтастыра отырып болашағын айқындап беретін бағдарлама. Ұлттың алдындағы негізгі мақсаттар үшін сол жолда біріге отырып қызмет етуге жұмылдырушы.

Қоғамның бір орында тұрақтап қалмай, алға жылжып отыруына байланысты ортақ идеологиялар да жылдар өткен сайын өзгеріп отырады. Алғашқы жалпы идеология XVIII ғасырда пайда болды. Классикалық саяси идеология ретінде **консерватизм мен либерализмді** айтамыз. Ал XIX ғасырдағы негізгі идеологияға **социалистік идеология мен анархизм** жатады. Социалистік идеологияның өзі бірнеше ой-сана тұрғысын

қамтыды. Мысалы, социал-демократиялық, утопиялық социализм мен марксизмді қалыптастырды. XX ғасырда пайда болған ұлттық және мемлекеттік идеологияларға **фашизм, ұлтшыл-социализм, коммунистік идеология** жатады. Коммунистік идеология ұзақ жылдар бойы жүргізіліп, марксизм мен ленинизмді құрады. Бүгінгі күнгі идеологиялар қатарына **неоконсерватизм, неолиберализм және неомарксизмді** жатқыза аламыз.

Міне, ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріске ұшырап түрленіп отырған идеологиядан бірнеше классификацияны байқауға болады. Мәселен, әлеуметтік-саяси идеологияға анархизм, консерватизм және либерализм жатады. Таптық идеологияға социализм мен капитализмді жатқыза аламыз. Ал ұлттық-этникалық идеология қатарына расизм, нацизм, национализм қосылады. Сондай-ақ, идеологиялар классификациясында феминизм мен гуманизм секілді өзге де идеологиялар бар. Жалпылама алғанда қандай да бір идеология болсын социалистік авторитарлық елдерге ғана тән емес. Бұл сөзді «үгіт-насихат» ұғымымен шатастырып, бастапқы мақсаттан бөлек қырынан қарауға болмайды. Шын мәнісіне келгенде идеология жоқты бар, жалғанды шын деп үгіттеп сендіру емес, белгілі бір идея төңірегінде қоғамды жұмылдырып, ортақ мақсатқа бастаушы. Қазақстандық мемлекеттік идеология – ұлттық мұраттардан туындап, қазақстандық мақсаттарға жалғасатын идеялар мен көзқарастардың жүйелі жүйесі. Мемлекеттік идеология рухани мұра жетістіктерімен толығып, жалпы азаматтық құндылықтардың бау үдерісінде қалыптасады.

Осыдан шығатын қорытынды, мемлекеттік идеология – қазақтың ұлттық идеологиясының ғаламдық идеологиямен синтезделіп, жаңа заманауи сапалық дәрежеге көшуі. Жаңа мазмұндағы және сапасы мол деңгейде Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы қалыптасты. Дамыған елдердегі өркениет пен еліміздің өзіне тән төл ерекшеліктерін қамти отырып, қызмет ететін идеология күрделі әрі ұзақ процесстерден тұрды. Елдегі барлық ұлттық және әлеуметтік топтардың мақсаты мен мүдделерін ескеретін идеологияның қылыптасып, одан әрі дамуы үшін бірінші кезекте қазақ халқының ұлттық идеологиясының оң қалыптасуы басты маңызға ие. Қазақ халқының идеологиясының озық, өркениетті, адамгершілік пен ізгілік, адалдық пен қарапайымдылық үлгілері барша қазақстандықтардың дүниетанымының нышанына айналуы тиіс. Ұлттық идеология осылайша дамып, мемлекеттік деңгейге

жеткенде ғана Қазақстандық идеологияны құрайды. Әрбір мемлекет ел азаматтарына бүгінін саралай отыра болашағына жоспар құрып, алға қойған мақсаттарымен, жаңа идеяларымен қамтамасыз етіп отыруы керек. Олай болмаған жағдайда, әр тұрғынының күнделікті әрекеттері мен жұмысының мәнісі болмайды.

Қоғамдық идеологияны қалыптастырудағы бірінші мақсат – адам өмір сүріп жатқан органы дамыту. Ал қоғамдық дамудың мақсаты – жеке адамның рухани, мәдени дамуы үшін жағдай жасау. Егемендік алу, мемлекеттің құқықтың мәртебеге ие болуы, экономикасы нарықтық ел болу прогрессивтік даму жолында маңызды рөлге ие болғанымен, алдағы уақыт үшін өтпелі кезеңдер болып саналады. Ол өз кезегінде егемендіктің, құқықтың мемлекеттің, демократияның пайдалы тұсын анықтап, болашақ үшін уақытпен байланыстыра реттейді, саралайды.

Еліміздегі идеологиялық міндеттердің негізі – қазақстандықтардың отансүйгіштікке, азаматтардың өзін басқара алуына тәрбиелеу, құқықтық жүйені қалыптастыру. Қазақстанда қоғамдық идеологияны қалыптастыру үшін тәуелсіз ел болғалы түрлі бағдарламалар жұмыс жасады. Соның ішінде, тұңғыш ресми мемлекеттік идеология деп «Мәңгілік Ел» идеясын айта аламыз. Бұл идеяны Елбасы Н.Ә. Назарбаев ХХІ ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы деп жариялады. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен ел болғаннан кейін оны сақтап қалу үлкен іс. Әр кезеңдегі ұрпақтар жауапкершілікті сезініп, аманатқа адал болып тәуелсіздікті одан әрі сақтау жолында қызмет ету керек. Ол үшін халықты біртұтас мақсатқа жетелейтін бағыт, ортақ идея болуы тиіс. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында жариялаған кезекті жолдауындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы дер кезінде дүниеге келген жоба [2].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – қазақтың мақсаты мен мүддесіне, еліміздегі 130-дан астам ұлт өкілдерінің ұлттық идеясына негізделген идеология болады, оған сену керек. Сол жолда мемлекетіміздегі әрбір адам еңбек етіп, мақсаттар бағытынан айнымау тиіс. Күлтегін жазба ескерткішінде қашалған жазбадағы ойларды түркі халқы ортақ мақсат етуі қажет. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықтық субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде

емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» – деген болатын [3]. Мұндағы Елбасының ойы түркі жұрты ынтымақта болса күтетіні көп, келешегі кемел мемлекеттер ретінде көре алатынын байқаймыз.

Ұлттық идея – халықтың ортақ мүддесі мен мақсатын қорғап, ұлттың дамуы үшін жасалатын бағдарламалар жүйесі. Этностың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті негізінде түзілетін жоспарлы бағдарламада ұлт үшін қажетті компоненттер қамтылады. Ұлттық сананы қалыптастырып, өзіндік ерекшелігін айқын көрсететін идеялар топтастырылады. Қазақ жерінде елдің бүгінгі мен болашағы үшін жасалған ұлттық идеялар баршылық.

Мемлекетті қалыптастырып одан әрі гүлдендіру үшін жасалатын ұлттық идея бір жыл, он жыл немесе бір ғасырда қалыптасатын дүние емес. Оның қалыптасу барысы мен жүзеге асырылу жолында білімнің бәсі биік тұрады. Ұлт үшін жасалған әр қадамды нағыз ұлт зиялылары жасайды. Болашақ үшін жасалатын идея бүгіннен басталып, кезекті толқынға мұраға қалып отырады. Қазақстандағы ұлттық идея қазақ пайда болғаннан бастап, тарихи кеңістікте бірге қалыптаса береді. Ұлтқа деген құрметті жоғарылату үшін ұлттық сананы ояту қажет. Ұлттық санасы қалыптаспаған халықта белгілі бір кезеңдерде ғана даму болады. Халықтық қасиет жойылып, мемлекеттік мәртебеден біржола айырылады. Бұл жағдайда ұлттық мақсат-мүдде жеке адамның пайдасы жолында құрбан болып кетуі мүмкін. Ортақ мақсаты жоқ халық ұлт ретінде қалыптасып, сақталуы қиын. Қазақ хандығы кезінде де ұлттық идеяның жарқын көрінісі болды. Ол мемлекетті одан әрі нығайту, этникалық территорияны бекітіп, шекаралас мемлекеттермен қарым-қатынасты бір жүйеге келтіру болды.

Қазақтың зиялы қауым өкілдері ұлттық идеяны көтерген кезде жер мен мемлекеттің иесі – тек қазақтар екенін, ал қалғаны диаспора өкіліне жататынын айтқан. Бүгінгі таңда тарихи отаны Қазақстанда жүрген қазақтар мен диаспорада шет мемлекеттерде жүрген қазақтардың ұлт ретіндегі мұрат-мақсаты бөлектеу. Қазақ жеріндегі қазақтардың басты мақсаты елдің бүгінгі күні мен болашағы алаңдатады, ал өзге елде жүрген қазақтарды сол мемлекетте рухани жұтылып кетпей қазақиылықты жоғалтып алмау. Уақыт өтіп, толқын ауысқан сайын осы екі мақсаттағы

қазақтар арасындағы айырмашылықтың арасы да кеңейе бермек. Ол ұлт үшін қауіпті құбылыс саналады. Қытай еліндегі қазақ мәселесі, Түркиядағы қазақтардың түріктенуі, Еуропадағы қазақтардың тілдік мәселесі жылдар өткен сайын күрделенуде. Осы жағдайлар мың өліп, мың тірілген қазақтың ұлттық болмысы мен құндылықтар жүйесіне кедергісін келтіреді. Сондықтан да ұлттық идея тек Қазақстан жеріндегі халықты қамтымауы керек. Ұлтқа қызмет ететін бағдарлама барша қазақты қамтуы керек. Ақпараттық заманда қазақтың қазақылығын сақтайтын өр рух пен қажымас қайраты. Ұлттық болмысты қай жерде болсын сақтап қалу үшін рухын жаңғыртып, одан әрі асқақтата беру керек. Ата-бабамыздан аманатқа қалған ұлан-ғайыр жерді игеру үшін де рухани мықты болып, тәуелсіздіктің қадірін түсінетін азат ойлы ұрпақ тәрбиелеген жөн. Осылайша, қазақты бір-бірімен жарыстырмай, адамгершілік пен көрегенділікке, мейірімділік пен жанашырлыққа баулу бүгінгі қоғам алдындағы жауапкершілік. Осы жүйе негізінде дамып, алға жылжуға болады. Бұлай болмаған жағдайда қазақ рухы әлсіреп, ішкі бірлік пен тұрақтылықтан айырылу қаупі бар. Міне, осындай екі түрлі мұраттағы қазақтар болғанымен негізгі мүдде ұлттық кодты сақтап қалу. Қазақтың рухын жаңғыртып, саясатты ұлттық сарында жүргізу арқылы жеңіске жетуге болады. Ұлттық мүддені бірінші орынға қойып, қазақ баласының мәселесін көтеру әділдікке апарады. Қазақ идеясы Алаш ұсынған бағдарлама негізінде қалыптасқанықтан жаңғыру жолынан адасқан емес. Тілдік мәселеде болсын, рухани ортада болсын қазақ қоғамында алшақтық болмаған. Азаматтардың ұлтына деген рухын көтеру арқылы, басқаға ұқсамайтын даңғыл жолды қалыптастырамыз.

Тарих ғылымдарының кандидаты Б.Құдайбергелұлы бүгінгі қоғамның идея төңірегіндегі мәселелерді ашып береді. «Қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына қатысты пікірлер мен ұсыныстар баршылық. Бірақ оларды айтушылар мен ұсынушылар қандай да бір жасампаз идеяның өмір сүретін қолайлы ортасы болуы керек екенін білмейді. Идея елдің таным түсінігіне, кәсібі мен әлеуметтік жағдайына сәйкес болуы тиіс. Ұлттық идея халықтың тарихи тамыры мен төл рухына сәйкестенуі керек. Әйтпесе ол қанша жерден құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиіп жатса да, елдің болашағына нысана болатындай биікке көтерілмейді, әрі қарай өркендеуі мүмкін емес» деген болатын [4]. Шынында да идеяны жалпыхалықтық ретінде жасап, халықтың шынайы өмір сүру қалпымен байланыстыра тоғыстырған жөн. Бұл

идея отандастардың бірегей тарихы, мұрат-мақсаты мен қаһарамандық ұраны. Қазақ елінің сан ғасырлар бойы армандаған мақсатынан бөлек, Егемендік жолындағы ерен еңбегі мен тынымсыз тіршілігінің бейнесі байқалады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жарыққа шыққан алғашқы жылдары қоғам талқысына түсті. Ұлттық кодымызды сақтайтын, жалпыхалықтық мақсатымыз бір жүйеге келетін кез келді деп белсенді топ жарыса жазды. Бұқаралық ақпарат құраладарының өкілдері «Қазақстан-2050» Стратегиясына апаратын мәңгілік жол деп ұрандатып та алды. Кез-келген деңгейдегі, кез-келген бағыттағы шараларға «Мәңгілік Ел» логосын қолданып, баннерлер мен плакаттарда ғана бейнеленіп тұрды. Уақыт өтіп, ұлттық идеямыз да кейінгі кезекті мәселеле қатарына да түсіп кетті. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндеге бас басылым «Егемен Қазақстан» газеті 2014 жылғы Жолдау жарияланғаннан кейінгі 2014-2015 жылдары аралығында ғана Ұлттық идея төңірегінде түрлі авторлардың мақалаларын шығарып тұрды. Ал қазіргі жағдайға қарасақ, мүлдем басқаша. Ұлттық идеяның алғашқы қарқыны төмендеп, БАҚ беттерінде бұл жөнінде мәселе де көтеріліп жүрген жоқ. «Мәңгілік Ел» туралы жазылғанымен кейіннен әркім өз саласына бұрмалап, идеяны өз төңірегінен ғана іздеп жүр. Ұлттық идея болғандықтан, ұлт мүддесі үшін жұмыс істейтін бағдарлама ретінде ұлттың болашағына бас қатырып жатқандар аз. Техника күн сайын қарыштап дамып жатқан заманда ұлт ретінде сақталып қалудың өзі қиын. Жаһандану дәуіріндегі атқарылып жүрген істер ел экономикасын көтергенімен, ұлттық кодтан ажыратып алуы мүмкін. Сондықтан да бүгінгінің күйіп тұрған мәселесі деп, қазақ халқының қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайын таразылауымыз керек. Ұлттың тілі, діні, әдебиеті мен мәдениеті арқылы құндылықтарды сақтай аламыз. Бүгінгі қазақ тілінің мәселесіне келсек, мемлекеттік тіл мәртебесі болса да әлі күнге дейін бір нақтыланып жүйеге келе қоймады. Мемлекеттік тіл төңірегінде даулар осы күнге дейін туындап келеді.

Саясаттанушы Айдос Сарым әлемде ұлттық идеясы 300 жылдан бері мызғымай келе жатқан мемлекеттер бар екенін айтып жүр [5]. Оның ойынша, ұлттық идеямыз кеш болса да бір жүйеге келіп қалды. Біздің тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде ұлттық идеяға қатысты сан алуан пікірлер бар. Әлі толасатамай, жазылып та жүр. Әркім өзі қызмет еткен саласын өзі зерттеп, атсалысып, көтеріп жүрген мәселелерін маңыздырақ деп санап жүр. Осылайша, ұлттық идеяны сол төңіректен

іздеп жүреді. Бұл бір жағынан заңды құбылысқа келеді, ал негізінен ұлттың саяси мәдениетін өсірмейді, ұлт ретіндегі сапамызға қылау салып, оның артуын тежейді. Ұлт идеясының нақты болмауының 1989 жылдан бері көтеріліп жүрген мәселелер қайтадан алдымыздан шығып жатыр. Әлі сол бір әңгіменің төңірегінде айналшықтап жүрміз. Ширек ғасыр өтсе де әлі күнге дейін тіл мәселесінде бір тоқтамға келе алмадық. Осының өзі біраз нәрседен хабар береді. Егер біздің ұлттық идеямыз осыдан елу-жүз жыл бұрын нақты болғанда, осы күнде біз едәуір алға жылжытатын едік, – дегені бар. Саясаткердің айтуынша, ұлттық идея сан қырлы болады. Оның негізгі өзегі – елді көркейту, егемендікті нығайтып одан әрі даму идеясы. Ал қалған мәселелер осының ғана төңірегіндегі топтасқан мәселе болуы керек. Айдос Сарымның сұхбаттарда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының шын мәнінде жүзеге асуына қоғам қаймақтарының белсенділік танытпауын айтып жүр. Біздің «Мәңгілік Ел» ұлттық идеямызға айналып үлгерді. Дегенмен де, ол үшін елдің ақыл-ой корпорациясы, қоғам қайраткерлерінің, саясаттанушылар мен зиялы қауым өкілдерінің, ғалымдардың, философтар мен әлеуметтанушылардың, психологтардың және де идеология саласындағы мамандардың бұл идеяны іліп-әкетіп, одан әрі барынша дамытуға тырысып, идеяны жүзеге асыруда нақты тетіктердің жасалауына араласып, басты қозғаушы күш болуы шарт. Біздің қоғамдағы кемшілік, «Мәңгілік Ел» идеясының іске асыруда интеллектуалды класстың бәсеңдігі айқын байқалады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында қазақ халқының сығымдалған, жүйеленген өмір сүру тәжірибесінің әлеуметтік-мәдени коды бар. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттың тарихи даму үрдісінен тысқары қарау мүмкін емес және қолдан немесе ойдан шығарылған мәселе еместігі тағы белгілі. Себебі, бұл мәселе қазақ қоғамы үшін қашанда өзекті. Бүгінгі таңда ұлттық идеология туралы еркін айтуға мүмкіндік бар. Бұл жолдағы ең басты ұстаным ұлттық идеологияны қазақстандықтардың дүниетанымдық бағытына айналдыру болуы тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін ұстанымға айналдыру - қазіргі кезеңнің басты міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Нысанбаев. «Қазақстан» ұлттық энциклопедия. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, – Алматы, 2001 - 720 бет 4 том

2. Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, – Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. – 108 бет.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 бет.
4. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, 11 қазан, 2014. №152-153, 3-бет.
5. «Егемен Қазақстан» газеті, 26 ақпан, 2014. 3-бет.

САНДЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ БАҚ

Келемеденов Мейіржан Ерболатұлы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Журналистика факультеті,

*ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика және
қоғамдық медиа кафедрасының 2 курс магистранты*

Ақпараттық технологиялардың соңғы 20-30 жылдағы өзгерістері телевизиялық индустрияның дамуында басты қозғаушы күштердің – бейне (видео) контент пен оны тарататын жоғары дәрежедегі коммуникациялық технологиялардың – маңызын еселеп арттыруда. Бұндай технологиялардың көмегімен ақпаратты өте сапалы дайындап, оны миллиардтаған аудиторияға бір мезгілде таратуға болады.

Қазіргі мультимедиялық ортаның, оның ішінде, телевизияның басты ұраны – «әлемнің әрбір нүктесіне», «тәуліктің 24 сағатында», «барлық технологиялық құралдарда» хабар тарату болып өзгерді. Күннен-күнге саны мен сапасы өсіп, арзандап жатқан барлық девайстар телекоммуникация, медиа мен көңіл көтеру индустриясының жылдам конвергенттігіне себеп болуда. Күнделікті адамдардың лексикасына «2-ші экран», «5 экран», «сызықты емес телекөрсету» деген жаңа тіркестер пайда болды. Енді осыларды жекелеп жіктеп, талдап көрелік.

«2-ші экран» туралы. Телебағдарлама көріп отырып өзіңіздің смартфонңызда, iPad немесе ноутбукте сол бағдарлама туралы толық қызықты ақпарат алып отырсыз. Бұл шын мәнінде революциялық технология. Мысалы, телесериал көріп отырған адам сериалдың сюжеті, актерлар туралы, олардың киген киімдері мен түсірілім кезіндегі қызықты жәйттермен және басқа да қосымша ақпаратпен танысып отырады.

Дәл солай телебағдарлама жүргізушілері мен қатысушылары туралы мәліметтер де сіздің құрылғыға келіп жатады. Тележоба мен фильмдердегі саундтректі өз девайсыңызға жүктеп, «2-ші экран» арқылы

болашақта тележобалардың рейтингін анықтау да қиынға түспейді. Көрермен бағдарламаны қай секундтан, минуттан бастап көре бастағанын, бағдарламаны қанша уақыт көргенін, ерекше дәлдікпен анықтай аламыз. «2-ші экран» – барлық телеарна менеджерлері мен жарнама берушілер үшін кеше ғана арман болған технологиялық мүмкіндік.

«5 экран» – видеоконтенттер мен телебағдарламаларды смартфон, планшет, ноутбук, компьютер мен телевизор сияқты 5 құрылғыдан еркін көру мүмкіндігі.

«Сызықты емес телекөрілім» дегеніміз – көрермендердің телебағдарламаларды әртүрлі цифрлық сервистерден сұратып, бірнеше цифрлық платформалар арқылы көруі.

Аталған қызметті кабельді және спутниктік операторлар, онлайн видео қызмет көрсететін ресурстар, жаңаша медиа ортада, жаңа ақпарат тасымал технологиясын қолданып, немесе видеохостингтер арқылы, немесе мобилді қосымшалар арқылы хабар тарататын дәстүрлі телеарналар ұсынады [1].

Міне, дәл осындай жойқын ақпараттық тасқын күнде еселеніп өсіп отырған кезде дәстүрлі телевизиялық таратылымның болашағы туралы мәселе зерттеуші ғалымдардың алдына күрмеуі қиын сұрақтар туындатуда.

Бір жағынан, телевизиясы барынша дамыған елдерден келіп жатқан статистикалық мәліметтерге сүйенсек, сызықты (дәстүрлі эфирлік, аналогтық) телевизияның ұлттық жарнама нарықтарында үлесі азайып барады. Мысалы, 2015-2016 жылдарда Ұлыбританияның онлайн-медиа-ларында орналастырылған жарнама шығыны офлайн-медиа-лардағы жарнама көлемімен теңескен. Тұманды Альбионда барлық жарнаманың 50% жаңа онлайн-ресурстарға бөлінген. Осы параметр бойынша онлайн-сервистерде берілген жарнама көлемі Австралия мен Қытай елінде 44%, Норвегияда 45%, Данияда 43% болып тіркелген.

Екінші жағынан, шетелдерде, оның ішінде көрші Ресей мемлекетінде телевизия ең қолжетімді және бұқаралық коммуникациялардың ішіндегі жоғары сұранысқа ие құрал болып саналады. Аудиторияны қамту көлемі жағынан және телевизияның арзан болуымен байланысты да осындай тұжырым түзуге болады.

2016 жылы дәстүрлі телевизиялық таратушылардың тұрақты ахуалы өзгерген жоқ, тіпті, дүниежүзіндегі жалпы көлемі біршама өскен. Көрермендер тек TV-қабылдағыштар емес әртүрлі құрылғылар арқылы да бағдарламаларды көре бастағанымен телевизия көпшілік аудитория үшін әрі үйреншікті, әрі жайлы медиалық нысан болып сақталып келуде.

Абсолюттік көпшілік елдерде телевизия ең басты жарнама берілетін

коммуникациялық құрал сипатын сақтап қалған. Телевизияның үлесіне әлемде жарнамаға бөлінетін бюджеттің 42,2% тиесілі екен. Аталған үлес басқа да дәстүрлі БКҚ (бұқаралық коммуникация құралдары) мен Интернеттегі жарнамадан көп. Ал, Ресейдегі телевизия арқылы көрсетілетін жарнама 47,7% құрайды.

Қазіргі медиалардың цифрлық, көпэкранды, көпфункционалды және көпмақсатты сияқты инновациялық өзгешеліктеріне қарамастан көптеген елдерде, оның ішінде, Қазақстанда да телеаудиторияның көңілі айнымай телеэфирде болсын, басқа да технологиялық мультимедиалық ортада болсын өздерінің дағдыланған дәстүрлі телеарналарын және олардың бағдарламаларын таңдап отыр [2].

Нарықтағы өзгерістер қазақстандық телевизия нарығына ықпалын күшейтіп келеді, ақпараттық тәуелсіздік мәселесі күн тәртібіндегі басты тренд болып бекітілуде. Еліміздегі отандық телеарналардың тәжірибесінде осындай қауіптерге қарсы қоятын, ұлттық сипатымыз бен ерекшелігімізді сақтап қалуға деген талпыныстар байқала ма?

Бұл сұрақтың жауабын табу үшін әрі терең, әрі жан-жақты зерделенген көптеген ғылыми ізденістер қажет деп ойлаймын. Және бұл зерттеулерге мемлекеттің өзі мүдделі болуға тиіс. Өйткені, жекеменшік құрылымдар осындай күрделі процестерді болжаудың маңызын түсіне алмауы заңдылық. Коммуникация құралдарын пайдаланып қаржылық, саяси дивиденд табу олар үшін басым мейнстрим. Тек үлкен саяси мәжбүрлік туындаған кезде ғана медиа-нарықтың әлеуеті мен маңызын, оның күшті және әлсіз тұстарын нақты білуге деген сұраныс пайда болуы мүмкін [3].

Өзірше Қазақ еліндегі ақпараттық теңсіздікті жою, экономиканы цифрландыру сияқты бағдарламалардың көмегімен қазақстандықтардың цифрлық технологиялар мен жаңа заманғы байланыс стандарттарына, ғаламдық желіге қосылу мүмкіндіктері жақсаруда. Бұның бәрі мемлекет тарапынан іске асырылған кешенді бағдарламалардың нәтижесі. Ақпараттық теңсіздікті жою бағыты бойынша көрсеткіштер төмендегідей жетістіктерге негізделген:

Біріншіден, Қазақ елінде 1999 жылдың өзінде қалааралық/халықаралық телефон желілері 100% цифрлық технологияға ауыстырылған болатын. Қазір жергілікті телекоммуникация желілерін цифрландыру деңгейі 95,6%, Интернет тұтынушылар 73,1% немесе абсолюттік көрсеткішпен 12,5 млн. адамға жетті.

Соңғы 25 жылда Қазақстанда 12500 шақырым оптика-талшықтық кабельдік магистральдар жүргізілген, Ұлттық ақпараттық супермагистраль жобасы іске асырылуда. 50 адамнан көп тұратын елді мекендер CDMA/

EVDO технологиясы бойынша телефония мен жылдамдығы 3,1 Мбит/секунд болатын кеңжолақты Интернет қызметіне қосылған.

2011 жылы Қазақстанда мобильді байланыстың 3G стандарты енгізілсе, 2012-2013 жылдары Астана мен Алматы, барлық облыс орталықтарында 4G (LTE) қосылды. 2016 жылғы мәліметтер бойынша 4 млн. 31 мың абоненттік стационарлық телефон тіркелсе, оның 1 млн. ауылдық жерлерде орналасқан. FTTH технологиясымен, яғни пәтерге дейін тартылған оптикалық талшықпен кеңжолақты Интернетке қосылғандар саны 670 мың абонентті құрады [4].

Екіншіден, соңғы 10 жылда телевизиялық компаниялар технологиялық тұрғыда, қаржылық қамтылу жағынан едәуір жақсы динамика көрсетті. 2010 жылдан бері телевизиялық хабар тарату ұлттық желісін модернизациялау бағытында мемлекеттік бағдарламаларда 2010-2014 жылдарда Қазақстан аумағында цифрлық телевизияға ауысу жұмыстары жүргізілді.

2012 жылы басталған цифрлық эфирлік телевизиямен Қазақстанның 95% аумағын қамту бойынша жұмыстар аяқталуға жақын. Елімізде цифрлық хабар таратудың DVB T2 стандарты таңдап алынды. Қазақстандық телеарналардың спутниктік желімен шетелдерге таратылу географиясын 2020 жылға дейін 100 елге дейін жеткізу жоспарланған.

«Қазмедиа орталығы» мемлекеттік хабар тарату компанияларының басты технологиялық алаңына айналды. Ең озық жабдықтармен жұмыс істейтін бұл орталықтың айналасында телевизияның өндірістік инфрақұрылымы жасалуда.

Жаңа сызба бойынша бұл міндетті құйтақандай ғана ұялы телефон атқарды. Белгіленген уақытта радиостудия мен журналист арасында сымсыз телефон байланысы орнатылады және кез келген уақытта ол әңгіме телефон гибрид құрылғысы арқылы басқару пультіне беріледі, ары қарай әуе толқынына тарайды. Сөйтіп, Қазақстанның кез-келген нүктесінде, тіпті Интернет арқылы дүниежүзінің кез-келген бұрышында ақпаратты сол заматта алу мүмкіндігі іс жүзінде дәлелденді, әлемдік озық тәсілдің қазақ топырағына да жат емес екендігіне көз жеткіздік.

Оның үстіне тікелей эфирдің тыңдарманға әсер ету қуаты әлдеқайда эмоциональді күшті, нанымды болатыны белгілі, оның аудиторияны қалыптастырудағы рөлі тіпті де жоғары бағаланады. Сонымен бірге біз соңғы кездері эфирден түсіп қалған, радионың аса маңызды жанды да қуатты жанрларының бірі – репортажды тірілткен болар едік. Сол сияқты халықаралық роуминг мүмкіндіктері мен бүгінгі ұялы байланыстың жоғары сапасын ескерсек, болашақта әлемнің кез-келген нүктесінен тікелей хабарлар ұйымдастыруға болатындығы тағы да айқындала түседі.

Қазір ұялы байланысты дамыту барысында дүниежүзілік G3 стандарты сынақтан өтуде, таяу жылдары кең қолданысқа енеді деп күтілуде. Бұл жағдайда ұялы телефонмен ақпарат алмасу қазіргідей бір ғана емес, бірнеше шағын арналар (микрочаналы) арқылы жүзеге асады, тиісінше сөйлесу сапасы мен панорамасы жақсарады, кедергілер мен шулар жоққа тән болады, бұдан басқа да көптеген жаңа қызмет түрлері мүмкін болады. Солардың қатарында журналист үшін аса маңыздысы, ол ұялы телефоннан Интернетке шығып, электрондық почтасымен жұмыс істей алады, редакциямен ұдайы байланыста болады [5]

Мәселен, «Хабар» телеарнасы техникалық тұрғыда мәскеулік телеарналардан да жақсы жабдықталған. «Мирдың» Қазақстандағы өкілдігі де мүмкіндігі жеткенше осы үрдістен кенже қалмауға тырысып келеді.

Бүгінгі таңда эфирдегі телекөпір арқылы ешкімді таңғалдыра алмаймыз. Бірқатар телеарналар оны әлдеқашан меңгеріп, қолданысқа енгізген. Алайда, ТМД аумағында тек біздің компания ғана екі немесе одан да көп елдерден тікелей телекөпір ұйымдастыруға қабілетті екендігін айта кеткен жөн. Біз өзіміздің телекомпанияның сигналдарын ғана емес, сондай-ақ алпауыт телекомпанияларының сигналдарын қабылдай аламыз. «Достастық» мемлекетаралық телефорумында «Мир» телерадиокомпаниясы «Жүзеге асырылған техникалық шешімдер» аталымы бойынша бірінші орынды жеңіп алғаны осының бір айғағы. Бұл біздің жетістігіміздің мойындалғандығы.

НТВ Ресейге сандық телевидениені бірінші болып әкелгенін айтып, өзін-өзі жарнамалайды. Олардың пікірінше, НТВ «Бонум-1» спутнигін қолданғанға дейінгі аралықта сандық байланыс мүлде болмаған тәрізді. Біз бұған түзету енгізуге мәжбүрміз: Сандық телевидение Ресейге НТВ-дан бір жыл бұрын біз «Интелсат-604» спутнигін жалға алған сәттен бастап келген. Біз сандық спутникті жалға алдық, сандық байланысты іске қостық. Иә, кей жерлерде кейбір құрылғылар әлі жаңартыла қойған жоқ, бірақ олардың орнын сандық құрылғылар басатыны анық [6].

Біз жүздеген адамдар жұмыс істейтін әдеттегі телевидениені ғана тамашалауға үйренгенбіз. Алайда, қазір оның да заман талабына сай өзгеріске ұшырап жатқан жайы бар. Мәселен, қазіргі таңда Югославиядан хабар алу үшін міндетті түрде онда НТВ-ның немесе Си-Эн-Эн-нің тілшісін жіберу шарт емес. Бейнекамерасы бар кез келген адам оны компьютерге жалғап, түсірген дүниелерін қалаған арнасына жібере алады. Тіпті, қарапайым адамдардың балконнан түсірген бейнесюжеті озық техникалармен қаруланған репортердің түсірген дүниесінен тартымды болып шығуы да әбден мүмкін. Әрине, тілшінің артықшылықтары көп. Оған

телекөрсетімдердің көзі үйренген, азды-көпті танымалдығы бар. Алайда, телекөрсетімдердің талғамы да өзгеріске ұшырап жатқанын ұмытуға болмайды.

Эфирдің таралымы Мәскеуден 1-арна арқылы жүргізілетіндіктен олардың сапасына, таза техникалық және көркемдік жарақталуына қойылар талап та жоғары. Арнада ұсталуы міндетті стандарттар бар. Біздің филиалдардың шығармашылық командалары ОРТ-ні, Си-Эн-Энді қанағаттандыратын дәрежеге жетті деуге болады (осы арна үшін біздің филиалдар айына отызға жуық сюжет береді). Тағы бір ерекше қырымыз, біздің компания басқаларға (НТВ, РТР) қарағанда іссапарлардан едәуір қаражат үнемдейді. Сондықтан да тілшілеріміз басқаларға қарағанда шұғыл қимылдап, барар жерге өзгелерден бұрын жетеді. Оның үстіне тілшілер қосынының желісі соңғы уақытта соңғы жылдары ірі станциялардың өзінде айтарлықтай қысқарды. Ұшақтың, қонақ үйдің және тағы да басқаларының құны қазіргідей қымбат кезде іссапарлардың қалай өтелетінін түсіндірудің қажеті жоқ. Ал бізде проблемалар тек жаңалықтар форматына материалдарды салуға байланысты ғана туындайды [7].

Сонымен бірге материал жеткізетін арнамыз бар: материалдың түсіргеннен кейін бірден спутник арқылы түсетініне сенімдіміз. Тәжікстандағы оқиғаға не Мәскеудегі оқиғаға жауап беру жылдамдығы бірдей. Оның үстіне «Мир» филиалдарының түсіру командалары жергілікті билік үшін халықаралық компания болса да, жат емес. Демек, аккредиттеуге, жергілікті оқиғаларға, ақпараттарға қол жетімділікке байланысты қиындықтар да туындамайды. Бұл Достастық елдерінің бірқатарында өкінішке орай орын алған, егемендігін алға тартып шетелдік телетоптардың қызмет ету аясына шек қою үрдісі белең алған кезде біз үшін жақсы болып отыр.

Телеэфир заңдылығы тілшілердің көптеген елдерде жұмыс істей білуін талап етеді. Жаңалықтардың қайдан және не туралы екендігі маңызды емес, ең бастысы таралу стилі бірдей болуы керек. Әр арнадан талантты әрі кәсіби деңгейде түсірілген сюжеттерді жинауға болғанымен, олар бәрібір бір қалыпқа түспейді.

Міндеттері бойынша біздікіне ұқсас «Евроноьюста» да осындай жағдай орын алған. Еуропалық Достастық өз қаражатына Лионнан телеорталық құрып, бүкіл елден оған жиілік бөлу туралы қаулы етті; кейбір жерде бағдарламалар кабельмен таралады. Компания ұзақ уақыт бойы өзінің жаңалықтар бағдарламасын құра алмады. Нәтижесінде әр елдің ұлттық компанияларының тілшілері түсірген сюжеттерді біріктірудің айтарлықтай нәтиже бермейтіндігіне көздері жетті. Өйткені ол жаңалықтар

бағдарламасына емес, мипалауға айналады екен. Сол себепті, «Евроныйос» өзінің тілшілерін жинап осы мәселені шешті.

Басты проблемалардың бірі – инвестиция тарту. Инвесторлар болса: «Жоба бер» дейді. Жобаның кесіп-пішілген, технологиялық болуы, бизнес-жоспары қоса берілуі түсінікті жайт. Алайда барлық жобалар мен бизнес-жоспарлар идея мен арманнан бастау алады. Егер істеген нәрсеңе місе тұтып өмір сүретін болса, алға жылжу жоқ.

Жаңалықтар Орбитадан Орбитаға ауысып отыратындықтан, оларды өзгертетін. Кадрдан Мәскеудегі басшылық жақтырмайтын адамдар алып тастады - орталық басшылармен санаспауға да болатын еді, өйткені, олардың арасында Саяси бюро мүшелері болмайтын. Орталық телевидениеде көптеген қулықтар болатын, мұны бәрі де қолдарынан келгенше пайдаланатын. Кино үшін, тираж алу үшін оны 0 аймағымен немесе кез келген орбитадан эфирге шығару керек болатын. Қиыр Шығыс қандай да бір «бүлікші» кино көріп отырса, Мәскеуге дейінгі жолда оны тезірек бейтарап басқа бағдарламаға ауыстыра қоятын. Бірақ авторлары қаламақыларын алып отыратындықтан, қаржылық жағынан өкпелі болмайтын...

Отандық телеарналар өз өнімдерін жаңа заманғы стандарттармен шығаруға мүмкіндік алды. Мемлекеттік телеарналардың лентасыз өнім шығару әлеуеті күшейді, «Қазмедиа орталығында» мемлекеттік телеарналардың «алтын қорларын» цифрлық форматта сақтау қолға алынуда.

Үшіншіден, телевизияда күн тәртібінің өзгеруі. Өзекті жаңалықтарға, аналитикалық және қоғамдық-саяси ақпаратқа деген қызығушылықтың, әлеуметтік және саяси мәні жоғары оқиғаларға берілетін кәсіби мамандардың түсініктемесіне деген сұраныстың өсуі. Қазақ елінің халықаралық қарым-қатынастағы рөлінің кеңеюіне байланысты да телеөнімдердің мазмұны өзгере бастады. Бүгінгі телевизия нарығында талаптар түбегейлі өзгеру үстінде. Көрермендер аудиториясы телеарналардан жылдамдық пен сапалы материалдар күтеді. Сонымен бірге, телеарналар өз көрерменімен тығыз байланыс орнатып, олардың сұранысын жиі зерттеп отыруы тиіс [8].

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі қазақстандықтардың 90% отандық телеарналарды таңдайтынын, соның ішінде, 55% қазақстандық отандық телеарналарды күнде көретіні белгілі болды.

Мемлекеттік телеарналардың мазмұндық толысуын жеделдету үшін «Қазақстан» ұлттық телеарнасы мен «Хабар», «Хабар 24» арналарының стратегиялық бағдарларын анықтау жұмысы жалғасуда. Рейтингі жоғары хабарларды зерттеу арқылы көрерменнің сұранысын, қызығушылығын анықтау жүргізілуде.

2017-2018 жылдардан бастап жаңа мазмұндық (контенттік) саясат жүргізу қолға алына бастағаны байқалады. Мемлекеттік және коммерциялық телеарналар Интернет желісінде онлайн-трансляцияны жақсарту мен көпфункционалды мобильдік қосымшалар арқылы хабар тарату мүмкіндіктерін игеруге кіріскен.

Қорыта айтқанда, цифрлық медиа кеңістіктің ұлғаюына және медиа қолданыстың түрленуіне қарамастан 2010-2020 жылдары қазақстандық телевизия мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғауға қабілетті, көрерменнің сұранысын қанағаттандырып, көпшіліктің талғамынан шығатын өнім ұсынатын бұқаралық коммуникация құралы бола алатынын көрсетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 264 б.
2. Назарбаев Н.Ә. БАҚ туралы // Егемен Қазақстан. – 2001. 20 наурыз.
3. Марченко Т. Радиотеатр. – М.: Искусство: 1970. – С. 219.
4. «Тіл туралы» заң, 1997.
5. «БАҚ туралы» заң, 1999.
6. Михайлов Б. Радиоочерк. – М., 1959. – 63 б
7. Омашев Н. Журналистиканың жаңа стилі // Ақиқат №9. 1997, 85-88б.
8. Ералиева А. Радиожурналистикаға көзқарас. Студент. 2001, 2 сәуір.

БАҚ-ТАҒЫ МАРКЕТИНГ

Қабылбек Асылзат

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I-курс магистранты*

Нарықтық қатынастардың дамуы менеджмент ғылымында жаңа бағыт – «маркетингі» қалыптастырды. Термин алғаш 1902 жылы пайда болған бірақ маркетинг 20 ғасырдың екінші жартысында ғана дами бастады. Бүгінгі таңда нарықтың қалыптасуы және кеңеюі, бәсекелестіктің артуы, еңбек бөлінісі, машина жасау мен технологиядағы өзгерістер және де өсіп келе жатқан тұтынушылық сұраныс маркетингтің қолдануға мәжбүр етеді.

Ең алғашқылардың бірі болып «маркетинг» сөзіне американдық Джоэл Эванс пен Барри Берманға анықтама берген: «Маркетинг – коммерциялық компанияның тауарлары мен қызметтерің тұтынушыларға, компания үшін, тиімді сатылуын жүзеге асыратын іс-әрекеттердің жиынтығы». Менед-

жмент теориясының негізін салушы америкалық Питер Друкер 1954 жылы былай деп жазған: «Кәсіптің мақсатының бір дұрыс анықтамасы бар, ол - тұтынушы қалыптастыру». Тұтынушылар қалыптастыру дегеніміз - бұл ең алдымен нарықтың қажеттіліктерін зерделеу.

Тұтынушыларды үнемі зерттеп, олардың қажеттілігін анықтаған кезде ғана сұранысты болжауға болады. Сұранысты бақылау аудиторияны ынталандыру арқылы жүзеге асады. Ынталандыру – бұл компанияның ұсынатын өнімдеріне деген қызығушылықты ояту. Сұранысты қанағаттандыру тек қолда бар өнімнің немесе қызметтің қалыпты жұмыс істеуін ғана емес, сонымен бірге олардың қауіпсіздігі, қызмет көрсетуі және кепілдіктерін де қамтиды. Тұтынушыны қанағаттандыру үшін барлық осы параметрлер бойынша оның үміттерін қанағаттандыру керек.

Медиа-өнімдер – бұл да белгілі бір товар түрі, сондықтан оларғ да маркетингтік ерекшеліктерге ие. Медиа аудитория, әдеттегідей, маркетингтік тізбектің негізгі буыны болып табылады. Нарықта нені оқуды, көруді немесе тыңдауды таңдайтын – аудитория. Бұл жағдайда барлық күштер аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандыруға, аудиторияны басылымға немесе бағдарламаға адал етуге бағытталады. Аудиторияның өсуі, оның бір немесе басқа БАҚ-қа назар аударуы жарнама берушілердің назарын сөзсіз аударады және оларды жарнама арқылы осы медиаға инвестициялауға мәжбүр етеді.

Бақ маркетингі – басылым мен телерадио хабарлары қызметіндегі қаржының оптимизациялануы болып табылады.

Мұндай кезеңде назар оның өмір сүруіндегі экономикалық факторлардың жүйелі дамуына аударылады. Соған сай көрермен аудиториясын зерттеу; теледидар нарығының жағдайына болжам жасау және бағалау; телехабарлардың көркемделуі мен мазмұның, тақырыптық бағытың айқындау; олардың таралымына зерттеу жүргізу; таралым арналарын белгілеу; жарнама берушілерді іздестіру және олардың өнімдерін көрнекі етіп беру; қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар, мемлекеттік кәсіпорындар мен кәсіпкерлік ұйымдар әрі үкіметтік құрылымдармен өзара тиімді байланысқа жол ашу қызметтері бірлікте қоса атқарылады.

Таңдалған аудитория сегменті бұқаралық ақпарат құралдарына қол жетімді болуы керек екендігі түсінікті. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралдарының аудитория үшін қаншалықты қызықты екендігі ғана емес, сонымен қатар көрермендердің осы медианы тегін сатып алуға мүмкіндігі бар болуы маңызды. Басты назар, ең алдымен, медиа-өнімді құруға да, баға белгілеуге, таратуға және жылжытуға қатысты құзіретті жүйелік тәсілдерінде болып отыр. Егер БАҚ аудиторияға жеткізілмесе, онда жар-

нама берушілермен байланысты маркетингтік саясат та мағынасыз болады. Бірақ бұл жағдайда медиа-кәсіпорынның болуы да жарамсыз болып қалады.

Осылайша, медиа-маркетингі қарастыра отырып, біз оның басты ерекшелігін, өнімнің екі деңгейлі компонентін бөліп көрсетеміз. Бірінші деңгейде бұқаралық ақпарат құралдары өз мазмұнын оқырманға / көрерменге / тыңдаушыға ұсынады және қызығушылық танытады. Екінші деңгейде, бұқаралық ақпарат құралдары жарнама берушіге өз аудиториясына қол жетімділікті ұсынады, яғни жарнама берушінің қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек, яғни қандай-да бір жолмен демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық сипаттамалары бойынша тауарлар мен қызметтерді тұтынушылардың мақсатты тобымен сәйкес келуі шарт.

Өнімнің екі деңгейлі құрамдас бөлігіне байланысты, баға ұсынысы бірдей тәуелділікте болады. Бір жағынан, өнімнің сатылымы газет, журнал, радио, теледидар бағдарламасы немесе Интернет-ресурстарға сәйкес келу мүмкіндігіне қарай, өнімнің бағасы қалыптасады. Екінші жағынан, белгілі бір БАҚ аудиториясының сандық және сапалық сипаттамаларына байланысты жарнама берушіге компания тарапынан баға ұсынылады.

Технологиялық жағдай медиа маркетинг үшін тағы бір өзекті мәселелердің бірі. Баспа құралдарын шығару технологиясы белгілі бір келісімшарттық қатынастармен байланысқан кәсіпорындар тобы арқылы жүзеге асады. Олар басып шығару, тасымалдау, жеткізу, экспедиторлау және т.б. міндеттерді орындайды. Ал бұл жағдай телерадио құралдарында одан да күрделірек, мұнда тауарларды өндіру және тарату процесіне қатысушылардың саны одан да көп.

Теледидар 1930 жылдары өмірге келді және радио сияқты, 1960 жылдары медиа триумvirатының тең құқылы қатысушысы болды. Болашақта ол тез қарқынмен дамып, бірқатар параметрлер бойынша (оқиға туралы ақпарат, мәдениет, ойын-сауық) бірінші орынға шықты.

Теледидардың жалпы аудиториясы миллиондаған болғанымен, әдетте кішкентай отбасы экранның алдына әдетте кешкі ас кезінде жиналады. Бұл өте маңызды жағдай. Егер бастапқыда газет, журнал, кітап әр түрлі жағдайда (соның ішінде жолда және тіпті жұмыста) оқуға арналса, радио бағдарламаларын тыңдау әр түрлі жағдайда және көбінесе кез-келген жерде орын алуы мүмкін. Ал теледидар өзінің аудиовизуалды сипаттамалары тұрғысынан ұжымдық көріністерімен бір уақытта миллионыншы көрерменмен жоғары деңгейде байланыс орната алады.

Бұқаралық аудитория негізінен бос уақытында, көбінесе жұмыс күнінен кейінгі немесе демалыс күндері теледидарға жүгінеді. Сондықтан аудитори-

яны қызықты ақпаратпен қамтамасыз ету, оның танымдық деңгейін арттыру, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау – БАҚ өкілдерінің басты міндеті. Көрсерменге бағдарламаларды қарау уақытын, олардың тәртібін, құрылымын және қарқынын өзгертпеу аудиторияны сақтап қалуға көмектеседі. Сол арқылы өз бюджеттерін көтеріп, нарықтағы сұранысты арттыра алады.

Сонымен, медиа маркетинг тікелей немесе жанама түрде медиа-сатылымды / кірісті арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу мен іске асырудың барлық түрін қамтиды. Медиа дуалистік өнім ретінде қарастырылады, яғни оларды аудитория мен жарнама беруші сатып алады. Бірақ жарнама беруші медиа аудиторияны, оған әсер ету мүмкіндігін сатып алады, сондықтан аудиторияны медиа маркетингтің күш-жігері бағытталған басты объект ретінде қарастырған жөн. Оның өсуі мен назар аударуы сөзсіз жарнама берушілердің назарына, олардың санының және жарнамалық табыстың өсуіне әкеледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ассэль Г. Маркетинг: принципы и стратегия. – М.: Инфа-М, 2007. – 148 б.
2. Тұрсын К., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2001.
3. Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 1-т. – 640 бет.
4. Маркетинг: Оқулық/Жалпы редакциясын басқарған: Ә.Ә. Әбішев, В.В. Герасименко, С.А. Каленова. – Алматы: Экономика, 2014. – 616 б.

ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНУЫ

Райхан Балтабай,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I-курс магистранты*

Баспасөздегі сезімтал тақырыптардың бірі – ұлтаралық және мәдениетаралық қатынастар мен қақтығыстар. Қазақ баспасөзіндегі этносаралық қатынастар тақырыбын екі түрлі бағытта қарастыруға болады. Біріншісі – ұлттық біртұтастық, ұлт және этнос терминдерінің текетіресі, екіншісі – тілге беріктік. Алайда көптеген журналистер аталмыш тақырыптарды жазу барысында этикалық және құқықтық қателіктер жібереді. Осы ретте журналистің негізгі этикалық міндеттері мен құқықтары

жайлы университет қабырғасынан оқытып, үйрету қажеттілігі туындайды. Өкінішке қарай көп журналистер керісінше ғадауат тілін қолдану арқылы қоғамдағы түрлі жағдайлардың, конфликтілер мен ұлтаралық жанжалдардың, этностар арасындағы қарым-қатынасты ушықтырып қояды. Тіпті, кей жағдайда бір этносты өзге бір этносқа айдап салу немесе әлеуметтік, діни, саяси топтардың өзара араздығын туғызуға дейін барады. Журналистің қақтығыс жағдайын баспасөз бетіне жариялаудағы басты қызметтерінің бірі – толерантты, тату қоғам құруға ықпал етіп, жанжалдасушыларды төзімділікке шақырып, ксенофобияға жол бермеу болып табылады.

Адамзат тарихындағы ұлтаралық және мәдениетаралық қақтығыстардың жариялануы Ежелгі Грек әдебиетінен бастау алады. Оған айқын дәлел ретінде Гомердің «Иллиадасын» айтуға болады. «Иллиада» – грек халқының ежелгі ескерткіштерінің бірі, әйгілі жыры. Антик әлемінің әгілі поэмалары «Иллиада» мен «Одиссеяның» жазылған уақыты туралы тарихта ешқандай ақпарат жоқ, сол себепті осы екі поэмаға байланысты сұрақтар мен шешімін таппаған проблемалар аз емес. Бұл мәселелер әдебиетте «Гомер мәселесі» деп аталады. Екі поэманың да сюжеті Троя соғысы туралы аңыздар тізбегінен алынған. Тарихтағы алғашқы ұлтаралық қақтығыстың баяндалуының мысалы ретінде аталмыш жырды айтуға толық негіз бар.

Бұл оқиға б.з.д. 490 жылдары болса, одан кейін де көптеген шығармалар мен жырлар, соғысты баяндаған талай поэмалар жазылды. Ал нағыз баспасөздің әлемде пайда болуы газеттің пайда болу уақытымен, яғни XVI ғасырмен сәкес келеді. Газеттің пайда болу тарихы Ежелгі Шығыс шаһараларындағы хан жарлықтарын қара халыққа тарату мақсатында көпшілік ортада ілінетін хабарламалардан басталады. Алғаш рет «жаңалық жазушылар орталығы» Венецияда құрылған екен. Олар сол кездегі ақпараттарды «газетта» деп аталатын тиынға сатқан екен. Себебі «gazetta» италиянша – базар нарқы туралы ақпарат сатып алуға арналған ұсақ ақша дегенді білдіреді екен. 1631 жылы француздың «La Gazette» мерзімді басылымы шыққаннан кейін ғана, газеттің қазіргі мағынасы қалыптаса бастаған екен. Газеттің шығу уақытына байланысты да әр түрлі ақпараттар легі пайда болып, заманына байланысты оқиғалар, қақтығыстар, жаңалықтар жарияланып отырды. Оған дәлел ретінде 1889 жылғы ағылшын-португал қақтығысын айтуға болады. «Дейли Ньюс» газетінде жарияланған мақалалар. Газетте берілген ақпарат бойынша ағылшындар мен португалдар арасында ұлтаралық конфликт туындап, алайда соңында жалған ақпарат берілгені және португалдықтар тату экспедицияға шыққандары туралы жазған. Журналистік этика нормалары бұл тұста бірден жалған ақпарат таратпай, оқиғаның анық-қанығына жеткен тілшілердің бойында бар болғанын және кәсібилігін көрсетеді.

Қазіргі таңда этникааралық қақтығыстар жиі кездеседі, кейде жаңалықтар мен газеттерде жанжалдар туралы хабарлар да шығып жатыр. Таза нысанда этникалық тәртіпсіздік жиі кездеседі, осы қақтығыстардың басым бөлігі діни және аумақтық шағымдармен таратылады. Әрине, бұл саяси қақтығыстар құрғақ жерден пайда болмайды. Сондықтан олар өткір нысанын иеленеді, кейде тіпті әскери қарсыластыққа айналады. Уақыт сайын этникалық қақтығыс «этникалық тазарту» түрінде орын алады. Бұл фраза келесідей анықталады: этникалық тазарту – басқа этникалық тұлғалардың белгілі бір аумағынан мәжбүрлеп қоныс аудару (көшіру). Этникалық тазалау көптеген түрлерге: этникалық топтың көшіп келуінен, мәжбүрлеп қоныс аударудан, депортациялаудан және геноцидтен.

Қазір саяси ғалымдар ұлттық қатынастардың нашарлауы туралы: «Бұл экономикалық дағдарыстың және басқа да саяси жағдайлардың салдарынан. Осыған байланысты әлем картасын 20-40 жылдан кейін өзгерте алады, көптеген ірі мемлекеттер қалыптасады, олар сөзсіз, ірі әлемдік державалардың «қамқорлығына» түседі. Қазіргі әлемде шағын елдер еркін өмір сүре алмайды, бұл тым қымбат «сәнді».

Ал этникалық проблемаларды шешудегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қандай? Бұқаралық ақпарат құралдары этносаралық мәселелерді шешуде басты рөл атқарады. Олар бұл қақтығысты локализациялауға көмектеседі немесе этникалық жеккөрушілікті тудырады. Мұндай жағдайларда журналист немесе бұқаралық ақпарат құралдары тұтастай алғанда мына сұраққа жауап беруі керек: бұл ақпарат қоғамға қалай әсер етеді, бұл туралы ақпарат адамға қандай реакция әкелуі мүмкін?

Егер кісі өлтіру және басқа қылмыстар туралы ақпараттар теледидарда немесе бұқаралық ақпарат құралдарында айтылатын болса, онда бұл істер міндетті түрде екінші орындаушыларын табады. Сол себепті, журналист қауымы кез келген ақпаратты берер алдында мұқияттылық танытуы керек.

Медиа – бұл мәдениетаралық диалогқа қол жеткізе алатын құрал. Әлемдік қаржылық дағдарыста бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артып келеді. З.Э. Пинчук атап өткендей, «бұқаралық ақпарат құралдары баламада тұр: бейтарап түсінік беру немесе елеулі баға беру; саяси және қоғамдық өмірге белсене араласуға деген қажеттілік». Бұқаралық ақпарат құралдарының басты қасиеттерінің бірі – стереотиптерге сәйкес мәгіндерді жасау, олар оқу үдерісінде ойлауды жылдамдатуға немесе белгілі бір жанр немесе ақпаратты пайдаланып, нақты жағдайды түсінуге көмектеседі. Дегенмен, стереотиптерге шамадан тыс араласу басқа мәдениеттерді түсінуге зиян тигізеді. Сондықтан, стереотиптерді қалай басқаруға болатынын білу керек, басқа мәдениеттегі құндылықтарға назар аударамыз, біз оң деп

есептейміз және мүмкіндігінше жұмсақ әзілмен теріс контекст ретінде сезінетінімізді қабылдауға және қабылдауға мүмкіндігіміз бар.

Сонымен журналист дерек көздері мен дәйекке нені жатқызуы тиіс? Басты шарттардың бірі – журналистің оқиға орнында болуы. Журналист бақылау мен баяндауды міндетті түрде жасауы тиіс. Журналист оқиғаны өз көзімен көріп, ақпарат таратса, онда ол автоматты түрде сараптама жасап, өз ой елегінен өткізеді. Соған орай оқиғамен толық танысып, халыққа да таныс емес тұстарынан дерек келтіре аласыз. Журналистің басты жетістігі – дерегі мен дәлелі, оқырманды сендіре алатын құрал. Журналистің келесі жетістігі – куәгерлерінің куәлігі мен пікірлері. Оқиғаға қатысушы тараптарды сөзге тарту арқылы ақпаратты толығырақ әрі сенімдірек ете аласыз. Кейіпкерлердің пікірлері мен сұхбаттары журналистке нағыз дәлел бола алады. Куәгерлерден алынған құжаттар, журналистің түсірген суреттер болса, пікірлер балансын сақтау қажеттігін ұмытпау керек. Оқиғаға қатысты ресми құжаттар, мәліметтер, сенімді ақпарат көздерінен келген хабарлар, статистикалық сараптама болатын болса, оларды ақпараттың шынайылығына көз жеткенде ғана баспаға берген дұрыс.

Жалпы ұлтаралық және мәдениетаралық қақтығыстар көпұлтты, бір территорияны мекендейтін, қаншама жыл тарихи таптаурындармен өмір сүретін этностар арасында жиі туындауы мүмкін. Журналистердің басты мақсаты – кез-келген қақтығыс жағдайында, ол этносаралық, ұлтаралық, діни, әлеуметтік, мәдениетаралық, саяси болсын, үнемі салқынқандылық танытуы керек. Себебі бұл өте ауыр әрі қауіпті тақырып болып саналады. Қақтығыстардың қарулы соғысқа айналмауына ешкім кепілдік бере алмайды. Ал журналистер сол оқиғаны ушықтырмай, керісінше ұлттарды қалай татуларстыруға, не болмаса, жанжалдаспауға әкелетін шешімін іздеп, зерттеп, үкімет билігіне ұсыну қажет. Журналистік этика тек қызмет этикасы емес, адами нормаларға да сәйкес келуі шарт. Журналист ұлтаралық қақтығыстар жағдайын жазуда ұлт, жыныс, жас, көзқарас дегендерді мүлде ұмытуы керек. Себебі қақтығыстарды туғызатын жекелеген тұлғалар мен солардың арасындағы конфликтілер болып табылады. Сондықтан журналист мәтін жазуда өте абай болуы қажет. Бір ғана орынсыз ағаттық, лексикалық қате кетсе, ол бүтін бір ұлттың екінші бір ұлтқа жеккөру сезімін туғызуы әбден мүмкін. Сол үшін де журналистің қаруы – қаламы. Журналист тек өзінің емес, жанжалдасушы тараптардың, кейіпкерлердің, жәбірленушілер мен айыпталушылардың, өзі жұмыс істейтін баспасөз құралының бәріне де жауапты. Ол осылардың барлығының пікірін, ойын, көзқарастарын бірдей негізде қарастырып, мақала жазғанда да әрқайсының ойын жазып, ал қорытынды тұжырымды шығаруды оқырманның өз еншісіне қалдыру керек.

ФАКТЧЕКИНГ – МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Сапарғалиева М.

*Журналистика факультетінің магистранты
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Қозыбаев С.*

Жаңа мыңжылдықтағы ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы нәтижесінде, ғаламтор әлемдік сипатқа ие болып, таралымы мен тағылымы зор құбылысқа айналды; заманымыздың бүкіл болмысын айқындайтын ортақ құндылық болып қалыптасты. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына әсер етіп, соны сатыға көтерді. Цифрлы технологиялардың арқасында бүгінгі таңда ақпарат – күніне екі есе көбейіп отыратын өнім. Өте жылдам тарайтын ақпарат – бүгінгі күннің тағы бір ерекшелігі. Көптеген каналдар генерациясы және ақпараттың тарауы белгілі бір пікір, тіпті жүріс-тұрыс стереотипін қалыптастыруға негіз салады. Оған PR технологиялар қатарлас келіп, медиа ағымды әсер ету құралдарымен, популизм және манипуляция элементтерімен толықтырады. Бұл «формаларды» әр деңгейде пайдалану, яғни мемлекетаралықтан бастап ішкі саяси деңгейде пайдалану нәтижесі талқандағыш «ақпараттық соғыс» жасауға әкеліп отыр. Бұл «жауынгерлік іс» барысында спикерлер және түрлі ақпараттық платформалар (БАҚ, әлеуметтік желі) арқылы жалпақ жұртқа түзетілген пікірді міндеттеп, белгілі бір оқиғаға қажетті көзқарас қалыптастырып, баға береді. Популизм және манипуляция (көп жағдайда күмәнді дерек, бірақ шынайы деп алдап, құжатпен дәлелденген дерек тәрізді жариялайды) бұқара санасына жаттанды саяси клише енгізудің ең басты әдісіне айналған. Фактчек – бұқаралық ақпарат құралындағы дәл осы популизм мен манипуляцияны, түрлі деңгейдегі спикерлердің көпірме сөздеріндегі күмәнді деректерді әшкерелеуді көздеген, бірегей тұжырымы және техникалық ерекшелігі бар, қазіргі заманның зерттеу құралына айналды.

FactChecking ағылшынның «fact» – дерек, «check» – тексеру деген сөздерінен пайда болған. Демек, фактчекинг деректің, ақпараттың қаншалықты шындыққа жанасатынын тексереді. Мейлі, ол саясаткерлердің сөзі болсын, мәдени-ғылыми жаңалық болсын, қарапайым ақпарат болсын, оның рас-өтірігін анықтайды.

Фактчекинг Қазақстанға 2017 жылы ғана келген жаңа термин, жаңа атау. ТМД елдерінде 2014 жылы пайда болған. Фактчекинг журналистік зерттеу түрінде украиналық медиа-кеңістікке айтарлықтай жылдам келді. Біріншіден, бұл Украинаға қарсы насихат салдарынан болды. Себебі,

насихат жұмыстары нәтижесінде ақпараттық ағын фейк және жалған хабарламаларға толы болды. Бұл жағдай Украинада фактчекингтің дамуына ықпал етті.

Ақпаратты сүзгіден өткізу, саралау – медиа саласындағы қызметкерлер жұмысының құрамдас бөлшегі болғанымен де, фактчекинг қабілетін меңгерудің маңызы артып, медиасауаттылықтың ажырамас бөлшегіне айналды.

Шетелдік дискурста фактчекингті «верификация» деп те атайды. Екі ұғымды да ақпараттың шынайылығын, объективтілігін түрлі инструментті қолдана отырып, ақпарат көздерін саралау арқылы тексеру деп түсінуге болады. Бұл технологияны меңгеру маңыздылығы көбіне этикалық қағидалармен байланысты: еркіндік, объективтілік, бейтараптық және нақтылық. Осы қағидаларды ұстанған жағдайда ғана кез келген медиа ресурстың репутациясы және оның аудиториясының сенімі қалыптасады.

Фактчекингтің логикасы мен инструменттер жиынтығы көбіне ғылыми жұмыс жазу кезіндегі әдіс пен технологияға ұқсайды. Тіпті, әлеуметтанушыларға арналған ғылыми әдебиет көздерімен (literature review) жұмыс істеу бойынша арнайы курстың өзі журналист-фактчекер үшін үлкен пайда тигізеді.

Фактчекинг қазіргі түрінде журналистік зерттеудің түрі болып келеді, себебі шын мәнінде ортақ құрылым элементтеріне ие. Дәлірек айтқанда:

- зерттелуі немесе тергелуі тиіс нысан;
- дәлелдер қоры;
- құзырлы дереккөз сілтемесі;
- сарапшылар пікірі;
- мағыналы тұжырым

Жалпы алғанда журналистік зерттеу талабына сай келе, фактчекингтің бірқатар концептуалды ерекшелігі бар, бұл ерекшелігі журналистік зерттеудің басқа формаларынан ерекшеленеді. Фактчектің әдеттегі зерттеумен салыстырғанда басты ерекшелігі дәлелдер қорына бейресми және инсайдерлік ақпаратты пайдаланбайтынында. Зерттеу жүргізу барысында журналист тек ресми түрде тараған жергілікті немесе шетелдік дерек көздеріне және мемлекеттік органдардың, шетелдік институттардың сұратуға берген жауабына ғана жүгінеді. Түсіндірмелер мен сарапшылардың қорытындысын егер бұл ақпаратты тарату барысында олар ресми құжатқа немесе ашық дереккөздеріне жүгінсе, дәлел қорына пайдаланады. Қорытынды немесе үкім әділетсіздікке жол бермеу үшін және баға беретін пікір болмас үшін айқын тұжырымдамаға ие болуы керек.

Бүгінде қоғам күнде бір фейк жаңалықтың құрбаны болып жүргені рас.

Журналистің міндеті – шынайы ақпаратты жалған ақпараттан ажыратып, фактінің шынайылығын тексеріп, оны оқырмандарға не көрерменге еш бұрмалаусыз жеткізу. Журналистер үшін ақпараттың түпкі көзін тауып және оның растығын білу үшін бірнеше дереккөзден іздеу өте маңызды дүние. Оның үстіне дәйексіз ақпаратқа сүйену кәсіби біліктіліктің төмендігін көрсетеді. Қандай жағдайда болмасын ресми ақпарат көздерінен ақпарат алу, оны салыстыру, саралау, зерттеу бәрі-бәрі мақала жазуда алғышарт екені даусыз. Қазіргі таңда отандық журналистиканың бетіне салық болып тұрған ең өзекті мәселелердің бірі ақпараттардың түпнұсқалылығына үңілмеуде жатыр. Қазақстан қоғамында тарап жатқан ақпараттардың ішінде жалған ақпараттар мен деректердің үлесі азаймауда. Журналистердің фактчекинг, яғни деректерді тексеруі мәселесінде кемшіліктер кездеседі. Сондықтан, бұл бағытта жұмыс қарқынды жүруі қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Корнев М.С.// Фактчекинг : Пять надежных способов проверить Информацию // Журналист, 2015. – С. 55-56.
2. Гороховский А.Г, Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы. Практикалық оқулық – Алматы, 2017 – 105 бет .
3. Телевидение в мире и в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 166 с.
4. <https://qamshy.kz>
5. <https://inbusiness.kz>
6. <https://baribar.kz>

ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕЛЕХАБАРЛАРДЫҢ ТАРИХЫ

Пердеш Дана Жарылқасынқызы
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
I курс магистранты*

Қазақ телевизиясында алғашқы телебағдарламалардың негізін түзген театр, кинофильм, эстрада шығармалары болатын. Сонымен қатар, хабарлардың қалыптасуында тележурнал, плакат, очерк, репортаж, әңгіме, хабар және ақпарат таратудың қосқан үлесі зор. Мұны телевизияның тарихы туралы жазған белгілі ғалым Құдайберген Тұрсынның «Қазақ тележурналистикасы: Қалыптасу, даму проблемалары» еңбегіндегі мына тұжырымнан анық аңғаруға болады. «...Қазақстан кеңес Одағының

құрамында оған саяси-идеологиялық әрі экономикалық-әлеуметтік жағына тәуелділікте еді. Сондай-ақ, өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастау алған кеңестік теледидар коммунистік партияның мүддесі тұрғысынан, социалистік идеяны уағыздауға ден қойды. Шығармашылық және технологиялық жағынан тәжірибе жинақтады. Радио мен газет, театр мен киноның элементтерінен құралған, синкретті өнер теледидар экранға жаңа бір леп, тың пішін алып келді. Эфирдегі редактор шеберлігі, режиссер шешімділігі, оператор байқампаздығы кеңестік теледидар өнерін жылдар бедерінде байытып отырды»[1, 10-11], – деген пікір қалдырады. Ол тұстағы телехабарлардың техникалық сапасы мықты болмаса да, рухани тұрғыда берер тәлімі мен құнды дүниелері көп болды. Сол арқылы тәуелсіздікке бастайтын, ұлттық сана қалыптастыратын бағдарламалар қалыптасты. Соның нәтижесінде болашаққа нысаналы (бағдарлы) бағыт алды.

«15 апрельден бастап Алматы телестудиясы аптасына бес рет тұрақты түрде хабар бере бастады. Жаңа студия коллективіне Москва, Ленинград және Свердловск телестудияларының творчестволық қызметкерлері көп көмек көрсетті» [2,98] –деп пікір білдіреді С.Масғұтов. Отандық теледидарымыздың қалыптасу және даму үрдісінде кеңестік дәуірдің үлгісі бізге басты негіз болды. Себебі, еліміз ол заманда Кеңес Одағының құрамында болды. Сондықтан, еркіндікке қарағанда тәуелділік басым болды. Дегенмен, сонда жиналған тәжірибенің нәтижесінде жыл санап біздің де біліктілігіміз арта бастады. Театр мен кино, радио мен газеттің элементтерінен құрылып, көгілдір экранға жаңа бір леп алып келді. Осы тұста ғалым Құдайбергін Тұрсынның: «Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары» кітабындағы мына бір дерек көздеріне сүйене кетсек:

1958 жылы Алматы телестудиясы берілетін бағдарламалардың мазмұны мен тақырыбына қарай былай жіктеді:

- балалар мен балдырғандарға: «Балалардың автомобиль жолы», «Жасөспірім зоологтар», «Балалар бағының тәрбиешісі туралы», киноочерктен «Бөбектерде қонақта», «Пионерлердің сүйікті орны», «Сиқырлы сөз» мультфильмі ұсынылды;

- әдеби-мәдени салада: «Музыкалық білім алу», «Телевизор көрушілердің құрастырған программасы бойынша» эстрадалық концерт, концерттер. «Үлкен шындықтың өнері», «Ақын азамат» секілді әдеби хабарлар көрсетілді.

- қоғамдық-саяси бағдарламаларға «Социалистік мемлекетті дамыту және нығайту туралы» тақырыбындағы мақала, деректі киноочерк, ғылыми фильм және де «Қазақстандық мол астық үшін» деген атпен фото-киноре-

портаж, «Ауыл-қалаға», «Малшылардың сөзіне ісі сай» тақырыптармен аталатын съездердің шешімін, алдағы уақыттағы мақсаттар мен міндеттер жайлы болды.

- әлем тынысы мен шетелдіктердің еліміз жайлы: «Шетелдік қонақтар біз туралы не айтады», «Достар бригадасы» киножурналы, «Дүниежүзі карта алдында» циклы, «Алжир», «Жаппай қарусыздану – бейбітшілік тірегі» секілді лекциялар мен «Есік көлі» деректі фильмдері көгілдір экраннан көрсетіліп отырды.

Ең бірінші Алматы телевизиясының қуаттылығы 120 шақырымды құрайтындай болса, ол Алматы, Талдықорған өңірлерін қамтыды. Сонымен қоса, іргелес жатқан Фрунзе (Қырғызстан) қаласы да біздің елдің хабарын қабылдады. Осы тұста 1958 жылы Алматы – Фрунзе – Ташкент арасындағы радиорелейлік жол салынып бітті. 16 наурыздан бастап Өскеменде алғаш рет телевизиялық сурет көрініс тапты. 1958 жылдың 3 желтоқсанында Өскемен қаласында бірінші рет экраннан диктор көрінді. Ал, телекамераны құрастырған телевизия орталығының инженері – Л.Параманов еді. 1958 жылдың тамыз айының соңында Қарағанды өңірінде «Жарқыра, жана бер, жұлдызым» деген көркем фильммен телестудияның тұсауын кесілді. Целиноград пен Қарағанды арасындағы радиорелейлік жол Жоңғар, Атасу, Ақшатау, Жетіғара секілді ретрансляторлардың іске қосылуына себепкер болды. 1958-1959 жылдар аралығында Республика төңірегінде 30-ға жуық хабарлық телеорталықтар іске қосылып, жұмыс атқарды.

1959 жылы телевизияда хабарлар бойынша біршама өзгерістер ене бастады. Эфир басқа бағдарламалармен толықтырылып, жаңа бір леп келді. «Егер денім сау болсын десең», «Сықырлықтың сыры», «Келешекке көз жіберсек», «Телеграмма», «Балаларды еңбекке тәрбиелеу», «Комсомол жастар бригадасы», «Қағазсыз, газет, сахнасыз театр» секілді репортаждар беріліп отырса, «Қазақстан ақындарының поэмалары туралы өлеңдері», «Жұмбақ концерт», «Киножурнал», «Ескі дос» деген атпен телеқойылымдар қойылды. Белгілі профессор М.Барманқұлов ағамыз теледидар «журнал» түрінде дамығандығын тілге тиек етсе, Н.Омашев ағамыз радиожурналистиканың «радиогазет» пішінінде дамығанын алға тартады.

Осы жылдары еліміздегі орталықтарда телевизия саласының даму үрдісі қолға алына бастады. С. Масғұтов: «Бұл ретте жоспарлы құрылыстармен қатар жергілікті шаруашылық орындары, аса ірі кәсіпорындар қаржысына сүйене отырып қоғамдық негізде салынған телеорталықтар болды. Осындай жолмен салынған телеорталық Жезқазғанда 1960 жылы ашылды» [3,99],-деп пікір білдіреді. Осы жылдар қарсаңында Целиноград пен Қарағанды қалаларының бағытындағы радиорелейлік жол мен Ақшатау,

Атасу, Жетіғара, Жоңғар Алатауларының биігіндегі станциялар іске қосылып, алғашқы жылдардан-ақ қарқынды дамып, үкімет пен өнеркәсіп орталықтары ерекше мүдделілік танытты. Теледидардағы бағдарламалар бағытының барлығы бір текті сәтті деп айтуға да келмеді. Қазірде де солай. Астана еңбекшілерінің Бірінші мамыр мерекесі қарсаңында берілген репортаж ақпаратту берумен ғана шектелмей, сонымен қатар танымдық құндылығы да, деректі-көркем сипаты да қалың көрерменнің көңілінен шығып, ерекше әсер қалдырды.

Қ. Мұстафин: «... Радиохабар мен телевидениенің комитеттеріне халық арасындағы саяси жұмыста радионы кеңінен пайдаланып, ... Қазақ халқының КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асырудағы нақтылы табыстары мен тамаша келешегін айқын және нанымды көрсететін арнаулы программалардың, телевидениелік фильмдердің және басқа хабарлардың телевидение арқылы үнемі беріліп тұруы қамтамасыз етілсін...

Жұмысымыздың жетістіктерімен бірге кемістіктері де бар. Республикалық, әсіресе облыстық радио комитеттерінің көптеген передачаларында әлі де мазмұны әлсіз, саяси-көркемдік идеясы төмен материалдар беріліп жүр. Көптеген хабарларымыз бірсарандылықтан, сүренсіздіктен арыла алмай келеді. Хабарымыздың ішінде адамды қызықтырмайтыны, нашар тілмен жазылатындығы, шұбалаңқылық кездеседі» [4], -деп телевизия қызметкерлеріне қатаң талап қояды. Әйтсе де, енді ғана қадам басып, телевизия саласына әзір ғана кірісе бастаған қызметкерлер үшін қатал талабы бар аудиторияға көңілдерінен шығатындай хабар жасауға әлі ерте еді. Техникалық жетіспеушілік, шығармашылық ұжымның енді ғана қалыптасуы, ұжымдағы ыдыраулар да сәтті хабарлардың шығуына біраз кедергі болды. Әйтсе де, бар күштерін сарп етіп, телевизияның дамуы үшін үлесін қосқан Алматы студиясы қызметкерлерінің хабарларының арқасында салалық редакцияларда 40% құрады. Осы жылдары алғаш рет Қазақстан мен көршілес Қырғызстан арасында телевизиялық байланыс жүзеге асты. Ондағы байланыстың негізгі мақсаты – екі елдің қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени салалардағы басты жаңалықтарды көрермен назарына ұсыну.

1960 жылдың басында республикада бар-жоғы 4-5 студия болса, жыл ортасына қарай 14-ке дейін көбейді. Хабар тарату уақыты 44 сағатқа дейін ұзартылды. Жылдар арасында бірнеше қалаларда студиялар ашылып, телевизия саласының ауқымы да кеңейе түсті. Телестанциялардың ауқымы жыл санап арта берді. Бастапқыда тек қана Алматы облысын қамтыса, бергін келе Талдықорған, кейіннен Өскемен қалаларына дейін жетті. Бұл біздің ұсынған бірінші кестемізде көрсетілген.

Профессор С.Қозыбаев қазақ телевизиясының дамуы жайлы: «Қазақстан Республикасында бүгінде 60-тан астам телевизиялық орталықтар мен ретрансляторлар жұмыс істейді. Барлық облыс орталықтары екі арнада телевизиялық хабарларды қабылдаса, Қарағанды мен Ақтөбе – үш, Алматы – төрт арнаны бір мезгілде көру мүмкіндігіне ие. Теледидар бағдарламасын күн сайын 10 миллионнан астам адам тамашалап, республика тұрғындарының 76 пайызы көреді» [5, 164 бб], – деген тұжырым айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев С. Аудитория – весь Казахстан. – Алма-Ата: Мектеп, 1984.
2. Юровский А. Специфика телевидения. – М.: МГУ, 1960.
3. Радио және теледидар қызметкерлерінің республикалық кеңесі. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты Қ.
4. Қазақ телевизиясының энциклопедиясы. – Алматы.
5. Қабылғазина К. Қазақ телевизиясының тарихы». – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

**ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАМУ ШАҚТАРЫ**

Сәндібек Н.Е.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультеті,*

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы,

2-курс магистрант

nazerkesandibek@gmail.com

Қазір ақпараттың көптігі соншалықты, оның таралуына, жылдамдығына көз ілеспейді. Алуан түрлі сауалдарға жауап беріп, ақпарат таратуда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Онсыз қоғамды елестету мүмкін емес. Соның ішінде тележурналистиканың алар үлесі де жоғары. Өйткені, ғалымдардың деректері бойынша, адамдар ақпараттың 81%-ын көру арқылы, 10%-ын – есту, 4%-ын – иіскеу, 3%-ын – дәм сезу және 2%-ын сезу арқылы қабылдайды. Дегенмен де, кез келген ақпарат құралы хабар таратудан бастап талай күрделі кезеңдерден өтті. Солардың қатарында өткен тарихты қайта тірілтіп, өмірде болған шынайы оқиғаларды бейнелейтін деректі фильмдердің маңызы зор.

Деректі фильм – шынайы өмірлік деректерді, әр түрлі оқиғалар мен құбылыстарды баяндайтын кино өнерінің түрі. Кино өнерінің өзі де 1895 жылы Францияда ағайынды Луй Жан мен Огюст Люмердің деректі фильмдер түсіруінен басталды. Алғашқы деректі фильмдер – «Люмьер зауытынан жұмысшылардың шығуы», «Ла Сьота вокзалына пойыздың келуі» тәрізді тікелей болмыстан түсірілген «жанды суреттер» еді. Бұл кино ленталардың мазмұнды сюжеті болмады. Олар тек адамдарды, заттарды, кеңістіктерді бейнелеуде әдеттегіден басқаша, шындықты көрсетумен ғана көрермен көңілін аударды [1]. Киноөнері ең бірінші кинохроникадан бастау алды. Деректі фильмнің негізі - өмірде болған шынайы оқиғалар. Ол киношежіре және құжаттық кино болып бөлінеді. Киношежіре материалдары негізінде киножурналдар шығарылды. Кино тарихында киножурналдар кино өнерінің бір түрі ретіндегі деректі киноның қалыптасуына мүмкіндік жасады.

Алғашқы деректі түсірілімдер кинематограф құрылған кезде шықты. Ол әр түрлі болып келді: оқиғалы, киношежіре (тарихта қалатын оқиғаларды түсіретін), арнайы мақсатта түсірілген кинофиксация (милициялық протоколдар, ғылыми түсірілімдер, видеобақылау), авторлық журналистика және өнер. Соңғы екеуі бірнеше жанрларға бөлінеді: кинорепортаж, киноочерк, кинозерттеу, әлеуметтік кинопублицистика, кинокүнделік, киносаяхат, портрет фильмі, кинопроза, кинодрама, киномелодрама, кинокомедия, кинопоэзия, кинотрагедия. Құрылымына қарай өзгере береді. Кейбіреуі тек деректі болса, екіншілері әдеби көркемдеу мен әнмен әрлеу арқылы кинематографиялық жанрға жақын келеді. Деректі фильмдерге негізінде қызықты оқиғалар, мәдени құбылыстар, ғылыми фактілер мен болжамдар, белгілі адамдар мен ұйымдар арқау болады. Қазіргі таңда деректі кино бүкіләлемдік киноөнерінің айырылмас бір бөлігіне айналды [2].

Қазақстанда алғашқы деректі фильмдер 1920 жылы түсіріле бастаған. 1925 жылы Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласында өткен съезд жұмысын бейнелейтін бірінші кинохроника кадрлері түсірілді. Кинолента Москвада Госкино студиясының лабораториясында өңделіп, көрерменге ұсынылған.

Деректі фильмдер жасаудың әлемдік деңгейдегі атақты шеберлерінің бірі, американдық киногер Алан Розенталь деректі фильмдердің өмірге қалай келетіні туралы: «Олар адамзат баласының - замандас қатарластары мен келешек ұрпаққа өмірлік мәні зор, өзі үшін есте

қалған ерекше оқиға, өзгеге де қызығушылық туғызып, ойландырап мәселелер қақында айтқысы келетін ықыласынан туады», – деп байлам жасайды. Осындай маңызға ие деректі фильмдердің мақсат-міндеттері қандай, қоғамда ой қалыптастырудағы мәні неде? Ұлттық телевизиядағы деректі фильмдердің артықшылықтары, кемшіліктері, атқарар жүгі қандай?

Деректі фильмдер адамға ой салып, қоғамды, әлемді өзгерте алады. Өткен тарихты қайта жаңғыртып, шынайы, боямасыз өмірді бейнелеуде деректі фильмдердің маңызы зор.

Қазақ телевизиясында ғылыми-танымдық, деректі фильм жанрындағы бағдарламалар аз деп айтуға болады. Аудитория шоуға қызығады. Жеңіл ақпарат тез таралады. Ал, ғылыми-танымдық бағдарламалардың рейтингі төмен. 1990-шы жылдары деректі фильмдердің дамығанын, сұраныстың жоғары болғанын байқауға болады. Қазір көп адамдар «деректі фильм» десе, портреттік бағдарлама деп ойлайды. Отандық телеарналарда деректі фильмнің элементтері бар бағдарламалар бар. Бірақ бірең-саран. Мұндай бағдарлама, деректі фильм түсіруге мамандар бара бермейді. Себебі, деректі фильм еңбекқорлықты, шынайылықты, ұзақ уақытты, қаржыны талап етеді.

Қазір экранда кейіпкер, тұлға бейнесін ашуда көптеген бағдарламалар жарыққа шығуда. Солардың бірі «Қазақстан» ұлттық телеарнасының төл бағдарламасы - «Келбет». Телебағдарламаға қазақ елінің мәдениеті, әдебиеті, өнеріне, тарихына еңбегі сіңіп, елге танымал болған қайраткерлердің өмір тарихы, еңбек жолы, отбасы тіршілігі арқау болады. «Келбет» бағдарламасының мақсаты – өмірі өнегелі, келер ұрпаққа өшпес мұра қалдырған, аты аңызға айналған азаматтарды ұлықтау. Бүгінгі ұрпақты елін сүйуге, жерін қадірлеуге, тұлғаларды ардақтауға үйрету [3]. Бұл бағдарламаны деректі фильм деп атауға болмайды. Тек ішінде деректі киноның элементтері бар. Жанры, негізінен телеочерк. Қазір мұндай жанр қолданылмағандықтан «деректі-танымдық», «деректі-публицистикалық» деп айтамыз. Сондай-ақ, телеарнада атаулы күндерге, мәселен, 22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні», 9 мамыр – «Жеңіс күні» сияқты және белгілі тұлғалардың туған күндеріне орай деректі бағдарламалар көрсетіледі. Телеарнадағы деректі фильм жанрындағы келесі бағдарламалар – «Қазыналы Қазақстан», «Ұлы дала ұлағаты», «Тұлға». Алайда, осындай бағдарламалар аптасына бір рет көрсетіледі. Қазіргі уақытта соңғы екі бағдарлама эфирге шықпайды.

Қазақ телевизиясындағы үлкен кемшілік: шоу бағдарламалар прайм-тайм, яғни көрермен көрсетілімі жоғары уақытта көрсетіліп, танымдық, ғылыми, деректі хабарлардың рейтингі төмен немесе түнгі уақытқа қойылады.

«Хабар» телеарнасында «Патриот» бағдарламасы эфирге шығады. Деректі фильм жанрында түсірілген бұл жобаның бір шығарылымында түрлі саладан шыққан екі кейіпкердің өмірі суреттеледі. Бірақ оларды біріктіретін бір ортақ қасиет бар. Ол – өз еліне деген махаббат [4]. Және де атаулы күндерге, тұлғаларға қатысты деректі фильмдер шығарылымы болады. Бұл бағдарлама да аптасына бір рет сенбі күні таңғы сағат 09-30 уақытында телеэкранға шығады. Телеарнада бір жыл бұрын «Өнегелі ғұмыр», «Бабалар ізімен» атты деректі фильм жанрындағы бағдарламалар берілген. Бүгінде эфирден көрсетілмейді.

Бұрын қазақ телевизиясында деректі фильм жанрындағы бағдарламалардың басым бөлігін «Білім және Мәдениет» телеарнасынан көруге болатын. Осы телеарнада деректі, танымдық бағдарламалардың қатары көп болатын. Және ыңғайлы уақытта көрсетілетін. Қазір телеарна жабылып, «Еларна» телеарнасы басқа форматта қайта ашылды. Бұл арнадан Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы таспалаған мұрағаттық деректі фильмдерді көруге болады. Сонымен қатар «Kazakh TV» телеарнасының да осы жанрдағы бірнеше жобалары бар. Дегенмен де бұл телеарналар спутниктік желі арқылы таратылады. Кейбір ауыл-аймақтарда желі ұстамайды, тек 5-6 басты телеарналар көрсетілуі мүмкін. Бір жағынан «Kazakh TV» телеарнасы жерсеріктердің байланысы арқылы 4 құрлықты, 118 мемлекеттегі көрерменін эфирімен қамтиды. Телеарнаның 100% телетуындысы отандық өнім санатына жатады.

Деректі фильмнің тілі түсініксіз болса да, оның драматургиясы, сюжеті, мазмұны кез келген халыққа түсінікті болуы керек. Себебі, деректі фильм тарихты шынайы, боямасыз көрсетеді. Осы тұрғыда ақын, сценарист, кинорежиссер, 10 поэтикалық жинақтың және көптеген деректі фильмдердің авторы Бақыт Қайырбеков: «Кәсіби білікті маман даярлау ісін қолға алу керек. Киносыншылар мектебін қалыптастыру маңызды. Тек портреттік деректі фильмдер ғана емес, ашылмай жатқан құпия сырларды түсіру. Еліміздің табиғи байлықтары, жүгірген аң мен ұшқан құс, өсімдіктер әлемі, тау, тас, өзен, көлдерді халыққа таныстыру керек. Кейіпкерді өз арамыздан іздеу. Тарихи құндылықтарымызды

дәріптеу. Телеарнадағы деректі фильмдер санын арттыру, осы жанрдағы бағдарламалардың деңгейін көтеру мақсатында қоғамдық кеңес құру. Сарапшы мамандар пікіріне құлақ асып, көрерменге ой тастар туындылар дайындау. Киностудиялар мен екі жақты келісімге келіп, қаншама көрсетілмеген дүниелерді эфирден шығару», – деген пікір айтады.

Деректі фильмнің басты мәселелерінің бірі – қаржы. Көркем фильмге қаржы көп бөлінеді. Ал деректі фильмге көркем фильмге бөлінгеннің бір-ақ пайызы бөлінуі мүмкін. Мысалы, деректі фильмге 5 млн теңге алсаңыз, көркем фильмге 500, 700-800 миллион, 1 миллион доллар алуыңыз мүмкін.

Телевизиядағы деректі фильмдердің басым бөлігі – журналистік зерттеулер. Оларға деген сұраныс күннен күнге арта түсуде. Осы журналистік зерттеулер уақыт өте келе телевизиялық документалистикадан кинодокументалистика саласына ауысты. Жылдан-жылға сыншылардың және көрермендердің қызығушылығын оятқан деректі фильмдердің маңызы зор. Көбінесе осы картиналардың арқасында әлемде кино тарату саласындағы кино, телевизия, бейнекөрсетілімдер және басқа да арналарды қамтитын деректі фильмдерді шығару мен тарату инфрақұрылымы қолға алынып бір жүйеге келтірілді [5]. Жоғарыда атап өткеніміздей, біздің елімізде қазақ деректі фильмі қазіргі уақытта қанатын кеңге жая алмай отыр. Осы пікірлердің барлығын қорытындылай келе, мына төмендегідей ұсыныстарымды айтқым келеді:

1. Деректі фильм түсіруге қызығатын, өз жұмысын сүйетін мамандарды оқыту ісін қолға алу;
2. Бізде киносыншылар мүлде жоқ деуге болады. Сондықтан, киносыншылар даярлайтын курс (орталық) ашу;
3. Тұлғаның портреті туралы деректі фильм түсіретін болсақ, оның тек марапат алған, қуанышты сәттерін ғана емес, өмірінің қиын кездерін, өмір жолын шынайы көрсетіп, көрерменге үлгі ету;
4. Ұлттық телеарналардың басын біріктіретін сарапшы мамандар кеңесін құру;
5. Деректі сериалдарға республикалық эфирден алдын-ала тиісінше уақыт бөлініп, екі жақты келісімге келу;
6. Жаңа форматтағы арналардың жүйесін енгізу. Яғни, қалыптасқан телеарналардың эфиріне қол сұқпай, дүние жүзілік тәжірибеге сүйене

отырып, жаңа деректі фильмдерге негізделген салалық телеарналар ашу;

7. Деректі фильм түсірушілердің кәсіби біліктіліктігін арттыру үшін конкурстар, фестивальдар ұйымдастыру;

8. Әрбір телеарнада деректі фильмдер түсірумен машықтанған тәжірибелі жеке шығармашылық бірлестіктік қалыптастыру.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Масатов Б. Ғасыр ғажабы // Ақтөбе газеті, 10 ақпан, 1996.
2. Прожико Г.С. Жанры в советском документальном кино 60-70-х годов. – М.: ВГИК, 1980. – С. 60.
3. «Қазақстан» ұлттық телеарнасы, <https://qazaqstan.tv/>
4. «Хабар» телеарнасы, <https://khabar.kz/>
5. Садық М. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. – Астана: Фолиант, 2004. – 276 б.

ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ БАСПА ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Ұ.Е.Ибраимова,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Журналистика факультетінің магистранты*

Қазіргі уақытта Орта Азия мемлекеттері барлық сала бойынша өркендеп, дамып келе жатқаны анық дүние. Мемлекеттік қарыштауына, гүлденуіне үлкен әсер тигізетін салалардың бірі баспа ісі саласы болып табылады. Халықты біліммен қамтамасыз ететін де, рухани байытатын да-кітап. Ал кітап басу, оны тарату да елдегі баспа ісінің жағдайына тікелей қатысты. Қазіргі уақытта тек рухани тұрғыда емес, күнделікті нарық заманында тауардың мәнін, мағынасын ашу, сауда-саттық алаңында өнімге толық мәлімет ұсыну да баспа ісі саласының дамуына байланысты болып отыр. Орта Азия мемлекеттерінің қазіргі баспа ісі туралы көптеген жазылған еңбектер жоқтың қасы. Қатарында тек Қазақстанның кітап ісі туралы ғана еңбектер көптеп бой көрсетеді.

Бес тәуелсіз ел: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан-КСРО құлағаннан кейін Орталық Азияда топтасты. Олардың шекаралары өткен ғасырдың 20-жылдары құрылған ірі одақ мемлекеттерінің шекараларымен шектесіп жатты. 1993-1995 жылдары бұл 5 мемлекет қаржы жүйесін құрып, айналымға өз ұлттық валюталарын енгізіп, алтын валю-

талы резерв қалыптастырды. Дәл сол кезеңде олар негізгі халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылданды [1].

Әлемдік әдебиет пен ғылымға зор үлес қосқан тәжік халқының кітап шығару ісі мен полиграфия саласында үлкен тарихы бар. Әлем халықтары секілді тәжік елінің рухани мәдениетіне полиграфиялық техника мен технологиялардың жоқтығы кері әсерін тигізді. Тәжікстанда полиграфия өндірісінің қалыптасуы ХХ ғасырдың 20-жылдарына сәйкес келеді. Тәжік жерінде Кеңес үкіметі орнауына байланысты алғашқы полиграфиялық цехтар мен типографиялар пайда болды. Тәжікстан полиграфисттері ағайындас елдерінің, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Киев қалаларының инженер кадрлық іскерлерінің көмегі арқылы кітап шығару ісінің үлкен мектебінен өтті. Тәжікстандағы полиграфия мен кітап ісінің дамуы мен қалыптасуында өзіндік ерекшеліктер бар. Тәжік еңбектері араб әліпбиі негізінде құрылып, 1929 жылдан бастап латын, 1940 жылдан бастап кирилл әліпбиіне ауысты [2].

Ал, Түркіменстан аумағында баспа ісінің пайда болуы –ХІХ ғасырдың 80-жылдарынан кейін, яғни Ресей басып алғаннан кейін жүзеге аса бастады. Орта Азияның Хива, Ташкент, Самарқанд, Бұхара сынды үлкен қалаларға қарағанда Ашхабадтың айырмашылығы- түркімен және өзге шығыс тілдеріндегі кітаптардың өте аз көлемде шығуы. Жергілікті типографиялық орындар шығыс тілдерінде еңбек басып шығару үшін кирилл және латын әліпбиімен қоса, араб қаріптерін де пайдаланған. Бұған дәлел-алғаш араб графикасымен басылып шыққан «Меджумаға-йе Маварай Бахри Хазар» (Закаспийский сборник).Түркіменстанда кітап басу ісі Ресей жаулап алғаннан кейін (1881ж) көп уақыт бойы өзгерген жоқ. ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында түркімен классиктерінің туындылары, мұсылман мектептері мен медреселеріне арналған оқулықтар, ғылыми басылымдар дәл ХІХ ғасырдағыдай Түркімен жерінен жырақта басылды [3].

Орта Азияның келесі мемлекеті Қырғызстанның кітап басу ісі көп қиындыққа ұшырап отырған. Полиграфиялық базаның әлсіздігі мен кітап ісін даярлайтын кадрлардың жетіспеушілігі бұл жұмысты мүмкін еместей етті. Соған қарамастан, Кеңес билігінің алғашқы жылдарында–ақ қырғыз тіліндегі кітаптар – Ташкент, Қазан, Алматы қалаларында басылып шықты.1926 жыл Қырғыз Республикасының кітап басу ісінің туған жылы болды [4].

Орта Азияның жетекші мемлекетінің бірі Қазақстанда да баспа ісі орнымен дамып, екшелеп өркендеп отырды. Қазақ кітап басылымының өз

тарихы 19-ғасырдың бас кезінен басталады. Бірінші қазақ баспа кітабы «Қииса-и Сейфулмәлік» деген атпен «Азия» баспасынан 1807 жарық көрген. Бұл қазақ, шағатай және татар тілдері аралас шығыс аңызына құрылған ғашықтық дастан еді. Сол жылы Қазан гимназиясының баспаханасы саналатын «Азия» Қазан университетінің қарамағына берілді. Міне, осы университет баспаханасынан өткен ғасырдың бірінші жартысында он шақты аталым қазақ кітабы жарық көрді. Бұлар негізінен шығыс және қазақ фольклорының үлгілері, патша үкіметі мен губерниялық әкімшіліктің ресми жалықтары мен қаулыларының тәржімалары еді. 19-ғасырдың бірінші жартысында Қазандағы орыс жекеменшік баспаханаларында араб қаріптері пайда болды. Сөйтіп бірте-бірте шығыс мұсылман халықтарының ұлттық кітап басылымы қалыптасты. Татар баспагерлері орыс жекеменшік баспаханаларын белсенді түрде жемісті пайдаланып, татар және қазақ тілдерінде кітап шығару жөнінде тапсырыстарды бірінен соң бірін тоғытты да отырды. 19-ғасырдың орта кезінен бастап, Қазан бүкіл Ресей империясы жеріндегі шығыс тілдерінде кітап басудың бас орталығына айналды. Осы жетекшілік қызметін Қазан 1917 жылға дейін сақтап келді [5].

Ал Орта Азия мемлекеттеріндегі қазіргі баспа ісі жағдайы сатылап дамып келеді. Нақтылап айтар болсақ, тәуелсіздік жылдарында Қырғызстанда кітап басу секілді кәсіпкерлік қызмет аясы тарылды. 1990 жылдары бұрынғы баспалардың барлығы жабылып, полиграфиялық базалар сатылды. Соңғы көлемді мемлекеттік баспа «Ақыл» 2008 жылы құлдырауға кетіп, шығынға ұшырады. Соңғы жылдары елде шамамен 25 баспа жабылды. Оның көлемдісінің бірі- «Бийиктик» 2012 жылы жұмысын тоқтатты. Типографиялық және полиграфиялық қызметті есептемегенде, қазіргі кезде Қырғызстанда 6-7 баспа ғана бар. Бұл –«Тұрар», «Раритет», «Кутаалам», «Айат». НАН КР «Илим», Мемлекеттік тіл мен энциклопедия орталығы, ЖОО баспа орталықтарының қатары. Баспалардың барлығы тек Бішкекте орналасқан. Бішкектегі барлық баспалар финанстық жағынан қиын жағдайға ұшыраған. Баспалардың әдеби сапасы да төмендеп кеткен. Елдің бірде-бір жоғары оқу орнында корректура, редактура оқытылмағандықтан, сол мамандардың жетіспеушілігі туындап отыр. Елде аударма мектептері түгелдей дерлік жойылған, әдеби аударма ісі құлазу үстінде. Жыл сайын Қырғызстанда 800-1000 аталымды кітап (мектеп оқулықтарын қоса есептегенде)700 мың-1700 мың данамен шығарылады. Бұл елде мектеп оқулықтары мәселесі де өте көп. 2010-2011 жылдары баспалар мектеп оқулықтарын 39 % ғана игере алды. 2012 жылы бұл көрсеткіш 50 %-ға жетті. Кейбір елді мекендерде бір сыныпқа бір оқулықтан келетін жағдай да туындады [6].

Келесі, Түркіменстан елінде 2012 жылы Мемлекеттік баспа қызметі 300 аталымды түрлі-түсті кітап пен оқулық, оқу материалдарын шығарды. Кітап ісінде баста назарда –балалар әдебиеті мен оқулықтар. Білім министрлігінің нұсқауымен Мемлекеттік баспа қызметі жалпы оқу орындарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар шығаруда. Қазіргі кезде 84 аталыммен 2 млн 338 мың 780 дана оқулық шығарылған. Олардың арасында алғаш шыққан да, қайта өңделіп басылған кітаптар да бар [7].

Қазіргі кезде Өзбекстандағы дамыған баспалардың бірі «Узбекистан» баспалар үйі туралы айтар болсақ, бұл-үлкен баспа-полиграфиялық шығармашылық үй және Өзбекстан баспа және ақпарат ұйымына кіреді. 2004 жылы «Узбекистан», «Мехнат», «Узбланкнашр» және Ташкент полиграфиялық комбинатының негізінде «Узбекистан»баспалар үйі құрылды. Оның құрамына «Гулхан», «Гунча» сынды балалар әдебиетін басып шығаратын баспалар мен «Тонг юлдузи», «Класс!» сынды газеттер, «Соглом авод», «Зеркало XXI» сынды газеттердің редакциялары кірді. Мұнда өзбек, орыс,қазақ, түркімен және тәжік тілінде кітаптар жарық көреді[8]. Қазір Өзбекстанда баспа саласында болған жекешелендіру салдарынан кітап бағалары күрт өсіп кетті. Сол себепті де кітап өзінің негізгі нысанасы – халық қолына жете бермейді. Латын әліппесіне өтіп алған Өзбекстанда енді латын әрпімен жазылған оқулықтар, кітаптар аздық етуде [9].

Қазақстан тәуелсіздік алып, нарықтық экономикаға көшуімен байланысты республикадағы баспалар қызметі мен баспа ісінің жай-күйі түбірлі өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы мемлекеттік баспалардың орнына жекеменшік баспалар пайда болды. Баспа, полиграфия және кітап саудасы сияқты бұрын бір орталықтан жоспарлы түрде басқарылып, мемлекеттік жоспармен бірыңғай, бір бағытта жұмыс істейтін күрделі сала заман талабына сай өзгерді. Бұрынғы «Қазақстан», «Жазушы», «Жалын», «Рауан», «Өнер», «Қайнар», «Ғылым», «Білім», «Санат», «Балауса», «Ана тілі», «Қазақ энциклопедиясы», «Дәуір», «Сарыарқа» баспаларымен бірге «Жеті жарғы», «Жібек жолы», «Атамұра», «Өлке», «Ел» «ЕР-Дәулет» т.б ондаған жекеменшік баспалар пайда болды. Қазақстан Президентінің «Мемлекеттік билік органдарының бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік кітап шығару ісін нарықтық қатынастарға көшу кезінде қорғаудың шұғыл шаралары туралы» Жарлығы елдегі баспа ісінің дамуына бағыт-бағдар берді [10].

Орта Азия мемлекеттеріндегі қазіргі баспа ісі осындай күй кешуде. Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан, Түркіменстан мемлекеттерінде баспа ісі саласы ілгері шығып, қарыштап-дамып жатса, өзге мемлекеттерде

бұл сала сәл ақсаңдап келеді. Бүгінде Орта Азия мемлекетіндегі баспа ісі саласының дамуы біздің мемлекетімізге де үлкен әсерін тигізеді. Себебі, мемлекетаралық басқа қарым-қатынастар орнатқан соң осы саланы да ұштастырып, бейбіт келісімдер арқылы көптеген жобалар мен істерді атқаруға мүмкіндік туады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Центральная Азия. Геополитика и экономика региона. А.Свечников С. Чаплинский В. Гусейнов. Институт стратегических оценок и анализа. – М., 2010. – 3-бет.
2. Кадыров К.С. История полиграфии и книгоиздательства Республики Таджикистан (60-70 годы): автореферат. – Душанбе, 1999. – 1-3 бб.
3. Алмаз Бердиевич Язбердиев «Избранные статьи» VI том. (Издательское дело в Туркменистане до 1917 года). Туркменстан Орталық Ұлттық Кітапхана. Ғылым Академиясы. Ашхабад-2014. 8-22 бет
4. <http://diplomnaya.sokolbank.ru/istoriya/razvitie-knigoizdatelstva-v-kirgizstane.html>
5. Ш.Елеуенов. Ж.Шалғынбаева. «Қазақ кітабының тарихы». – Алматы: Санат, 1999. – 82-87 бб.
6. <http://literatura.kg/articles/?aid=1621>
7. <http://fantlab.ru/publisher1128>
8. <http://asgabat.net/stati/kultura-i-tradici/v-2012-godu-gosudarstvenaja-izdatelskaja-sluzhba-turkmenistana-opublikovalo-sotni-naimenovani-knig-i-izdani.html>
9. <http://www.azattyq.org/content/article/1148954.html>
10. Әбдиева Р.С. Қазіргі баспа ісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 30-бет.

**ҚАЗІРГІ БАСПА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:
ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМ**

Қойлыбай Әзімбек Әбдіқұлұлы

*Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті Журналистика
факультеті Баспагерлік-редакторлық
және дизайнерлік өнер кафедрасының
2-курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі:
Ақмөлдір Тілепберген
Аға оқытушы*

Руханияттың ежелден іргетасы нарықпен қатар қалыптасқан. Олай деуіміздің негізгі себебі де кітап ісіне барып тіреледі. Ақпарат таратудың атасы – кітап. Бұл пікірді ғылыми негізде дәлелдеген кітаптанушы

ғалым Шериаздан Елеукунов еді. Орхон-Енисей бойынан табылған тас кітаптардың тарихи жәдігерге айналуы, онда халық тағдырының бейнеленуінен еді. Одан кейінгі ғасырларда қолжазба кітап – ғылым-білімнің негізгі құралы, ақпарат алмасудың алғашқы нұсқасы екені хақ. Демек, руханияттың бастауы кітап ісіне негізделгені аңғарылады.

Ұлы Жібек Жолының салынуынан-ақ әлемдік нарық жүйесі қалыптаса бастады. Демек, қолжазба кітаптың да нарықта атқарар рөлі мен маңызы ерекше болған. Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» туындысында әл-Фараби ғұмыр кешкен IX-X ғасырларда бір кітаптың құны бір өгізге теңелгені жазылады. Сонымен қатар, қолжазба кітаптарға тек ақсүйектердің, сарай қызметшілерінің ғана қолы жеткендігі айтылады [1].

Нарықтың жолында еңбек бөлінісі мен сауда-саттық, қызмет ерекшеліктері айқындала бастады. Мысалы, орыс қолжазбаларының жолға қойылуында мынадай дерек келтіріледі: *«Орыс қолжазбаларының біздің заманымызға аман-есен жетуінде, ұқыпты сақталуында Ресей монастырьлерінің рөлі айрықша. Тройце-Сергиева Лавра, Соловецкий, т.б. монастырьлерде кітап көшіріп жазатын арнайы палаталар жұмыс істеген. Қайсыбір палаталардағы монах-көшірмелердің саны жиырмадан асып жығылатын. Олар өздерінше еңбек бөлінісін жасап, біреулері көшіретін мәтіндерді дайындаса, екіншілері көшіріп жазумен шұғылданатын. Сол сияқты кеткен қателерді түзететін корректорлары, кітап беттерін әшекейлеп өрнек салатын суретшілері, даяр қолжазбаны түптеушілер болған. Осының арқасында еңбектің өнімділігі артқан. Чудов монастырындағы 22 монах XVII ғасырдың бас кезінде 300-ден 1220 бетке дейін тұратын шіркеу кітаптарын көшірген. Олар нарық заңы бойынша ақшаға жалданып көшірумен, сурет салумен, кітап түптеумен айналысқан, сөйтіп өз уақытындағы кітапқұмарлардың тілегін қанағаттандырып отырған»* [2.25-6].

Баспа құрылымының алғашқы қолжазба кітаптың шығуынан бастап бүгінге дейін түрліше өзгергені анық. XV ғасырдағы Гутенбергтің баспа станогын ойлап тапқаннан кейін кітап басу ісі жолға қойылды десек, соған сәйкес қызмет құрылымы да бірізділікке көше бастады. Яғни, адамзаттың дамуына тікелей түрткі болған кітаптың енді қолжазба түрі көптеген қажеттіліктерге сәйкестенбеді. Бұл туралы: «Күн өте қолжазба кітап қоғам дамуының былайғы әжеттеріне жарамай қалды. Адамзат ілгері басқан сайын ел-елдің экономикалық және мәдени байланыстарын күшейту қажеттігі туды. Қолжазба кітап сол қажеттілік үдесінен шыға алмады. Таралымының аздығы, қолмен көшірудің ұзақ мерзімге созылатындығы, көшірушінің бәрі бірдей сауаты жеткілікті, ыждағатты бола бермейтіндіктен сапаның

төмендейтіндігі, қате көптігінен кей қолжазба кітапты оқу оңайға соқпайтындығы, бағасының удай қымбаттылығы, – осының бәрі қосылып келіп адамзатты бұл тығырықтан шығу жолын жатпай-тұрмай іздестіруге мәжбүр етті. Іздеген – табады. Ақыры, кітапты ел игілігі етудің жолы табылды. Дүниеге баспа кітап келді», – деп баспа кітаптың дүниеге келуін Шериаздан Елеукенов сипаттайды [2.27-6].

Тарих бетінде бедерленген кітаби өнердің жай-күйінен талдап, талғам таразысына салып қарар болсақ, алғашқы қазақ жеріндегі баспаның құрылуы тікелей 1920 жылға негізделеді. 1920 жылдың қараша айында кеңестік Қазақстанның (сол кезде Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының) бірінші астанасы болған Орынбор қаласында мемлекеттік баспа орнының құрылуы туралы Ереже қабылданды. Ол баспаның Киргосиздат, онан кейін Казгосиздат, яғни Қазақ мемлекеттік баспасы деп аталған [3.5-6]. Дәл осы кезеңдер біздің нарықтың да өзгеріске ұшыраған уақыты. Жеке автономиялық мемлекетке ұмтылудың жөні бөлек, экономикалық дамудың жолы кеңестік ат арбаның ізімен жалғасты. Сөйте отырып, қазірге дейінгі негізгі қызметтік нұсқаулықтың дінгегі болған еңбек бөлінісі орнықты.

Зерттеу мақаламыздың басты мақсаты – қазіргі уақыттағы баспа саласының қызметтік өзгерістері. Яғни, бұл сала мамандарының өзгеруі және заманауи баспалардың нарыққа шығуымен тікелей байланысты. Нарық пен экономика кез келген жүйені өзгертуге қауқарлы. Олай дейтініміз, нарықтың талабына ешкім де қарсы тұра алмақ емес. Бұған мысал, кешегі 90-жылдардың экономикалық дағдарысқа ұшыратқан елдің нарықтық жүйеге бейімделіп кетуі. Соның әсерінен, қаншама баспалардың есігіне қара құлып салынып, қызметкер бас сауғалап кетті. Тарихтың парағын аша берсек, бітпейтініміз белгілі. Десек те өткеннен өнеге алып, бүгінгі хәлімізге оралсақ оң өзгерістерге бағыт алуға болады. Бүгінгі таңда дәстүрлі баспалардың саны 114-ті құрайды [3.10-6]. Дәстүрлі дейтініміз, кеңестік кезеңнен бері ошағының оты сөнбеген «Қазақстан», «Жалын», «Қайнар», «Мектеп» сынды елге белгілі баспалар. Әйтсе де бұрындары альманах болған «Жалынның» бүгінгі күйін көріп таңырқауыңыз мүмкін.

Зерттеу жүргізудің бір дерегі өз көзіңмен көру болатын болса, осы көктемдегі «Баспалар үйінің» табалдырығын аттағанымда бірталай жәтқа куә болдым. Біз ойлаған дәстүрлі баспалардың бүгінгі күйі жалғыз кабинет аумағында қалып қойған. «Жалын», «Жазушы», «Өнер», «Қайнар» тағы да басқа біршама баспалардың жұмысы тек бір ғана қызметкермен шектеліп қалды. Демек, бұл нарықтық экономикаға бейімделе алмағандығының бір белгісі. Әсте мұнымен баспаның болашағы бітеді деп ұқпауымыз қажет.

Шіритін тамырдан жас өркен өніп шығатыны бар емес пе? Ендігі баспа ісінің ғұмыры да өзгеше болмақ. Өйткені, замана сипатымен, ғылыми өркениеттің, адамзаттық эволюцияның орын алуы өзгеріс алып келуі анық дүние. Баспаның құрылымының да жаңаша өрбуін байқап жүрміз. Оған дәлел баспа қызметкерлерінің саны мен сапалық түрленуі. Бұрындары редактордың 3 түрі болатын, олар әдеби редактор, техникалық редактор, көркемдеуші редактор. Олардың негізгі қызметтері:

- Әдеби редактор – басылым мәтінінің тілдік-әдеби нормаға сәйкестігі, көркемдік баяндалуының сапалы болуына жауапты.
- Техникалық редактор – бітаптың өндіріске дайындалуында қателіктерге жол бермей, рет-ретімен кітаптық беттелуіне жауапты.
- Көркемдеуші редактор – басылымның элементтері ерекшелене отырып, көркемдік сипат беруіне жауапты.

Ал, қазіргі уақытта басылым редакторы тек әдеби редактормен немесе редактормен ғана шектеледі. Өйткені, мұнда тек басылым мәтінін ғана қарайтын редактордың қызметі барлығы жеткілікті есептеледі. Екіншіден, мұнда беттелуіне жауапты қызметкер ғана болады. Ол яғни, техникалық редактордың қызметін атқара отырып, басылымды көркемдеуге құзіретті маман.

Сонымен қатар, корректор мамандарының қызметі баспа саласында ерекше рөлге ие болатын. Өйткені, әріптік қатенің де жіберілмеуіне кеңестік кезеңде ерекше мән берілген. Сондықтан да келген қолжазбаның алғашқы тексерістен өткізетін корректор маман болатын. Қазіргі баспа саласында корректор мамандарының жұмыстан шеттетіліп қалуының себебі, бұл қызметті редакторды өзі де атқара алатындығын көрсетті. Сағат Медеубекұлы «Басылымды редакторлық даярлау кітабында редактордың қолжазба оқылымының түрлерін көрсетеді. Алдымен, ой қуалап оқу, сосын, сөз қуалап оқу, буындап оқу, әріптеп оқу сынды оның редакциялауын шындай түсу жолдарын жазады. Сол себепті де редактордың талғам таразысында мәтінді екшеп қана қоймай, оны түбегейлі қатеден сүзіп қарауы орынды. Басылым редакторы оның корректуралық қызметінде атқаруы кейінгі баспаларда жүзеге асып жатыр.

Көптеген баспалардан соңғы жылдары жарық көрген кітаптарға назар аудара отырып, баспа қызметіндегі мамандардың қысқартыла түскені, бір кітаптың шығуына 2-3 маманның өзі қауқарлы екендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз нағыз сала білгірлерінің ғана жұмыс жасауға тиістілігін айқындап келеді. Уақыт өте келе барлық саланың іргесінде нағыз білікті мамандар ғана қалатыны көрініп келеді. Бір кітаптың шығуына қатысатын мамандардың қатарында редактор, беттеуші, суретші ғана болып жүргендігін мысал етуге болады [4].

Кейінгі уақытта құрылған біршама баспалардың еркешелігіне тоқталсақ. Мысалы, BRK баспасы кейінгі уақытта маркетинг-менеджменттік, тұлғалық даму, әлеуметтік интеграциялық туындыларды баспы шығаратын бірегей баспа. Мұнда, басты назар аударатынымыз, баспаның тақырыптық жоспарлауы, авторлық тапсырысты беруі, басылымды көркемдік әзірлеу және жарнамалау қызметтерінде баспаның дамуына тікелей себеп болды. Соның арқасында ашылғанына 2 жыл толмастан ілгерілеу байқалады. «Тұлға болам десеңіз» атты кітап адамның өзін-өзі жетілдіруге, психологиялық-мотивациялық бағытта жазылғандығымен көпшілік оқырманның назарын аудартады. Бұл қазіргі оқырманның талғам-таразысына сай шығарылған басылым екені анық. Кітаптың оқырманға жетуі де барынша жолға қойылған, олай дейтініміз қазіргі нарықта қазақ кітаптарының шаңырағы болған Qazupa кітап үйінде сатылымға қойылған.

Қазіргі баспа қызметінің құрылымындағы негізгі ерекшеліктері олардың тақырыптық жоспарлауы, басылымның көркемдік безендірілуі, маркетингтік жобалауы болып саналады. Тақырыптық жоспарлауда басты назар оқырман қауымның талғамына орай, менеджменттік, кәсіпкерлік, психологиялық, тұлғалық дамуға қатысты бекітіледі. Басылымның көркемдік безендірілуі дизайн графикасының қазіргі сәні «минимализмге» орайландырылған. Мысалы, 2019 жылы «Мұқаба» баспасынан жарық көрген «Дайаағашшы» кітабының мұқабасынан да аңғаруға болады [4]. Маркетингтік жобалаудың қазігі баспалар тауарын өткізуге басты негіз болатынын ескерсек, нарыққа бейімделгендер жарнаманың да, кітап дүкенінің барынша тиімдісін таңдауы тиіс. Бұған орай Қазақстан аумағы бойынша белгілі кітап дүкені Меломеннің рөлі ерекше. Соңғы кездері Меломен кітап дүкенінің сөресінен қазақ кітаптары көптеп орын алып, нәтижесінде баспалар тауарын өткізудің жолын таба бастағандай. Қазақ кітаптарының шаңырағына айналған Qazupa кітап үйінің де көпшілік баспалар тауарын сатылымға түсіретін бірден-бір дүкен болып саналады.

Қазіргі баспа қызметінің құрылымындағы талап – нарыққа бейімделу, талғам – оқырман сұранысын қанағаттандыру. Кейінгі уақытта кітап оқитын адам сиреп барады, жастар мүлде қарамайды деген сөзді көп естиміз. Ал, баспа саласы, кітап өнері қаншалықты оқырман назарын аударта алады? Осы тұрғыда ой толғап көрсек, нарыққа бейімделе алмағандар өз орындарын жоғалтуына тура келіп жатқанын байқаймыз. Жаңадан іргетасы қаланып, нарықтың талаптарына сәйкес жұмысын жалғастырып жатқандары баршылық. Осыған сәйкес, біздер білікті де білімді маман болып шығуды көздеуіміз керек. Әйтпегенде, бұл саланың есігін қаға алмай қалып кетуіміз мүмкін. Өйткені, баспа құрылымындағы қызметтік

өзгерістер түрленіп барады. Заманның талап пен талғамына сай келетін өндіріс қана нарықта үстемдік ете алады. Руханият пен нарықты бір арнаға тоғыстыратын кітап өнерінің дамуына үлес қосу көзқаракты маманның міндеті деп білемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы. – Жидебай; Шиліөзек: Роллан Сейсенбаев: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 309 б.

2. Елеукенов Ш. Кітаптану негіздері. – Алматы: Санат, 1997.

3. Мухатаева Қ. Отандық және шетелдік баспа ісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 230 б. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21556>

СЫРТҚЫ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ PR ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Абен Алтынай

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., 2 курс магистрант
e-mail: a-aben@list.ru*

Бұл мақалада сыртқы саясат саласындағы электронды пиар технологияларының рөлі жан-жақты талданды. Сонымен қатар, Интернет желісінің сыртқы саясат саласының тәжірибесін іске асырудағы PR құралдарының ғаламдық коммуникациялық құрал ретіндегі рөлі талқыланды.

Мақаланың мақсаты. Электронды пиар-технологияларының, соның ішіндегі, ең кең таралғаны – Интернет желісінің сыртқы саяси қозғалыстарды жүзеге асырудағы немесе оны бақылаудағы атқаратын қызметін нақты зерттеп көрсету болды.

Ғылыми мақаланың тәжірибелік және ғылыми маңыздылығы. Ақпарат құралдарын – төртінші билік десек, журналистиканың және де пиар саласының саяси шешімдердегі, сыртқы саясат әрекеттеріндегі алар орны зор.

Зерттеудің методологиясы. Тақырыпты зерттеп жазу барысында дереккөздерді салыстыру, талдау, баяндау, контент-анализ, тарихи және логикалық сараптама сынды методологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы. Электронды қоғаммен байланыстың негізгі аспектілері мен бөліктеріне толықтай тоқталып, олардың әрқайсыларына да нақты мысалдар мен үлгілер көрсетіліп өтті. Сонымен қатар, электрондық шетелдік қоғаммен байланыс құралының саяси «вирту-

алды елшіліктерді» құру сияқты ерекше бағыттарына ерекше көңіл бөлініп өтті. Әсіресе, Америка Құрама Штаттарының мысалдары қарастырылған болатын. Сондай-ақ, ғылыми мақалада ғаламтордың рөлі саяси PR саласындағы маңызды коммуникативті құрал ретінде де қарастырылды.

Зерттелген тақырыптың маңыздылығы. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі саяси PR-технологиялар тақырыбы бүгінгі уақытта өте өзекті болып отыр. Сондықтан да, пиар-технологиялар ішіндегі ең кең таралған әрі ауқымды түрлерінің бірі ретінде электронды PR-технологиялары (Интернет, желі, электронды үкімет, т.б.) аталатындығы белгілі. Электронды технологиялардың тек социология, психология, ой-сана ғана емес, сондай-ақ, саясат саласына да әсерінің зор екендігі айтарлықтай маңызды фактор.

Зерттеу қорытындысының практикалық маңызы. Сыртқы мемлекеттерде «Твипломатия» (твиттер+дипломатия) терминінің қолданыста пайда болуының өзі – электронды технологиялардың саяси әлемдегі орнын көрсетеді. Сол сияқты электронды үкіметтер сияқты саяси форматтағы «виртуалды елшіліктер» құру алыс-жақын елді-мекендермен саяси қарым-қатынас жасаудың бір үлгісі деуге де болады.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, қоғаммен байланыс, ғаламтор, АҚШ, ақпарат, PR, саяси партиялар.

Бүгінгі күні әрбір мемлекеттің сыртқы саясатындағы маңызды міндеті болып сол мемлекеттің тиімді және менеджменттік имиджін құру табылады. Жалпы қоғам санасындағы мемлекеттің (жағымды) тиімділік имиджі, ең әуелі, ұлттық мүдделерді сәтті түрде алға бастап жүзеге асыру үшін қажет. Сыртқы саяси байланыстың имиджін эффективті түрде жүзеге асыру үшін барлық мүмкін деген каналдарды жан-жақты қолдану қажет, сонымен, солардың ішіндегі ең маңыздысы әрі келешегі зор деген арналардың бірі – электронды пиардың – ақпараттық-коммуникациялық құралдарын пайдалану болып табылады. Ғаламтор бұл тұрғыда қолжетімді құралдарды қолдана отырып, көптеген мәселелерді тиімді және үнемді шешуге мүмкіндік береді, олардың ішінде басты орында сайттар тұрғаны белгілі, десе де, бұл арадағы кері байланыс әрекетінің юзабилити функциясы (яғни, ыңғайлы болуы), оның жеңіл де оперативті түрде жүзеге асырылуы қоғамдық іс-шаралардың стратегиясы мен тактикасына лезде өзгерістер енгізіп отыруға үлкен мүмкіндік беретіні белгілі. Байланыс саласының білікті мамандарының өзі жиырмасыншы ғасырда, тоқсаныншы жылдарының басында қарапайым мысал ретінде қарастырғанда, ғаламтор желісінің тым қарқынды дамуының да өзіндік зардаптары мен кері әсерлері болатындығын түсіне бастаған көрінеді. Дәл бүгінгі күні бәз білетін электронды және сандық технологиялар реті,

ең әуелі, ғаламтордың ақпараттық-коммуникациялық құралдары екені, жалпы байланыстың (коммуникацияның) болашағы мен перспективасын анықтай алатын негізгі факторлар екендігі айдан анық. Бүкіләлемдік ақпараттық инфрақұрылымдардың да дами түсумен байланысты паблик рилейшнз саласы сарапшыларының да қоғам пікіріне, санасына әсер етуге ықпал ететін құралдар саны да артып жатыр. Бір жағынан, жоғарыда айта кеткендей, ғаламтор пиар-кампаниялар контентіне жылдам, оперативті түрде өзгерістер енгізу арқылы ұтымды шешімдер қабылдауға, сондай-ақ, ғаламторда кері байланыс функциясының зор мүмкіндіктерін пайдалануға ықпал ете алады. Екінші жағынан, ғаламтордың аудиториясы, бір жағынан, ғаламдық болып табылады деуге де болады – себебі қазіргі уақытта әлемнің әр түкпірінен де ғаламтормен байланыс орнатуға болады әрі күн сайын ғаламтор пайдаланушыларының саны статистикалық тұрғыда айртуда, ал бұл дегеніміз, екіншіден, ғаламторды бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғаммен байланыстың негізгі (әрі қолжетімді) құралы ретінде қарауға үлкен бір себеп деуге болар еді. Бұл ғаламтордағы пиарды, оны сәнді технология, жаңашылдыққа дайындықтың бір сатысы деп қарастыруға болатын заманауи уақыттың қажеттіліктерінің біріне айналды деуге де болады. Бұған қоса, пиар саласындағы жаңа технологиялардың, мамандардың кәсіби қызметінің виртуалдық кеңістігінде су жаңа саласы пайда болуы туралы айта кеткен жөн. Ең қызығы сол, бұл сферада жалпы қабылданған атау әлі де жоқ (Аги, 2004). Осы тақырыпта әртүрлі дереккөздерді шолу нәтижесінде ғаламтордың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын паблик рилейшнз тәжірибесінде қолдану үшін теория мен практикаға қатысты жиі-жиі қолданылатын терминдер анықталды:

- Интернет-PR, Интернеттегі PR;
- онлайндық PR, онлайн-PR, онлайн PR;
- сандық (цифрлық) PR;
- Желілік PR;
- PR 2.0;
- электронды PR.

Соңғы аталған электронды немесе электрондық пиар, менің пікірімше, ғаламторға «виртуалды емес» кеңістіктен енгізілген әртүрлі функциялар мен технологияларға атау берудегі дәстүрді ескере келгенде, ең қолайлы «рә лайықты атау сияқты. Мысалы үшін айтар болсақ, электронды пошта (e-mail – кәдімгі поштаның желілік аналогы, пошта жәшігі және сол сияқты басқа да атрибуттар жиынтығы), e-gov (электронды үкімет – ғаламтор көмегімен азаматтарға мемлекеттік қызметтерді ұсыну/көрсету жүйесі), электронды оқыту (e-learning – қашықтан ғаламтор арқылы оқыту, білім беру немесе білім алу) және тағы да басқалары (Брекенридж, 2010).

Заманауи ақпараттық технологиялардың кеңеюі және жалпы коммуникацияның жаһандануы, халықаралық қатынастардың белсенді қатысушыларының аясының көбеюі мемлекет пен сыртқы әлемнің өзара әрекеттесуінің құралдары мен әдістеріне де ықпал етеді. Дамыған елдер бұл мәселелердің маңыздылығын бірінші болып байқады (Agi, 2004). Мысал ретінде АҚШ Сенатының Халықаралық қатынастар комитетінің төрағасы Ричард Лугардың АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіндегі қоғамдық дипломатия және халықаралық PR туралы мәлімдемесін келтіруге болады. Электрондық пиар-технологияларын сыртқы саясат жүйесінде қолданудың ерекшеліктерін сараптамар алдында жалпы осы саладағы өзара қоғамдық қатынастар тақырыбын қарастырып алу қажет. Бірінші кезекте, осы қоғаммен байланыс саласындағы мынадай басты өзгешеліктерді ажыратып алған жөн:

- сыртқы саясат пен дипломатия институттарынан келіп түсетін ақпараттардың барлығы да автоматты түрде ресми мемлекеттік ұстаным болып саналады;

- пиардың басты мақсаты болып мемлекеттің тиімді(оң) имиджін құру (брендинг) және оны сақтауға тырысу саналады;

- Басты мақсатты аудитория – шетелдік аудитория.

Осы принциптерге сүйене отырып, біз электронды PR-дың осы саладағы келесі бағыттарын бөліп аламыз:

- ақпараттық-анықтамалық аймақ. Нақты міндеттерге қосымша (шетелдік агенттіктер мен дипломатиялық өкілдіктердің ережелері туралы ақпараттандыру, олардың байланыс мәліметтерін беру және т.б.), бұл бағыт мақсатты аудиторияны ақпараттандыру, мысалы, елге келуді жоспарлаған азаматтар мен шетелдіктерге барлық қажетті ақпаратты беру сияқты функцияларды қамтиды. - оларға елден кетуге қажет ақпаратпен қамтамасыз ету, шетелде төтенше жағдай туындаған кезде олармен өзара іс-қимыл және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру және т.б.).

- ақпараттық-түсіндірмелік аймақ. Сыртқы саясат аясындағы маңызды міндеттердің бірі – мемлекеттегі кейбір мәселелердегі бастамалары мен ұстанымдары туралы ақпарат тарату, әлемдік қауымдастыққа мемлекеттің сыртқы саяси әрекеттерінің мәні мен мақсатын түсіндіру, тағы басқалары.

- имидждік аймақ. Елдің халықаралық деңгейдегі тиімді (оң) имиджі мен оның құрамдас бөліктерін (инвестициялық имидж, туристік имидж, т.с.с.) қалыптастыру бүгінгі таңда мемлекет үшін алдыңғы кезектегі мәселе, себебі мемлекет туралы жағымды көзқарастың, тиімді имидждің болуы халықаралық аренада сол елдің ұлттық мүдделерін өрлетуге зор әсерін тигізеру сөзсіз. Сәйкесінше, ғаламторда жалпы бір мемлекеттің

толыққанды пиар-стратегиясын жүзеге асыру үшін қосымша құрал ретінде имидждік сайттар (порталдар) құру керек болады.

- медиалық аймақ. Бұл арада міндеті бойынша, мемлекеттің сыртқы саясаты туралы ресми ақпарат бере алатын жекелеген институттардың (мемлекеттің сыртқы істер министрлігі, шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері деген сияқты) медиамен байланысы туралы сөз болады. (Хольц, 2002).

Ғаламтор желісінде сыртқы саясатқа қатысты пиар-саясатын іс жүзінде жүзеге асыру үшін, ол жерде ұсынылатын ақпараттың кең ауқымдылығын мен сол ақпараттық деректердің қандай да бір ерекшелігін, интерактивті құралдарды, мультимедиялық материалдарды, ақпараттық бюллетеньдерді таратуын және сол сияқты басқа да қызметтерді қолдануын назарға ала отырып, тиісінше веб-сайттар мен веб-порталдар құрылады. Әр типтегі пиар-бағыттары үшін жеке имидждік веб-порталдарын (сыртқы саясат, туризм, инвестиция және т.б.) құруға болады. Не болмаса, оларды бір портал ішіне біріктіруге болады. Имидждік функцияларды, сонымен қатар, мемлекеттің сыртқы істер министрлігінің веб-сайты (немесе порталы) және дипломатиялық миссиялардың веб-парақшалары арқылы беруге болады. Мемлекеттің сыртқы саяси имиджін құрып, оны сақтап қалуда web-сайттарды пайдалану жөнінде сөз қозғайтын болсақ, осы функцияны орындайтын web-сайттарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші кезекте, мемлекеттің СІМ елге қатысты сыртқы саяси қызметтерді іске асыратын негізгі мекеме болғандықтан, 1-топқа елдің сыртқы істер министрлігінің веб-сайты мен мемлекеттің шетелдерде жұмыс жасайтын дипломатиялық өкілдіктерінің сайттары кіреді. Әлемнің жетекші елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, дәл осы сайттар тобында әлемдік қоғамдастыққа мемлекеттің сыртқы саясатының принциптері мен басым бағыттары туралы ақпараттандыру функциялары жүктелген. Бұл үшін тиісті ақпараттық контент пайдаланылатындығы және әлемнің кең қолданылатын тілдерінде қолжетімділік қамтамасыз етілетіні анық.

Ал 2-топқа мемлекет имиджін қалыптастыру функциясын іске асыру үшін арнайы құрылған ғаламтордағы порталдарды жатқызамыз. Жалпы, портал дегеніміздің өзі ғаламторға кіргенде пайдаланушылар үшін құрылған негізгі базалық веб-сайт болып табылады (Холл, 2015). Нақты қандай да бір арнайы web-сайттар сияқты ғаламтор порталдарының басты артықшылығы олардың үлкен көлемде ақпарат материалдары мен пайдалы қызметтерді шоғырландыратындығында. Мемлекет имиджін құруға жауап беретін және оны сақтауға тырысатын осындай Интернет-порталдардың құрылуы олардың Интернеттегі мемлекет туралы негізгі ақпарат көзі

болуға бағытталғандығын білдіреді. Осы мақсатқа жету үшін имидждік порталдар алдымен пайдаланушыларға мемлекет туралы, оның саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және басқа аспектілері туралы пайдалы және маңызды және сирек (басқа жерде табылмаған) ақпараттарды ұсынуы керек. Екіншіден, пайдаланушыларға пайдалы және ыңғайлы қызметтерді ұсыну (бұл ақпараттық материалдарды тарату, әртүрлі тақырыптық форумдар, интернет-дүкендер, осы елге қатысты сайттар каталогы және т.б. болуы мүмкін). Мұндай имиджге негізделген Интернет-порталдар әлемдік аудитория үшін де, белгілі бір аймақ немесе ел үшін де құрылуы мүмкін. Мемлекеттің сыртқы істер министрлігінің, дипломатиялық өкілеттерінің, сыртқы істер агенттігінің «басшылығымен» жасалған басқа веб-сайттарды (порталдарды) көрермендер ресми ақпарат көзі ретінде қарастыратындығын есте ұстаған жөн. Тиісінше, осы сайттарда жарияланған ақпарат мазмұнына өте жоғары жауапкершілікпен қарау керек, өйткені ол автоматты түрде мемлекеттің ресми ұстанымы (көзқарасы) болып саналады.

Интернеттегі сыртқы саясаттағы имидждік байланыс жағдайында мемлекет имидждік веб-порталдарға (порталдарға), СІМ веб-сайтына және шетелдегі дипломатиялық миссиялардың веб-сайттарына сәйкес келетін сәтті домендік атауларды таңдау маңызды. (Чумиков, 2010). Сурет веб-порталдарының домендік атаулары үшін әр түрлі әдістер қолданылады, олардың ең көп тарағаны ел атауын қолдану болып табылады. Мысалы:

- www.polska.pl – поляк имидждік порталы;
- www.france.fr – Францияның ресми порталы;
- www.australia.com – Австралияның ресми туристік порталы.

Сыртқы істер органдарының веб-сайттарының домендік атаулары әдетте дәстүрлі түрде өз елдерінің мемлекеттік домендік немесе ұлттық домендік аймақтардағы домендер болып тіркеледі. Домендік атау, әдетте, агенттік атауының аббревиатурасы болып табылады. Мысалы:

- www.fco.gov.uk – Ұлыбританияның Сыртқы істер және Достастық Министрлігінің сайты;
- www.msz.gov.pl – Польша Сыртқы істер министрлігінің сайты.

Дипломатиялық өкілдіктер сайттарының домендік атаулары туралы айтатын болсақ, оларды құрудың үш негізгі әдісі бар:

1. Домендік атау (дипломатиялық өкілдіктің елі немесе тұратын қаласы) сол елдің ұлттық домен аймағында тіркелген – әдетте, сыртқы істер министрлігінің домен аймағында немесе арнайы дипломатиялық веб-порталда, мысалы:

- www.kiiov.msz.gov.pl – Украинадағы Польша елшілігінің сайтының мекен-жайы;

- www.uk.embassy.gov.au – Ұлыбританиядағы Австралия елшілігінің веб-сайты.

2. Домендік атау бүкіләлемдік қоғамдық домен аймағында немесе қабылдаушы елдің ұлттық домендік аймағында тіркелген, мысалы:

- www.ambafrance-ru.org – Франциядағы Ресей елшілігінің сайтының мекен-жайы;

- www.embassyofireland.ru – Ресейдегі Ирландия елшілігінің сайт мекен-жайы.

3. Домендік атаулар ішінде жеке домендер тіркелмейді әрі мұндай домендегі сайттар көбінесе СІМ не болмаса арнайы дипломатиялық порталдың жеке бір бөлімі ретінде жұмыс істейді, мысал үшін алсақ:

- www.swedenabroad.com/lv-LV/Embassies/Riga - Латвиядағы Швеция елшілігінің сайтының мекен-жайы;

- www.mfa.gov.lv/lv/austria - Австриядағы Латвия елшілігінің сайтының мекен-жайы.

Интернеттегі ақпараттық қызметтің жеке бағыты – бұл елге, оның басшылығының, мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты ақпараттық хабарламаларды іздеу мен талдаудан тұратын желінің ақпараттық кеңістігін бақылау (мониторинг). Мұндай мониторинг динамиканы анықтау үшін сандық көрсеткіштерді белгілеуді де, оларды алдыңғы көрсеткіштермен салыстыруды да, хабарлардың сапалық сипаттамаларын (оң, теріс, бей-тарап) анықтауы керек. Сонымен қатар, бұл бағыт мемлекеттің имиджі үшін маңызды ақпарат саналатын Интернет-көздерін анықтауға және одан әрі бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай бақылаудың негізгі құралы іздеу жүйелері болуы мүмкін. (Шамин, 2011). Интернет-басылымдардағы жарияланымдар мен жаңалықтар тізбегінің жаңалықтарын бақылау дегеніміз ғаламтор желісіндегі осы елге қатысты жаңалықтарды іздеу және талдауды білдіреді. Мониторингтің алдыңғы түрі сияқты, мұндай мониторинг динамиканы анықтау үшін де, хабарламалардың сапалық сипаттамаларын анықтау үшін сандық көрсеткіштерді белгілеуді де, оларды алдыңғы көрсеткіштермен салыстыруды да қамтуы керек. Сонымен қатар, бұл сала елдің имиджі үшін маңызды ақпараттары бар ғаламтордағы жарияланымдарды анықтауға және одан әрі бақылауға мүмкіндік береді. Дәл осындай мониторингтерді жүргізіп тұру үшін имидждік коммуникацияда маңызды болып есептелетін елдердің халықаралық және ұлттық (аймақтық) жаңалықтар каналдарын пайдалана білген де жөн болатын сияқты.

Арнайы бақылау немесе нақты бір мониторинг жүргізу ғаламтордағы мемлекеттің бренд-имиджін қалыптастыру жағынан қарағанда, маңызды деп анықталған белгілі бір интернет-ресурстардың (жекелеген веб-сайттар,

жаңалықтар арналары, интернет-жарияланымдар, интернет-басылымдар, пошталық таралымдар (жекелеген электронды поштаға ақпараттардың таралуы) және т.с.с.) мақсатты мониторингтен тұрады. Олардың ішінде белгілі бір елдегі оқиғаларға көп көңіл бөлетін жеке интернет-жарияланымдар, елдің имиджі үшін маңызды мәселелерді талқылайтын интернет-форумдар, жекелеген елдердің ресми органдарының сайттары және тағы басқалары бар. Мақсатты мониторингті мемлекетаралық қатынастардағы дағдарыстар кезінде жүргізуге болады – осы кезеңде дағдарыс туындаған елдің ғаламтордағы жарияланымдарын, сондай-ақ осы елдің мемлекеттік органдарының сайттарындағы жарияланымдарды бақылауға ерекше назар аудару қажет. Интернет-ресурстардың тізімін аналитикалық тұрғыдан да анықтауға болады (мониторинг үшін маңызды болып табылатын нақты веб-сайттар, веб-порталдар, интернет-жарияланымдар, форумдар және т.б. анықталады), сонымен қатар Интернеттің ақпараттық кеңістігін бақылау және жаңалықтар хабарламаларын бақылау, Интернеттегі жарияланымдар мен жаңалықтар тізбегі де жатады.

Дипломатиялық тәжірибеде ғаламторды трансшекаралық СМЖ ретінде пайдаланудың бір бағыты «виртуалды» дипломатиялық өкілдіктер құру болды. Яғни, нақты арнайы веб-сайттар, ең алдымен, нақты дипломатиялық өкілдіктерді құру орынсыз немесе мүмкін емес болатын белгілі бір елдің немесе аймақтың мақсатты аудиториясымен ақпараттандыру және байланыс орнату функциялары жүктелген. Мұндай тәжірибенің мысалы ретінде соңғы жылдары виртуалды дипломатия идеясы аясында Америка Құрама Штаттарының тәжірибесінде АҚШ Мемлекеттік департаменті белсенді түрде нақты дипломатиялық өкілдіктер құру мүмкін емес елдер мен аймақтар үшін виртуалды өкілдіктер (ағыл. Virtual Presence Post, VPP) құрылғаны белгілі. Нақты дипломатиялық өкілдіктерді ұсынатын веб-сайттар сияқты, виртуалды өкілдіктер белгілі бір елдің (аймақтың) халқына бағытталған ақпарат пен АҚШ азаматтарына бағытталған туризм (бизнес, білім беру және т.б. салалардағы) ел (аймақ) туралы ақпарат береді алады. (Филлипс, 2009).

2006 жылы Джорджтаун университетінде сөйлеген сөзінде АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс та бұл бастама өз пікірін білдірген болатын. Оның ойынша, мүмкіндігінше, жергілікті позицияны ұсынудың ең жаңашыл және тиімді әдісі ретінде виртуалды өкілдікті атауға болатын сияқты. Яғни, өкілеттің тарапынан бір немесе бірнеше жас қызметкерлер негізгі елді-мекендер үшін жасақталған ғаламтордағы парақшаларына бақылау жасап отырады. Бұл сандық мәжіліс залы шетелдік азаматтар үшін, әсіресе жастар үшін, жүздеген миль қашықтықта бола алатын билік

өкілдерімен, дипломаттармен онлайн режимінде байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл – Еуропа, Азия, Латын Америкасы бойынша миллиондаған жаңа адамдармен байланыс орнатудың тамаша тәсілі (Брекенридж, 2010).

Жалпы, виртуалды консулдықтарды құру осы екі негізгі ойды ескеркергенде, менің ойымшша, перспективалы бола алады:

1. Оларды қолдау кедей және шағын елдер үшін қажет етіліп отырған нақты шынайы консулдықтарға құрғанға қарағанда әлдеқайда арзан. Ғаламтордың арқасында бұл елдер әлемнің барлық елдерінде виртуалды дипломатиялық желіні қолдана алады.

2. Виртуалды елшілік нақты дипломатиялық өкілдіктің болуы мүмкін емес жағдайларда жұмыс істей алады (дипломатиялық қатынастардың болмауы немесе үзілуі, консулдық округтің құрамына кіретін аймақта әскери қимылдар жүргізу, дипломатиялық миссия мүшелерінің өміріне қауіп төндіруі және т.б.).

Дипломатиялық тәжірибеде Интернетті қолданудың келесі маңызды бағыты – белгілі саясаткерлердің, әлеуметтік медиа-дипломаттардың аудиторияға өз ойларын, белгілі бір мәселелер бойынша ұстанымдарын тікелей жеткізу үшін пайдалану. Тыңдаушылармен қарым-қатынастың бұл түрінің ең танымал құралы Twitter болды. Бұл қызметтің танымалдығы белгілі бір ұғымның пайда болуына себеп болды – Twitter-дипломатия немесе «твипломатия» (Twiplomacy).

«Burson-Marsteller Europe, Middle East and Africa», жетекші ғаламдық қоғаммен байланыс және коммуникациялық компанияның атқарушы директоры Джереми Галбрайттың айтуынша, Твиттер біз бен әлемдік көшбасшылар арасындағы коммуникациялық алшақтықты жабатын құрал әспеттес. Бір жағынан, бұл мемлекет пен үкімет басшыларына өздерінің күнделікті қызметі мен үкімет жаңалықтарын күн санап өсіп келе жатқан аудиторияға таратуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл азаматтарға өздерінің көшбасшыларына тікелей қол жеткізуге мүмкіндік береді (Гундарин, 2006).

XXI ғасырда интернет егемендікке деген көзқарасты өзгертуде, себебі трансұлттық байланыс көптеген кибер-қауымдастықтары үшін ашық болып келеді. Оның үстіне, ұлттық қауіпсіздік жүйесі де өзгеріп жатыр, мысал үшін, қазір мемлекеттер сын-қатерлердің күн санап артып жатқан тізбегіне тап болса, ал шабуылдаушы ретінде мемлекеттер, топтар, жеке тұлғалар немесе кейбір жиынтық болуы мүмкін. Тіпті, кейбір мемлекеттер олардың ішіндегі жеке күштерге қарағанда әлсіз болуы мүмкін. Жеке меншік ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, салалық және кәсіподақтар

әлемдік саясаттың күн тәртібі үшін трансұлттық күресте жетекші елдердің БАҚ-ының назарына бәсекеге түсе алады. Осы тұрғыда, осындай зерттеу Al-Jazeera-дан басқа, ресейлік RT және CCTV телеарналары халықаралық жаңалықтарды жариялауда CNN International гегемониясына дауласатындығын көрсетті. Мемлекеттер арасындағы ақпараттық күрестің және жаңа ақпарат құралдарының халықаралық қатынастарға әсері «Әл-Жазираның» әсері деп аталады. Осы аспектілерден кете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың әлемдік саясаттағы жұмсақ күші соңғы онжылдықта постамерикалық әлем тұжырымдамасымен сипатталуы мүмкін американдық гегемонияны жойды деп дәлелденеді. Қысқасы, бұл жаңа медианың ХХІ ғасырдағы билік қатынастарының өзгеруіне қалай ықпал еткенін көрсетті.

Қорытындылай келе, ғаламтор желісі айтарлықтай кеңейіп, жаңа құралдармен мемлекеттің сыртқы саясатындағы PR қызметінің құралдары мен арналары арсеналына ие болды деп айтуға болады. Виртуалды дипломатиялық миссияларды құру ең перспективалы құралдардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аги У., Комерон Г., т.б. PR-дағы басты қағида // СПб.: Питер, 2004. – 27-28 б.
2. Брекенридж Д. 2.0 PR: Жаңа Медиа, Жаңа Аудитория, Жаңа Құралдар // «Эксмо» баспасы, 2010. – 272-бет.
3. Гундарин М. PR-бөлімі жетекшісінің кітабы. Практикалық кеңестер // «Питер» баспасы, 2006. – 368-бет.
4. Джансанте Г. Саяси онлайн-байланыс: консенсус құру және қатысуды ынталандыру үшін интернетті дұрыс пайдалану жолдары // «Спрингер» баспасы, 2015. – 188-бет.
5. Майер И., Шамин С. Бірінші Петр патшалығының соңғы жылдарындағы сыртқы істер колледжіндегі шетелдік баспасөздерге шолу // «Российская история» сериясынан. – 2011. – №5. – 91-бет.
6. Масленников Р. PR бойынша 101 кеңес. // «Альпина» Паблишер баспа үйі, 2012. – 74-бет.
7. Невзлин Л. Б. Паблик рилейшнз: Бұл кім үшін қажет? – М., 1993.
8. Поллард К. Табыс әкелетін PR-стратегияны қалай әзірлеуге болады (ағылшын.) // «HuffPost» веб-сайты мақаласы. – 2016.
9. Порбский, Л. Саясаттың электрондық келбеті: ақпараттық революция дәуіріндегі демократия, мемлекет және саяси институттар // Краков: Университетский колледж AGH. Naukowo-Didacticzne баспа үйі, 2001. – 214 бет.
10. Терещук В.И. саяси партиялардың қызметіндегі электрондық пиар технологияларының рөлі // «Studia Humanitatis» журналы, 2016.
11. Хейг М., Кашникова. В. Электрондық пиар // «ФАИР-ПРЕСС» баспасы, 2002. – 192-бет.
12. Холл Дж. 2016 жылғы пиар-технологияларындағы 7 тренд (ағыл.) // «Forbes» журналы. – 2015.

13. Хольц Ш. Желідегі қоғаммен байланыс: ақпараттандыру және БАҚ-ына, инвестициялық қоғамдастыққа, үкіметке, қоғамға және тағы да басқаларына әсер студия ұтысты стратегиялары // Н.Ю.: «АМАКОМ» баспаханасы, 2002 жыл. – 444-бет.

14. Шадрин О. Сайлау науқандары кезінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы PR қызметінің құқықтық реттелуі // Халықаралық пресс-клуб: PR-кітапхана мен PR-технология.

15. Шамин С.М. 17 ғасыр кезеңдері: Ресейдегі еуропалық баспасөз бен орыс мерзімді баспасөзінің пайда болуы туралы // «Альянс-Архео» баспасы, 2011 ж. – 146-208-беттер.

16. Чумиков А., Бочаров М., Тишкова М. Интернеттегі PR. Веб 1.0, 2.0, 3.0 // М.: Alpina Publishers баспа үйі, 2010 жыл. – 136-бет.

17. Филлипс Д. Онлайн аивр: Әлеуметтік желілердегі онлайн-стратегияны жасау бойынша практикалық нұсқаулық // «Лондон: Коган Пейдж» баспасы, 2009 жыл. – 274-бет.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНДАҒЫ ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ХАБАРЛАРЫ

Дәуіт Айсара,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2 курс студенті*

Ғылыми жетекші:

Ермағанбетова З.Н.,

аға оқытушы, ф.ғ.к.,

Тікелей эфир дегеніміз не және оның қандай ерекшеліктері бар деген сауалдарғазерттеуші ғалымдардың еңбектерінен жауап таба аламыз. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Омашевтің радиожурналистика саласына қатысты көптеген еңбектері бар. Онда радиохабардың БАҚ ретіндегі рөлі мен орны, қоғамдық міндеттері, эфир журналистикасының ерекшеліктері радиожурналистің кәсіби қырлары, тікелей эфирге қойылатын талаптар, нарық жағдайындағы радиоарналар туралы толыққанды мағлұматтар ғылыми тұрғыдан зерделенген [1, 138 б.]. Ал, тікелей эфир табиғаты туралы ғалым Ж. Әбдіжәділқызы: «Тікелей эфир – радиожурналистикадағы уақыт дәлдігін сақтап, жедел хабар таратудың кәсіби әдісі, шығармашылық-техникалық сипаттағы соны технологиялық процесс, аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі, өзгеріске ұшырамайтын нақты құбылыс. Түптеп келгенде, алуан түрлі пішіндер мен жанрлық ерекшеліктерді қамтып, бір мезгілде атқарылатын бірнеше істің басын қосатын ұжымдық үйлесім мен жүргізушінің лингвистикалық және психологиялық белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде жүзеге асатын қызмет

жүйесі. Тікелей эфир радиожурналистиканың табиғатына тән заңдылықтар аясында ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ретке келтірілген қызмет жүйесі» [2, 121 б.], – деген анықтама береді. Осы тұжырымдарға сүйенсек, тікелей эфирде хабар жүргізу үшін жүргізушіге жеделдік, нақтылық, кәсіби деңгей және жаңа технологияны меңгерумен бірге сауаттылық керек екен.

Қазіргі таңда радиодан тікелей эфирде берілетін хабарлардың санының арта түскенін байқаймыз. Әсіресе, ойын-сауықтық көңіл-ашар шоу түріндегі бағдарламалар қарасы көп. Солардың ішінде ұлттық радиоарнаның орны ерекше. Өйткені қазақтың тілі мен әдебиеті, өнері мен мәдениеті, сондай-ақ, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын насихаттайтын бағдарламаларды осы арнадан тыңдаймыз. Ұлттық әуенмен басталатын шақыру белгісінің өзі тыңдармандарды еріксіз баурайтыны анық. Ал енді, Қазақ радиосында тікелей эфирде берілген бағдарламаларға тоқталатын болсақ, алдымен «Қайырлы таң, Қазақ елі!» бағдарламасын атаймыз. Таңертеңгілік ақпараттық-көңілашар жанрындағы хабарда танымдық ақпараттар, әлем жаңалықтары мен әсем ән беріледі. Бұл бағдарлама тыңдаушылардың таңертеңгілік көңілін көтеріп, рухани сергектігін арттыруға бағытталған. Таңғы көңілашар эстрадалық әндер, қызықты деректер, шартарапта болып жатқан оқиғалардан шұғыл ақпараттар, ғылым-білім, медицина, спорт, автожаңалықтар, сән әлемінің елең еткізер оқиғалары, ел іші хабарлары, ауа райы, биржа бағамы, керек кеңестер, жедел сұхбаттар, ұлттық мәселелер төңірегінде ой-талқылаулар, т.б. жекелеген айдарлар бойынша қамтылады. Жүргізуші-редакторлары Айжан Жұмабекқызы, Гүлден Қабиолдақызы, Баян Талдыбай, Бақыт Жағыпарұлы.

Қазақ радиосынан тікелей эфирде күн сайын «Жаңалықтар» беріледі. Жүргізушілер әр сағат сайын Қазақстан мен шетелде болып жатқан күннің ең маңызды жаңалықтарын, айрықша оқиғаларды тыңдарманға жеткізеді. Жаңалықтар таңғы, күндізгі, кешкі болып бөлінді. Мысалы, таңертеңгілік ақпараттарда болатын оқиғалар туралы қысқа мағлұматтар берілсе, түске қарай олардың барысы баяндалады, кешке маңызды қорытындылары жасалады. Таңертеңгілік (сағат 8, 9, 11, 12), күндізгі (сағат 1, 2, 3, 4), кешкі жаңалықтар (сағат 9, 10, 11) 4-5 минуттың көлемінде 5-7 ақпаратқа дейін беріледі. Жаңалықтардың жүргізілу тәртібіне келетін болсақ, алдымен Қазақ радиосының музыкалық шақыру белгісі беріледі, жүргізуші дәл уақытты айтып, тыңдарманмен амандасып, өзін таныстырады да ақпараттарды оқиды. Ақпараттық блог музыкамен бөлінеді.

Радио, атап айтқанда, тікелей эфирде мүмкіндігінше нақты және осы шақта айтылады. Жуырда, жақында, таяуда, кеше деген сөздер

қолданылмайды. Жаңалықтар желісі «бүгін, ертең, жаңа ғана» деп басталатын ақпараттардан құралады. «Кеше» деп басталатын жаңалық аса маңызды болса ғана қайталанып беріледі. Мысал келтірсек:

«Бүгін Мәжілісте Үкімет сағаты өтті. Онда парламентшілер Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі қызметінің негізгі бағыттарын талқыға салды. Үкімет сағатында аталған тақырып бойынша Еліміздің Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы Мұрат Оспанов баяндама жасады. Алқалы жиында тарифтік саясаттағы стратегиялық бағыттар: реттелетін секторлардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, энергия сақтау мен ресурс сақтау міндеттерін шешу мәселелері жан-жақты көрініс тапты. Сонымен қатар, баяндамашы өзі жетекшілік жасайтын агенттіктің атқарып келе жатқан негізгі іс-шаралары, алдағы жоспарлары төңірегінде депутаттардың сауалдарына жауап берді».

«Ертең Елордада Иран елшілігінің ұйымдастыруымен «Наурыз фестивалі» көрмесі өтеді. Бұл ақпаратты Қазақстандағы Иран Ислам Республикасы Елшілігінің баспасөз қызметі таратқан. Көрмеде ЭЫҰ-ға мүше елдердің өнер шеберлерінің 100-ден астам көркемсурет, графика және дизайн бағыттарындағы өнер туындылары көпшілік назарларына ұсынылады», – делінген хабарламада. Аталған шара 21 сәуірге дейін жалғасады».

Тікелей эфир барысында арнайы немесе меншікті тілшілер оқиға хабарлайды. Бұл көбінесе телефон арқылы жүзеге асып жатады. Онда арна тілшілері белгілі бір маңызды шара немесе шұғыл оқиғаның куәсі болып, сол мекендегі мән-жайды жан-жақты баяндайды. Аудитория үшін журналистің өзі оқиғаның басы-қасында болып, хабардар ететін мұндай ақпараттардың деңгейі мен пәрменділігі өте жоғары.

Тікелей эфирде жүргізілетін арнайы бағдарламалар бар. Мәселен, «Денсаулық», «Заңгер кеңесі». Студияға сол саланың маманы шақырылып, белгілі тақырып төңірегінде сауалдарға жауап береді, тыңдармандар телефон желісі арқылы сауал қойып, жауап алады. Хабардың музыкалық шапқасы, бағдарлама аты, сәлемдесу, сол мезеттегі дәл уақыт, журналистің өзін таныстыруы, қозғалатын тақырып, студияға келген мейманды таныстыру, байланыс телефонын хабарлау, жүйелі сұрақ қойып, тыңдарманмен байланыс жасалады. Мұндай хабарлар уақыты 20-25 минут.

Әлеуметтік бағдарламалар редакциясы дайындайтын «Заңгер кеңесі» бағдарламасының жүргізушісі Гүлназ Молдабергенова. Жауап беретін тұрақты заңгер Нұра Тынысқызы. Эфирге шығатын уақыты дүйсенбі, сәрсенбі, ұзақтығы 25 минут. Жиілігі аптасына екі рет. Форматы- тікелей

толқын.

Хабар бүгінгі халыққа қазіргі тұрмыста жиі кездесетін үй сатып алу, сату, ажырасу, мүлік бөлісі, бала асырау т.б. жағдайларға байланысты нақтылы заң актілері негізінде ақ-қараны таныту мақсатын көздейді. Хабарда электронды поштаға келіп түскен сауалдарға студия қонағы заңгер арқылы жауап беріледі.

Әлеуметтік бағдарламалар редакциясы тікелей толқында дайындайтын тағы бір бағдарлама «Денсаулық» деп аталады. Жүргізушісі Гүлбану Алпамысқызы. Эфирге шығатын уақыты: бейсенбі, 15:05. Ұзақтығы: 25 минут. Жиілігі: аптасына бір рет. Хабарға медицина саласының арнайы мамандарын шақырып, аурудың қалай алдын алуға болатындығы және ем-делу жолдары айтылады. Әрі тікелей телефон арқылы тыңдаушылардың қойған сауалдарына жауап беріледі. Енді осы бағдарламаның жүргізілу тәртібінен мысал келтірейік.

Бағдарламаның шақыру белгісі берілген соң жүргізуші амандасып, студияда өзін таныстырып, тақырыпты, байланыс телефондарын хабарлайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, ардақты ағайын! Өзіміздің басты байлығымызды бағалауға үндейтін хабарымызды бастаймыз. Студияда журналист Гүлбану Алпамысқызы.

«Ауру кірді, әлек кірді» дейді қазақ. Ал осы аурудан айықтыратын, уақытпен санаспай адал қызмет ететін жандар – медицина қызметкерлері. Осындай жанның бірі Алматы қалалық №13 емхананың бас дәрігері Алуа Мұсабаеваны бүгін арнайы шақырып отырмыз. Ардақты ағайын, біздің қонағымызға қоятын сауалдарыңыз болса 266-101 телефонына хабарласа аласыздар.

Жүргізуші: Алуа Әбутәліпқызы, тыңдаушыларымыз хабарласқанға дейін сізден сұрағым келетін бір сауал. Қазақстан – денсаулық сақтау көрсеткіштері бойынша әлемде соңғы орында тұр екен. Неліктен? Сіздің жауабыңызды білсек.

Алуа Әбутәліпқызы: Соңғы орында тұр деп айта алмаймын. Елбасының жылдағы жолдауында айтылғандай денсаулық саласында көп шаралар жасалып жатыр. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі саламатты Қазақстан бағдарламасын, бірінғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізіп отыр. Сондықтан қазіргі таңда күрделі жұмыстар жүргізілуде. Әйел, бала өлімі, туберкулез ауруы 15 пайызға төмендейді деп отырмыз. Шылым шегу, алкогольизм, наркоманиямен күрес жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізуші: Бізге хабарласқан тыңдаушымыз бар екен. Сізі тыңдап отырмыз.

Тыңдарман: Сәлеметсіз бе? Мен Алматы облысы Қарасай ауданынан

хабарласып отырмын. Осы дәрігерлердің сапасы қашан көтеріледі? Менің 7 жасар қызым бір ай ауруханада жатты. Оның алдында анемия деп емдеп, онан соң онкологиядан бір-ақ шығарды. Қағаз толытырумен шаршадық. Ақсай емдеу орталығының дәрігерлерінің айтуымен саркома деген диагноз қойды, 6-шы курс химиятерапия алды. Ол қаншалықты сапалы екенін білмеймін. Ол жас балаға ауыр тимей ме?

Алуа Әбутәліпқызы: Ақсай республикалық балалар ауруханасында мықты дәрігерлер жұмыс істейді. Отбасылық дәрігер көмек жасайды. Саркома ауруы қиын ауру болғандықтан химиятерапияны міндетті түрде алу керек. Ол баланы жазылады немес басқалай деп нақты жауап айта алмаймын. Өйткені оны зерттеу керек, қандай ем алды деген сияқты.

Жүргізуші: Келесі тыңдарманымыз бар екен. Ало, сізді тыңдап тұрмыз.

Тыңдарман: Менің қояйын деген сұрағым, емханаға тіркелу үшін қандай құжаттар керек екен?

Алуа Әбутәліпқызы: Жеке куәлік керек. Тұрақты жерінде тіркеуде болу керек. Тіркеусіз порталға да шығара алмаймыз, емханаға да жатқыза алмаймыз.

Осылайша сұрақ-жауапқа кезек беріледі. Хабар соңы былай аяқталады:

Жүргізуші: Әңгімемізге көп рахмет! Біз денсаулығымызды жылдап жоғалтамыз. Жылдар бойы өз қолымызбен соған жағдай жасаймыз. Ал сондай жағдайда жабысқан сырқаттан адам бір сәтте айыға аламыз ба? Осыған байланысты қазақ атам «ауру мысқалдап кіріп, батпандап шығады» деп тауып айтқан. Ауырмаудың жолын әркім өзінше іздеу керек. Осымен «Денсаулық» хабарын аяқтаймыз. Хабарға қатысып, сіздердің сұрақтарыңызға жауап берген Алматы қалалық №13 емхананың бас дәрігері Алуа Әбутәліпқызы. Жүргізген журналист Гүлбану Алпамысқызы [3].

Аталмыш хабар барысында 6 тыңдарманның сұрағына, сонымен бірге журналистің дайындаған 5 сауалына жауап берілді.

«Денсаулық» хабарының ерекшелігі тыңдармандар телефон арқылы сауал қойып, сұрақтарына жауап ала алады. Яғни, жанды дауысты ести отырып, шынайылыққа көз жеткізе аламыз.

Қазақ радиосында сағат кешкі 19.00-де тікелей эфирде әр шаңырақтың қуанышымен бөлісетін «Ақ тілек» құттықтау бағдарламасы күн сайын эфирге шығады. Бағдарлама барысында редакцияға жолданған хаттар мен смс-хаттар оқылып, қуаныш иелеріне арнап әсем ән беріледі. Әр бағдарламаның өзіндік ерекшелігі мен жүргізушілерге қойылатын талаптар бар. Мәселен, «Ақ тілек» құттықтау сазды бағдарлама болғандықтан мұнда жүргізуші әуе толқынында бағдарламаның атауын, сол сәттегі дәл уақытты айтып, өзін таныстырып, тыңдармандар тілегі мен хаттарын

көтеріңкі көңіл күйдегі дауыспен оқиды. Бағдарламаның басы мен аяғына дейін осындай дикциямен оқылады. Жағымды дауыс, тыңдарман тілегін қанағаттандыру- сенімділік мен нанымдылықты арттыра түседі.

Жастарға арналған ойын-сауық хабары «Алматы түні» деп аталады. Бұл хабар батыс мәдениетіне жаппай еліктеуге бел алған қазіргідей кезеңде ұлттық болмысымызды сақтау, салт-дәстүрімізді ұмытпау іспетті мәселеде үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар жастардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, тіл байлығын дамыту, жазу мәдениетін көтеру тәрізді мәселелерге өзіндік үлес қосады. Редактор-жүргізушілер – Аман Тасыған, Гүлбаршын Зайыровалар. Хабардың форматы – тікелей эфир.

Қорыта айтқанда, отандық радиоарналарда қазақ тілінде жүргізілетін тікелей эфирдегі хабарлар Қазақ радиосынан берілетін «Қайырлы таң, қазақ елі!», «Жаңалықтар», «Денсаулық», «Зангер кеңесі», «Ақ тілек» бағдарламалары мен «Шалқар» радиосындағы «Шалқар шаңырағында», «Сазды сәлем», «Жаңалықтар» өз аудиториясын қалыптастырған хабарлар қатарына жатады. Бұл ұлттық радионың жетістігі. Әрбір хабардың тұрақты аудиториясы бар. Әсіресе, тікелей толқында берілетін хабарларды радиотыңдаушылар асыға күтеді десек қателеспейміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ журналистикасы: Қазақ радиосы. – 3-том. (Жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған Н. Омашев). – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 352 б.
2. Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Қазақ радиосының бағдарламалары

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚЫТАЙ БАСПАСЗІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Асыл Ерзат

Журналистика факультетінің

2 курс магистранты

Қытай Орталық Азия елдерімен саясат және экономикалық қарым-қатынасын өткен тарихпен байланыстырып қарайды. Қалай десекте, дәстүрлі орталықазиялық бағыт Қытайдың негізгі экономикалық саясатының бірі болып табылады. Өйткені, Ұлы Жібек Жолының гүлденуі кезеңіндегі (II-ші ғасырдың ортасына дейін) қазіргі Орталық Азия терри-

ториясында орналасқан мемлекеттік құрылымдар Қытай мен Еуропаның арасындағы транспорттық көпір қызметін атқарды. Ал ұлы географиялық ашылымдар дәуіріндегі (XVI ғасыр) теңіз тасымалының дамуы Ұлы Жібек Жолы негізін қалаған әлемдік сауданың құрлықтық бөліктен теңіз жолдарына ауысуын жеделдетті. Сол себепті, теңіз транспортының арзанға түсуі Орталық Азияның экономикалық-географиялық оқшаулануына алып келді. Кейін, Орталық Азияның XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты, осы өңірдің Қытаймен экономикалық байланыстары әлсіреді. Кеңес Одағының құлауына дейін Ресей Орталық Азияның қазіргі экономикалық келбетінің түзілуіне шешуші ықпал жасады. Алайда 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы Орталық Азия елдерінің Қытаймен экономикалық қатынастардың дамытуға жол ашты. Деседе Кеңес Одағының ыдырауын Қытай өз мүддесіне аса тиімді жағдай деп қараған жоқ. Өйткені Орталық Азия елдерінің тәуелсіздігі Қытайғы түркі текті этностардың мәдени және ұлттық автономияға деген ұмтылысына әсер ететіндігін жоққа шығаруға болмайтын. Сондықтан Қытай өткен ғасырдың 90 жылдарында Орта Азия елдерімен қарым-қатынаста қауіпсіздік мәселесін басты орынға қойып, жаңадан тәуелсіздік алған Орта Азия елдерінің геосаяси жағдайына баса назар аударды.

Бұл тұста Қытай баспасөздерінде Орта Азия елдеріндегі саяси өзгерістер үзбей жаряланып тұрды. 1991 жылы 20 желтоқсанда Қытайдағы ең беделді басылым «Халық газеті»: «Кеңес Одағы тез арада ыдырап Орталық Азияның бес мемлекеті кенеттен тәуелсіздік алды .Осының нәтижесінде Орталық Азияның тәуелсіздік алған елдерінде жаңа геосаяси жағдай пайда бола бастады. Орталық Азия Еуропа мен Азияны, Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азияны байланыстыратын аса стратегиялық маңызы зор аймаққа орналасқан, бай табиғи ресурстарға және күрделі этникалық және діни қатынастарға ие.Көп өтпей бұл өңірде Ресей, Қытай, АҚШ сияқты ірі елдер үшін маңызды геосаяси мүдделер барлық келеді.»-деп жазды [1, 4 б.]. Демек біз бұдан Қытай БАҚ құралдарының тәуелсіздік жылдарындағы Орта Азия елдеріндегі түрлі саяси тенденцияларға баса мән бергенін аңғарамыз. Ал батыс сарапшылары Қытайдың халықаралық саясаты барған сайын әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының, саяси және сараптамалық топтардың назарында деп қарайды. Бүгінде ең көп таралған тезистердің бірі – Қытай – жаңа ғасырдың супер державасы деген тұжырым. Бұл пікір негізінен саяси мифологияның тақырыбына айналды. Дегенмен, Қытай әлемдік аренада маңызды «ойыншы» болып табылады және Азияда, әсіресе көрші елдерге қатысты стратегиялық мүдделері барын жоққа шығаруға болмайды.

Біз Қытай баспасөзінде Жарияланған Орта Азия елдерінің гео-

саяси тақырыбын сөз етумен бірге «геосаяси» терминіне кеңірік тоқтала кетуді жөн көрдік. Геосаясат – саяси географиядағы теория, ол әр түрлі географиялық факторларға және саяси заңдылықтың аймақтық формасына сәйкес әлемнің немесе аймақтың стратегиялық жағдайын және тиісті елдердің саяси мінез-құлқын талдайды немесе болжайды. Геосаясат географиялық факторларды елдің саяси мінез-құлқына әсер ететін немесе тіпті анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырады. Швед саясаттанушысы Черен (1864-1922) «Геосаясат» терминін алғаш енгізді. Черен «Ел туралы» (1917) кітабында аталмыш ұғымды алғаш алға тартты. Ол геосаясатты «елдің географиялық организм немесе кеңістіктік құбылыс ретінде түсіну ғылымы» деп анықтап, елдің қалыптасуы, дамуы және құлдырау заңдылықтарын зерттеуге баса назар аударды. Географиялық орта мен орналасудың елдің саяси мінез-құлқына, әсіресе әскери және дипломатиялық мінез-құлқына әсерін атап көрсетті [2, 21].

Ал американдық ғалым Пайк ман (1893-1943) бірінші рет геосаясат терминін мынадай сараптайды: «елдің географиялық факторларға негізделген қауіпсіздік саясатын жоспарлау. Геосаясат – бұл география мен саясаттың, яғни геосаясаттың жиынтығы. Ол географиялық факторларды (географиялық орналасуы, жер аумағы, халқы, этностығы, ресурстары, экономикалық күші, стратегиялық қару-жарақ және т.б.) елдің сыртқы саяси шешімдеріне әсер ететін немесе шешуші рөл атақаратын күш ретінде қарастырады [3]. Саясаттанушы негізгі фактор мен осы географиялық мүмкіндіктерге және саяси заңдылықтың аймақтық қалыптасуына сүйене отырып, әлемнің немесе аймақтың стратегиялық жағдайын қағасты елдердің (сол аймақтағы) саяси мінез-құлқына талдау жасайды. ХХ ғасырда жаһандық саяси, экономикалық және әскери дамуға байланысты әртүрлі геосаяси теориялар пайда болды. Ең әйгілі екі теория – теңіз күші теориясы және құрлықтық қуат теориясы. Бүгінде Орта Азияны зеретейтін Қытай сарапшылары да, сонымен бірге Қытайдың Орта Азия елдеріндегі геосаяси салмағын сараптайтын шетелдік сарапшылардың да басым бөлігі көбінде құрлықтық қуат теориясына негізге алады.

Қытай Азия құрлығының шығысында, көптеген құрлық пен теңіз елдеріне іргелес орналасқан және «құрлық пен теңіз құрама еліне» жатады. Геосаясат тұрғысынан, ежелгі Қытайдың этникалық тайпалар мен шет мемлекеттердің шабуылында өмір сүруінің және оның орталық күш ретіндегі мәртебесінің сақталуының кепілі Қытайдың орталық жазықтағы экономикалық күш-қуаты мен мәдениетінде жатыр. Бүгінде Қытай көрші елдермен қарым-қатынаста Оңтүстік Қытай теңізіндегі дау, Тайвань мәселесі, Дяою аралдары мәселесі және Қытай-Үндістан шекарасы дауы

сияқты көптеген шиленісті қарым-қатынастарға ие. Сондықтан да өткен ғасырдың 80 жылдарында Дэн Сяопин Қытай үкіметі атынан «дауларды шешіп, бірге дамудың» дана стратегиясын ұсынды. Өйткені Қытай көрші елдерден басқа, бірнеше қуатты державалармен, Ресеймен, Жапониямен және Үндістанмен іргелес. Сол себепті халықаралық қатынастар теориясына сәйкес, елдер арасындағы дау-шарлар мен саяси шиеленістердің аз болған сайын, елдің қауіпсіздігі қамтамсыз етіледі. Алайда Кеңес одағының ыдырауы Қытайдың шекаралық аумақтағы қауіпсіздік мәселесін қайта қарауға мәжбүрледі. Өйткені көршілес Орталық Азияның (Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан) Қытаймен қарым-қатынасында КСРО-дан мұраға қалған бірқатар проблемалар бар (геосаяси, аумақтық, идеологиялық, этникалық және діни азшылық проблемасы). Бұл даулы мәселелер тек кеңес дәуірінде туындады деп айтуға болмайды. Алайда Кеңес Одағының ыдырауы бұл проблемаларды өзекті етті. Олай дейтініміз Қытайдың таяу шекараларында халықаралық қатынастардың жаңа субъектілерінің пайда болуы Пекинді өзінің сыртқы саяси күн тәртібін қайта құруға мәжбүр етті. Дей тұрғанмен: «сол кездегі Орта Азия елдерімен алғаш жасалған ортақ тыран шекаралық шеңберін қайта белгілеудің өзіндік қиындық тудырды» [4].

Шын мәнінде, Қытай мен Орталық Азияның, әсіресе Орталық Азияның көршілес елдерімен екіжақты қарым-қатынас тақырыбы шетелдік, ресейлік, белоруссиялық зерттеушілермен әлі де жеткілікті деңгейде зерттеу жасаған жоқ. Осыған қарамастан, Қытай мен басқа мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастардың серпінін зерттеу үлкен қызығушылық тудырады: стратегиялық маңызды проблемаларды шешуді, көптеген міндеттерді жүзеге асыруды Қытай көпжақты емес, екіжақты деңгейде жүзеге асырады.

90-жылдардан бастап. XX ғасыр Қытайдың Қазақстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен өзара әрекеттесуі сыртқы және ішкі факторларға байланысты дамудың бірнеше сатыларынан өтті. КСРО-ның ыдырауынан Орта Азия мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнауына дейінгі кезеңді солардың біріншісі деп бөлуге болады. В.Боровойдың айтуы бойынша, КСРО ыдырағаннан кейін Қытайдың Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы жаңа мүмкіндіктермен де, жаңа мүмкіндіктермен де байланысты түбегейлі жаңа кезеңге өтті. екі жаққа да жаңа қауіп-қатерлермен. Осы кезеңде Пекиннің қалыптасу кезеңіндегі аймақтағы саясаты ерекше сақтықпен және сабырлылықпен ерекшеленді [5, с. 7]. 90-шы жылдардың бірінші жартысы дайындық кезеңі болды, Бейжіңнің ұмтылыстары нақты стратегиялық құрамға ие болмады және негізгі дипломатиялық байланыстар орнатумен, аймақтық сауданы дамыту мен ақпарат жинаумен шектелді [6]. Шин Гуангчен атап өткендей, Қытайдың Орталық Азияға

қатысты сыртқы саясатының негізгі қағидаттары 1994 жылға дейін тұжырымдалмады. Қытай зерттеушісі оларды тату көршілік және бейбіт қатар өмір сүру деп тұжырымдайды; өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту және ортақ өркендеуге ықпал ету; әр мемлекеттің таңдауын құрметтеу және басқа елдердің ішкі саясатына араласпау; егемендікті құрметтеу, аймақтық тұрақтылықты ілгерілетті [7, с. 17 б].

Батыс сарапшыларының пікірінше қытай үкіметінің барлық ресми құжаттарында 90-шы жылдардың ортасынан бері Пекинн Орталық Азия мемлекеттеріне тең және достық қатынас туралы айтылған. Орталық Азия мемлекеттерімен қатынастардың белгілі бір дифференциациясы байқалды: саяси және экономикалық байланыстарды дамытуда бірінші кезектегі маңызы бар «басым мемлекеттер» және ресми байланыстардың қажетті деңгейі сақталған «екінші деңгейлі» республикалар пайда болды. Зерттеушілердің пікірінше, «басымдық» тобына Қытаймен шекаралас мемлекеттер және өзара ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ортақ проблемалары – Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан кіреді [8, 397 б.].

Қазіргі таңда ҚХР-дың ОА-ғы экономикалық саясаты, Пекиннің модернизациялау жоспарындағы сыртқы ахуалдарды жақсарту бойынша жалпы стратегиясына қатаң бағынуымен ерекшеленеді. Қытайдың жаңа ғасырдағы сыртқы саясатының бағыттары елді экономикалық жаһандандудың басты ортасына айнылдыруға саяды. Аталған мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында ҚХР жобалық-инвестициялық және кредит беру көлемдерін ұлғайту арқылы өзінің Орталық Азиядағы көпбағытты экономикалық ұстамдарын орнықтыруға күш салады.

Әдебиеттер:

1. Сотрудничество и безопасность в Центральной Азии в условиях политических и социально-экономических трансформаций. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2007. – 85 с.
2. Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2006. – 113 с.
3. Число нефтегазовых буровых установок в мире упало до пятилетнего минимума. [07.05.2015 ж.] <http://www.inform.kz/ru/article/2774144>
4. Хафизова К. Казахско-китайская граница в прошлом и сегодня / под ред. М.Б. Олкотт и А. Малащенко // Многомерные границы Центральной Азии. Вып. 2. – М., 2000. – 58 с.
5. Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: Материалы VI Ежегодной Алматинской конференции [г. Алматы, 11 июня 2008 г.] / отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, – 148 с.
6. Экономическое проникновение Китая в Центральную Азию: состояние, про-

блемы и перспективы Регион/экономика. [14 июня, 2012 г.] <http://www.ca-portal.ru/article:2903>

7. Мозиас П., Яковлева В. Внешнеторговая политика Китая после присоединения к ВТО // Мировая экономика и международные отношения. – 2009. – № 12. – 148 с.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫ ХАҚЫНДА

Дәрмен Смайыл,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты

Ақпараттық қоғамның дамуы – жаһандану үдерісіндегі әлемдік бәсекеге қабілеттіліктің, даму индексінің өзегі. Сондықтан да, Қазақстан осы саланы дамытып, ақпараттық-инновациялық технологияларды игеруге, телекоммуникациялық әлеуетті арттыруға барынша күш салып келеді. Бұл мемлекетіміздің даму стратегиясынан туындайтын аса маңызды міндеттер.

Қазақстан қазірде бұл шараларды кешенді түрде іске асыруда көптеген жұмыстарды қолға алып, жаңа ақпараттық инфрақұрылым түзілуде. Ақпараттық қоғамды қамтамасыз ететін заң актілері мен бағдарламалар жасалып, бұл ел дамуындағы басты қағидаларына айналды. Оған инвестициялар жұмылдырылып, техникалық-технологиялық жарактандыру мүмкіндіктері кең қарастырылып жатыр. Көптеген стандарттар дүниежүзілік тәжірибеге сәйкестендіріліп, телекоммуникация және байланыс салаларында көп шаралар қолға алынды. Әлемдік бірегей сәулелі-талшықты желіге қосылу процесі, жаңа технологияларды меңгерген мамандар даярлау ісі қолға алынды, олардың көбінің шет мемлекеттерде тәжірибеден өтуі қарастырылды. Жаңа инфрақұрылым техникалық, қаржылық, кадрлық тұрғыдан қолдау тауып, берік орныға бастады.

Алдымен «ақпараттық қоғам» ұғымына тоқталайық. Өйткені, бізде әлі күнге дейін оның анықтамасы туралы түсінік әркілі. «Ақпараттық қоғам» термині – адамзат «ақпарат тасқынын» алғаш сезіне бастаған уақыттақ, нақтырақ айтсақ өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында пайда болған. Кейіннен қоғамдағы ақпараттың көбею заңдылығы дүниеде өз маңыздылығын арттырды. Содан соң, бұл заңның экспоненциалды қызмет атқаратыны белгілі болып, «ақпарат тасқыны» жайында сөз қозғауға итермеледі. Заман талабына сәйкес, адамзаттың мұндай ақпарат ағынының астында қалуы да заңдылық еді. Сондықтан ақпаратты өңдеу, сақтау мен пайдаланудың арнайы құралдары қажет болды.

Туып келе жатқан бұл кезенді адамзат тарихында ақпараттық қоғам ғана емес, сонымен қатар білім ғасыры, постиндустриалды қоғам, инфосфера

деп те атап жүр. Осыған байланысты, А.Торфлер ғылыми айналымға үш төңкеріс енгізген болатын, оның айтуынша адамзат аграрлық, индустриалды қоғамды артта қалдырып, ақпараттық төңкерістің табалдырығында тұр.

«Ақпараттық қоғам» терминінің өзі алғаш Жапонияда пайда болды. Ол Жапон үкіметімен құрылған ғылыми, техникалық және экономикалық зерттеулер бойынша арнайы топтың баяндамасының негізін құраған еді. Аталған терминді ұсынған мамандар, оның айналымдағы жоғары сапалы ақпараттың молдығымен сипатталатын, сонымен қатар, оның сақталуы, таралуы мен пайдалануына қажетті құралдары бар қоғамды сипаттайтынын айтқан. Ақпарат мүдделі адамдар мен ұйымдардың талабы бойынша жүйелі әрі тез таратылады және оларға үйреншікті пішінде беріледі. Ақпараттық қызметтерді пайдалану құнының арзандығы соншалықты, оған әркімнің қолы жетеді. Америкалық маман Ф.Махлуп алпысыншы жылдардың басында-ақ, ақпарат белгілі бір өнеркәсіптік өнім ретінде қаралуы мүмкін және оны өндіру өнеркәсіп индустриясының бір түрі деген болатын. Кейіннен бұл жайында қоғамдағы басқару мен бөлу салаларын ұйымдастырудағы қағазсыз технология тұжырымдамасын ұсынған В.М.Глушков та жазады. Дегенмен, әсіресе жапондықтар ақпараттың өнеркәсіптік маңызы жайындағы идеяны белсенді насихаттаушылар болғаны анық әрі олар мұны әлемдік нарықтағы бәсекелестік майданында тамаша пайдалана білді. Ақпараттық қоғамға қажет техносфераны құруда оларсыз елестете алмайтын жапондық құралдар, жүйелер мен есептеуіш машиналары әлемдік нарықта қазірдің өзінде басымдыққа ие болып отыр.

1980 жылдарға қарай, әлемнің барынша дамыған елдерінде ақпараттық бизнес пен ақпараттық қызмет саласы күрт өсті. Мысалы, бұл уақытта жұмысшылар мөлшері АҚШ-тың ауылшаруашылық саласында – 3%, өнеркәсіпте – 20%, қызмет көрсету саласында – 30% болған, ал 48 пайызы ақпаратпен жұмыс істеу құралдарын жасау және онымен тікелей жұмыс істеу саласында қызмет етті.

Ақпараттық қоғамға көшу әлеуметтік игіліктердегі қандай да бір өзгерістерді әкелмесі анық, онда тұрғындардың байлар мен кедейлерге, ақпараттандыру жемістерін әр түрлі деңгейде пайдалана алатындар болып бөлінері сөзсіз. Ақпараттық қызмет көрсету саласы да әрине сан түрлі, аса маңызды қызметтер түрлері бағасы бойынша қоғамдағы орта тап мүмкіндіктерінен жоғары болады. Ақпаратқа еркін қол жеткізудің теңдігі елдің ішінде ғана емес, мемлекетаралық деңгейде көрініс табатын мәселе. Тіпті, бүгінде де көрініс тауып отыр, мысалы, ғарыштан алынған ақпарат алмасуларда бұл барынша айқын аңғарылады. Бүгіннің өзінде өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының түрлі салалары, әлеуетті сатушылар мен сатып

алушылар жайындағы үлкен банктерді құру және оған иелік ету, тауарды бөлумен айналысатын көптеген биржалар, брокерлік кеңселер мен өзге де ұйымдардың басты байлығын құрап отыр. Соңғы кезде, тіпті ақпараттық соғыс жайында да жиі айтылып жүр.

Ақпараттық қоғамның тағы бір ерекшелігі индустриалды қоғамда жоғалуға жақын қалған жеке еңбек салмағының артуы. Автоматтандырылған жұмыс орындары жүйесінің артуы көптеген мамандарға үйде отырып-ақ қоғамдық өндіріске атсалысуға мүмкіндік береді.

Ақпарат алмасудағы жылдамдықтың артуы білім мен ғылым саласына да көптеген өзгерістер әкеледі. Индустриалды қоғамда инженерлік ғылымдар, физика мен химия қандай рөл атқарса, ақпараттық қоғамда информатика маңызға ие болады [1].

Индустриалды өндірістің, әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің күрделенуі, адамзат қызметінің барлық саласындағы үдерістер динамикасының өзгеруі, біріншіден, білімге деген қажеттіліктің өсуіне, екіншіден, аталған қажеттіліктерді қанағаттандыратын жаңа құралдар мен әдіс тәсілдердің тууына әкеледі.

Компьютерлік техниканың және ақпараттық технологияның қарқынды дамуы түрлі ақпаратты пайдалануға негізделген және «ақпараттық қоғам» деген атауға ие болған қоғам дамуына серпіліс берді.

Ақпараттық қоғам өміріндегі ақпарат пен білім рөлінің артуымен, жалпы ішкі өнімдегі ақпараттық байланыс, өнім мен қызметтердің өсуімен, адамдардың тиімді ақпараттық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жаһандық ақпараттық кеңістіктің құрылуын, олардың дүниежүзілік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін және олардың ақпараттық өнімдер мен қызметтерге деген әлеуметтік және тұлғалық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен сипатталатын заманауи өркениет дамуындағы кезең [2].

«Ақпараттық қоғамда» бейнелеп айтқанда, ақпарат құралдары өнеркәсіптің бір саласы іспетті. Себебі, қалың көпшілікті идеологиялық «өңдеуден» өткізу үшін шығарылатын ақпараттық өнім негізінен өнеркәсіпке тән жолдармен дайындалады. Айталық, бұл саланың да жартылай шикізаттар, тетіктер мен бөлшектер шығаратын өз фабрикалары бар: олардың қатарына ақпараттық және жарнамалық агенттіктер, түрлі хабарлар даярлайтын орындар, «жұртшылықпен байланыс» жүйесі жатады. Олар өз өнімдерімен: хабар-ошар, жарнама, құлақтандыру және насихаттық мақала сияқты материалдармен газет, журналды, радио мен телевизияны, сол сияқты кез келген монополияны немесе мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етеді [3].

Осы орайда ақпарат ұғымына тоқталып өтсек. Ақпарат ұғымы күн-

делікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты. Көп адам бұл жайлы, Білім дәуірі немесе білім қоғамы тудырған Ақпарат дәуірі деп айта бастады. Бұл жерде ақпараттық қоғам, ақпараттық технологиялар, тіпті информатика, ақпарат ғылымы және компьютер ғылымы назарға алына бастады деген сөз. Ал осыған байланысты, «ақпарат» сөзі білдіре бастаған мағыналары ұқыпсыз пайдаланылып жатқанын айта кетуіміз керек.

Ақпарат – қарастылатын жүйе қалпы. Хабар – заттанған ақпарат. Ақпарат жіберушіден қабылдаушыға бағытталған хабардың сапасы болып табылады. Ақпаратта әрқашан бірнәрсе (параметр өлшемі, оқиғаның болғаны, т.б.) туралы мағлұмат тіркеледі. Осылай қарастырылған ақпарат мағынасы ұқыпты болуы шарт емес. Ол ақиқат немесе жалған, тіпті сүюдің даусы болуы мүмкін. Тіпті, үзілісті шудың байланыс арнасын толтыруы, түсініспеушілік әкелу мүмкіндігі осы мағынасы бойынша да ақпарат болып есептеледі. Дегенмен, жалпы айтсақ, ақпарат мөлшері көбейген сайын хабар дәлірек болады. Бұл модель белгілі жіберуші және кем дегенде бір қабылдаушы бар деп есептейді. Осы модельдің көптеген толықтырмаларында жіберуші мен кем дегенде бір қабылдаушының ортақ тілі барын жорамалдайды. Ақпараттың өзгеше маңызды анықтамасы оны қабылдаушы түсінетіндей жіберушіден шыққан хабар деп анықтайды. Бірақ, белгілі жіберуші болуын талап ететін «ақпарат – хат» моделі ақпараттың қоршаған ортадан, байқау, өлшеу, т.б. арқылы, алынатын нәрсе болуы мүмкіндігіне мән бермейді. Ақпарат ұғым ретінде мән-мәтініне байланысты көптеген мағына білдіреді, дегенмен ол әдетте мағына, білім, тапсырма, байланыс, бейнелеу, сезіну дегендермен тығыз байланысты. Қысқа қайырғанда, қабылданған және түсінікті хабар. Дерек хақында айтылса, ақпарат деп әлдебір түйін жасауға болатындай ақиқаттар жиынтығын қарастыруға болады. Оқу, тәжірибе немесе тапсырмалар арқылы ақпарат алынатындықтан оның т.б. түсініктемелері болуы мүмкін. Қалай болғанда да ақпарат деректерді өңдеу, реттеу және оларды қабылдаушыға жаңа білім болатындай ұйымдастыру нәтижесі болып табылады. Байланыс теориясы нәтиженің (шығыстың) анықсыздығының сандық өлшемі болып табылады [4].

Ақпараттық қоғам идеясының алғаш және біршама айқын түрде қалыптаса бастағаны жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарының соңы мен алпысыншы жылдарының басына тиесілі. Ал «ақпараттық қоғам» терминін Токио технологиялық институтының профессоры Ю. Хаяши ойлап тапқан делінеді. Ақпараттық қоғамның контуры жапон үкіметіне

түрлі ұйымдар тарапынан ұсынылған Экономикалық жоспарлау агенттігінің «Жапон ақпараттық қоғамы: тақырыптар мен тәсілдер», Компьютерді қолдануды дамыту Институтының «Ақпараттық қоғамның жоспары» атты есептерінде көрініс тапқан.

Жоғарыда аталған есептерде ақпараттық қоғам компьютеризация процесі адамдарға сенімді ақпарат көзіне қол жеткізуге мүмкіндік беріп, жұмыс шырмауынан құтқарып, өндірісті автоматтандырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өндірістің өзі де өзгереді: өнімнің де ақпарат сыйымдылығы артады, демек оның құнындағы инновация, дизайн мен маркетинг үлесінің артағыны анық. Ақпараттық қоғам институтының басшысы және Ақпараттық қоғам жоспары авторларының бірі И. Масуда ақпараттық қоғамдағы адамдық құндылықтар трансформациясына аса мән бере отырып, өз тұжырымдамасын ұсынды. Аталған құжатқа сәйкес, ақпараттық қоғам шағын ғана үкіметтік және мемлекеттік аппараттан тұратын, тапқа бөлінбейтін, қайшылықсыз, өзара келісімге толы қоғам болмақ. Тауарларды тұтыну маңызды мәнге ие индустриалды қоғамнан айырмашылығы ақпараттық қоғамның құндылығы уақытта деп жазады ол. Осыған байланысты, мәдени бос уақыт құндылығы артады.

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасының жапондық нұсқасы бірінші кезекте Жапонияның экономикалық даму мәселесін шешу үшін жасалды. Бұл жағдай оның белгілі бір деңгейде шектеулі және қолданбалы сипатымен байланыстырылды. Бірақ, жетпісінші жылдары бір мезетте пайда болған екі идеология: ақпараттық қоғам мен постиндустриализм конвергенцияланды. Соңғысының біріншісінен айырмашылығы билік ақпарат иеленушілеріне және оны шығару құралдарына көшеді. Бизнестің табысы оның әлемдік желілерге қосылуымен және «сандық жүйкелік жүйені» пайдалану мүмкіндігімен айқындала бастайды.

Ақпараттық қоғамда адамның шығармашылық өндіріс күшінің құрылымы адамдық ақпараттық ресурстар (ақпараттық қажеттіліктер мен мүмкіндіктер) формасында көкейтесті мәнге ие болады. Ақпараттық қоғамда адам қоғамның басты ақпараттық ресурсы және шешуші шығармашылық фактор ретіндегі сан қырлы тұлға ретінде қарастырылады.

Ақпараттық қоғам идеологиясы шеңберінде ақпарат пен оны тарату, сақтау мен өңдеудегі техникалық-технологиялық құралдарына қатысты қоғам қарым-қатынасының сан қырына назарды шоғырландыратын, мүмкін болар, күтілетін немесе кері әсері бар түрлі әлеуметтік перспективаларды қарастыратын түрлі бағыттар мен тенденциялар анықталды. Мысалы Белл жұмыстарында ақпараттық қоғамдағы экономиканы мемлекеттік реттеудің жағымды бағаланатын, жаңа мүмкіндіктеріне бір жағынан,

ақпаратқа еркін қол жеткізуді, екіншіден, жетілген ақпараттық техниканы қолдану арқылы тұлғаны саяси және әскери бақылау қаупінің алдын алуды қамтамасыз ететін заңнамалық шараларды қабылдауға екпін жасалды. Ал француз психологы Ж. Эллиоль ақпараттық қоғам дегеніміз «әлеуметтік, анархистік және пацифистік сипаттағы идеяларды жүзеге асырушы» бола тұра орталықтанған бюрақраттық мемлекетті ликвидациялауды ұсынады» дегенді алға тартады.

Либералды постиндустриалдық та, марксистік әдіс тәсілдерді де мистикалық ретінде квалификациялай отырып, Нора мен Минк ақпараттық қоғам идеалын «еріктілікпен сәйкес келуі қажет ұйым» ретінде ұсынған. Бұл ой бойынша ақпараттық қоғам «білім мен ақпарат әрбір адамды ұжымдық шектеулерді жете түсінетін, жетілген нарықтық қоғам және орталық әрбір базис бірлігінен, оның мақсаттары мен артықшылықтары жайында дәл хабарламалар алатын және осыған сәйкес, өзіндік құрылымы мен позициясын қалыптастыратын жетілген жоспарлау қоғамы. Басқарудағы ақпарат пен қатысу ортақ процесте дамиды» дегенді білдіреді. Ақпараттық қоғамда топтық жоспарлар бұрынғыдан қарағанда әлеуметтік және мәдени талпыныстарды көбірек сипаттайды. Бір мезетте сыртқы қысымдар да өсе түседі. Бұл жағдайларда «қажет ақпаратқа ие билік қана мемлекет тәуелсіздігіне кепілдік беріп, ел дамуына ықпал ете алады» [5]. Көптеген шетелдік және отандық зерттеушілер постиндустриалды қоғам ақпараттық бейнеге тән немесе ол жалпылық кодифициялық білімде және ашық жүйені қозғайтын синергетикалық ақпаратта құрылады дейді. XX ғасыр аяғы мен XXI ғасырдың басындағы ақпараттың төңкеріс нәтижесі болып, кешендік, жан-жақты білімге кешенденетін және онымен тығыз байланысты ақпараттық қоғам құрылуы деп есептеледі.

Айта кету керек, білім мен ақпаратты қатал шектеу олардың әлеуметтік орны, көзқарасы бойынша олардың мән-мағынасын жоғалтады, себебі білім мен ақпарат өркениеттің эволюциялық бастауы ретінде танылмақ. Ақпараттық қоғам индустриалдықты ауыстырушы, постиндустриалды және ақпараттық қоғам синонимі болып отыр.

Саяси зерттеулерде ақпараттық қоғам экономикалық даму, әлеуметтік өзгерту, өмір сүру мен сапалы ғылыми білімге байланысты, ақпаратты эксплуатациялау тәсілдері мен ақпараттық-коммуникативті үдерістердің мінездерін және өзін-өзі көрсету келесі критерийлермен сипатталады:

- технологиялық басты фактор өндірісте, мекемелерде, білім жүйесінде және тұрмыста кеңінен қолданылады.

- әлеуметтік өмір сапасының өзгеруінің маңызды стимуляторы ретінде, ақпаратқа кеңінен қол жеткізу арқасында «ақпараттық сана» қалыптасады және бекітіледі.

- экономикалық ресурс, қызмет, тауар ретіндегі экономикадағы басты фактор – ақпарат болып қарастырылады;

- саяси әр түрлі кластар мен тұрғын халықтың әлеуметтік топтары арасындағы қатысушылықтың өсуі және консенсуспен ерекшеленетін саяси процеске әкелетін еркін ақпарат;

- мәдени жеке тұлға және бүкіл қоғамның мүддесі арқылы ақпараттық құндылықтарды бекіту мен ақпараттың мәдени құндылығын мойындау.

Ресейлік зерттеушілер Г.Л. Смолян және Д.С. Черешкин ақпараттық қоғамды құруда негізгі белгілер мен бағыт-бағдарларды былай деп тұжырымдайды:

- әлемдік ақпараттық кеңістік бөлігі ретінде мемлекеттің біртұтас ақпараттық-коммуникациялық кеңістік болып қалыптасуы, халық, ел, аймақтық, интеграциялық және ақпараттық процеске тең құқықты қатысуы.

- перспективті ақпараттық технологияларды, есептеуіш техникалар мен телекоммуникацияларды бұқаралық қолдану кескіні негізінде экономикада жаңа технологияларды қабылдауды қалыптастыру және үстемдік ету;

- табиғи ресурс, еңбек, капитал рыноктарында толықтырушы өндіріс факторы ретіндегі ақпарат пен білім рыногын құру және дамыту, қоғамның ақпараттық ресурстарының әлеуметтік-экономикалық дамудың шыншыл ресурстарына өтуі, ақпараттық өндіріс пен қызмет көрсетуге қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету;

- халықаралық, ұлттық, аймақтық деңгейдегі ақпараттық алмасу жүйесі мүмкіншіліктерінің кеңейтілуі барысында білім, ғылыми-техникалық және мәдени даму, соған сәйкес, еңбек қызметінің маңызды сипаты ретінде шығармашылыққа деген біліктілік, кәсіпқойлық және қабілеттілік рөлінің өсуі;

- демократиялық дамудың маңызды бөлігі ретінде ақпаратты еркін қабылдау мен әлеуметтік институттардың құқын тиімді қамтамасыз ету жүйесін құру.

Ақпараттық қоғамның негізінде, құрылымы мен динамикасында материалды құндылықтар емес, ақпарат өндіріледі. Ақпарат қоғамның басты құндылығы болып есептелінеді, яғни индустриалды даму кезеңінен өтіп, постиндустриалды кезеңге бастау алған уақыты бойынша.

Сөзсіз ақпараттық қоғам тұжырымдамасы дәрекі технологиялық детерминизмді жібермеуі тиіс, жаңа технологияның қоғамдық өмірге әлеуметтік құрылымдарға енуінің күрделілігін, көпдеңгейлілігін, қарама-қайшылықтарын байқауы тиіс. Себебі, бұл процесте қоғамдық өмірдің әр түрлі факторларының өзара әрекеттесуі, соның ішінде негізгі орында адамдық факторлар тұрады.

Көптеген зерттеушілердің белгілеуінше, ақпараттық қоғам экономикасының табиғаты ең басты орынға мемлекетті емес, тұлғаны қояды. Соған байланысты ақпараттық қоғам тікелей демократияға және қатысушылық демократияға кешенденеді, сонымен қатар, ақпараттық қоғамға өтуге саяси жүйедегі радикалды өзгерістер азаматтардың жүріс-тұрыс модельдерінің, олардың өзін-өзі қалыптастыру құндылығының материалдық құндылықтарға бағытталуының өзгеруімен кешенденеді.

Кез келген қоғам түрі өзінің ішкі негізін анықтайтын мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің күрделі жүйесінен қолдау табады. Құқықтары мен міндеттер табиғатынан қоғамның типі тәуелді болып келеді. Қоғамның дамуы барысында міндеттер мен құқықтар оған сәйкес өзгеріске ұшырайды. Сондықтан, ақпараттық қоғамның қалыптасуында құқықтар, сонымен қатар міндеттер қайта бағалауға ұшырайды. Ақпараттық қоғамға ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының мәнділігінің өсуі, жағымсыз ақпараттардан қорғану, ақпараттық және консультациялық қызмет көрсету тән, ал барлық ұлттық дәстүрлерден тәуелсіз міндеттер төмендегідей жіктеледі.

Бұл міндеттер – мемлекеттік биліктің міндеттері. Мәнділікті анықтайтын әлеуметтік институт ретінде мемлекеттік билік үшін барлық заңды құқықтарды қамтамасыз етудегі негізгі міндеттерді толықтыратын міндеттіліктердің мынандай типі болады: реактивті, сұранысқа ие ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету міндеттілігі; қолдайтын, мемлекеттің ақпараттық саласының дамуын қолдау міндеттілігі. Көрсетілген ақпараттық міндеттіліктерді мемлекеттік биліктің орындауы ақпараттық шындыққа, іс-әрекеттің жариялылығына кепілдік етіп, жемқорлықты, мемлекеттік билікке қастандықты, мафиялық құрылымның әсер ету саласын шектейді.

Ақпараттық қоғам азаматтары ақпараттарды қолдануға дербес міндеттілікке ие болады және бәрінен бұрын, олар заңды білуге және оны орындауға міндетті. Ақпараттық саланың қарқынды дамуы мемлекеттің ішкі саясатының қалыптасуына үлкен әсер тигізіп, жаңа бастамаларға мемлекеттік және қоғамдық институттардың әрдайым қайта анықталып, соған ыңғайлана түсу қажеттілігіне әкеледі. Азаматтардың потенциалды мүмкіндіктері мемлекеттік билікке ықпал ету билік құрылымы мен азаматтық қоғам құрылымының трансформациялануы туралы мәселе туғызады.

Қазіргі замандағы технологиялардың күрделілігі мен жоғары бағалануы индустриалды және дамушы елдер арасындағы, жас буын және аға ұрпақ арасындағы, сондай-ақ, қазіргі заманғы ақпараттық байланыс технологияларын (АБТ) пайдаланушылар мен онымен таныс еместер арасындағы бөліністі бұзып отыр. Сонымен қоса, ақпараттық қоғамға өту кезеңінің

негізгі қауіпі – адамдар арасындағы ақпаратқа ие, АБТ-ны қолдана алатын және оңай жаңашылдықтарға ие емес деп бөлінеді. Өзірше АБТ үлкен емес әлеуметтік топтар арасында ғана қала бермек. Ал бұл өз кезегінде қоғамдық қалыптасу механизмінде қауіпті болып қала бермек. Сондықтан, бізге ақпараттық қоғам ұғымын әлі де тереңірек зерделей түсуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Информатика. Энциклопедиялық сөздік. – М.: Педагогика-Пресс, 1994.
2. <http://mylearn.ru>
3. Омашев Н.О. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: Қазғұрт, 2006. – 18-21 бб.
4. <http://kk.wikipedia.org>
5. Алексеева И.Ю. Возникновение идеологии информационного общества // Информационная общества. – 1999. – №1. – 30-35 бб.

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ғабит Тұяқбаев,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ*

Резюме. В статье рассматривается вопрос об исследовании творчества одного из крупных представителей казахской литературы XX века Т. Изтилеуова после обретения Независимости Казахстаном.

Summary. The article says about the research work of one of the major representatives of kazakh literature of the XX century T.Iztileuov after independence.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Сыр бойы ақындары, оның ішінде Тұрмағамбет шығармашылығы зерттеусіз қалған жоқ. Әр кезеңдерде, әр жылдары Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты 100-ге тарта ғылыми мақалалар, 50-ге жуық естеліктер жазылып, 5 кандидаттық диссертация қорғалған. Тұрмағамбет есімі жалпы Сыр бойындағы ақындық мектеп мәселесі сөз болған зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларда да сөз болады. Өйткені Сыр бойындағы ақындық мектепті оның негізін салушылардың бірі Тұрмағамбет шығармашылығынсыз сөз ету мүмкін емес.

Ақын шығармашылығына байланысты алғаш пікір білдіргендер М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев сынды ғалымдар. XX ғасырдың 30 жылдарынан басталған тұрмағамбеттану

мәселесі ғасырға жуық уақыт ақын шығармашылығы мен өмірін зерттеумен айналысып келеді. Дей тұрғанмен, біз ұзақ жылдар бойы ұлттық тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді түбегейлі зерттей алмай келдік. Оның себебі, кеңестік идеологияның ұлт құндылықтарын (әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің тарихы мен әдеби, мәдени мұраларымызды) бүркемелеу арқылы бізді рухани мәңгірттендіруге бағытталуында еді. Осындай заман теперішін көріп, әдебиет тарихынан өзіндік орнын ала алмай келген сөз зергерінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы болатын. Сондықтан да Кеңестік кезеңде ақын шығармашылығына байланысты тек кеңестік идеология тұрғысынан ғана ой білдіре алдық. Әрине, бұған ақын шығармашылығын зерттеген әдебиетші-ғалымдар кіналы емес, сол кезеңдердегі таптаурын, қасаң саясаттың әсер-ықпалы екендігін біз жақсы білеміз. Тұрмағамбеттану мәселесі туралы айтылғанда жоғарыда аталған ғалымдармен қатар ақынның «Шаһнама» дастаны туралы алғаш диссертация қорғаған Өтеген Күмісбаевтың [1], Ұлжан Жанбершиеваның еңбектерін [2] атап өтуіміз керек.

Ел тәуелсіздігі біздің рухани өмірімізге, соның ішінде, әдебиеттану ғылымына да жаңаша ой, серпін, ізденіс бергені ақиқат. Кеңестік идеологияға жат деген пікірмен әдебиет тарихынан аластатылған қаншама сөз зергерлерінің шығармалары өз оқырмандарымен қайта табысып қана қоймай, олар азат ой биігінен зерттеліп, зерделенді. Ескішіл, діншіл ақындар деп айдар тағылған ақындар шығармаларындағы ұлттық мұрат пен діни-ағартушылық сарында жазылған туындылар өз бағасын алды. Соңғы он-он бес жылда қолға алынып, ілгерілеушілік ғылыми зерттеу нысанына айналған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы да жаңаша зерделеніп, ақын шығармашылығы туралы әділ-ақиқат көзқарастың қалыптасуы қуанарлық жай. Осындай зерттеу жұмыстарының бірі деп Ерхан Карбозовтың «Т.Ізтілеуов шығармаларындағы адамгершілік мәселелер» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын айтар едік [3].

Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен тұрады. «Т.Ізтілеуовтің дидактикалық жырлары» деп аталатын бірінші бөлімнің «Ғылым-білім мен сөз өнерін жырлаудағы ғибраттық сарындар» деген бірінші бөлімшесінде зерттеуші ақынның дидактикалық бағытта жазылған өлеңдерін талдау үстінде Тұрмағамбеттің діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларының мәнін ашуға ұмтылыс жасайды. «Ағартушылық әдеби бағыт өкілдерін әдетте ғалымдар діни-ағартушылар, демократ-ағартушылар және ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылар деп үш топқа жіктейтіні белгілі. XX ғасыр басындағы қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі болды:

оның бірі – мұсылманша оқу, екіншісі – орысша оқу еді. Біз қарастырып отырған Тұрмағамбет ақынның өлеңдері, нақылдары мен рубайларының көпшілігі діни-ағартушылық бағытта жазылса, өмірінің соңғы кезеңіндегі жырларында демократтық көзқарастар үстем болып, Ленинге, Қазан төңкерісіне бағытталған арнаулары дүниеге келеді («Ленин - күн», «Құтты болсын Октябрьдің он жылы»). Діни өлеңдер жазып, мектептерде қазақ балаларын жаппай сауаттандыру ісіне белсене араласқан ақын кейінірек демократ-ағартушы қаламгерлер секілді мемлекеттік қызметтерге де араласады. Демек, Тұрмағамбет – екі бағытты да қамтитын туындыларды дүниеге әкелген ақын», -деп [3.7] бағалауында ойланатын тұстарымыз бар. Рас, ақынның жаңа өмірді – Қазан төңкерісін, оның көсемі Ленинді жырлайтын өлеңдері бар. Бірақ ақын осындай мадақ жырларға өз еркімен барды ма деген сұрақ төңірегінде таласты жағдайлар да жоқ емес. Ақын көзқарасын өзгертуге сол кезеңдегі Кеңестік идеологияның әсер-ықпалының болғанын, тіптен, кейде күш қолдануға дейін барғандығын біз естен шығармауымыз керек.

Екінші бөлімше «Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңдеріндегі адами болмыс» деп аталады. Бұл бөлімшеде ақынның діни-философиялық өлеңдеріндегі ғибраттық сарын мәселесіне көңіл бөлінген. Тұрмағамбет шығармаларын жыраулар поэзиясымен байланыстыра, салыстыра қарау арқылы ақын шығармаларындағы жыраулар поэзиясымен үндестік ашылған. Сондай-ақ, ақынның діни-философиялық шығармаларымен қоса табиғат лирикаларына да талдау жасалынған. Табиғат лирикаларының Абай лирикаларымен үндестігі, Тұрмағамбеттің Абайдан алған әсер-үлгісі талданады, табиғатты жырлаудағы Тұрмағамбет ерекшелігі анықталады.

Осы бөлімнің үшінші бөлімшесі «Жазба айтыс және айтыскерлерге арналған аралық сөздері» деп аталып, онда ақынның Сыр бойында ерекше дамыған жазба айтыс дәстүрін дамытудағы ролі ерекшелген. Зерттеуші Тұрмағамбет айтыстарын: діни айтыс («Тұрмағамбет пен Ермұраттың айтысы»), хат айтыс («Тұрмағамбет пен Жүрсіннің айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбдікәрімнің айтысы»), жұмбақ айтыс («Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысы»), мысал айтыс («Көккүтан мен шымшық») деп жіктей қарастырады [3.12].

Ақынның жазбаша айтысқа қатысушы ақындарға айтқан аралық сөздерін: «Топаралық айтыста ақындармен сөз жарыстырумен қатар, Тұрмағамбет ақын аралық сөз айтып, бігістіруші би-шешеннің ролін де атқарған. Омар мен Таубайдың Жүсібіне, Омар мен Нұрмаханға, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке, Кете Жүсіп пен Даңмұрынға арнаған аралық сөздері Тұрмағамбет ақынның гуманистік ұстанымын дәйектейді. Айтысу-

шы екі жақтың арақатынасы шиеленісіп, сөз сайысы ұзақ уақытқа созылған тұста, айтыс арнасы ортақ тақырыптан ауытқыған жағдайда ара ағайын ретінде Тұрмағамбет ақын айтықа тоқтау айтқан», -деуі орынды [3.13].

Екінші бөлім «Т.Ізтілеуов сатирасындағы адамгершілік мұраттардың көрінісі» деп аталып, ол үш бөлімшеге бөлінген. Бірінші бөлімшеде ақынның сатиралық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зерделенеді. Мұнда ақынның бірнеше сатиралық шығармалары талданады. Зерттеушінің тек ақынның сатиралық өлеңдеріне тоқталып қоймай, мысал өлеңдері мен дастандарындағы сатиралық сарынды қоса тілге тиек етуі де аталған бөлімшенің ғылыми сапасын арттырған деп айта аламыз.

«Т.Ізтілеуовтің тапқыр сөздері» бөлімшесіне ақынның ел аузында жүрген тапқырлық, шешендік сөздері арқау болған.

Үшінші бөлім «Рүстем – Дастан» шығармасындағы рухани-адамгершілік ізденістер» деп аталады. «Кейіпкердің рухани дүниетанымы» атты бірінші бөлімшеде «Шаһнама» туындысының аударылу тарихы, шығарма кейіпкерлерінің рухани дүниетанымы, адамдық болмыс-бітімі туралы сөз болған. Екінші «Рүстем – Дастан» шығармасының ұлттық сипаты» атты бөлімшеде ақын шығармасының ұлттық сипаты ғылымтанымдық тұрғыдан тұжырымдалған. «Рүстем – Дастан» сюжеті мен қазақтың батырлар жырлары арасындағы сюжеттік байланыстар салыстыра зерттелген. Сондай-ақ, дастандағы қазақтың салт-дәстүрлерінің көрінісі, «жиен», «нағашы», «қайын ата», «күйеу бала» сынды туыстық атаулардың қолданысы негізге алына отырып, дастандағы ұлттық сипат ашылған.

Қорыта айтқанда Е.Кәрбозовтың аталған ғылыми еңбегі Тұрмағамбет шығармашылығын, дәлірек айтқанда ақын шығармаларындағы адамгершілік ізденістерді азат ой биігінен бағамдаған еңбек деп атауымызға болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы жоғарыда біз тоқталып өткен арнайы зерттеу еңбектерімен қатар Сыр бойындағы ақындық орта, ХХ ғасыр басындағы дәстүрлі ақындық поэзия, ислам тақырыбы, діни дастандар т.б. зерттеген ғылыми еңбектердің де біршамасында зерттеу нысанына айналды. Соның бірі Байбосынова Ұлжан Маликайдарқызының «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбы» [4] деген кандидаттық диссертациясы.

Сыр бойындағы ақындық орта, оның өкілдері, әдеби үдеріс, Сыр бойы ақындарына тән ерекшелік т.б. қазақ әдебиеттану ғылымында біршама зерттелген тақырып. Ұлжан Байбосынова диссертациясының Сыр бойындағы әдеби мектепті қарастырған басқа зерттеу еңбектерінен басты ерекшелігі диссертанттың Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбын негізгі нысана етіп алуы.

Диссертациялық жұмыс алдына Сыр бойы ақын-жырауларының исламдық мазмұндағы ақындық поэзияны дамытуға қосқан үлесін бағалау, Құран Кәрим сюжеттерінің ақындар шығармаларындағы жырлану ерекшеліктерін анықтау, Сыр бойы ақын-жыраулар шығармаларындағы исламдық мазмұн мен жыршылық-термешілік орындаушылық байланыстарды саралау мәселелерін міндет етіп қойған. Осындай міндеттерді шешу жолында Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты да біршама ой-пікірлер айтылған. Басқа Сыр сүлейлері шығармашылығында көп кездесе бермейтін Тұрмағамбет рубайларында көтерілген мәселеге байланысты зерттеуші: «Тұрмағамбет Ізтілеуұлының төрттағандары (рубайлары) – мұсылмандық шығыс әдебиетіндегі дәстүр жалғастығының көрінісі. Ақын – мәңгілік өмір жалғастығының жыршысы. Төрттағандарына адамзаттың фәни дүниедегі көрген қызықтары мен қиыншылықтарына сабырмен, байышпен қарау ұсынылады. Адамның нәпсіге ерген алаңжар көңілінің аласапыран қалпына баға беріледі», – дейді [4.19].

Диссертацияның «Әуезелік (эпостық) әдеби тек жанрлары шығармаларындағы (мысал-хикаялар, қисса-дастандар) ислам тақырыбы» деген бөлімінде Тұрмағамбеттің «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Сүлеймен хикаясы», «Ақ құстың хикаясы», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана», «Пайғамбар мен киік», «Жылан хикаясы» сынды мысал-хикаялары, «Тұтқын қыз» қисса-дастаны талданады. Зерттеуші ақын шығармаларындағы исламдық таным мәселесін, мысал-хикаялары мен қисса-дастандарына негіз болған Құран сюжеттерін зерделеуде біршама нәтижелерге қол жеткізген.

Жалпы аталған диссертация Сыр бойындағы діни-ағартушылық ағым мәселесін ғылыми зерделеу бағытындағы ізденіс жұмыстарының бастамасы деп атауымызға болар еді. Сондай-ақ, Тұрмағамбет шығармаларындағы діни-исламдық тақырыпты ашуға үлес қосқан еңбек екендігінде сөз жоқ.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығына қатысты зерделі ой айтылып, тың пікірлер келтірілген еңбектің бірі Қансейітова Элеонора Жұмабекқызының «Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі)» [5] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы. Диссертациялық жұмысқа нысан етіп зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы сияқты ақындардың діни эпикалық шығармаларын алған.

Жұмыс дін тақырыбын, оның ішінде Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен басқа Пайғамбарлар өмірін өзек еткен, Құран сюжеттерінен алынған қисса-дастандардағы тарихи шындық пен көркем уақыт арасындағы

бірлікті ашуымен, діни дастандардың тарихи тамырына баруымен ерекшеленеді. Еңбекте Тұрмағамбеттің «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен» сияқты эпикалық шығармалары талданған. Аталған шығармаларына байланысты: «Тұрмағамбеттің «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен» атты мысал дастандары да Құран Кәрім кітабындағы 38-Сад сүресінде Дәуіт (Ғ.С) оның баласы Сүлеймен (Ғ.С.) туралы айтылған аяттар ізімен жырланған», - деп ақын шығармаларының терең тамырына бойлайды [5.18].

Ежелгі, орта ғасырлар әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы, осы кезең туындыларының дәстүрлі ақындық поэзияға ықпал-әсері, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті арасындағы тамырластық туралы қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік ой-пікір қалыптастыра алған ғалымның бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева. Сыр бойынан шыққан ғалым өзінің зерттеу еңбектерінде осы өңір әдебиеті, Сыр бойына тән ақындық мектеп, оны қалыптастырушылар мен дамытушылар туралы біршама зерттеу еңбектерін жазды. Алма Қыраубаеваның «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың қалыптасуы мен генезисі» [6] тақырыбындағы докторлық диссертациясында Сыр бойы ақындарының, соның ішінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығыстық қисса-дастандарына тоқталады. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың тууы мен қалыптасуы турасында: «Қисса-дастан жанры ежелгі әдебиетімізде XIII-XIV ғасырларда туып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамып-қалыптасты. «Қиссаның» («қисса» араб сөзі - баяндау) негізгі өзегі: Құран сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» желілері болғанымен, оның түпкі бастауларында Ассирия-Вавилон, көне грек мифтері, тіпті архаикалық мифтер де бар», - деген [6.4] тұжырымы қазақ әдебиетіндегі аталған жанрдың қалыптасуына Сыр сүлейі Тұрмағамбеттің де өзіндік орнының болғандығын дәлелдейді.

Еңбекте Тұрмағамбеттің «Рүстем - Дастан» шығармасына байланысты бірқатар пікірлер айтылған. Фирдоусидің «Шаһнама» дастаны, оның қазақ әдебиетіне келуі мен аударылу тарихы туралы сөз болады.

Тұрмағамбет шығармашылығы тек қазақ әдебиеттану ғылымының нысанына айналып қоймай, тіл білімі саласында да бірнеше зерттеу еңбектері жазылды. Олардың қатарында Л.Ш.Құндақбаеваның «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының тілі» [7], Ф.Б.Қожахметованың «Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты» [8] тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларын айтуымызға болады.

Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның мұраларын толықтай бастыру қолға алынып,

біршама жұмыстар атқарылды. Соның бірі «Жазушы» баспасынан 2007 жылы шыққан Тұрмағамбеттің көптомдық шығармалар жинағы. Жинақты құрастырушы белгілі жыршы Алмас Алматов. Сондай-ақ, Берік Жүсіповтің құрастыруымен ақынның шығармалар жинағы ғылыми басылым болып жарыққа шықты. «Шаһнама» дастанының текстологиясы жасалып (Ислам Жеменей), оқырмандаға жол тартты. Осының барлығы айналып келгенде тұрмағамбеттану мәселесіндегі іргелі еңбектер.

Әрине, бір мақала көлемінде тұрмағамбеттану мәселесіне толықтай тоқталып, барлық еңбектерге шолу жасау мүмкін емес екендігі белгілі. Біздің мақсатымыз тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ақын шығармашылығына байланысты зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары туралы ой білдіру.

Қорыта айтқанда ел тәуелсіздігінен кейін тұрмағамбеттану мәселесінде де біршама жаңаша көқарас қалыптасты, тың зерделеулер жасалды. Дегенмен бұл ақын шығармашылығы толық зерттелді деген ойды білдірмесі анық. Алда ақын шығармашылығына байланысты азат ой биігінен айтылар ғылыми пайымдаулар болады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Күмісбаев Ө. Тұрмағамбет Ізтілеуов және оның Рүстем – Дастаны. - Алматы: Ғылым, 1982.
2. Жанбершиева Ұ. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің поэтикалық шығармашылығы. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 1990.
3. Карбозов Е. Т.Ізтілеуов шығармаларындағы адамгершілік мәселелер. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2005.
4. Байбосынова Ұ. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбы. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2006.
5. Қансейітова Ә. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі). Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2005.
6. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың қалыптасуы мен генезисі. Докторлық диссертация авторефераты. Алматы, 1997.
7. Құндақбаева Л. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының тілі. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2004.
8. Қожахметова Ф. Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2006.

АБАЙ ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ

Ғабит Тұяқбаев,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ*

Қазақстанның әр аймағында тарихына, өнері мен мәдени дәстүріне, тіптен, табиғи, кәсіби ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан ақындық, әншілік, жыршылық мектеп бар. Жетісу аймағындағы Сүйімбай бастаған суырып салма ақындар тобы, Арқадағы Ақан, Біржан, Балуан Шолақтар дәстүрін жалғастырушы сал серілер мектебі осының айғағы. Осындай өзіндік бітім-болмысымен, әдеби ерекшеліктерімен дараланатын Сыр бойы ақындары қалыптастырған сүлейлер мектебі – қазақ поэзиясының кең арналы бастауларының бірі. Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетін тел емген Сыр өңірінің ақындары Қарасақал Ерімбет, Ешнияз бен Жиембет, Балқы Базар мен Дүр Оңғар, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп пен Шораяқтың Омарлары осы ақындық орта өкілдері, Сыр бойына тән әдеби мектептің уығын шаншып, керегесін кеңейткендер, шаңырағын көтергендер. Осы ақындық ортада Тұрмағамбеттің орны ерекше.

Сыр дүлдүлі Базар жырау:

Шырағым, Тұрмағамбет, білім алдың,
Еліңе енді қызмет етер кезің.
Суытпай адамшылық әділ сөзді,
Қош, бауырым, өзің көтер жыр күмбезін,

– деп, Сыр сүлейлері арасында Тұрмағамбет есімін ерекше ықыласпен атайды. Өмірден озар шағында артында қалар ізбасар інісіне жыр эстафетасын аманат етеді, сенім артады. Балқы Базарды алаңдататыны отбасылық күйкі тірлік емес, заман қысымына душар болған елінің амандығы, халқының ауызбірлігі, асыл сөздің өлмеуі, жыр күмбезінің нақышты бояуын кір шалмауы. Көңілге медеу тұтары – Тұрмағамбеттей Сыр жырының қадірін артырар ақын інінің артында қалуы.

Тұрмағамбет аға аманатына адал болды. Өз өмірін жыр күмбезінің одан әрі биіктей, нақыштала түсуіне арнады. Сыр бойындағы ақындық ортада қалыптасқан дәстүрлі өлең өнерін классикалық деңгейге көтерді.

Қазақ поэзиясы туралы сөз болғанда мейлі ол белгілі аймақтық әдеби мектеп төңірегінде болсын, мейлі бір ақын шығармашылығы турасында болсын Абайға соқпай кете алмасың анық. Абай дәстүрі ешқандай шекараға, аймаққа бағынбайды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі

қазақ поэзиясына дейінгі аралықты Абайсыз елестету мүмкін де емес. Өйткені «Абай мұрасы – сан буын ұрпағымызға таптырмас таусылмас қазына...

...Қазақтың аты шулы ақындарының бәрі де өздерінің шығармашылық жолдарында Абай творчествосының тереңіне үңілмей, оның кәусәр бұлағынан сусындамай кете алмады. Ақындық жолдағы творчестволық ізденістерінде Абайды өздеріне ұстаз тұтып, берік нысана етіп ұстанды» [Көшенова Т. 45, 19].

Сыр бойы ақындары ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ Абай туындыларымен танысты. Ауыз әдебиетінен сусындап, өз туындыларын толғау, терме, өсиет түрінде дамытқан олар, Абай өлеңдеріндегі жаңалыққа тосырқай қарамай, оны сол уақыттың өзінде-ақ поэзия әлемінде жаңашыл ақын деп түсінді. Ақын өлеңдеріндегі ағартушылық-демократиялық сарынды, сыншыл реализмді, философиялық ой түйіндеулерді, ақындық ойды көркем тілмен бейнелі жеткізудегі шеберлігін дәл аңғара білген Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерiмбет, Қаңлы Жүсiп пен Кете Жүсiп сынды ақындар Абай мұраларын Сыр өңіріне таратушылар болды. Оның көшбасында Тұрмағамбет тұрды.

Сыр бойы ақындары арасында өздері ұстаз тұтқан ақындарға өлең арнау немесе оларды жырға қосу дәстүрі кең қанат жайған. Мәселен, Қаңлы Жүсіп:

Ақылды Абайларша болса азамат,
Көргеннен тисе керек көзге жылы.
Жүгірер біреу тілге, біреу ділге,
Жүйрік бар неше алуан, неше қилы [16, 116]

десе, Шораяқтың Омарының:

Абайдың оқығанмын өлең сөзін,
Сол кезде пайда болған маған сезім.
«Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын»,
Уаһ, дарик! Ескермепті албырт кезім.
Қазақта ондай ақын қайдан болсын,
Ақылдың аңдап білер алтын, жезін.
«Қалай да одан тәлім алам ба» деп,
Тежеймін ертелі кеш өзімді-өзім [29, 31].

деген өлең жолдарынан Абай поэзиясының парқын кеш ұғынған ақын өкініші ғана емес, оны алдағы уақытта ұстаз тұтатындығы да көрінеді.

Ал Сыр сүлейі Кете Жүсіп:
Осы заман ішінде

Аттары мәлім дүрлер бар:
Алшандаған әр топта –
Бедеудей қойған тағалап.
Шәді менен Ерімбет,
Әзілкеш, Абай, Бұдабай –
Олардың айтқан сөздері
Әр жұртты кеткен аралап.
Тұрмағамбет, дүр Омар,
Есенжол, Жүсіп, Шегебай –
Ақылдың аққан дариясын
Осылар кезген жағалап.
Атым Жүсіп болса да
Әр түрлі үлгі үйреніп
Соларды жүрмін сағалап, [43, 187].

– деп төгілдіреді. Өлеңдегі аты аталған ақындардың Абайдан басқасының барлығы Сыр бойы ақындары. Кете Жүсіптің Сыр сүлейлерімен қатар өзіне ұстаз тұтқан ақындар арасында Абайды атауының өзі көп жайды аңғартса керек.

Сыр бойы әдебиетін зерттеуші Мардан Байділдаев 1959 жылы жарық көрген «Ақындар творчествосы» атты еңбегінде: «Сыр елі ақындарының ішінде Абай шығармасына таңсық боп тұңғыш танысқан да, оның сөздерін қастерлеп айтып, елге таратқан да Тұрмағамбет. Ол Абай кітабын алғаш рет 1910 жылы оқиды. Содан бастап ол кітап қолынан түспейді», - дейді. [5, 26]. Ғалымның бұл пікірін Тұрмағамбет шығармашылығындағы тың бетбұрыс бекіте түседі. 1910 жылы «Абай кітабын оқығаннан кейінгі ой» деген өлең жазады. Бұл Тұрмағамбеттің іштей Абаймен сырласуы, мұң бөлісуі іспетті. Өлеңдегі бүкіл ой, айтушы мен тыңдаушыға деген көзқарас, ақындық, оған қойылар талап, жауапкершілік, қадір мен құрмет – бәрі-бәрі Абай ойымен үндес, сарындас. Ақынның Абай поэзиясына деген

Өлді деуге сия ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, [44, 35]

деген ойын:

Артында атақты ердің қалса сөзі,
«Өлді», – деп өкінбеймін оның өзі, [44, 35]
Деп, Иә, есімізге еріксіз Абайдың:

деген өлең жолдары оралады. Ойдың бастау бұлағы бір арнадан құйылып тұрғандай сезінесіз. Ол – шығармашылық үндестік, суреткерлік ойдың Бұдан әрі:

Алғанмен көрінбейді қолға бірақ,
Асылдың қараңғыда ақ пен бозы, [44, 35]

деп, заман қараңғылығынан Абай сөзінің парқын ұғар адамның аздығына тағы да Абайша қынжылады. Абай жанын ұғына алған ақын ғана осылай жыр төгері сөзсіз.

Абайды мазалаған ой өз сөзін ұғар пенденің аздығы, айтушы мен тыңдаушы проблемасы еді. «Қуаты оттай бұрқырап», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Өзгеге көңілім тоярысың», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» т.б. өлеңдерінде Абай сөзді ұғу мен сөз тани білу мәселесін сан мәрте айтқан болатын:

Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді.
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық бір адам
Біздің сөзге ергенді

Бұл – Абай қасіреті. Өз замандастарының арасынан бірді-екілі болмаса сөз ұғар жақсыны таппай, сөз парқын білмес: «келім кербезбен», «сыпыра елермемен», «күлжішіл кердеңмен», «әбілет басқан елермемен», «өзінен басқа ойы жоқтармен» алысып, өз заманынан түңілген ақын жанының күңіренісі. Осы тыңдаушы мен айтушы арасындағы проблема Тұрмағамбет поэзиясының да басты тақырыптарының бірі:

Сөйлеуге сөз таптым да,
Тыңдауға құлақ таппадым.

немесе

Осы үгітті тыңдамай,
Тарап кетті тұс-тұсқа
Көкірегі көпелер

десе, бірде

Сөз өлшеуін білмеген
Шағалаша шулайды.

немесе

Ессізге есіл сөзің еш болады,
Кереңге көзбен еткен ым секілді,

– дейді.

Өлең жолдарындағы бүкіл ой, тыңдаушыға деген көзқарас Абаймен

үндесіп жатады. Тұрмағамбетті де алаңдататыны «көкірегі көппелер» мен «шағалаша шулағандар», «құлағы жоқтар», өз сөзінің тыңдаушыға жетпеуі, зерделі сөзді ұғар пенденің аздығы. Осы төңіректегі ойын Тұрмағамбет: «Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы азады», – деп философиялық түйінмен қорытады.

Тұрмағамбет Ізтілеуов 1900 жылы жазылған «Ұстаз ұсыны» деген өлеңін қарақалпақ, қазақ балаларына арнап жазды:

Шәкірттер бір-біріңмен ұрыспандар,
Мінездің мінін алып дұрыстандар.
Жолына жамандықтың жақын бармай,
Күтініп күн ілгері жылыстандар.
Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен,
Ұстасып от басында жұлыспандар!
Себепсіз сотанақтық қылғандарды,
Тезге сап қызыл тілмен «кылыштандар».

Ақыл, өсиет, ғибрат үлгісінде жазылған өлең дәстүрлі қазақ поэзиясынан алысқа ұзай қоймаған. Ғибрат, тәлім сөз адамның мінезіне, ісіне, қылығына, бағытталып, этикаға, моралға байланысты ой өрбітеді. Оқу, өнер, білім, адамның қоғамдағы орны, әлеуметтік беті ашыла қоймайды. Ал осыдан он жыл кейін жазылған өлеңінде бұл мәселе мүлде жаңаша:

Ақыл – тон аңдағанға тозбайтұғын,
Ғылым – кен күнде өніп қоздайтұғын.
Иелік екеуіне еткендердің,
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын.

өлеңдегі Абай әсері көзге бірден көрінеді. Тұрмағамбет «олай болма, былай бол» деген уағыздан гөрі ақыл мен ғылымның адам өміріндегі алар орнын айқындайды. Сол арқылы қазақ жастарына өнерлі бол, білім ал деген ой айтады.

Қазақ поэзиясында табиғатты суреттеуді классикалық лирика дәрежесіне көтерген Абай екендігінде дау жоқ. Оның табиғат лирикалары тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше, тың. Осы тың үлгіден қазақ әдебиетінде Абайдан үйренбеген ақын кемде-кем. Сыр өңірінде Абайдың табиғатты жырлаудағы жаңашылдығын алғаш қабылдап, үлгі тұтқан – Тұрмағамбет. Әрине, бұған дейін Сыр сүлейлері шығармашылығында табиғат суреті болған жоқ деуден аулақпыз. Болды, дегенмен түр, мазмұн, тіпті, жанры тұрғысынан да жазба әдебиеті деңгейіне көтеріле

алған жоқ. Мәселен, Балқы Базардың «Бай бір жұттық», «Тіршіліктің түрлері» атты өлеңдерінде табиғат суретінің бояуы қанық. Бірақ «...Базар жыраулық толғаудың шығармашылық-жанрлық табиғатынан толық ажырамағандықтан, табиғат тақырыбындағы суретті, бейнелі лирикалық жолдары кейде пәлсапалық-тәлімдік, ойшылдыққа құрылған толғаулардың ішінде кездеседі. Табиғат суреттерін толғаулардың ішінде келтіруден, адамдық өмірдегі өткінші кезеңдерді таныту үшін қолданылатынын аңғарамыз» [48, 107]. Сондай-ақ, Кете Жүсіп Ешниязұлы, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп т. б. ақындардың толғау, термелерінде де табиғатты суреттейтін өлең жолдары кездеседі. Олар да Базар жырау үлгісінде, яғни, өлең жолдарын теңеу, көркем тұспалдау ретінде пайдаланған. Ал Тұрмағамбетте табиғатты суреттеудегі көркем мазмұн, бейнелі сөз, түр жаңашылдығы көзге бірден көрінеді. Ақын өлеңдерінде қазақ жерінің табиғаты жалаң суреттелмейді. Онда ел өмірі, халық тұрмысы табиғатпен байланыстырыла суреттеледі. 1910 жылы жазылған «Жыл келді» немесе «Көктем» өлеңіне көз жіберелік:

Күлімдеп, қасын керіп келді жылым,
Сұлудай ақық ерін, алтын тұлым.
Көркейіп, көңілінен кетті кірбің,
Көргенде кім де болса мұның түрін [44, 72].

Ақын табиғатқа жан бітіре, ерекше сезіммен жырлайды. Табиғат суретін берудегі суретті сөз, тың эпитеттер сәттілігімен қоса, мәнді. Ақық ерін, алтын тұлым қыз – көктем кімді де болса тамсандырмай қоймайды. Табиғат құбылысын адамның ішкі көңіл күйімен, сезімімен астастыра суреттейді. Көңіліңе тағы да Абай өлеңі оралады:

Күн күйеуін жер көкsep ала қыстай,
Біреуіне-біреуі қосылыспай.
Көңлі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай [49, 94].

Жер – қалыңдық пен ақық ерін сұлу бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Сағына жарын күткен қалыңдықтың шаттануы қаншалықты әсерлі болса, қыз – көктемнің адам көңілін тебірентуі соншалықты сәтті.

Абай шығармаларына зерделей қараған адам оның «көз» сөзін тура да, ауыспалы да мағынасында мың құбылта пайдаланғанына көз жеткізеді. Ақынның сөз қолданысындағы осы жаңашылдыққа Тұрмағамбеттің де еліктегенін байқаймыз. «Ой көзін осы кезде кірбің басып», «Ғылымға ойдың

көзін қадаңдар да», «Отырып ой көзімен серлегенге» немесе «Ақылдың көкірегінде көзі барлар» сияқты өлең жолдарында Тұрмағамбет те Абайша көзді тек адам ағзасы деп қарамай, философиялық ұғым дәрежесіне көтереді.

Абай өлеңдері мен Тұрмағамбет өлеңдерін салыстыра оқи отырып, Сыр сүлейіне Абай реализмі мен философиясының, ой түйіндеуінің әсері басымырақ болғанын аңғаруға болады. Өзін Абай шәкіртімін деп есептеген Тұрмағамбеттің «Жыл келді», «Бар мен жоқ, ал мен бер», «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» өлеңдері мен мысалдары, кейбір сатиралық өлеңдері Абай үлігісінде жазылды. Тұрмағамбет өзінің «Топ жарған төрт тұлпарға» атты өлеңінде:

Арабы, парсы аралас,
Екен деп бірақ бұл кезде
Қайнатпаңдар сорымды
Абайдың да сөзінің
Аят-хадис ішінде
Оқып едім көрінді,

– дейді. Бұл ақынның Абайды зерделей оқығандағының тағы бір көрінісі. «Абай үстірт қараған кісіге діншіл ақын сияқты әсер қалдырады. Бірақ үңіое зерттей қараса Абай исламияттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл сынына салып, оны өзіндік таным тұрғысынан адамгершілік дініне айналдырады. Өзінің гуманистік ойларын көбінесе діни ұғымдармен жанастыра отырып таратады. Абайда айтылған гуманистік танымдар мен пікірлерде теологиялық ұғымдар мен шығыстық термин сөздердің мол болуы, әрине, оны қоршаған әлеуметтік орта мен тыңдаушылар құрамына да байланысты. Исламияттық ұғым, діни сөздер молырақ қолданған шығармаларының өзінде де Абай адамшылық асыл мұратты ойларына тыңдаушы назарын үнемі бұрып отырады». Бұл белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының пікірі. Осы тұрғыдан ой жібере қарасақ, Тұрмағамбеттің Абайды зерттей, зерделей оқығандығы байқалады. Оның өлеңдерінде кездесетін шығыстық, исламияттық терминдердің астарындағы ақын ойын тани білген. Өзі де Абай дәстүрінде бұндай терминдерге философиялық ой бере пайдаланған. «Аят-хадис» сөзінің қолданылу ыры да осында жатса керек.

Сонымен Сыр сүлейлері қазақ поэзиясындағы Абай жаңашылдығын танып, білді, оны ақын ретінде жоғары бағалады, ұстаз тұтты. Бірақ өлең құрылысындағы, түріндегі жаңалықты өз шығармашылықтарына енгізуге ұмтылмаған. Жоғарыдағы мәселелерді тілге тиек етуіміздегі мақсат Сыр сүлейлерінің арасында кейбір тақырыптарда ақындардың Абаймен сөз

жарыстыруы. Назирағәйлік – сөз жарыстыру, ақындық шабыт-шалым сынасудың өзі сол ақынды жете зерттеу мен зерделеудің нәтижесінде дүниеге келеді.

Әдебиеттер:

1. Көшенова Т. Абайдың өлең жүйесін дамыту дәстүрлерінің ХХ ғасырдың басында жалғасуы. Автореф. канд. дис. 45
2. Ізтілеуов Т. Таңдамалы шығармалар жинағы / Құрастырып баспаға дайындаған Байділдаев М. – Алматы: Жазушы, 1972. – 263 б. 44
3. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б. 49
4. Тебегенов Т. Базар жырларының сырлары // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994, №4. 48
5. Байділдаев М. Ақындар творчествосы. – Алматы, 1959. – 69 б. 5
6. Қаңлы Жүсіп. Сайраған бақта бұлбұлдай, Құрастырып, баспаға дайындағандар: Дайрабай Тынышбек, Тұяқбаев Ғабит. Тараз: Қайнар университетінің баспа орталығы, 2002, 139 б. 16
7. Шораяқов Омар. Шайыр, Құрастырып, алғы сөзін жазған Байділдаев Мардан. – Алматы: Санат баспасы, 1984. – 176 б. 29
8. Бес ғасыр жырлайды, III том, Құрастырушылар: Мағауин М, Байділдаев М, – Алматы: Жазушы, 1985. – 336 б. 43

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ!

Кенжебаева Мөлдір,

I-курс студенті

...Сол бір қыс есімде ен болып сақталыпты. Әр күн сайын оқудың ойлы сәттерін қағып алып жүрген кезекті күндердің бірі еді. Дәріс жүріп жатыр...Күйбең тірлікпен кешігіп келдім де, қоңыр келген жылтырлау есіктің сыртынан тың тындағандай тұрыстым. Тік қараңқырамай рұқсат алдым. Табалдырықтан аттағаннан кейін өзіне көзім қарекетсіз қадалып, телмірген күйі отырмын. Бұрын-соңды бейтаныстау факультетте біраз біз білісіп танымайтын оқытушыларды көзіміз шалып жүретін. Жер-жерге жұмыстармен бара қалып өзімізден бұрынғы курс білімгерлерінің «Қай ұстаздың алдынан өтіп үлгердің?», «Журфактың жағдайы қалай?» деген бірауық сұрақтарынан шығар, кімнің кім екенін зерттеп, өзді-өзі әбіржіп жүретін болдық.

Сөйтсем, мен бұл аққұба өңді жанды сырттай таниды екенмін. Ақ маманның айдай жүзімен ұқсас деп қоямын. Мақтамаймын, ұстаздарыммен мақтанамын. Адам тұлға болып өзіндік «менімен» өмір сүрсе, осы кісідей-ақ болсын. Шіркін, албырт шағында талай жанның жүрегін алаулатып, мәңгі шоқты еткен шығар. Бастысы, өткінші өмірдегі өз орнын қызметте

қолайлы табуы да ғой. Бір кездері қара шаңырақтың табалдырығын аттап, таудай талабының арқасында Қожакеев қарамағында қызметте қалса керек. Қысқасы, бұл бақытты ақ таңда - ҚазҰУ-дың үздік оқытушыларының бірі, кезіндегі «Қожакеевтік кадрлардың» бірегейі. Журналистика факультетінің таланты таптырмас тұлғасы, аяулы ақ жаулықты анасы, дәстүр жалғастығын үздіртпейтін данасы.

Сыртқы сұлбасы – қанық та анық асыл жанның бейнесі. Толқынды қысқалау қара шашы сәл бұйраланыңқырап, нағыз әйел затына тән ақжарма әріне аса сән береді. Алдынан да, жанынан да қарап бақсаңыз, сырын сұлулыққа сыйдыра алмай дау боласыз. Кез келген адам осынау ырзықты жанның өзін қалай сақтады екен деген сұрағын, әрине, алдымен өзіне қояры хақ. Көп күдіктеніп отырмай, Тәңірі берген тиесілі несібесін дұрыс терген ғой деп бір қайтарары кәдік. Шүбәм жоқ. Одан әрі таңырқап, таңдана беруі тағы да кәміл. Барша жан тек таңырқауға жаралған жан ба дерсіз?! Ақ сүйіріктей саусақтарын сабақ барысында нәрлі жүзіне апарғанда, мөлдіреген көздеріне қисынды құс мұрыны айрықша жарасып, ауыздың қызыл есігінің төр төс белгісі іспетті көрінеді. Құдай-ау, бозбалаша есім ауысқаны сонша, жоғарыдан төмен кетіп, төменнен орта жолда тоқтаптын ғой... Мойылдай қарашық құралайдың көздеріндей қос көлінен шық атып тұр. Бар болмысының ешбіреуге бергісіз сырын да, жырын да осы маңнан қиналмай табасыз. Қос көлге көлбеусіз көлеңкесін түсіріп тұрғандай үшкір қастары сөзсіз кең маңдайдың дәл түсірілген «штрихі» деймін.

Тазалық пен пәктіктің белгісіндей әрдайым өзіне жарасымды көрік беретін «шүберектерді» ілетінін де айтқым келеді.

Әр ұстаздың өзіндік сабақ беру тәсілі де болады. Бәрін қойып, студентпен тікелей «адал барьерге» шығатыны бар. «Тыңдағың келмей ме, ешкімге кедергінді келтірмей, шығып кетуің орынды болады» деген ұстаздық түсіндірмесі арқылы шәкірттерінің бойына титтей де болса адамгершіліктің дәнін сеуіп отырады. Тура осылай қанша тұлпарды баптап, нешеме сұңқарды тұғырынан ұшырды десеңізші!..

Осы күндері уақыт-ағынмен талай қырқаны асып, кемелденген кезеңіне жеткен, әбден ақыл мен пайымды парасатқа толысқан, қайсыбіреуіміз тоймай да қоймай телміретін бұл жанның оқу процестері жұмыстарынан өзге өзінің тату-тәтті ауызбіршілікке ұйысқан ынтымақты отбасы жайлы көп біле бермегенімізбен, әрбіреудің бақшасында пісе бермейтін ошақ қасының от сөзді, дуалы ауызды, қадірлі от анасы екенін түсінеміз. Содан кейін де шығар, елікше еліктейтініміз.

Бұл кейіпкер – 2008 жылы «журфакқа» біз «перваш» болып келгендегі аяулы ұстазымыз - Қабылғазина Клара апай. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық!»

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАНРЛАР ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ПІШІННІҢ ПАЙДА БОЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Дана Маратова

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика
факультетінің 1-курс магистранты*

Адам баласының даму сатысында басқа саладағы сияқты ақпараттық салада да бірнеше серпіліс болғаны белгілі. XX ғасырдың соңында бастау алып XXI ғасырлы үлкен жаңалық әкелген серпіліс – компьютерлік технологияның желілік технологиямен бірігуі тоғысында пайда болған ақпараттық-коммуникациялық технологиясы деген атқа ие болған жаңа ақпараттық креатив. Осы үдерістердің нәтижесінде ақпарат таратудың жаңа үрдісі – интернет журналистика қалыптасты. Әлемде ақпарат тарату шапшаңдығы арқылы басқа медиа түрлерінен дараланып тұратын онлайн журналистика дәстүрлі журналистиканың көптеген қасиеттерін өзгеріске ұшыратты. Соның нәтижесінде жыл сайын ақпаратты интернет арқылы алушылардың саны көбейіп келеді.

Сыртқы факторлардың әсері, сан түрлі динамика журналистиканың шығармашылық әлеуетіне, ақпарат беру тәсіліне, оны беру пішініне әсер етіп, журналистиканың жанрлары мен пішіндері уақыт пен кеңістік толқынында әрдайым өзгеріске ұшырап отыратындықтан, жанр – тарихи категорияға жатады.

Жанр жүйесінде оның барлық элементтерінің арасында байланыс бар екенін айтқан жөн. Әрбір жанр дербес болғанымен, бүкіл жүйенің тәуелді бөлшегі болып табылады. М.М. Бахтиннің пікірінше: «Жаңа пайда болған жанр бұрыннан келе жатқан жанрдың орнын баса алмайды. Керісінше, өзінше реңк беріп, толықтыра түседі. Жанр санын көбейтіп сапасын жақсартады», – дейді [1].

Ал «Жанрлардың арасындағы баю, өзгеру үрдісі 70-жылдардың ортасынан басталады», – дейді ғалым В.Ученова [2]. Олай болса, тарихқа шегініс жасап, алдымен жанр категориясының дамуы мен өзгеру процесіне баға беріп өтсек.

Жанр уақытқа қарай, заманына қарай өзгеріп отыратынын жоғарыда атап айттық. Сөзімізді дәлелді болуы үшін журналистика тарихынан бірнеше нақты мысалдар келтіріп өтейік. Мысалы, 1960 жылдары телевизиялық журнал танымалдылыққа ие болса, 1970-1990 жылдары хабар, әңгіме, сұхбат, репортаж, очерк шолу жанрлары сұранысқа ие болды. Ал 1990-2000 жылдары түсініктеме, пікірталас, тікелей хабар, теле-думан

үстемдікке ұмтылыс танытты. 1958-1990 жылдардағы телехабарлардың негізгі пішіндерін телевизиялық жинақ, телеплакат, лекция, телевизиялық анықтама, телеспектакль, телетолғау, телевизиялық клуб, телефестиваль, телеальманах, телеконференция, телевикторина, телекалендарь, телевизиялық рейд, телеэкспедиция, киносаяхат, телеқойылымдар, музыкалық сәлемдеме, лирикалық минуттар құрады [3].

Ал бүгінгі журналистикадағы жанр категориясының жіктелу типі мүлде басқаша. Олай дейтін себебім – бүгінгі журналистер нақты бір ғана жанр немесе категория бойынша материал дайындамайды. Жалпы дәстүрлі журналистиканың ақпараттық, сараптамалық және көркем-публицистикалық жанрына соңғы уақытта тағы бір жанр қосылып айтылып жүр. Ол – шоу-жанр. Шоу-жанрға ток-шоу, реалити-шоу, түрлі ойын бағдарламалар жатады.

Академик Д.С.Лихачев: «Журналистика жанрлары бір-біріне тәуелді. Олар өзгеріп, біртұтас жүйені құрайды. Журналистика жанрларының жүйесі қоғамның саяси өмірімен біте қайнаса отырып дамиды» деп көрсеткен өзінің зерттеу еңбегінде [4].

Ғалым М.М.Бахтин де осыған ұқсас пікірді алға тартады. Бахтиннің айтуынша: «Жаңа пайда болған жанр бұрыннан келе жатқан жанрдың орнын баса алмайды. Керісінше, өзінше реңк беріп, толықтыра түседі. Жанр санын көбейтіп, сапасын жақсартады» [5].

Иә, мысалы, арада қанша ғасыр өтсе де, сұқбат жанрының орнын басатын жанр пайда болған жоқ. Тек сұқбат жанрын толықтырып, түрлендіріп отыратын портрет, сұқбат-очерк, баспасөз мәслихаты сияқты формалық өзгерістерге ұшыраған жаңа пішіндер мен жанрлар пайда болды. Ал мұндай пішіндер мен жанрлардың пайда болуына қоғамның саяси өмірі, осындай формада ақпарат алмасудың қажеттілігі әсер етті деп айтуға толық негіз бар.

Марат Барманқұлов өзінің зерттеу еңбегінде: «... Жанр дегеніміз – дамып отыратын түсінік. Кешегі жанр бүгінгіден басқаша болып еді, ал ертеңгі күні оның сұлбасы тағы да өзгеше көрінуі мүмкін»,– деп көрсеткен. Сондай-ақ. Ол жанрлар эволюциясын былай сипаттайды:

- 1) Жойылу (декрет, мәлімдеме, манифест, декларация);
- 2) Қайта келу (репортаж, сұқбат);
- 3) Қайта түрлену және жаңа мазмұнмен толығу (публицистикалық шолу);
- 4) Дәстүрлі жанрлардағы өзгеріс;
- 5) Жанрдың басқаша мағынаға ие болуы [6].

Демек, журналистика жанрлары уақыт өте келе жойылып, қайта

қалпына келіп, түрленіп, жаңа мазмұнмен толығады. Дәстүрлі жанрларда өзгеріс болады немесе жанр басқаша мағынаға ие болады. Ғылыми тілде айқанда жанрлар интеграцияланады. Интеграция сөзі латын тілінен аударғанда *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін деген мағына береді. Интеграция дегеніміз – субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету. Интеграцияға үдеріс ретінде де, жақындасудың нәтижесі ретінде де ұарауға болады. Алғашқы жағдайдағы мағынасында бұл – бірлесе қызмет атқаруға, ал кейбір жағдайларда түрлі жанрлардың бірігуіне әкелетін үдерістер. Ал екінші мағынасында интеграция ретінде ортақ мақсатқа бірлесе отырып қол жеткізу үшін құрылған біртүрлі материалдар бірлестігін айтуға болады.

Академик Д.С. Лихачев: «Журналистика жанрлары бір-біріне тәуелді. Олар өзгеріп біртұтас жүйені құрайды. Журналистика жанрларының жүйесі қоғамның саяси өмірімен біте қайнаса отырып дамиды», – дейді. Заманауи журналистикадағы жанрлар интеграциясы да осыған келіп саяды [7].

Журналистикада формалық ізденістің мәні зор. Өйткені көптеген журналистер бірін-бірі қайталаудан жалықпайды, соны соқпақ салуға талпынбайды да. Бұл – өкінішті жайт болғанымен, жанрлардың тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Бірақ, осы тұста бізге дәстүрлі журналистика жанрларын қаймағы бұзылмаған қалпында сақтау қаншалықты қажет деген сауал туатыны тағы да заңды.

Дәстүрлі жанр түрлері, атап айтқанда, түсіндірме пішіні интернет журналистиканың ыңғайына қарай жығылып, қайта жаңғырып, түрлене түсті. Сонымен қатар, веб-күнделік, веб-шолу сияқты жанр түрлері пайда болды.

Туындыгерлік шаруашылықта жанрды талдау да стихиялық түрде автордың субъективтік шешімімен жүзеге асырылмайды. Мұнда да, объективті жайттар – қозғалар тақырып, айтылар идея, тілге тиек етер фактілер сипаты, мазмұн ауқымы, аудитория ерекшелігі ескеріледі. Яғни авторлар осы тақырыпты қай жанрда сөз ету тиімді, айтылмақ идея қай жанрда жете ашылмақ, қай жанрда мазмұн жан-жақты қамтылмақ, факт сыр-сипаты қай жанрда айқын танылмақ, қай жанрда жазылса, аудиторияға әсерлі болмақ деген сұрақтар төңірегінде ойланып-толғанып барып, жанр таңдауға тиіс [8].

Алайда, ескере кететін жағдай, заманауи бұқаралық ақпарат құралдарында жанрдың таза күйінде кездесуі жиі ұшыраспайды. Материалдың жанрын анықтау кезінде дәстүрлі журналистикадағы қай

жанрдың элементтері мен қасиеттері көбірек кездеседі, соған жатқызады. Кей жағдайларда мүлде басқа жаңа жанр туындап жатады.

Демек, замануи журналистикадағы жанрлар интеграциясы бір орында тұрмайтын, үнемі өзгеріс, даму үстінде болатын процесс. Оның өлшем бірліктері – уақыт пен кеңістік.

Журналистік материалдарды визуалдау – тренд, қажеттілік, шарт дейсіз бе, қалай атасаңыз да, қазір аса керек дүниеге айналғаны сөзсіз. Осы визуализация кезінде журналистиканың дәстүрлі жанрларының сипаты өзгеріп, мүлде жаңа бағыт алатыны да жасырын емес. Ғаламтор мүмкіндігі тұтынушыға бір ғана сайттан мәтін оқып, аудиосын тыңдап, бейнесін видео арқылы тамашалап, фотосуреттерін де көруге мүмкіндік бере алады. Осылайша, сана инновациясы мен технологияның дамуы ақпаратты әзірлеу, тарату, қабылдау, тұтыну процесіне елеулі төңкеріс жасады. Сондықтан интернет журналистиканың жанрлық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу – заман талабы. Ол бүгінгі күнмен де, бүгінгі журналистиканың даму деңгейімен де тұйықталмайды. Жаңа жанрлар пайда бола береді, бірақ олардың бастауы дәстүрлі журналистикада.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – М.: Аспект Пресс, 2006. – 232 с.
2. Ахмадулина Е.В. Основы теории журналистики. – Ростов н/Д Феникс, 2009. – 198 с.
3. Самарцев О.Р. Творческая деятельность журналиста. – М.: Академический проект, 2014. – 339 с.
4. Короконосенко С.Г. Основы журналистики. – Издание «Аспект Пресс», 2002. – 236 с.
5. Шыңдалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы. – Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2012. – 247 б.
6. Барманқұлов М.К. Телевидение: деньги или власть. – Алматы, 1999. – 266 б.
7. Қаратаев М. Жанр сипаты. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1971. – 272.
8. Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 156.

КЛАРА АПАЙЫМА!

Октябров Арман

Клара апай десем мен,
Жазғаным бітпес жыр-дастан.
Қараңғылыққа сен қарсы,
Жаратылған бір алдаспан.

Жүрегі дарқан даладай,
Білімі шексіз нұрлы аспан.
Анамдай қамқор ұстазым,
Шәкірттерімен сырласқан.

Білімнің қайнар бұлағын,
Сіңірдің менің санама.
Сусыным қанып шығамын,
Клара ұстаз, жан-ана!

Мәңгі жанып шамшырағың,
Нұр үстіне болып нұр.
Қасиетті қара ордамның,
Жүрегі боп соғып тұр.

СТУДИЯДА

Ерболат Сапаров

Радиостудияның дыбыс операторы Талғат өз жұмысына енжар қарайтын еді...

Күн бейсенбі еді бүгін өзгеше,
Табиғатпен назданғандай жеңеше.
Екінші пар сабағы еді апайдың,
Көңіліміз жай табады ол келсе.

Клара апай кіріп келді сабаққа,
Бір ашуды түйгендей боп қабаққа,

Талғат ағай тағы қалдырды ма көңілін,
Уәделі сөз кеткендей боп аулаққа.

Апай бізге сөз бастады көңілді,
Сол сөзінен назы, өкпесі көрінді:
«Ашық сабақ өткізем деп мен бүгін,
Келген едім, абырой қайдан төгілді?»

Ренжісе де бізге күліп қарады,
Ашуменен назға толып қабағы.
Көп ұзамай өз қалпына түсті де,
Күндегідей өтіп жатты сабағы.

Сол арада тағы бізге ой салды,
Әзілі ме, шын сөзі ме байсалды?!
«Дәл осыны жазсаңдар деп өлең қып,
Жақсы баға қоям», – деді қайсарлы.

Міне, содан осы жырды арнадым,
Әзілінің бақшасында шарладым.
Уақыт өтсе арамыздан сан жылдар,
Естелік боп қалар мәңгі жазғаным.

2004 ж.

КЛАРА АПАЙҒА ЕРІНШЕК АРАЙЛЫМНАН!

Алдыңызда өтеусіз-ақ айыбым,
Өлеңменен қандырар ем айызын.
Алла берген грантты да көпсініп,
Тек көтеріп жүргендеймін айылын.

Жаққандайсыз намыстың сіз май шамын,
Сағыныппын анашымның айқайын.
Кінәмді айтып, көңіліңіз қалғанда,
Сағынышты енді ғана байқадым.

Кінәлімін алдыңызда мен бүгін,

Көрсеткендей бойымның бір кемдігін.
Жуып-шайып өлеңменен отырмын,
Байқап,андап көңіліңіздің кеңдігін.

КЛАРА АПАЙҒА!

Мөлдір Қилыбаева

Үлгі етер ұстаздар көп арамызда,
Жақсылығын жасырып қаламыз ба?!
Шәкірттерін ҚазҰУ дың оқытатын,
Кларадай асыл жан арамызда.

Көптеген жыл ұстаз болып тер төккен,
Шын бақытын тапқан нағыз еңбектен.
Ұстазымызды жүретұғын жаркылдап,
Әрқашанда атаймыз біз құрметпен.

Көп-ақ қой толғантқан ой мүлде тегі,
Дей алмаймыз бәріне оның тіл жетеді.
Қашанда Кларадай асыл апай,
Жақсы адам болуды да үйретеді.

Өзіңізсіз ұжымның күн шуағы,
Университетте сізбенен күн шығады.
Өзіңізге құстай ұшып жетеміз,
Мазаласа радионың сан сұрағы.

Көрінді барлық істе сан қырыңыз,
Төгілді талайларға жан нұрыңыз.
Тілейміз өмірдегі жақсылықты,
Тек қуаныш сыйласын тағдырыңыз!

2003 ж.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

Аязби Ақбергенұлы. ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ЕЛШІСІ	4
Г.С. Сұлтанбаева. ҰСТАМЫ – БЕРІК, ТАЛҒАМЫ – КӨРКЕМ ҰСТАЗ.....	8
Оңғар Нақып. КЛАРА	11
Өріс Яшүкірқызы. БИІК БОЛМЫС	17
Светлана Буратай, Мәриям Танашева. ЕСІМІНІҢ ӨЗІ – СӘУЛЕЛІ	20
Ғалия Омарханова. ШЫҢДА ӨСКЕН ШЫНАРДАЙ	28
Жақсылық Жүнісұлы. МАХАББАТ ВАЛЬСІ	33
Көпен Әмірбек. АЙНАЛАЙЫН КЛАРА!	36

2-бөлім

Журналист-ғалым, жазушы, профессор
Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған
«ЦИФРЛЫҚ МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА:
БІЛІМ БЕРУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

By Gulnar Kendirbai. VIEWING MODERNITY THROUGH THE PRISM OF EMPIRE: THE QAZAQ KHAN JANGIR AND RUSSIA	38
Фатима Муминова. ИНФОРМАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СРЕДИ НЕОРГАНИЗОВАННОЙ МОЛОДЕЖИ: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ	50
Zakir Avşar, Aysu Uğur. STRATEJİK İLETİŞİM.....	55
Мукушева Құралай Серікқызы. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: АЛАШ МҰРАТЫ ЖӘНЕ МӘШҒҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ	73
Гүлмира Әшірбекова. АХАТ ЖАНАЕВТЫҢ РАДИОЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ҚОЛТАҢБАСЫ	82
Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы. DATA-ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ АЙҚЫНДЫЛЫҚ, ЖУРНАЛИСТІК ДЕРЕК	91
Акынбекова А.Б. «ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖУРНАЛЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ	100
Әлімжанова Айкерім, Лес Мейірман. МУЛЬТИМЕДИА – ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫ	110
Бибігүл Каримова. АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ ТАРИХЫ	116

Тілепбергел А.М. ШЕТ ЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ.....	120
Гүлмира Әшірбекова. А. ЖАНАЕВТЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ МЕН КҮНДЕЛІКТЕРІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТІК ПАЙЫМДАУ.....	128
Бекжан Әшірбаев. ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҒЫ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ.....	133
А. Жұмабаева. ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ.....	137
Ж. Қалым, У. Жайлау. ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСПАСӨЗДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....	146
Жабаева Айгерім Нұршайхқызы, Әуезова Ельмира РЕТРОСПЕКТИВТІК СҰХБАТ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....	150
Ақынбекова Айман Усенбаевна. АБАЙ КУНАНБАЕВДИН ОБРАЗЫ – БАЛА ТАРБИЯЛОООНУН ҮЛГҮСҮ.....	155
Сағатаева Гулмира Сейтмуратовна. АҒАРТУУЧУ АБАЙ КУНАНБАЕВ ТУУРАЛУУ УЧКАЙ КЕП.....	158
Шынар Қалиаждарова. ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНЫҢ ЧАТ-БОТ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ.....	161
Көшенова Тоты Иманқызы, Нарсеитова Фатима Серікбайқызы ХАКІМ АБАЙ СУСЫНДАҒАН РУХАНИ ҺӘМ ОЙ СӘУЛЕЛЕРІ.....	165
Душеева Құлбайра Азрановна. ЗНАЧЕНИЕ ДИАЛЕКТОЛОГИИ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ.....	172
Тағайкулова Сайкал Абдрашитовна. ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ГУМАНИЗМА.....	178
Қаюпов Табылды, Маманқұл Ақмарал ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 19 АҚПАНДАҒЫ №637 ЖАРЛЫҚПЕН БЕКІТІЛГЕН ЛАТЫН ГРАФИКА- СЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛПБИІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАТЕСІЗ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУ ЖОЛДАРЫ.....	182
Утемисов Ж.Ж. ВЗАИМООТНОШЕНИЯ СМИ И ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ И СОВРЕМЕННЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ.....	187
Зарина Сейфуллина, Сейфуллин Адиль Қуанышбекович JOURNALISM IN THE DIGITAL AGE: TRENDS & THREADS.....	204
Кеңес Айдана, Р.С. Жақылықбаева. САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ.....	211
Амангелді Ақерке, Р.С. Жақылықбаева. ЦИФРЛЫҚ ӨНДІРІСТЕГІ БАҚ-ТЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ.....	218
Башанова Құралай. ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНАУИ ОЙШЫЛ: АДАМЗАТТЫҚ САНА БИГІНДЕГІ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ.....	222

Келемеденов Мейіржан Ерболатұлы. ЦИФРЛЫ ТЕЛЕВИЗИЯ – МЕМЛЕКЕТТІК ХАБАР ТАРАТУДЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ.....	224
А.Б. Кабиева, С.Қ. Қозыбаев. ТЕРРОРИЗМ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ БАҚ-ТАҒЫ КӨРІНІСІ	228
Жаңбыр Заманбек, А.В.Таңжарықова. ОҚУШЫЛАРҒА ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	230
Күнту Арынбек, Клара Қабылғазина. МӘДЕНИ КАПИТАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ РОЛІ: «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ	235
Келемеденов Мейіржан Ерболатұлы. САНДЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ БАҚ	245
Қабылбек Асылзат. БАҚ-ТАҒЫ МАРКЕТИНГ	252
Райхан Балтабай. ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНУЫ	255
Сапарғалиева М. ФАКТЧЕКИНГ– МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ	259
Пердеш Дана Жарылқасынқызы. ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕЛЕХАБАРЛАРДЫҢ ТАРИХЫ	261
Сәндібек Н.Е. ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАМУ ШАҚТАРЫ	265
Ұ.Е. Ибраимова. ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ БАСПА ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	270
Қойлыбай Әзімбек Әбдікүлұлы, Ақмөлдір Тілепберген. ҚАЗІРГІ БАСПА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ: ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМ.....	274
Абен Алтынай. СЫРТҚЫ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ PR ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ	279
Дәуіт Айсара, Ермағанбетова З.Н. ҚАЗАҚ РАДИОСЫНДАҒЫ ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ХАБАРЛАРЫ	289
Асыл Ерзат. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚЫТАЙ БАСПАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	294
Дәрмен Смайыл. АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫ ХАҚЫНДА.....	299
Ғабит Тұяқбаев. ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	307
Ғабит Тұяқбаев. АБАЙ ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ.....	314
Кенжебаева Мөлдір. ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ!.....	321
Дана Маратова. ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАНРЛАР ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ПІШІННІҢ ПАЙДА БОЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	323
Октябров Арман. КЛАРА АПАЙЫМА!.....	327
Ерболат Сапаров. СТУДИЯДА	327
КЛАРА АПАЙҒА ЕРІНШЕК АРАЙЛЫМНАН!	328
Мөлдір Қилыбаева. КЛАРА АПАЙҒА!.....	329

Ғылыми басылым

Журналист-ғалым, жазушы, профессор
Клара Қабылғазинаның 70 жасқа толған мерейтойына арналған
«ЦИФРЛЫҚ МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА:
БІЛІМ БЕРУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЖИНАҒЫ

ИБ № 13590

Басуға 06.05.20 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 20,25 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс № 4010. Таралымы 50 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.